

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдері!

Қазақстан
КОММУНИСТІ

11

НОЯБРЬ

1959

АЛМАТЫ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛДАР БАСПАСЫ

Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

XXXIX ЖЫЛ ШЫҒУЫ

№ 11

Н О Я Б Р Ъ

1959

М А З М У Н Ы

Қазақстан Компартиясының X съезін шақыру туралы Қазақстан КП Орталық Комитетінің қаулысы	3
БАС МАҚАЛА — Партиялық басшылық икем, шебер, пәрменді болсын	4
КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПЛЕНУМЫ ҚАРСАҢЫНДА	
Ә. ҚӘКІМЖАНОВ — Қолхоздық-кооперативтік меншіктің жалпыхалықтық меншікке ұласу жолдары	12
М. ЖҮРМҰХАМЕДОВ — Мақтаншылардың татымды тартуы	19
* *	
С. БӘЙШЕВ — Бұрын артта қалған халықтардың социализм жағдайында дамуының заңдылықтары	23
С. ХАЙДАРОВ — Социализм саясында	31
Ә. ШӘРІПОВ — Халыққа білім беру жүйесін қайта құрудағы алғашқы адым	39
Ә. НҮРПЕЙІСОВ — Сыншыларға да сын айтсақ	44
СОВЕТ ОДАҒЫ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ	
XVIII тарау — СССР-дің коммунистік қоғам құрылысын кеңінен өрістетуге дәуіріне енуі. Партияның XXI съезі	50
ЛЕКЦИЯ ЖӘНЕ КОНСУЛЬТАЦИЯ	
Т. ЖАНКЕЛДИН — Материалистік диалектиканың категориялары	84
ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ	
Х. ҚОЖАХМЕТОВ, Ә. ЖАҚЫШЕВ — Партиялық бақылау комиссияларының алғашқы адымы	93
Қ. ІЗІМБЕРГЕНОВ — Коммунистер жаңаның жаршылары	98
ХАТ ЖӘНЕ КОРРЕСПОНДЕНЦИЯ	
Ж. ӘУБӘКІРОВ — Мәдениет университеті—коммунистік тәрбие орны	102
А. ҚОЙШЫБАЕВ — Партком секретарының бір күні	106
СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ	
Қ. МЕНДІҚОЖИН — Үгіт пункттері жұмысының түрлері мен әдістері	108



СОДЕРЖАНИЕ

Постановление ЦК КП Казахстана о созыве X съезда партии	3
ПЕРЕДОВАЯ — За гибкое, умелое, действенное партийное руководство	4

НАВСТРЕЧУ ПЛЕНУМУ ЦК КПСС

А. КАКИМЖАНОВ — О путях сближения двух форм социалистической собственности	12
М. ЖУРМУХАМЕДОВ — Трудовой успех хлопкоробов	19

* *
*

С. БАИШЕВ — О закономерностях развития ранее отсталых народов в условиях социализма	23
С. ХАЙДАРОВ — Под лучезарной звездой социализма	31
А. ШАРИПОВ — Первые шаги перестройки системы народного образования	39
А. НУРПЕИСОВ — Заметки писателя о литературной критике	44

ИСТОРИЯ КОММУНИСТИЧЕСКОЙ ПАРТИИ СОВЕТСКОГО СОЮЗА

XVIII глава — Вступление СССР в эпоху строительства коммунизма XXI съезд партии	50
--	----

ЛЕКЦИИ И КОНСУЛЬТАЦИИ

Т. ЖАНГЕЛЬДИН — О категориях материалистической диалектики	84
--	----

ПАРТИЙНАЯ ЖИЗНЬ

Х. КОЖАХМЕТОВ, А. ЖАКИШЕВ — Комиссии партийного контроля за работой	93
К. ИЗИМБЕРГЕНОВ — В бригадах коммунистического труда	98

ПИСЬМА И КОРРЕСПОНДЕНЦИИ

Ж. АУБАКИРОВ — Университеты культуры — очаг коммунистического воспитания трудящихся	102
А. КОИЧУБАЕВ — Один день секретаря парткома	106

КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ

К. МЕНДЫГОЖИН — Формы и методы работы агитпунктов	108
---	-----

*



Қазақстан Коммунистік партиясының кезекті X съезін шақыру туралы

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XVI Пленумының қаулысы

I. Қазақстан Коммунистік партиясының кезекті X съезі 1960 жылғы 10 февральда шақырылсын.

II. Съездің мынадай күн тәртібі бекітілсін:

1) Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің есепті баяндамасы.

2) Қазақстан Компартиясы Тексеру комиссиясының есепті баяндамасы.

3) Қазақстан Коммунистік партиясының орталық органдарын сайлау.

III. Қазақстан Коммунистік партиясының X съезіне өкілдер сайлаудың мынадай нормалары белгіленсін: партияның 300 мүшесінен шешуші дауыспен бір делегат және партияның мүшелігіне 300 кандидаттан кеңесші дауыспен бір делегат.

IV. Совет Армиясының, Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің ішкі конвой күзетінің және Қазақстан жерінде тұратын шекаралық әскер бөлімдерінің партия ұйымдарындағы коммунистер Қазақстан Коммунистік партиясының X съезіне делегаттарды басқа партия ұйымдарымен бірге облыстық партия конференцияларында сайлайды.



Партиялық басшылық икем, шебер, пәрменді болсын

Қазір совет халқы Коммунистік партияның, оның лениндік Орталық Комитетінің төңірегіне қай уақыттағыдан да тығыз топтасқан, құрыштай берік, бір ауызды. Елімізде социализм құру жолындағы күресте қол жеткен бүкіл табыстарымыз лениндік партияның дана басшылығының нәтижесі, жемісі екенін совет адамдары жақсы біледі. Бұл шындық әрбір азаматтың көкірегіне терең ұялаған. Міне, сондықтан да халқымыз өз партиясына шексіз сенеді, оның ішкі және сыртқы саясатын белсене қолдап, оны өзінің күнделікті ерлік еңбегімен шындайды.

Еліміздің экономикасын, ғылымы мен мәдениетін дамытудағы зор табыстар бүкіл адамзаттың тағдырына барған сайын күшті әсерін тигізіп, капитализмнің құлдығынан әлі де құтыла алмай отырған халықтарға социализмнің жасампаз күшін айқын бейнелеуде. Ұлы көсеміміз В. И. Ленин совет өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ еліміздің әрбір жұмысшысын, шаруасын, қызметкерін шаруашылық табыстарымызды молайтуға шақырып, бұл жетістіктер дүниежүзілік дамудың барысына үлкен әсер етеді деп ескерткен еді. Бұл лениндік ізгі өсиет қазір де совет адамдарының ойына қанат бітіріп, бойына қуат құйып, коммунизм құру жолындағы қажырлы еңбекте оларды жаңа ерлікке бастап, Советтік Отанын шексіз сүйеге баулып келеді.

СССР Жоғарғы Советінің үшінші сессиясы бекіткен, 1960 жылға арналған жоспар халық шаруашылығының барлық саласында да техникалық прогресті кең өрістете отырып, коммунизм құрылысының қарқынын шапшандата беруді көздейді. Бұл жоспардың жүзеге асырылуы Отанымыздың күш-қуатын, беделін арттырып, совет адамдарының тұрмыс дәрежесін көтере түседі.

Алдағы жылғы жоспарда еліміздің барлық туысқан республикалары сияқты Қазақ республикасының да экономикасы мен мәдениетін партияның XXI съезі бекіткен жетіжылдық жоспарға сай күшті қарқынмен өркендету мақсаты көзделіп отыр. Республикамызда астық шаруашылығы, мал шаруашылығы, түсті және қара металлургия, көмір өнеркәсібі үздік өркендейді. Халық шаруашылығын дамытуға бір жылдың ішінде 15 754 миллион сом күрделі қаржы жұмсалады. Бұл 1959 жылғы жұмсалған қаржыдан 25,8 процент артық.

Келесі жылы Қарағанды металлургия зауыдының алғашқы агрегаттары өнім бере бастайды. Бұктарма су электр станциясында 150 мың киловаттық екі турбина қатарға қосылады. Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты, Жезқазған мыс комбинаты, Павлодар алюминий зауыды, Жітіқара асбест зауыды сияқты өнеркәсіп алыптарында құрылыс жұмыстары еселенген қарқынмен жүргізіле береді. Республикамызда шойын, кокс, каучук, трансформаторлар, кабельдердің жаңа түрлері де шығарылатын болады.

Республикамыздың өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығын өркендете беру жөнінде алда тұрған бұл сияқты күрделі міндеттер халық шаруашылығының барлық саласына да партиялық, мемлекеттік басшылықтың дәрежесін арттыра беруді, барлық партия, совет, кәсіподақ, комсо-

мол, шаруашылық органдарының ұйымдастырушылық қызметін күшейте беруді талап етеді.

КПСС Орталық Комитеті шаруашылыққа партиялық басшылықты жақсарту ісіне үнемі айрықша көңіл бөліп, бұл жөнінде жергілікті партия ұйымдарына зор әкелік қамқорлық көрсетіп келеді. Соңғы жылдар ішінде ғана партияның Орталық Комитеті Н. С. Хрущев жолдастың бастамасы бойынша өнеркәсіпке, ауыл шаруашылығына басшылықтың жайын арнаулы пленумдарда қарап, басшылықты жетілдіре беру жөнінде тарихи маңызы бар шаралар белгіледі, бұл шараларды табандылықпен жүзеге асырды. КПСС Орталық Комитетінің кезекті пленумында ауыл шаруашылығын өркендетудің аса маңызды мәселесі тағы да қаралмақшы. Бұл пленумда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің де есебі тыңдалып талқыланады.

Республикамыздың партия ұйымдары, әсіресе КПСС ХХІ съезінен кейінгі уақыттың ішінде шаруашылықтың барлық саласына да басшылығын жақсартта түсті. Кәсіпорындарға, колхоздар мен совхоздарға, мекемелерге партия ұйымдары нақты басшылық ететін болды, олардың өндірістік жоспарларды орындауын және асыра орындауын қолма-қол ұйымдастырып отыратын болды. Партия басшылығы өндіріс адамдарына жақындатылды, партия органдарының бұқарамен байланысы күшейтіліп, қағаз бастылық, әкімшілік азайды.

Партиялық басшылықтың жақсаруы шаруашылықтың барлық саласында да: кәсіпорындар мен құрылыстарда, колхоздар мен совхоздарда еңбек өнімділігінің артуына, шикізат пен қаржыны үнемдеудің, өндірісті ұйымдастырудың жана әдістері мен жолдарын тауып жатқан майталман жаңашылдардың қатары өсуіне жағдай жасады. Республикамызда ондаған жалынды патриоттар Валентина Гаганованың бастамасын қызу қолдап жұмыстың нашар учаскелеріне барып жұмыс істеп, оны алдыңғы қатарға жеткізу жолында жанқиярлық еңбек етіп жүр. Мұның өзі совет адамдарының еліміздің экономикасын дамытуға, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға қаншалықты ынталы екенін көрсетеді.

Республикамыздың барлық еңбекшілері жетіжылдықтың алғашқы жылының тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарысқа қосыла отырып, елеулі табыстарға жетті. Өнеркәсібіміз жалпы өнім шығарудың он айлық жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Ауыл шаруашылығының еңбекшілері КПСС Орталық Комитетінің алдағы Пленумын лайықты қарсы алу үшін күресе отырып, ет, жүн, қаракөл елтірісін, жұмыртқа дайындаудың жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Өткен жылғы осы уақытпен салыстырғанда колхоздар мен совхоздарда қой саны 16 процент, ірі қара 12,4 процент, шошқа 36,2 процент, құс 2,6 есе өсті.

Даңқты тың аймағының ерлері мол астық үшін күресті биыл да еселеген қарқынмен жүргізді. Республикамыздың колхоздары мен совхоздары Отан қоймасына 700 миллион пұттай астық құйды. Ақмола облысының Есіл, Атбасар, Қима аудандарының егіншілері, Қостанай облысындағы Железнодорожный совхозының коллективі Отанға берген сертін мерзімінен бұрын абыроймен орындап шықты. Есіл ауданының дихандары Отан қоймасына 30 миллион, Железнодорожный совхозының коллективі 4,5 миллион тонна астық құйып, республикамызды сүйсіндірді.

Биыл Қазақстанның «ақ алтынды» аймағының еңбекшілері де Отан игілігіне жақсы жұмыс істеді. Олар елімізге 200 мың тонна мақта тапсырамыз деген міндеттемесін Ұлы Октябрь социалистік революциясының мерекесі күндері абыроймен орындап шықты. Оңтүстік Қазақстан облысы колхозшылары мен совхоз жұмысшыларының, бүкіл еңбекшілерінің Отан алдындағы міндеттемені орындау жолындағы кү-

ресі табысты болды. Соның нәтижесінде Отанымызға мақтаны оңтүстік еңбекшілері мақта ең бітік шыққан 1956 жылдың өзінен 30 мың тоннадан астам артық тапсырды.

Республика еңбекшілерінің қол жеткен осындай зор табыстарымен бірге әлі де болса көптеген өнеркәсіп орындарының, құрылыстардың, колхоздар мен совхоздардың жұмысында елеулі кемшіліктер бар. Мұның ең басты себебі кейбір партия комитеттері мен партия ұйымдарының шаруашылыққа басшылығы нашар. Ондағы қызметкерлердің кейбіреуі партия жұмысын шаруашылықтың мүддесінен бөле қарайды. Бұл дұрыс емес. Әрбір басшы партия қызметкерінің партиялық жұмыспен шаруашылық міндеттерінің берік тұтастығын, оң тұтастықтың заңдылығын түсінгені мақұл. Нақты, пәрменді басшылық ету, техниканың, шаруашылықтың тетігін терең біліп, оны көзін тауып, есеппен жүргізе білу, бұқара арасында ұйымдастыру жұмысын үйірлте жүргізу—міне партия қызметкерін табысқа жеткізетін, оған абырой әперетін осылар.

КПСС Орталық Комитетінің июнь Пленумында сөйлеген сөзінде Н. С. Хрущев жолдас: «шешендердің бәрі де өнеркәсіп жайында айтуда, ешқайсысы партия жұмысы туралы айтпай отыр, бұл қалай?» деп жазған бір жолдастың хатына: осы Пленумда техникалық прогресс туралы, халық шаруашылығын өркендету туралы айтылғандардың бәрі әрбір партия ұйымы қызметінің өмірлік заңы, партия жұмысының мазмұны деп атап көрсетті. «Шынында әрбір адам өз орнында болып, өзінің кәсібін жақсы білсе, жақсы бөлшек жасап, жақсы машиналарды құрастырып тұрса, партия жұмысы дегеніміздің өзі де дәл осы мәселе емес пе?», деді Н. С. Хрущев жолдас.

Еліміздегі социалистік құрылыстың міндеттерінен оқшау партия жұмысы болған емес және болмайды да. Партия жұмысының міндеттерін қатаң түсіну, партия және шаруашылық жұмыстарын жасандылықпен бөлу біздің қоғамдық ісімізге үлкен зиянын тигізеді. Мұны Қарағанды облыстық партия комитетінің жұмыс тәжірибесінен айқын көруге болады. Облыстық партия комитеті облыста салынып жатқан аса маңызды құрылыстардың жұмысымен күнделікті шұғылданып, басшылық жасап отырмады. Бұл шаруашылық орындарының, халық шаруашылық советінің міндеті деп есептеді. Қарағанды облыстық партия комитетінің бұрынғы секретарьлары Исаев, Әлиханов, Энодин жолдас-тар бұқарамен араласпады, онан қол үзді, құрылысшылардың талап-тілектеріне немқұрайды қарады, олар өздеріне тапсырылған аса зор міндеттердің дәрежесінде бола алмай, жауапсыздыққа салынды.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жақында болып өткен пленумы Қарағанды металлургия заводының құрылысындағы істің жағдайына терең талдау жасады. КПСС Орталық Комитеті мен Совет үкіметінің үнемі көмектесіп отырғанына қарамай Қарағанды металлургия заводының құрылысы шабан жүргізілуде, алғашқы домна пеші мен кокс батареясын биыл пайдалануға беру жөніндегі тапсырманың орындалмау қаупі туып отыр. Домна құрылысы бойынша биылғы жылғы құрылыс-монтаж жұмыстарының жоспары тоғыз айдың ішінде 70 процент ғана орындалды. Домнаны пайдалануға беруге аса қажет руда жолы, бу-ауа станциясы ең артта қалған учаскелер болып отыр.

Сол сияқты заводтың кокс-химия комплексінің құрылысы да өте кенжелеп қалған, бұл учаскеде биылғы құрылыс жоспары 9 айдың ішінде небәрі 50 процент қана орындалған. Домнаның жұмыс істеуі үшін аса қажетті шикізат руда, көмір, әк тас базаларын жасау осы күнге дейін ойластырылмай келген. Ал, Қарағанды облыстық партия комитеті болса, осындай ірі кемшіліктердің бәрін көрмей, қайдағы бір жоқ табысқа мәз болып, жайбарақат отыра берген.

Пленумда Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинатының құрылысында және тағы басқа жаңа құрылыстарда елеулі кемшіліктер бар

екені атап көрсетілді. Орталық Комитеттің пленумы Қарағанды металлургия заводының және басқа құрылыстардың жұмысындағы бұл кемшіліктерді түзетудің, алғашқы домнаны жоспарланған мерзімде қатарға қосудың нақты шараларын белгіледі.

Пленум тұрғын үй және мәдени тұрмыс құрылыстарына, еңбекшілердің тұрмыс дәрежесін жақсартуға беру мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Бұл заңды да. Партия мен үкімет совет халқының тұрмысын жақсартуға беру үшін әруақытта да тынбай қамқорлық жасап отыр. Оны біздің республикамыздың мысалынан да айқын көруге болады. Бізде өткен жылға қарағанда биыл халыққа ет өнімдері 57 процент, сүт 22 процент, көпшілік тұтынатын товарлар 14 процент көп сатылды. Биылғы тоғыз айдың ішінде 1 185 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Бірақ осыған қарамай, пленумда атап көрсетілгендей, кейбір жерлерде адамға қамқорлық нашар, сауда орындары халық үшін керекті тұтыну заттарын мерзімінде жеткізіп отырмайды. Мәселен, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті биыл апрель айында шешім қабылдап, онда кәсіпорындар мен құрылыстарда сауданы, көпшілік тамақтандыру ісін ұйымдастыруды жақсарту жөнінде нақты шаралар белгілеген еді. Бұл шаралардың көпшілігін жүзеге асыруды республиканың сауда министрлігіне, оның министрі Ильяшев жолдастың өзіне тапсырған болатын. Бірақ Ильяшев жолдас бұл шешімді жүзеге асыру жолында табандылық көрсеткен жоқ. Соның салдарынан сауда министрлігінің жергілікті орындарының жұмысында да көптеген кемшіліктерге жол берілді. Ал ондағы партия ұйымдарының кейбіреуі сауда орындарындағы көз бояушылық фактілеріне, жеке қызметкерлердің партиялық және мемлекеттік тәртіпті көріне бұзу фактілеріне төзіп келеді.

Республикамызда сауда жұмысын жақсарту жөнінде белгілеген шараларды жүзеге асыру үшін сауда министрлігінің көптеген жауапты қызметкерлері арнаулы командировкаларға барып та қайтты. Ильяшев жолдасы да кәсіпорындарда, құрылыстарда болған жоқ деп айтуға болмайды, бірақ оның болған жерінде сауда жұмысының, әсіресе көпшілікті тамақтандыру ісінің, халыққа қызмет көрсету ісінің елеулі жақсарған ізі қалған жоқ. Бұл өкінерлік нәрсе, білгір басшыға тән қасиет емес.

Басшы қызметкер болған жерінің бәрінде де ең алдымен бұқарамен араласып, онымен тіл тауып сөйлесе, жұмыстағы кемшіліктерді қолма-қол түзете біліп, істе жана қарқын туғызуға тиісті. Бұл үшін ол өз төңірегіне жергілікті партия, совет, шаруашылық қызметкерлерін, қалың активті топтастыруы керек. Ұлы көсеміміз В. И. Ленин: «Басшы коммунист өзіне көмекшіні бірден бірге көп таба білгенде ғана, ... оларға жұмыс істеуге көмектесе білгенде ғана, оларды жоғарылата, олардың тәжірибесін көрсете және пайдалана білгенде ғана өзінің басшы болуға правосы бар екенін дәлелдей алады» деп үйреткен болатын. Бұл лениндік нұсқау әрбір басшы қызметкердің жұмысына сабақ, өнеге болады.

Қазір еліміздің еңбекшілері коммунизм құрылысын еселеген қарқынмен жүргізіп жатқан кезде басшылық етудің мәнісі мынада болуы керек: әрбір қызметкер коммунистік құрылыстың практикасынан туып жатқан барлық жаңаны, баралыны сол замат көріп, біліп, қолдап отыруға, оны кең таратуға, жұмыста еңжарлыққа, сылбырлыққа, берекесіздікке, артта қалушылыққа жол бермеуге, бұқара арасында қажырлылықпен жұмыс жүргізіп, оларды үкімет пен партияның шешімдерін жүзеге асыруға жұмылдыруға тиіс.

Халыққа қызмет көрсету ісін жақсартуда, жұмысшылар мен қызметкерлердің жұмыс жағдайын, мәдени-тұрмыс күйін жақсартуда біз-

дің кәсіподақ органдарымыздың, олардың жергілікті ұйымдарының ролі зор. Олар барлық жерде де ең алдымен еңбекшілердің талап-тілектерінің мерзімінде орындалуын қамтамасыз етіп, жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты кең өрістетіп отыруға міндетті.

Ал Қазақстан кәсіподақтары Советі, оның председатели Токтамысов жолдас республикамыздың кейбір кәсіпорындары мен құрылыстарында жұмысшыларға тиісті өндірістік және мәдени-тұрмыстық жағдай жасалмай отырғанына төзімділік жасайды.

Республикамыздың мәдениет және байланыс министрліктерінің, олардың жергілікті органдарының жұмысында ірі-ірі кемшіліктер бар. Республиканың көптеген партия ұйымдарында партиялық және мемлекеттік тәртіп қатан, сын мен өзара сын күшті болса бұлай болмайтын еді. Сондықтан да Орталық Комитеттің пленумы партия ұйымдарынан, партия, совет, шаруашылық органдарының барлық буынында кадрларды большевиктік принципшілдікке тәрбиелеудің, партиялық және мемлекеттік тәртіпті нығайтудың аса маңызды құралы—сын мен өзара сынды кең өрістетуді талап етті.

Өйткені сын кадрлардың өсуіне, партиялық және мемлекеттік тәртіптің нығаюына, қызметкерлердің жауаптылығының артуына көмектеседі. Бет-жүзіне қарамайтын принципшіл большевиктік сынды өрістеткенде ғана партия ұйымдары кадрларды өзіне де, басқаға да жоғары талап қоя білетін, кемшіліктерге төзбейтін, саяси қырағы етіп тәрбиелей алады. Сын жоқ жерде тамыр-таныстық, енжарлық, бойкүйездік сияқты әдеттер орын тебеді, сын көрмеген кадрлар токмейіл, жай-баракат, жалтақ болып өседі. Қысқасы сын болмаса, алға басуға болмайды.

Коммунистік партия сын мен өзара сынды біздің қоғамымыздың қуатты қозғаушы күштерінің бірі деп санап, партияның қолындағы бұл өткір идеялық қаруды ешуақытта да тот бастырған емес. Сын мен өзара сынның ролі әсіресе кәзір — коммунистік құрылысты шапшаң қарқынмен жүргізіп жатқан кезімізде бұрынғысынан да арта түсіп отыр. Өйткені біздің алға қарай шапшаң жылжуымыз, капитализммен бейбіт жарыста уақытты ұтуымыз үшін өз кемшіліктерімізді большевиктік өткір сынның жалынымен күйдіріп, жазып отыруымыз керек.

Сын мен өзара сын — партиялық және мемлекеттік тәртіпті нығайтудың маңызды құралы. Қандай басшы болса да, ол қандай талантты маман болғанмен бұқарадан қол үзсе, оған сүйенбесе, бұқараның үніне, тілегіне құлақ салмаса, төменнен болатын сынды өрістетпесе елеулі табысқа жете алмайтыны былай тұрсын, сәтсіздікке ұшырауы да мүмкін. Бізде әлі де болса, сын басшының беделін түсіреді, жеке басшылық принципін бұзады деп түсінетін қызметкер де жоқ емес. Ондайлардың партия қызметкері өз беделін кейбір жағымпаздардың лепірме мадақтауымен емес, бұқара арасындағы жан аямай жүргізген жұмысы арқылы артатынын түсігені жөн.

Қазақ ССР Ғылым Академиясының Мұнай институтының директоры болып көптен бері Айрапетян жолдас жұмыс істеп келді. Ол алғашқы кезде жұмысты бар ынта-жігерімен істеді. Бірақ ол көп ұзамай табысқа мастанды, өзін «қателеспейтін» адамдар қатарына қосты. Сөйтіп, институттың жұмысы туралы сын пікір айтқан қызметкерлерді қудалай бастады, жалаң әкімшілік жасауға салынып, нағыз бюрократ болып алды. Осының салдарынан мұнай институтының жұмысы нашарлады, ол соңғы кезде мұнайшылар мен мұнай іздеушілерге ешқандай көмек көрсеткен жоқ. Институт коммунистері Айрапетянді партия ұйымының бюро мүшелігіне екі рет сайламай қойды. Ал, Гурьев қалалық партия комитеті, оның бірінші секретары Шаронов жолдас осы бюрократты қызғыштай қорғаумен болды. Тек облыстық партия кө-

митетінің араласуымен ғана Айрапетян қызметінен босатылып, партиялық жазаға тартылды. Міне бұқараның сынын тұншықтырған, сыннан қорытынды шығаруға қорқатын басшы қызметкерлердің тағдыры ерте ме, кеш пе осылай сәтсіз аяқталады.

Партиямыздың тарихи ХХІ съезі елімізде коммунизм құрудың ұлы программасын жасап берген болса, КПСС Орталық Комитетінің июнь Пленумы сол ұлы жоспарды жүзеге асырудың ең сенімді тете жолы техникалық прогресс екенін көрсетіп берді. Н. С. Хрущев жолдастың пленумда сөйлеген сөзінде партиямыздың кәзіргі негізгі шаруашылық саясаты — техникалық прогресті жүзеге асыруда сын мен өзара сынның ролін ерекше жігермен атап көрсеткені мәлім. «Белгіленген мақсатқа жету үшін — деді Н. С. Хрущев жолдас, — көбірек күш салып, байқалған кемшіліктерді мейлінше батыл сынап, кемшілік атаулыға төзбейтін большевиктік ымырасыздық көрсетіп отыруымыз қажет».

Принципті большевиктік сын мен өзара сынды өрістетудің нағыз мектебі партиямыздың съездері мен пленумдары, сол сияқты конференциялар мен партия жиналыстары болып саналады. Бұларда партия ұйымдары кемшіліктерді батыл ашып, оларды түзетудің жолдарын белгілейді. Партия комитеттері мен партия ұйымдары осы арқылы өз қатарын, күшін жинақтайды, басшылық жұмыстарының әдістерін жетілдіреді, бүкіл коммунистерді жоғары партия органдарының және өз шешімдерін орындауға жұмылдырады.

Пленум 1960 жылдың 10 февралінде Қазақстан Коммунистік партиясының кезекті Х съезін шақыру туралы шешім қабылдады. Алдағы съезге әзірлік, сол сияқты бастауыш партия ұйымдарының өтіп жатқан есеп беру, сайлау жиналыстары, партия комитеттерінің конференциялары сөз жоқ партиялық басшылықтың дәрежесін арттырады, барлық партия ұйымдарында да саяси-көпшілік, ұйымдастыру жұмыстарын жаңа сатыға көтереді.

Кәзір республикамыздың партия ұйымдарында өтіп жатқан конференциялар мен есеп беру, сайлау жиналыстарының көпшілігінде сын және өзара сын еркін өрістеп, олар бір жылғы жұмысының қорытындысын шығарумен бірге жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындаудың әлі ашылмай жатқан көздерін ашып пайдаланудың жолдарын белгілеуде. Коммунистер назарды алда тұрған міндеттерге, әлі де істелмей жатқан, қолға алынбай жатқан жұмыстарға, әсіресе партиялық басшылық жұмысындағы кемшіліктерге аударып отыр.

Жақында Алматы облысы Киров аудандық партия комитетінің конференциясы болып өтті. Конференцияда делегаттар аудан партия ұйымының жұмысына сын көзімен қарап, баға берді, кемшіліктерді аяусыз да батыл әшкереледі. Киров ауданы Жетісудағы экономика жағынан күшті аудандардың бірі болып саналады. Ең бастысы мұнда шаруашылықты өркендетуге бай мүмкіндіктер: құнарлы жер, ең су бар, ауа райы өте қолайлы. Бұл ауданның бір кезде қант қызылшасының өнімділігі, сол сияқты мал шаруашылығы жөнінен бүкіл республикамызға даңқы шыққан болатын.

Ал кәзір ауданның шаруашылығы бұрынғы дәрежесінен төмендеп кеткен. Мысалы, ауданда сауылған сүттің жалпы өнімі өткен жылға қарағанда 434 центнер аз, қант қызылшасының шығымы бір гектарға шаққанда 100 центнерден азайып кеткен, бау шаруашылығы ұлғаюдың орнына құрып кетіп, алманы Алматыдан таситын болған. Конференция делегаттары аудан шаруашылығының құлдырап кетуіне негізгі себеп аудандық партия комитетінің басшылық дәрежесінің төмендігі екенін ашына да қатал сынады. Аудандық партия комитетінің секретарьлары Кенжебаев, Волков, аудандық Совет атқару комитетінің председателі Мырзабеков жолдастар күйбеңмен жүріп, өзекті мәселелерді шеттете берген. Осы уақытқа дейін шаруашылықты өркендетудің жеті-

жылдық жоспары жасалмаған. Аудандық партия комитетінің бюросы кадрлармен жұмыс істей білмеген, олар тек колхоз председателдерін ғана танып, солармен сөйлесетін болған, ал бастауыш партия ұйымдарының секретарьларын, мамандарды, ферма менгерушілері мен өндіріс бригадирлерін мүлде танымаған. Осының өзінде шаруашылық басшыларын орынсыз қайта-қайта ауыстыра берген.

Аудандық комитеттің жұмыс әдістеріндегі ең бір зиянды нәрсе — сынды, әсіресе төменнен болатын сынды өрістетпеген, аудандық комитет секретарьлары өздерін сынаған жолдастарды қудалаған, сынға қысым жасаған. Сын мен өзара сынның жоқтығынан Кенжебаев, Мырзабеков жолдастардың өздері кінәсін жасыру мақсатымен өтірік ақпарат беріп, үкімет пен партияны алдау жолына түскен, конференция міне осы кемшіліктері үшін Кенжебаев, Волков, Мырзабеков жолдастарды аудандық комитеттің жаңа құрамына сайламай қойды, аудандық комитеттің жаңа құрамына шаруашылықты жүргізудегі орын алып отырған кемшіліктерді батыл түзетуді, Киров ауданын елімізде ауылшаруашылық өнімдерінің молшылығын жасау ісіне лайықты үлес қосалатын дәрежеге жеткізуді тапсырды. Бұған ауданда толық мүмкіндік бар.

Республикамыздың басқа аудандарында өтіп жатқан конференцияларда да жұмыстағы кемшіліктер батыл сыналуда. Партия комитеттері сын ескертпелерден қорытынды шығарып, партия ұйымдарының басшылық, ұйымдастыру жұмыстарын алда тұрған жаңа міндеттердің дәрежесіне көтеруге міндетті. Партия ұйымдары жұмысының негізгі мазмұны барлық күшті партияның ХХІ съезі белгілеп берген жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауға жұмылдыру болуға тиіс.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы партиялық басшылықтың дәрежесін арттырудың ең маңызды шартының бірі кадрларды іріктеп алу, оларды тәрбиелеу, тиісті орынға дұрыс қоя білу екенін көрсетті. Партия, совет және шаруашылық жұмыстарында істейтін кадрларымыз басшылықтың ұлы Ленин көрсетіп берген коллективтік принципін дұрыс жүзеге асыра отырып, өзіне тапсырылған міндетті адал да мүлтіксіз орындауға тиіс. Партия комитеттері кадрларды дұрыс іріктеп алып, орналастыруға ерекше назар аударып, олардың жүктелген міндетті орындауын ұдайы қадағалап отыруы және қажетті көмек көрсетіп отыруы керек.

Кейбір партия, совет органдарында кадрлар арасындағы жұмыс нашар, істің орындалуы тексерілмейді. Осының салдарынан өз міндетіне салақ қарайтын, партиялық, мемлекеттік тапсырмаларды адал орындамайтын, өзінің қызмет бабын жеке басының мүддесі үшін пайдаланатын қызметкерлер бірен-саран болса да кездесіп қалады. Мысалы, Познанский деген бір алаяқ Қазақ ССР Жоспарлау комиссиясына жауапты қызметке орналасып алған. Ол әртүрлі амал-айлалармен мемлекет қаржысын ұрлаған. Познанскийдің бұл қылығын бастауыш партия ұйымы тиісті орындарға уақтысында хабарлады, оның ісін партия жиналысында талқылап, оны саяси сенім көрсетуге болмайтын адам деп тапты. Бастауыш партия ұйымының бұл шешімін Алматы қаласының Сталин аудандық партия комитеті талқылап, Познанскийді партиядан шығарды. Бірақ басшы қызметкерлердің арасынан Познанскийді қолдаушылар да табылды, тіпті оны мұнан да жоғары қызметке ұсынғандар болды. Ал, Алматы қалалық партия комитеті Сталин аудандық партия комитетінің шешімін бұзып, Познанскийді партия қатарында қалдырды. Тек Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің араласуымен ғана Познанский партиялық және мемлекеттік тұрғыдан жауапқа тартылды.

Партия комитеттері мен партия ұйымдары кадрлардың тапсырылған іске жауапкершілігін арттыра отырып, қолынан іс келетін, саяси

даярлығы күшті жас кадрларды батыл жоғарылатып отыруға тиіс. Мұның өзі жақсы нәтиже беріп отырғанын тәжірибе көрсетуде. Мысалы, 1957 жылдың аяғында Гурьев облысының Мақат аудандық партия комитетінің бірінші секретарлығына инженер Телішев жолдас, екінші секретарлығына Сұлтанғалиев жолдас сайланды. Бұған дейін Мақат ауданы көп жыл бойы мұнай шығарудың жоспарын орындамай келген болатын. Аудандық партия комитеті аудан экономикасын терең зерттей келіп, оның шешуші буындарына іскер кадрларды қоюға ерекше көңіл бөлді. Мұнай кәсіпшіліктеріне тәжірибелі мамандар жіберілді, оларға көмек күшейтілді. Көп ұзамай-ақ мұнай шығарудың қарқыны артты, жоспар үнемі асырып орындалатын болды.

Қазіргі ең басты міндет партиялық басшылықтың жақсы тәжірибесін қорыта отырып, оны кең тарату, партиялық, мемлекеттік басшылықты алда тұрған жаңа міндеттердің дәрежесіне көтеру болып саналады. Партиялық басшылық — творчестволық жұмыс, партия қызметкерлері елімізде коммунизм құрудың жетіжылдық жоспарын орындауға және асыра орындауға еңбекшілер бұқарасын жұмылдырудың, олардың ынта-жігерін, белсенділігін арттырудың жаңа, орамды да тиімді әдістері мен тәсілдерін таба білуге тиіс. Міне сонда ғана олар еңбекшілер бұқарасымен тығыз байланыс жасап, оларды алда тұрған айбынды міндеттерді абыроймен орындау күресіне жұмылдыра алады.

КПСС Орталық Комитетінің Пленумы қарсаңында

Колхоздық-кооперативтік меншіктің жалпыхалықтық меншікке ұласу жолдары

Ә. ҚӘКІМЖАНОВ

КПСС Орталық Комитетінің 22 декабрьде болғалы отырған пленумы ауыл шаруашылығының барлық саласын өркендете түсу, оны алуан түрлі өнімін молайтып, түсер құнын арзандату, колхозшылардың тұрмыс халін жақсарту беру мәселелерін қарайды. Пленумда КПСС XXI съезі мен декабрь пленумы (1958 жыл) ауыл шаруашылығы саласында алға қойған міндеттердің қалай орындалып жатқаны жайында бірқатар республикалардың, сонымен бірге Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баяндамасы тыңдалашақ. Пленум ұлы Отанымыздың кәзіргі даму кезеңіне сай совхоз, колхоз өндірісін биік сатыға көтеру шараларын талдап шешеді.

Коммунистік партия бастаған совет халқы материалдық игілікті неғұрлым көп өндіру үшін аянбай еңбек етіп келеді. Еліміздің өндіргіш күштерінің, социализмнің материалдық-техникалық базасының кәзіргі дәрежесі коммунизм орнату бағытында шешуші қадам жасауға мүмкіндік береді.

Партияның XXI съезінің қарарларында өндіргіш күштерді өркендетумен бірге жолдастыққа, достыққа, өзара көмекке негізделген социалистік қоғамдық қатынастарды да жетілдіре түсу керек екені атап көрсетілді. Қоғамдық қатынастарды белгілейтін басты нәрсе өндіріс құрал-жабдықтары кімнің қарамағында екендігі. Ал социализм немесе коммунизм тұсында өндіріс құрал-жабдықтары бұрынғыдай жеке меншікте емес қоғам меншігінде. Бұл арада социализмнің коммунизмнен айырмасы сол — социализм тұсында қоғамдық меншік жалпыхалықтық және колхоздық-кооперативтік меншік болып екі түрге бөлінеді. Социализмнен коммунизмге өту жолында бір тектес қоғамдық меншіктің осы екі түрі нығайып даму үстінде бірте-бірте жақындасып, ұласа бара біртұтас коммунистік меншікке айналуға тиіс.

Социализм тұсында қоғамдық меншіктің екі түрде болуының тарихи тамыры бар. Социалистік меншік пролетарлық революция жеңген күннен қалыптаса бастады. Революция жеңген шақта пролетарлық мемлекет адамды адамның қанауына негізделген ірі капиталистік (немесе помещиктік) меншікпен қатар шаруалардың, майдагерлердің және басқалардың өз еңбегіне негізделген ұсақ жеке меншіктеріне тап болады. Пролетариат диктатурасы орнасымен азды-көпті уақыт ішінде экономиканың капиталистік системасы және ірі өндіріс құралдарына жеке меншік жойылады. Завод, фабрика, шахта, кен, темір жол, су мен әуе транспорты, банк, байланыс құралы және басқалары жалпыхалықтық меншікке айналады. Сонымен бірге жалпыхалықтық, мемлекеттік кәсіпорындар жаңадан көптеп салына бастайды.

Марксизм-ленинизм ұсақ жеке меншікті ірі капиталистік меншіктей салған жерден социалистік меншікке айналдыру мүмкін емес, сондықтан ұсақ меншік иелерінің өндірісін бірте-бірте еркін түрде қоғамдастыру, кооперативтерге, коллективтік шаруашылықтарға ұйымдастыру арқылы ғана социалистік жолмен қайта құру керек деп үйретеді. Совет Одағында басқа да социалистік елдерде, жалпы алғанда, социалистік меншіктің екі түрі осылай қалыптасып дамуда.

Өндіріс құралдарына қоғамдық меншікке негізделген социалистік экономика осы заманға дейін тарихта болып келген шаруашылық системаларының қай-қайсысынан болса да артық әрі озық екені қысқа дәуір ішінде айқын дәлелденді. 1958 жылы Совет Одағы өнеркәсібінің жалпы өнімі 1913 жылға қарағанда 36 есе, оның ішінде өндіріс құралдарын өндіру 83 есе өсті. Бұл табысқа еліміз, халық шаруашылығын күйзелткен сұрапыл соғыс жылдарын қоса есептегенде, айналасы 41 жыл шамасында жетті. Социалистік экономиканың артықшылығын айқын көру үшін өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемін 30 еседей көбейтуге капитализмнің Америка Құрама Штаттары, Англия немесе Германия сияқты іргелі елдеріне 80 жылдан 150 жылға дейін уақыт керек болғанын еске түсірсек те жеткілікті.

Ұлы Октябрь революциясынан бергі дәуірде социалистік меншік сан жағынан да, сапа жағынан да мықтап өзгерді. Ауыр индустрияны оздыра өркендету жалпыхалықтық меншікті көбейте түсті. Ол кәзір бүкіл халық шаруашылығын, ғылым мен техниканы жедел өркендетудің күшті материалдық-техникалық базасы болып отыр.

Социалистік меншіктің жалпыхалықтық (мемлекеттік) түрі жан-жақты өркендей отырып, халық шаруашылығында жетекші және шешуші орынға ие болды. Еліміздің экономикасының тұтқалы орындары мен негізгі өндіріс құралдарының 90 проценттейі жалпыхалықтық меншікке жатады. Совет Одағында осы күні 200 мыңнан астам өнеркәсіп орны, 100 мың дерлік құрылыс, барлық темір жол, су және әуе транспорты, байланыс құралдары, барлық банк, 6 мың совхоз тағы басқалары да жалпыхалықтық меншікте.

Ал социалистік меншіктің колхоздық-кооперативтік түрі де дами отырып, бүтіндей өзгерді. Колхоздық-кооперативтік меншікке ауылшаруашылық артельдерінің, кәсіпшілік артельдерінің, тұтыну кооперативтерінің өндіріс құрал-жабдықтары жатады. Колхоздарда кәзір бүкіл еліміздегі халықтың 37,7 проценті тұрады. Совет Одағындағы барлық өндіріс құралдарының он бестен бір бөлегі колхоздардың үлесіне тиеді. Кәсіпшілік артельдерінде 1 миллиондай мүше бар. Тұтыну кооперативтерінде 1956 жылы 36 миллион ұпайшы болған.

Колхоздардың қоғамдық шаруашылығы мықтап алға басты. Оны мынадан көреміз. Колхоз ауыл шаруашылығындағы ірі өндіріс ұйымына айналды. Қазақстанда орта есеппен әрбір колхозда 1945 жылы 97, 1953 жылы 181 үй болса, 1958 жылы 274 үй болды. Осы жылдарда әр колхоздың егіс көлемі орта есеппен тиісінше 724 және 2 475 гектардан 6 мың гектар болып көбейді. Бір колхоздың барлық малы, ірі қараға айналдырғанда, 381 бастан 1 623 басқа дейін өсті.

Колхоздардың қоғамдық шаруашылығының мықтап өскенін бөлінбейтін қордың орасан көбейгендігінен де көруге болады. Әрбір колхоздың бөлінбейтін қоры орта есеппен Қазақстанда 1953 жылғы 1 421 мың сомнан 1957 жылы 2 735 мың сомға дейін өсті. Мұның маңызы өте зор. Өйткені бөлінбейтін қорды көбейту арқылы ғана шаруашылықтардың ұлғаймалы ұдайы өндірісін қамтамасыз етіп, колхоз құрылысының материалдық-техникалық базасын нығайтуға болады.

Социалистік меншіктің екі түрі бір-бірінен окшау, жеке дара тұрған жоқ. Жалпыхалықтық меншік колхоздық-кооперативтік меншіктің өркендеуіне көмектесіп, жетекшілік етіп отырған болса, колхоздық-кооперативтік меншік те жалпыхалықтық меншіктің өркендеуіне қолайлы жағдай жасап отырды. Мұның өзі бұл екі меншіктің бір мақсатты көздейтіндігінен, бір тұрпаттастығынан мүмкін болып отыр. Бұлардың қай-қайсысы болса да қоғамдық меншік. Мұнда өндіріс құралдарына жеке меншік те, адамды адам қанау да атымен жоқ. Өндірістік қатынастар да осыған сәйкес: адамдар бір-бірімен қызметтес және өзара көмек көрсетіп тұрады.

Қоғамдық меншіктің екі түрі де социализмнің экономикалық заңдары бойынша дамып, өркендейді. Социализмнің негізгі экономикалық заңының кәзіргі талабы— қоғам мүшелерінің бәрінің ұдайы өсіп отыратын материалдық және мәдени қажетін неғұрлым толық өтеу талабы социалистік меншіктің қай түріне болса да тән. Мемлекеттік (жалпыхалықтық) өндіріс те, колхоздық-кооперативтік өндіріс те жоспармен жүргізіледі. Бұлардың қай-қайсысында болса да табыс еңбекке қарай бөлінеді; еңбек өнімділігінің ұдайы арту заңдылығы екеуіне де ортақ.

Бірақ бұдан социалистік меншіктің екі түрі арасында айырмашылық жоқ деген ұғым тұмасқа керек. Айырмашылығы болмаса меншік екі түрге бөлінбес те еді. Осы айырмашылықты ең алдымен өндіріс құралдарының қоғамдастырылу дәрежесінен көруге болады. Жалпыхалықтық меншік колхоздық-кооперативтік меншікке қарағанда социалистік меншіктің жоғарғы түрі, өйткені мұнда өндіріс құрал-жабдықтары да, кәсіпорын тұрған жер де, бүкіл кәсіпорынның өзі де түгелімен барша халықтыкі, яғни мемлекеттікі. Ал колхоздардағы меншік белгілі бір коллективтің, топтың меншігі. Мемлекеттік кәсіпорындарда өндіріс құралдарының бәрі бүкіл қоғамның меншігінде болса, колхоздарда тек негізгі өндіріс құралдары ғана колхозшылардың ортақ қоғамдық меншігінде. Сондықтан жалпыхалықтық меншікте өндіріс құралдарының қоғамдастырылу дәрежесі колхоздық-кооперативтік меншіктегіден жоғарғы сатыда тұр.

Жалпыхалықтық, мемлекеттік кәсіпорындарда өнімнің бәрі мемлекеттің қарамағына түседі де ол жалпы халық мүддесіне сәйкес пайдаланылады. Ал колхоздарда, түрлі кооперативтерде барлық өнім колхоздың, кооперативтің қарамағында болады, ол артельдің уставына, үкіметтің заң-жобаларына толық сәйкес пайдаланылады.

Табыс бөлу тәртібінде де өзгешелік бар. Жалпыхалықтық кәсіпорындарда жұмысшылар мен қызметшілер жалақыны мемлекет тарапынан белгіленген тәртіп бойынша алатын болса, колхоздарда еңбекке ақы әрбір артельдің өзгешелігіне қарай колхозшылардың жалпы жиылысы белгілеген тәртіп бойынша беріледі. Колхозшылар колхоздан еңбегіне ақы алумен қатар қосалқы шаруашылығынан да табыс түсіреді.

Өндірісті басқару тәртібінде де айырмашылықтар бар. Мемлекет кәсіпорындарын мемлекет тарапынан тағайындалған адам басқарып отыратын болса, колхоз өндірісін колхозшылардың өзі (жалпы жиылысы) және олардың тапсыруы бойынша колхоз басқармасы, колхоз председателі басқарады.

Бірақ жоғарыда айтылғандардың бәрі де түбірлі айырмашылықтар емес, өйткені қоғамдық меншіктің осы екі түрі — тұтасынан бір қоғамдық құрылыстың, социалистік мемлекеттің экономикалық негізі, екеуінің әлеуметтік тегі бір.

Социалистік меншіктің екі түрінің арасындағы осы айырмашылықтардың жойылып, бірте-бірте біртұтас жалпыхалықтық меншікке ұласу, айналу жолдары қандай?

Ең алдымен ол колхоздық-кооперативтік меншіктің қоғамдастырылу дәрежесін жалпыхалықтық меншіктің дәрежесіне жеткізу арқылы жойылады. Ал екі меншікті жақындастыру— жалпыхалықтық меншіктің де, колхоздық-кооперативтік меншіктің де дамуы, өркендеуі арқылы жүзеге асады. Сондықтан да қайсыбір экономистердің колхоз құрылысының дәурені өтті және ол социалистік қоғамның ілгері дамуына кедергі бола бастады-мыс деген теріс пікіріне кезінде партия қатты тойтарыс берді. Әркімнің, әрбір өндірістің өз жұмысына ынталы болуын қамтамасыз ету жөніндегі лениндік принциптің бұрмалануына жол бермеу, өндірісті жоспарлауда колхозшылар мен колхоздардың ынта-жігерін көтеретін жана әдісті енгізу, колхоздарды басшы және маман кадрлармен нығайту, тракторларды, комбайндарды, басқа да ауылша-

руашылық машиналарын колхоздарға сату, ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың жаңа тәртібін белгілеу колхозшылардың өз еңбегіне ынталылығын арттырды, колхоз экономикасының мықтап өркендеуін қамтамасыз етті. Мұның өзі колхоз құрылысының әлі де мол сарқылмас мүмкіншіліктері бар екенін көрсетті.

Н. С. Хрущев жолдастың партияның XXI съезінде жасаған баяндамасында және съездің қарарларында колхоздық-кооперативтік меншікті жалпыхалықтық меншікке жақындастырып, бара-бара ұластыру жолдары ғылыми тұрғыдан терең талданды. Съездің қарарларында колхоздық меншікті біртіндеп бүкілхалықтық меншікке жақындастырудың мынадай нақты жолдары атап-атап көрсетілді:

біріншіден, колхоздың бөлінбейтін қорын молайта беру;

екіншіден, колхоздың қоғамдық өндірісін ауыл шаруашылығының барлық саласын барған сайын толық қамти алатын дәрежеге жеткізіп, сол арқылы колхозшылардың азық-түлікке мұқтажын қосалқы шаруашылықтан емес, колхоздың қоғамдық шаруашылығынан неғұрлым толық өтеу;

үшіншіден, колхозаралық өндірістік байланысты нығайтып кең өрістетіп беру;

төртіншіден, колхоз өндірісін электрлендіру, механикаландыру және автоматтандыру арқылы колхоз бен мемлекеттің өндіріс құралдарының бірігуіне, ауылшаруашылық еңбегінің бірте-бірте индустриялық еңбектің бір түріне айналуына жету.

Колхоздың қоғамдық өндірісін өркендетудің және колхоздық-кооперативтік меншікті жалпыхалықтық меншікпен бірте-бірте ұластырудың экономикалық негізі — колхоздардың бөлінбейтін қорын үздіксіз молайта беру. Бөлінбейтін қор — колхоздардың қоғамдық шаруашылығын ұлғайтудың, колхозшылардың әл-ауқатын, мәдени дәрежесін көтере берудің қайнар көзі.

Колхоздың бөлінбейтін қорына трактор, комбайн, түрлі машина, автомобиль, басқа да транспорт құралдары, колхоз электр станциясы, шаруашылық құрылыстары, көліктік мал, көпжылдық егіс, су құрылысы және де қоғамдық шаруашылыққа жұмсауға арналған материал мен қаржы, клуб, оқу үйі, балалар бақшасы, тағы сондай мәдени-тұрмыс құрылыстары кіреді.

Колхоздар ұйымдасқан кезде бөлінбейтін қор ауылшаруашылық артелі мүшелерінің қоғамдастырылған құрал-жабдықтарынан, мал-мүліктерінен және ақшалай жарналарынан құралды. Ал колхоз шаруашылығы өркендеп нығая келе бөлінбейтін қор социалистік қор жинау арқылы толықтырылып отырды. Бөлінбейтін қор колхоздың ақшалай табысынан бөлінетін қаржы, мал басы өсімінің құны және колхозшылар салған колхоздық құрылыстар мен өндіріс құралдары есебінен өсіп отырады.

Колхоздардың бөлінбейтін қоры колхозшылардың күш-қаражатымен бірге совет мемлекетінің, жұмысшы табының тікелей қатысуы, көмегі арқасында да көбейіп келеді.

Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің колхоздарға көрсетіп отырған көмегі, социалистік өнеркәсіптің ауыл шаруашылығын озат техникамен барған сайын көптеп қаруландыруы, колхозшылардың ерлікпен еңбек етуі арқасында колхоздардың қоғамдық өндірісі мықтап алға басып, табысы көбеюде. Мәселен, Қазақстан колхоздарының ақшалай табысы, ауылшаруашылық айналымындағы әрбір жүз гектар жерге шаққанда, 1953 жылы 2 626 сом болса, 1958 жылы 11 711 сом болып, 4,5 еседей өсті. Бұл бөлінбейтін қордың есебіне берілетін ақшаның мөлшерін көбейтті. Әр колхоздың бөлінбейтін қорға бөлген қаржысы 1953 жылы 117 мың сом болса, 1958 жылы 1 138 мың сом болып, он есеге жуық артты. Ал осы мерзімнің ішінде бөлінбейтін қордың сомасы 4

еседей көбейді. Қазақстан колхоздарында бөлінбейтін қорға ақшалай табыстың бұрын 16—18 проценттейі бөлініп келсе, 1958 жылы ол 25 процент болды. Республикамыздың 565 колхозында мұның мөлшері одан да артық. Көкшетау облысының Зеренді және Көкшетау аудандарының колхоздары 1958 жылы бөлінбейтін қорларды толықтыру үшін жылдық ақшалай табысының 30 процентін шығарды. Бұдан біз колхоздардың ақшалай табысынан бөлінбейтін қорды толықтыруға арналатын мөлшері оның 20 проценттен аспау керек деген ауылшаруашылық артелі Уставының тежеуі ескіргенін көреміз.

Колхоздың қоғамдық қоры өсумен бірге колхозшылардың еңбегіне бөлуге арналған қаржы да өсіп келе жатқанын аңғарамыз, мәселен, ол республикамызда 1958 жылы 1957 жылға қарағанда 915,4 миллион сом артты.

Колхоздардың бөлінбейтін қорға арналған қаржысы негізгі өндіріс құрал-жабдықтарын толықтыруға, өндірісті механикаландыра беруге жұмсалады. Колхоздар бұл мақсатқа мемлекеттен қарыз алып та жұмсайды. Колхоздар өндіріс құралдарын толықтыруға күрделі қаржыны жылдан-жылға көп бөліп келеді. Қазақстан бойынша орта есеппен бір колхоздың жұмсаған күрделі қаржысы 1953 жылы 199,3 мың сом, 1957 жылы 612,7 мың сом болса, 1958 жылы 1 765,4 мың сомға жетті.

Колхоз меншігін жалпыхалықтық меншіктің дәрежесіне жеткізу бағытында МТС-терді қайта құрып, техниканы колхоздардың меншігіне сатып беру шарасының маңызы зор болды. Үстіміздегі жылдың 1 авгусына дейін Қазақстан бойынша колхоздар 1,5 миллиард сомның түрлі техникасын сатып алды. Соның ішінде 33,2 мың трактор, 22,5 мың комбайн және басқа машиналар бар. Бұл жағдай бір жағынан, колхоздардың бөлінбейтін қорын айтарлықтай молайтуға сеп болса, екінші жағынан, бөлінбейтін қордың сапасын, құрамын өзгертті, колхоздардағы 30-жылдардағы күш-көлік, ағаш соқа, ағаш тырма, кетпен сияқты мардымсыз құралдың орнына өнімді техника мен машинаның саны мен үлес салмағы мықтап өсті. Қазақстан колхоздарында мұндай техниканың негізгі өндіріс қорынан алатын үлесі соңғы көп жылдар бойғы 5 проценттің орнына, 1958 жылы 27 процентке жетті.

Қорыта айтқанда, колхоздардың қоғамдық шаруашылығының өркендеуі әсіресе бөлінбейтін қордың көбеюі колхоздық-кооперативтік меншіктің жалпыхалықтық меншікке жақындауын жылдамдататын өте маңызды әрі басты шарт болып табылады.

Осындай жағдайдың бірі — колхоздың қоғамдық өндірісінің ауыл шаруашылығының барлық саласын бірте-бірте толық қамтуы, осының негізінде колхозшылар қажетін қоғамдық шаруашылық есебінен өтеу дәрежесіне жету.

Колхозшы шаруалардың жұмысшы табынан негізгі бір айырмасы — олардың қосалқы шаруашылығы (мал, огород, бау-бақша, тағы басқалары) болуы. Рас, кейбір жұмысшылардың да қосалқы шаруашылығы болады. Бірақ колхозшылардың жұмысшылардан бұл ретте айырмашылығы өте зор. Колхозшылар өз шаруасын колхоздағы жұмыспен қатар жүргізеді және олар қосалқы шаруашылығымен неғұрлым көп айналысса, қоғамдық өндірісте соғұрлым аз істейтін болады. Ал жұмысшыларға келсек, олардың басым көпшілігінде қосалқы шаруашылық мүлде жоқ. Қосалқы шаруашылығы бар аздаған жұмысшылар онымен кәсіпорындағы жұмыстан бос уақытта айналысады. Және де колхозшылардың қосалқы шаруашылығынан алатын табысы едәуір болса, жұмысшылардың мұндай табысы мардымсыз болады.

Жеке шаруалар қоғамдық шаруашылықтарға ұйымдасқан кезде олардың жеке меншіктік дағдысымен санаспасақ болмады, сондықтан да негізгі өндіріс құралдары қоғамдастырылумен қатар олардың қосалқы шаруашылығы да болсын деп ұйғарылғанды. Колхоз құрылысының

алғашқы дәуірінде бұл заңды нәрсе еді. Колхозшылардың қоғамдық өндірістен алатын табысы негізгі табыс болғанмен, олардың қосалқы шаруашылықтары көп жылдар бойы елеулі табыс көзі болып келді.

Партияның Орталық Комитетінің сентябрь Пленумынан бергі дәуір бүкіл социалистік ауыл шаруашылығының шын мәнінде мықтап өркендеген дәуірі болды. Колхоздардың экономикалық жағынан нығайуы нәтижесінде колхозшылардың қоғамдық шаруашылықтан алатын табысы да жылдан-жылға артып келеді. Осы күні колхоздардың бір сыпырасы колхозшылардың барлық мұқтажын өтей алатын дәрежеге жетті. Бұған мысал ретінде Алматы облысының Сталин атындағы колхозын алуға болады (колхоз председателі Социалистік Еңбек Ері атағын екі рет алған Алдабергенов жолдас). Бұл — колхоз өндірісінің барлық саласын жақсы өркендетіп отырған колхоз. Бұл колхоз колхозшылардың ет, сүт, овощь, картоп жөніндегі қажетін колхоздың қоғамдық шаруашылығы есебінен өтей алатын дәрежеге жетіп отыр. Сталин атындағы колхоз және көптеген басқа колхоздар да көп ұзамай колхоздың қоғамдық шаруашылығы есебінен колхозшылар мен олардың семьясының ет, сүт, овощь, картоп жөніндегі қажетін толық өтей алатын болмақ. Сөйтіп колхозшылар өздерінің өнімсіз қосалқы шаруашылығынан бірте-бірте арылатын болады. Бұл үшін колхоздың қоғамдық шаруашылығын нығайтып, еңбек ұйымдастыру, оған ақы төлеу тәртібін күшейту, колхозшыларды қоғамшыл, ұйымшыл етіп тәрбиелеу керек.

Колхозшылардың қосалқы шаруашылығы жөнінде сөз болғанда республикамыздың кейбір өзгешеліктеріне байланысты ойластыратын бір жағдай бар, соңғы жылдарда колхозшылардың жеке меншігіндегі мал қоғамдық мал басынан жылдамырақ өсіп келеді. Қазақстанда колхоз малы мен жеке меншіктегі малды қоса есептегенде колхозшылардың өз малының үлесі, барлық малды ірі қараға айналдырғанда, 1953 жылғы 14 проценттен 1958 жылы 20 процентке, оның ішінде ірі қара 22 проценттен 30 процентке, ал сиыр 33 проценттен 43 процентке дейін көбейген.

Бұдан біз көптеген колхозда қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуге жеткілікті көңіл бөлінбегенін көреміз. Әрине, бұл дұрыс бағыт емес. Өйткені халқымызға мал өнімдерін негізінен қоғамдық мал шаруашылығы береді. Мұнда қосалқы шаруашылықтың үлесі өте аз. Мысалы, колхозшылардың, жұмысшылардың, басқа да еңбекшілердің қосалқы жекеше шаруашылығынан мемлекетке сатылған еттің жалпы мөлшеріндегі үлесі республика бойынша 1953 жылы 6 процент, 1958 жылы 4,6 процент болған. Сүт жөнінде де осы шама. Мұндай жағдайды көре тұра, қоғамдық мал шаруашылығын мықтап өркендетуге ат салысу мақсатымен еңбекшілер кәзір басы артық малын мемлекетке сатуға.

Колхоздардың қоғамдық шаруашылығын нығайту колхозшылардың өте өнімсіз қосалқы шаруашылықтан құтылуына жағдай жасаумен қатар колхозшыларды, әсіресе колхозшы әйелдерді өнімсіз үй шаруашылығынан да құтқаруға мүмкіншілік беретін болады. В. И. Ленин өзінің «Ұлы бастама» деген белгілі еңбегінде былай деп жазған болатын: «...әйелдер әлі де болса үй ішінің күндігінен шыға алмай отыр, өйткені ұсақ үй шаруашылығы оларды жаншып, тұншықтырып, топастандырып, еңсесін көтертпей отыр, олардың ас пісірумен, бала күтумен қолын байлап, дінкеге тиетін, топастандыратын, жаншатын, өте өнімсіз, ұсақ жұмыспен олардың еңбегін ысырап етіп отыр. Осы ұсақ үй шаруашылығына қарсы бұқаралық күрес (мемлекет билігін менгеріп отырған пролетариаттың бастауымен) басталған жерде ғана, немесе, дұрысырақ айтқанда, осы ұсақ шаруашылықты ірі социалистік шаруашылыққа ай-

налдыратын бұқаралық қайта құрылыс жұмысы басталған жерде ғана, тек сол уақытта ғана әйелдерді шындап азат ету ісі, шын коммунизм басталмақ» (Шығармалар, 29-том, 425—426-беттер).

Колхозда балалар бақшасы мен яслилерінің, қоғамдық асханалардың, нан пісіретін, кір жуатын орындардың және басқалардың көп салынып ұйымдастырылуының бұл ретте маңызы өте зор.

Социалистік меншіктің екі түрін бірін-біріне жақындастыра түсетін тағы бір жағдай — колхозаралық өндірістік байланысты, тығыз ынтымақты онан әрі ұлғайту. Колхоздардың күш пен қаржыны бірлесіп жұмсап, электр станцияларын, каналдар, жол, ауылшаруашылық өнімдерін ұқсататын, құрылыс материалдарын жасап шығаратын кәсіпорындар салуы тиімді екенін тәжірибе айқын көрсетті. Колхозаралық құрылыстар мен кәсіпорындардың жалпыхалықтық меншік сипаты бар. Өйткені бұлар — бірнеше колхоздың меншігі. Сондай-ақ мұндай құрылыстарға колхоздармен қатар көп жағдайда мемлекеттік кәсіпорындар да қатынасады. Ал колхоздар бірігіп салған жолды, электр станцияларын колхоздармен бірге бүкіл жұртшылық пайдаланады. Демек, бұл да колхоздық меншікті жалпыхалықтық меншікке жақындата түседі.

Колхоз өндірісінің материалдық-техникалық базасы мен мемлекеттік өндірістің материалдық-техникалық базасының ұштасуы да социалистік меншіктің екі түрін жақындастыруға дәнекер болады. Ауыл шаруашылығын электрлендіру, жұмысты механикаландыру және автоматтандыру мемлекеттік кәсіпорындардың тікелей қатысуымен жүзеге асырылмақ. 1958 жылдың бас кезіндегі дерек бойынша колхоздардың кәдеге жаратқан электр қуатының Алматы облысы бойынша 30 проценті, Қарағанды облысы бойынша 43 проценті, Шығыс Қазақстан облысы бойынша 58 проценті мемлекеттік электр станцияларынан алынған. Үстіміздегі жетіжылдықта колхоздар түгел электрленіп болмақ. Мұнда мемлекеттік электр станцияларының үлес салмағы мықтап артады. 1959 жылы Қостанай облысының көптеген колхоздары Орал энергия жүйесі арқылы мемлекеттік электр станциялары есебінен ток алмақ. Жетіжылдықта ауыл шаруашылығында Қазақстан бойынша мемлекеттік 10 электр станциясы, совхозаралық 50, колхозаралық 6, совхоздық 400, колхоздық 566 электр станциясы салынбақ. Сөйтіп, жетіжылдықтың аяғында колхоздарымыз электр қуатына кенеледі. Осының негізінде колхоз өндірісін механикаландыру және автоматтандыру бағытында да елеулі қадам жасалмақ.

Осы жағдайда колхоздардың өндіріс құралдары мен жалпыхалықтық өндіріс құралдары өздеріне тән сипатта бірігіп, ауылшаруашылық еңбегі индустриялық еңбектің бір түріне айналады, мұның өзі колхозшылар мен жұмысшылар арасындағы таптық айырмашылықтың жойылуын жеделдетеді.

Міне осы айтылған жағдайлардың бәрі колхоздық-кооперативтік меншіктің жалпыхалықтық меншікке жақындай беруін жылдамдатады.

Капиталистік қоғамдағы өндірістік қатынастар таптар қайшылығының шиеленісуі және күрес, күйзеліс, күйреу арқылы көрінетін болса, социализм тұсында өндірістік қатынастар Коммунистік партияның басшылығымен мемлекеттің шаруашылықты жоспармен-саналы жүргізуі арқылы көрінеді.

Еліміздің халық шаруашылығын мықтап өркендетіп, мәдениетін гүлдендіре түсуге бағытталған партияның XXI съезінің программалары осындай ұлы шараның бірі және ол кәзір ойдағыдай іске асуда. Совет халқы бір кезде социализмді қандай жігермен орнатқан болса, коммунизмді де сондай еселеген жігермен орнатуға бар күш-жігерін жұмсайды.

Мақташылардың татымды тартуы

М. ЖҰРМУҚАМЕДОВ,

Қазақстан КП Киров аудандық комитетінің секретары

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 42 жылдық мерекесі мен КПСС Орталық Комитетінің кезекті Пленумын лайықты табыстармен қарсы алуды мақсат еткен Киров ауданының (Оңтүстік Қазақстан облысы) мақташылары облыс еңбекшілерінің Отанымызға 200 мың тонна шитті мақта беру жөніндегі құрметті міндеттемесін орындау жолындағы күресіне лайықты үлес қосты. Аудан еңбекшілері 26 октябрьге дейін, Отан қоймасына жоспарда көрсетілген 29 800 тонна орнына, 35 000 тонна мақта тапсырды, сөйтіп Коммунистік партия мен Совет үкіметіне берген сертіне лайық еңбек етіп, тамаша табысқа жетті.

Бұл табыс бір жағынан еңбекшілер бұқарасының қажырлы еңбегінің нәтижесі болса, екінші жағынан, аудан партия ұйымдарының жігерлі ұйымдастыру жұмысының да нәтижесі болды. Біз мақта үшін күресте коммунистердің ролін арттыруға көп көңіл бөлдік. Бұл үшін бұқара арасында саяси-көпшілік жұмысын күшейтумен бірге, кадрларды іріктеп алуға, тәрбиелеуге, оларды дұрыс орналастыруға ерекше назар аудардық. Сонымен қатар совхоздарда еңбек ұйымдастыруды жақсарту жөнінде бірсыпыра шараларды жүзеге асырдық.

Мақта шаруашылығы аудан экономикасындағы негізгі саланың бірі. Ауданда мақта өсіретін 5 ірі совхоз бар. Совхоздарда бұрын 156 ұсақ өндірістік бригада болатын. Бұл техниканы сарқа пайдалануға толық мүмкіндік бермей келді. Оның үстіне жұмысшы күшін егіс бригадирі басқарды, тракторларды, техниканы трактор бригадасы басқарды. Мұның өзі көпшілік жағдайда олардың бірлесіп жұмыс істеуіне кедергі болды. Еңбек ұйымдастырудағы және басқа осы сияқты кемшіліктер салдарынан совхоздарда мақта шығымдылығы нашар болып, олар мемлекет алдындағы борышын орындай алмай келді.

Аудандық партия комитеті бұл жағдайды егжей-тегжейлі талқылай отырып, ең алдымен осы ұсақ, бытыранқы өндіріс бригадаларын ірілендіруді іске асырды. Сөйтіп аудан бойынша 71 трактор-егіс бригадасы құрылды. Бұл бригадаларға 200—340 гектарға дейін жер бөлініп, түрлі техника мен ауылшаруашылық саймандары, күш-көлік, жұмыс қолы бекітіліп берілді. Мұндай шара сол бригадалардың өз жұмысына жауапкершілігін арттырды.

Партия ұйымдары жыл басынан бастап мактадан мол өнім алудың басқа да жолдарын алдын ала қарастырды. Совхоз жұмысшылары мақта егілетін жерде агротехникалық ережелерге сай зябь жыртты. Сол егістік жерлерде ылғалды мол сақтау, арам шөптің тамырын жою көзделініп зябьтің басым көпшілігі қысты күні суарылды.

Осы уақытқа дейін мақта шығымының төмен болып келген тағы бір себебі мақта егісінде шаршы-ұялы әдіс нашар қолданылып келді. Биыл біз бұл кемшілікті едәуір түзеттік. Шаршы-ұялап егу әдісін қолдандық. Мол өнім алуда мақташыларды озат еңбек әдістеріне, ғылым негізіне үйретудің де маңызы зор. Сондықтан біз қыс айларында совхоз жұмысшыларының басым көпшілігін агротехникалық курстардан өткіздік. Мақтаны шаршы-ұялап себетін агрегаттың мүшелері күн ілгері

іріктеліп, олар да арнаулы курстан өткізілді. Мұндай курстар бригадирлер мен бөлімше басшылары, аудан активтері үшін де ұйымдастырылды. Бұл курстардың жұмысына аудандық партия комитетінің бюро мүшелері басшылық етті. Курста оқығандардың барлығы да көктемгі егіс басталғанға дейін шаршы-ұялап егу әдістерін толық үйреніп шықты.

Міне осындай шаралардың нәтижесінде көктемде шит себу қысқа мерзімде, асқан ұйымшылдықпен агротехникалық ережелерге сай өткізілді. 15 600 гектар жерге шит егуді небәрі 8 жұмыс күні ішінде толық аяқтадық. Барлық егіс көлемінің 55 проценттейі дәл шаршы ұялы әдіспен егілді. Мұның өзі кейіннен мақтаны баптау кезінде кетпенді ығыстырып, техниканы кеңінен қолдануға жол ашты. Барлық егістің 86 проценттен астамы екі бағытта трактормен бапталды.

Трактор-егіс бригадаларының іріленуіне байланысты оларды басқаруға қабілетті мамандарды қоюға жардай туды. Біз бригадаларды басқаруға агрономдарды, тәжірибесі мол, қабілетті коммунистерді жібердік. Мұның нәтижесінде мақта совхоздарындағы 19 бөлімше мен 23 трактор-егіс бригадасын агрономдар немесе ысылған коммунистер басқарды.

Бұл шаралар ойдағыдай нәтиже берді. Мысалы, егістік жер көлемі 300 гектардай «Большевик» совхозының Ә. Мәмедәлиев жолдас басқарған бригадасы өткен жылғы 3 ұсақ бригаданың негізінде қайта құрылған еді. Егер бұрынғы ұсақ бригадалар мақтаның гектарынан 13—15 центнерден өнім алып келген болса, биыл коммунист Ә. Мәмедәлиев жолдас басқарған іріленген бригада мақтаның әрбір гектарынан 28 центнерден өнім жинады. Бригада мүшелері өздерінің социалистік міндеттемесінен тыс гектар сайын қосымша 4 центнерден өнім алды. Сол сияқты «XX партсъезд» совхозындағы Қ. Танабеков, «Победа» совхозындағы коммунист Н. Торыбаев, «Большевик» совхозындағы коммунистер Т. Жолдабеков, И. Бектенов жолдастар басқарған іріленген бригадалар мақтаның әрбір гектарынан 35—40 центнерден өнім алды. Мұндай игілікті іс істеген бригадалар ауданда көп-ақ.

Аудандық партия комитеті және барлық партия ұйымдары мақташылардың алдына ақ алтынды қысқа мерзімде ысырапсыз жинап алып, сүйікті Отанымызға берген сертті ойдағыдай орындап шығу міндетін қойды. Ай сайын, тоқсан сайын коммунистердің жалпы жиналыстары, өндірістік кеңестер жиі өткізіліп, онда совхоз директорлары мен бөлімше басқарушыларының есептері тыңдалып отырды. Бұл жиналыстар мен кеңестерде жұмысшылар мен мамандар, механизаторлар өз пікірлері мен ұсыныстарын ортаға салды, олардың сын ескертпелері күнделікті жұмыстың барысында ескеріліп отырды.

Бастауыш партия ұйымдары мақта жинау кезінде партиялық-ұйымдастыру, саяси-бұқаралық жұмыстарды күшейте түсті. Мақта жинау ен шешуші де жауапты кезен болғандықтан, бұған көп көңіл аударылды. Мақта жинауға совхоз партия ұйымдарының өзінен 230, аудан орталығынан 100-ден аса коммунистер мен комсомол мүшелері жіберілді. Мысалы, тек «Победа» совхозының партия ұйымы ғана арнаулы жолдамамен бұрын кеңсе жұмысында, көмекші шаруашылықтарда істеп жүрген 40-тан астам коммунистерді тікелей мақта теруге, қырманда мақта қаптап, жөнелтуге жіберді. Бұл бастама басқа совхоздарда кеңінен қолданылды. Аудандық партия комитеті совхоздарға, бөлімшелерге, мақта қабылдау пункттеріне тәжірибелі, іскер партия, совет қызметкерлерін саяси-көпшілік, ұйымдастыру жұмысын жүргізу үшін жіберді.

Совхоздардағы 12 үгіт пунктінде 248 үгітші, 20 кісіден құралған баяндамашылар, 40-тан аса саяси және ғылыми білім тарату қоғамының мүшелері жұмыс істеді. Олар тікелей мақта плантацияларын

дағы жұмысшылар мен механизаторлардың арасында болып, үгіт-насихат жұмыстарын үзбей жүргізді.

«Большевик» совхозындағы Т. Қарабалаев, Ж. Өнербаев, «Победа» совхозындағы Б. Кенжебаев, «Мақталы» совхозындағы А. Әуелбеков, С. Елшібеков сияқты коммунист-үгітшілер саяси үгітті аудан мақташылары алдында тұрған нақты міндеттермен тығыз ұштастыра жүргізіп отырды.

Мақта жинаудың биылғы маусымына совхоз жұмысшыларының семья мүшелері және басқа адамдар кеңінен қатыстырылды. Біз КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің нұсқауын басшылыққа ала отырып мақтаны машинамен жинауға көп көңіл бөлдік. Мақта жинауға қажетті техника мен транспорт тағы басқа жабдықтар мерзімінде әзірленді. Әрбір совхоз бен оның бөлімшелеріне мақтаны машинамен жинау жөнінде нақты тапсырмалар беріліп, ол өндірістік кеңестерде, партия ұйымының ашық жиналыстарында талқыланды.

Сондай-ақ партия ұйымдары терімшілердің, механик-жүргізушілердің, бригада, бөлімше коллективтерінің жиналыстарын өткізіп тұрды. Онда социалистік міндеттемелер қабылданып, социалистік жарысты кең өрістетуге жайы сөз болды. Қабылданған міндеттемелердің орындалу барысы аудандық газет, жергілікті радио тораптары арқылы көпшілікке жария етілді.

Бұл сияқты ұйымдастыру, саяси-көпшілік жұмыстары мақта жинау науқанын шапшаң да жоғары қарқынмен өткізуге мүмкіндік берді. Мысалы, аудан бойынша сентябрь айының екінші жартысы мен октябрь айының бірінші онкүндігінде тәулік сайын мақта жинау жөніндегі жылдық жоспардың 3,5—4 проценті орындалса, коммунистер Жүніскожаев, Құрманбеков, Дінтаев, Боранбаев сияқты тағы басқа жолдастар басқарған озат бөлімшелер күніге жоспардың 5 процентін орындап отырды. Ал жаңа ұйымдасқан «Мақталы» совхозының коммунист Есенбеков жолдас басқарған алтыншы бөлімшесі күн сайын жылдық жоспардың 7—9,5 процентіне дейін орындап, ең жоғарғы көрсеткішке жетті.

Міне осындай қарқынды еңбектің нәтижесінде октябрь айының бірінші онкүндігінде мақтаны көп тапсырғаны үшін, яғни жылдық жоспардың 36 процентін орындап, облыс бойынша бірінші орынға ие болғаны үшін ҚКП облыстық комитеті мен Совет атқару комитетінің озып шыққан ауданға, совхоздарға, жәрдемшілер коллективіне және мақта дайындау пунктіне беретін төрт ауыспалы Қызыл туы мен ақшалай бірінші сыйлығын біздің ауданның еңбекшілері жеңіп алды.

Аудан мақташыларының биылғы үлкен табысына озат терімшілер мен мақта жинайтын машинаның жүргізушілері елеулі үлес қосты. «Большевик» совхозының атакты терімшісі, партия мүшелігіне кандидат Х. Мүсіков, комсомолецтер Б. Қосымбеков, А. Салықбаева сияқты жүздеген озат терімшілер күн сайын 350—500 килограмға дейін мақта терді. Бұл озаттар биылғы маусымда 15—20 тоннадан мақта теріп, социалистік міндеттемелерін абыроймен орындап шықты. Ал, Х. Мүсіков жолдастың бір өзі 25 тонна мақта терді. Сол сияқты ауданымыздың Н. Коряниди, А. Нұрқожаев, Н. Пангозиев, Б. Мекеров, А. Көбеков сияқты озат механик-жүргізушілері әрқайсысы өз машинасымен 65—70 тоннадан мақта жинады.

Аудан еңбекшілерінің осындай қажырлы күресінің нәтижесінде 13-октябрь күні мақта дайындаудың жылдық жоспары асыра орындалған еді. Ұлы Октябрь социалистік революциясының данқты мерекесіне дейін социалистік міндеттемесін абыроймен орындап шықты. Біздің мақташыларымыз Отан қоймасына өздерінің социалистік міндеттемесі бойынша жоспардан тыс 7 мың тонна «ақ алтын» тапсырды.

Аудан еңбекшілерінің мұндай абыройлы табысқа ие болуы Коммунистік партияның әрдайым қажетті қамқорлық жасап, тиісті көмек

көрсеткенінің нәтижесі. Сондай-ақ мақта жинау, оны мемлекетке тапсыруға аудан еңбекшілеріне Алматы мен Шымкент қаласының жоғары оқу орындарынан келген студенттердің және жұмысшы, қызметкерлердің көп көмегі тиді. Олар бітік өсірілген мақтаны қысқа мерзімде ысырапсыз жинап алуға елеулі көмек көрсетті.

Мемлекетке мақта тапсырудың биылғы мәресіне лайықты табыспен келген Киров ауданының еңбекшілері бұл күндері келер жылдың қамына толық кірісті, мақтасы жиналып алынған учаскелерде жаппай тірен зябь жыртылып жатыр.

Ауданда келесі жылы мақта егісінің көлемі биылғыдан 1 500 гектар арттырылады. Бұл негізінен жаңа жер игеру есебінен жүзеге асырылады. Сонымен қатар мақтаның шығымдылығы да арттырылады. Биыл біздің совхоздар әрбір гектардан орта есеппен 25 центнер мақта жинады, ал келесі жылы мұны 25—27 центнерге жеткізбекші. Сонда біздің аудан бойынша 1960 жылдың өзінде мақтаның жалпы өнімі 15—20 процент артатын болады.

Мақта егісінің көлемін де, шығымдылығын да арттыра беру үшін бізде мүмкіндіктердің бәрі бар. Бірақ бұл мүмкіндіктерді жүзеге асыру үшін канал жүйелерін кеңейту, олардың техникалық жағдайын жақсарту, коллекторлық дренаждарды (ақаба және жерасты суларын ағызатын терең орлар) көбейту керек. Сол сияқты ауыспалы егіс жүйесіне толық көшу міндеті алда тұр. Бұлай етпеген күнде кәзіргі мақта егістігі енді екі-үш жылдан кейін құнарлылығын жоюы ықтимал.

Бұл шараларды жүзеге асыруға ауданның өз күші толық жетпейді, оған республикалық ұйымдардың, ең алдымен ауыл шаруашылығы министрлігі мен оның жергілікті органдары көмектесуі керек. Біздің совхоздарда әсіресе техника жағынан көп көмек керек болып отыр. Мысалы, «Мақталы», «Октябрьдің 30 жылдығы», «ХХ партсъезд» совхоздарының құрылғанына екі-үш жыл ғана уақыт болды. Олар өзінің жоспарлы өсу дәрежесіне жеткен жоқ. Мысалы, «Мақталы» совхозында 5 800 гектар мақта болу керек болса, кәзір 2 600 гектар ғана мақта егеді, ал келесі жылы 3 500 гектарға жетпекші. Бұл совхоздарда әлі техника күші нашар. Жер қазатын қуатты экскаваторлар, мақта жинайтын машиналар жетпейді. Біздің ауданда кәзір 180 ғана машина бар. Бізге келесі жылғы егістің көлемінен есептегенде кемінде 600 машина керек болып отыр.

КПСС Орталық Комитетінің алдағы пленумында ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудің мәселесі қаралмақшы. Біз осы мәселелерді шешуді республикамыздың тиісті органдарының алдына қойымыз келеді.

Бұрын артта қалған халықтардың социализм жағдайында даму зандылықтары

С. БӘЙІШЕВ

...Артта қалған елдер алдыңғы қатарлы елдер пролетариатының көмегімен дамудың капиталистік сатысына соқпай өтіп, советтік құрылысқа және дамудың белгілі сатылары арқылы коммунизмге өте алады.

В. И. ЛЕНИН.

Совет Одағы, оның барлық халықтары, олармен бірге бүкіл прогресшіл адамзат Ұлы Октябрь социалистік революциясының 42 жылдығын нағыз жалпыхалықтық мереке ретінде тойлады. Бүкіл халқымыз бұл революцияның тамаша тарихы мен дүниежүзілік маңызын тағы да еске түсірді, революцияның жеңімпаз туы астында өткен азат өмірінің нәтижелі жемісін қорытты, коммунистік қоғам орнату жолында атқарып жатқан алып істерін бұдан былай да өркендете берудің желісін тартты, нақты шараларын белгіледі.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы ашқан жаңа заманның—социализм заманының заңдылықтары негізінде барлық халықтар, оның ішінде қоғамдық өмірдің барлық жағынан да бұрын артта қалған халықтар өз өмірінде, өз дамуында аса зор, сапалы секіріс жасады, адамзаттың бұрынғы тарихында ешбір қоғамдық құрылыс шеше алмаған күрделі мәселелерді ойдағыдай шешті, болашаққа жол ашты. Соның бірі— совет заманында шарықтап өскен, құлпырып гүлденген қазақ халқы. Өте қысқа тарихи мерзімнің ішінде ол тарихта теңдесі жоқ көп іргелі өзгерістер жасады. Сондықтан қазақ сияқты бұрын артта қалған халықтардың социализм жағдайында дамуының жалпы заңдылықтарын, онымен қатар ерекшеліктерін білудің де, зерттеудің де әрі теориялық, әрі практикалық мәні бар.

* * *

Біздің еліміздегі барлық халықтардың, соның ішінде өмірдің көптеген салалары бойынша бұрын артта қалған халықтардың тарихындағы жаңа кезең— әлеуметтік және ұлттық азаттық алу кезеңі, шын мәнісінде еркін және бақытты өмір, нағыз творчестволық және жемісті еңбектің кезеңі— Россиядағы Ұлы Октябрь революциясынан— дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік революциядан кейін басталды. Бұл жаңа кезең, жаңа заман тұсында халық тарихында талай түбірлі әлеуметтік, экономикалық және мәдени өзгерістер болды. Бұрынғы кезде әбден езілген, өз еңбегі нәтижесін өзіне пайдалана алмаған, ылғи қанауда болған еңбекші адамдардың— жұмысшылар мен шаруалардың өкіметі— Совет өкіметі орнады. Совет өкіметі жылдарында еңбекші адамды көркейтуге бағытталған сан алуан шаралар іс жүзіне асты; жаңа социалистік өндіріс тәсілі, онымен жаңа өндірістік қатынастар орнады. Осындай ірі революциялық шараларды іс жүзіне асыру күресіне еңбекші бұқараның өзі кең қатынасты, өз тарихында бұрын болып көрмеген ерлік, батырлық, жанқияр еңбек, революциялық инициатива көрсетті. Басқаша айтқанда, еңбек адамы бойына біткен ой мен ақыл, күш пен жігер, талап пен талант қанатын кең жайды, құлашын сермеді, адамзаттың прогресс жолымен өрлеуі мен гүлденуіне түгелдей қызмет етті.

Осылардың барлығының нәтижесінде тарихи аз уақыттың ішінде, Совет өкіметінің алғашқы 20 жылында-ақ еліміздің барлық жерінде,

онын ішінде бұрын артта қалған аймақтарында да — Орта Азия мен Қазақстанда, Қиыр Шығыс пен меніреу Солтүстікте де — социализм жеңіп шықты, коммунистік қоғамның алғашқы сатысы орнады. Енді бұл бұрын артта қалған елдер, оларды мекен еткен өмірдің көптеген саласы жағынан кенже қалған халықтар дамудың барлық сатылары жағынан ел ішіндегі алдыңғы қатарлы халықтарды қуып жетіп, солармен бірге, бір ауыздан сөз, бір жеңнен қол шығарып, коммунистік құрылыстың кең өрістеген кезеңіне еніп отыр, яғни социализмнің коммунизмге ұласу бағытында коммунистік қоғам орнату ісін жүзеге асырып отыр.

Адамзат тарихында біздің ел, оның ақ ниетті, адал жүректі, саналы еңбекшілері тұңғыш рет социализмге жол салды. Бұл терең революциялық өзгерістердің мәні мен маңызын Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің ардақты қайраткерлерінің бірі, коммунизмнің жалынды жаршысы М. И. Калинин бір кезде былайша бағалаған еді: «Біз социализмнің тұңғыш құрылысшыларымыз. Тарих бізге осындай ардақты міндет жүктеді. Мұның мәнісі не екенін тек ойлап қараңызшы! Талай жылдар өтеді, адамзат социализм тарихын зерттейді, сонда жай ғана адамдардың тұңғыш рет социализм орнатушылар болғанына соншалық масаттанып қуанады. Бұл — аса зор құрмет».

Жалпы алғанда социализм жеңісінің, жекелеп алғанда бұрын артта қалған халықтардың да жаңа заман тұсында өз жерінде социализм орнатуының аса зор ғылыми мәнімен бірге практикалық саяси маңызы бар. Бұл жеңістің халықаралық маңызы да бар. Шетел халықтары жаңа өмір жолындағы өз күресінде социализм жеңісінің бұл тәжірибесінен сабақ алады.

Сондықтан бұрын артта қалған халықтардың социализм жағдайында дамуының заңдылықтарын зерттеу — қоғамдық ғылымдар өкілдері алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Мұның өзі бұрын артта қалған елдерде әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің қалай іс жүзіне асқанын, жаңа социалистік өндіріс тәсілінің, жаңа социалистік өндіріс қатынастарының қалай орнағанын, басқаша айтқанда, социализм орнатудың лениндік жоспарының қалай орындалғандығын көрсетеді.

Марксизм-ленинизмнің үйретуі бойынша адамзат өз дамуында қоғамның жоғарғы формасына — коммунизмге өтеді. Бұл — адамдардың ойынан шыққан нәрсе емес, қоғамдық дамудың объективтік заңдылығы. Келісімге келмейтін ішкі қайшылықтарының шиеленісуі салдарынан, өнген өнімдерді жеке меншіктену сипаты өндірістің қоғамдық сипатына сәйкес келмейтіндігі салдарынан таптық әлеуметтік-экономикалық формациялар өз орнын жаңа, прогресшіл, социалистік, қоғамдық құрылысқа береді. Бұл түннен кейін күн туатыны қандай анық құбылыс болса, нақ сондай анық құбылыс. Осы қағидара сүйене отырып, В. И. Ленин былай деп жазды: «Адамзат капитализмнен тікелей тек социализмге ғана, яғни өндіріс құрал-жабдықтарын иемдену ортақ болатын, өнімдер әркімнің жұмысына қарай бөлінетін тәртіпке өте алады. Біздің партияның көздегені бұдан әрі жатыр: социализм сөзсіз бірте-бірте коммунизмге ұласуға тиіс» (Шығармалар, 24-том, 70-бет).

Демек, социализмнің дамуы, басқа әлеуметтік-экономикалық формацияның дамуы сияқты, табиғи-тарихи процесс болып табылады. Социализм — қоғамдық дамудың заңды жемісі, өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар дамуының, олардың жаңа сатыға көтерілуінің нәтижесі.

Мұның мында бір дұрыс екенін қоғамдық өмір практикасы айқын көрсетіп отыр. 42 жыл бойы біздің елімізде жаңа социалистік қоғамның құрылысы ілгері өрлеу жолымен алға басып келеді. Совет елінің

барлық бөлімдеріндегі, экономикалық және мәдени жағынан алғанда алдыңғы қатарлы аудандарындағы, сол сияқты бұрын артта қалған ұлттық аудандарындағы социалистік құрылыс тәжірибесін зерттеу, оның заңдылықтары негізінен бір екенін айқындайды.

Бұл әбден табиғи құбылыс. Барлық халықтар үшін социализмге баратын даңғыл жолды Ұлы Октябрь социалистік революциясы салды. Бұрын артта қалған халықтар, Совет Одағының барлық халықтары сияқты социализмге осы сара жолмен, марксизм-ленинизмнің бірыңғай идеологиясы, бірыңғай принциптері туы астында келді. Ұлы Октябрь революциясының азаттық идеялары негізінде әлеуметтік және ұлттық бостандық үшін кәзіргі кезде ерлікпен күрес жүргізіп жатқан халықтар да өзінің жарқын болашағына — социализмге осы жолмен барады. Мәселен, Европа мен Азияның 1 миллиардтан астам халқы, оның ішінде 650 миллион ұлы қытай халқы кәзір осы жаңа социализм жолына түсіп, өз дамуында талай тамаша, тарихи табыстарға жетуде. Бұл жөнінде Мао Цзэ-дун жолдас былай дейді: «Совет Одағы Коммунистік партиясының басшылығымен ұлы совет халқы бүкіл дүние жүзінің пролетариаты үшін социалистік революцияның даңқты жолын ашты және бүкіл адамзатқа социализм мен коммунизм орнатудың ұлы үлгісін көрсетті».

Тарихи дамудың бағыты кәзір мынадай: барлық елдерде қоғамдық даму осы жолмен жүреді, өйткені социализм мен коммунизм — барынша интернационалдық құбылыс, ол еңбекшілердің түбірлі мүдделерін көздейді. Сондықтан жалпы коммунистік дамудың даңғыл жолынан қиғаш аулақ тұрған, «ерекше» жолмен дамитын «ұлттық» социализм немесе коммунизм деген жоқ, оның болуы да мүмкін емес. Алайда социализм жаулары — атышулы кадеттер мен буржуазиялық ұлтшылдар, меньшевиктер мен эсерлер, оппортунистер мен ревизионистер талай рет социализмге жала жапты, оның заңдылықтарын «теріске» шығару үшін таудай қағаздар жазды, кітапсымақтар шығарды. Тұжырып айтқанда, социализмнің бүкіл адамзат прогресі үшін маңызын әлсірету немесе төмендету үшін олар қолынан келгеннің бәрін істеді.

Бүкіл Совет Одағында ғана емес, Орта Азия мен Қазақстандағы социалистік құрылыстың тәжірибесі де социализм жауларының жаласы мен өтірігін түгелдей әшкереледі. Социализмнің капитализмнен артықшылығын оның тарихи жеңістері әлемге айқын көрсетіп келеді.

Бұрын артта қалған халықтардың жаңа өмір орнату ісі өзінің мазмұны жағынан да, формасы жағынан да социалистік құрылыс туы астында жүргізілді. Ал социалистік құрылыс дегеніміз — Совет өкіметінің барлық органдарын дамыту және нығайту жөніндегі, жаңа социалистік өндіріс тәсілін, жаңа өндірістік қатынастарды орнату және баянды ету үшін қажетті барлық түбірлі әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістерді іс жүзіне асыру жөніндегі, қоғам өміріне қажетті материалдық және мәдени игіліктер өндіру үшін барлық еңбекшілерді нағыз творчестволық қызметке кең түрде тарту жөніндегі, қысқаша айтқанда, социализм жеңісін қамтамасыз ету үшін барлық материалдық және моральдық жағдайлар мен алғы шарттар жасау жөніндегі революциялық шаралардың тұтас жинағы еді.

Халқы бұрын артта қалған аудандардағы социалистік құрылыс Совет өкіметі орнағаннан кейін басталып, барынша дамыды. Бұл да өзінен өзі түсінікті еді. Совет өкіметі — қоғамның ескі сапалы жағдайынан жаңа сапалы жағдайына нағыз революциялық секіріс жасауға, ескі әлеуметтік экономикалық формациядан жаңа формацияға, социализмге көшуге қабілетті бірде-бір прогресшіл өкімет формасы. «Совет өкіметі дегеніміз, — деп көрсетті В. И. Ленин, — социализмге баратын жол, мұны еңбекші бұқара тапқан, сондықтан да — дұрыс, сондықтан да — жеңілмейтін жол» (Шығармалар, 29-том, 243-бет).

Осыған байланысты бұрын артта қалған халықтар, атап айтқанда Орта Азия мен Қазақстан халықтары, жаңа заман жағдайында басталған өмірінің басты міндеті — Советтерді барлық жағынан бірдей дамыту және нығайту болды. Мұны социализм орнату мүдделері талап етті.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңіп шыққаннан кейін-ақ бұрын артта қалған аудандарда, артта қалған халықтар арасында Советтерді ұйымдастыру басталды. Барлық жерде, ауыл мен селода, қала мен далада, жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары құрылды. Олардың сайлаулары мен съездері болып тұрды, олардың практикалық жұмыстарына еңбекшілердің бұқарасы тартылды. Осындай әралуан шаралардың арқасында совет өкіметі төңірегіне бұрын артта қалған қазақ, өзбек, тәжік, қырғыз, түркмен және басқа толып жатқан жергілікті халықтардың ең жақсы адамдары топтасты. Олар ұлы орыс халқының алдыңғы қатарлы өкілдерімен бірге Коммунистік партияның басшылығы арқасында совет идеяларын қалың бұқараға енгізді, бұларды Советтердің әртүрлі жұмыстарына тартты. Сөйтіп, революциядан кейінгі екі-үш жылдың жүзінде бұрын артта қалған өлкелер мен аудандарда советтік мемлекет системасы орнап, бекіді. Мұның бәрі өздігінен немесе жоғарыдан берілген жарлық бойынша жүзеге асқан жоқ, еңбекші бұқараның өз талабы мен тілегі бойынша, олардың тікелей қолдан, белсенді қатысуы бойынша жүзеге асты. Егер Советтер идеясы еңбекшілер игілігі болмаған болса, егер бұларға Советтер қажет болмаған болса, артта қалған елдер мен халықтар арасында советтік мемлекет системасын орнату, оның дамуы мен нығаюы туралы ешқандай әңгіме де болмаған болар еді.

Советтік мемлекет системасын орнату және оны барынша нығайту негізінде бұрын артта қалған елдер мен халықтардың саяси, шаруашылық және мәдени өмірінің барлық саласында да әралуан және түбірлі өзгерістер, жеңістер болды. Бұлар түгелдей пролетариат диктатурасы мен оның формасы — совет өкіметімен байланысты болды. Пролетариат диктатурасы терең революциялық өзгерістерді іс жүзінде асыруды қамтамасыз етті, бұрын артта қалған халықтар мен елдерге капитализмге дейінгі қатынастардан социалистік өндіріс тәсіліне өтуге мүмкіндік берді. Орта Азия мен Қазақстандағы социалистік құрылыс тәжірибесі пролетариат диктатурасынсыз социализмнің жеңісті болуы мүмкін емес екенін көрсетті.

Сонымен, пролетариат диктатурасын орнату, яғни Коммунистік партия бастауындағы жұмысшы табының саяси өкіметін орнату, мұның органдарын — Советтерді нығайту — жалпы алғанда социалистік құрылыстың, жекелеп алғанда бұрын артта қалған халықтардың социализм жағдайында дамуының ең басты, ең маңызды заңдылығы.

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін бүкіл ел ішінде, сонымен қатар бұрын артта қалған халықтар арасында жүргізілген келесі бір маңызды революциялық шаралар — жерді, өнеркәсіпті, транспортты, банкті, сауданың ірі кәсіпорындарын, байланыс құралдарын, ірі мәдени ошақтарды национализациялау, яғни мемлекеттің қарамағына алу, қоғамдық меншікке айналдыру болды. Осыған байланысты революцияның алғашқы күндерінен бастап, совет өкіметінің әділетті декреттері, совет органдарының тынбай атқарған қызметтерінің негізінде жер — негізгі өндіріс құралдарының бірі — еңбекшілердің, өз қолымен еңбек ететін адамдардың қарауына берілді; жерді сатуға және сатып алуға тыйым салынды; мемлекет меншігіне айналған жерде алғашқы совет шаруашылықтары — совхоздар ұйымдастырылды. Жерді еңбекшілердің өңдеуіне беруге байланысты шаруалар өз тұрмысын түзей бастады, қайыршылық жағдайдан құтылуға бет алды. Ғасырлар бойы шешілмей, шиеленісіп келе жатқан мәселе — ұлттық араздық жойыла бастады. Барлық ұлттардың, барлық халықтардың шаруала-

ры жерді нағыз достық негізде пайдаланудың шараларын қарастыра бастады. Мәселен, Жетісу облысындағы бір селоның орыс шаруалары 1918 жылы Советтердің облыстық съезіне берген аманатында былай деп жазған екен: «Біз мұсылмандарды егінші шаруалармен бірдей орналастыруды талап етеміз, атап айтқанда: мұсылман азаматтарды орыс поселкелеріне қосып орналастыруды немесе орыс поселкелерімен қатар олар үшін жаңа поселкелер құруды, бұрынғы заман кезіндегі біреулерді сулы жерге, біреулерді сусыз жерге орналастыру тәртібінің болмауын талап етеміз. Сондықтан мұсылман азаматтардың бәрі орыстармен бірдей орналасуын, жұрттың бәрі сулы жерді бірдей пайдалануын сұраймыз».

Сөйтіп, совет өкіметінің жер туралы тарихи декреті, жерді национализациялау туралы заңы бұрын артта қалған өлкелерде де, Орта Азия мен Қазақстанда да іс жүзіне асты, жер пайдаланудың помещиктік-феодалдық тәртібі жойылды.

Жерді национализациялаумен қатар басқа да өндіріс құралдарын, — өнеркәсіпті, транспортты және басқаларын национализациялау жұмысы жүргізілді. Мәселен, Орта Азия мен Қазақстанда 1920 жылдың ортасына дейін 1350 өнеркәсіптік, ауылшаруашылық, банктік, сауда кәсіпорындары, мәдени ағарту мекемелері мемлекет қарамағына алынған. Бұл революциялық шаралар арқылы қанаушылардың өнеркәсіп өндіріс саласындағы жеке меншігіне де тұңғыш рет қатты соққы берілді. Жаңа социалистік экономика ұйымдастыру үшін материалдық негіз жасалды.

Осылардың бәрі мынаны сипаттайды: экспроприаторларды экспроприациялау, барлық негізгі өндіріс құрал-жабдықтарын национализациялау, яғни негізгі өндіріс құрал-жабдықтарына социалистік қоғамдық меншік орнату бұрын артта қалған халықтардың социализм жағдайында дамуының маңызды заңдылығы.

Социалистік құрылыс дәуірінде бұрын артта қалып қойған халықтар арасында жүргізілген маңызды шаралардың тағы бірі — елді социалистік жолмен индустрияландыру саясатын жүргізу, ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру, мәдениет революциясын іс жүзіне асыру. Бұлардың да қажеттігі түсінікті еді. Бұл шараларсыз елдің экономикасын шын мәнісінде дамыту, халықтың материалдық ал-ауқат дәрежесін көтеру, еңбекшілердің мәдени дәрежесін арттыру, саяси санасын ояту мүмкін емес еді. Ал бұлар болмаса, жалпы алғанда бүкіл ел ішінде, жекелеп алғанда бұрын артта қалған өлкелер мен аудандарда социализм орнату, оның жеңісін жуық арада қамтамасыз ету туралы әңгіме етудің өзі де мүлде мағынасыз болар еді.

Сондықтан империалистік соғыс пен азамат соғысы кезінде күйреген шаруашылықты негізінен қалпына келтірісімен-ақ бұрын артта қалған өлкелерде, оның ішінде Қазақстанда социалистік индустрия мәселесі тікелей қолға алынды. Ол бүкіл елді индустрияландыру саясатының құрамды бөлігі ретінде жүргізілді. Елді социалистік жолмен индустрияландыру тұсында өлкенің техника-экономика жағынан артта қалуын жою, ауыр өнеркәсіптің бұрын болмаған, патшалық Россияның қиыр отары жағдайында болуы да мүмкін емес саласын өркендету, халық шаруашылығының басқа да саласын, оның ішінде ауыл шаруашылығын да дамыту үшін қажетті материалдық жағдайлар жасаудың, көп санды ұлттық жұмысшы табын құрудың, оның өзіне тән өндірістік-техникалық интеллигенциясын жасаудың ірі-ірі міндеттерін шешу алға қойылды. Бұл міндеттерді практика жүзінде шешу бірінші бесжылдық кезінде әржақты өріс алды. Орта Азия мен Қазақстанның бұрын адам аяғы баспады дерлік кең даласында өнеркәсіп ошақтары — фабрика мен заводтар, шахталар мен рудниктер, темір жолдар мен электр станциялары көптеп салына бастады. Бұрын тек мал бағудан,

некен-саяқ егін егуден басқа ешнәрсе көрмеген шаруалар лек-легімен өндіріске келді, түрлі кәсіпте мамандыққа үйренді, сөйтіп сан мыңдаған ұлттық жұмысшы табының ұйтқысын салды.

Осылардың барлығының нәтижесінде, екінші бесжылдықтың аяғында бұрын артта қалған ұлт аймақтарында ірі өндіріс ордалары салынды, өнеркәсіп өнімі өсіп, жұмысшылар саны артты. Мәселен, барлық өнеркәсіп өнімі 1940 жылы 1913 жылмен салыстырғанда Өзбекстанда 7,2 есе, Түркменстанда 8 есе, Қырғызстанда 10 есе, Қазақстанда 22 есе өсті. Сөйтіп 30-шы жылдардың аяғында бұл республикаларда ірі индустриялық база жасалды, социализм орнатудың аса қажетті шарттарының бірі іс жүзіне асты.

Бұрын артта қалған елдер мен халықтардың социализм жағдайында дамуының үлкен бір нәтижесі — ауыл шаруашылығын коллективтендіру. Социалистік революцияның бұл күрделі міндетін іс жүзіне асыру үстінде жүздеген мың шаруалар ірі коллективтік шаруашылыққа — колхоздарға, социалистік кәсіпорындарға бірікті. Мәселен, Орта Азия мен Қазақстан ауыл шаруашылығының коллективтендірілуі 1935 жылы республикалар бойынша мынадай болды:

Республикалар	Коллективтендірілген шаруашылықтардың саны [мың есебімен]	Коллективтендірілген шаруашылықтардың проценті	Колхоздардағы егіс көлемінің проценті
Өзбек ССР	596,4	84,7	89,7
Түркмен ССР	105,5	81,5	92,4
Тәжік ССР	111,7	59,4	70,0
Қырғыз ССР	127,9	70,8	84,7
Қазақ ССР	540,8	90,7	98,0

Бұл — Орта Азия мен Қазақстан (бұрын өте артта қалған өлкелер) ауыл шаруашылығында социалистік жолмен дамуда қол жеткен ірі табыс еді, яғни социализмнің үлкен жеңісі еді. Мұның өзі байлар мен кулактарды — қанаушы таптардың соңғы қалдықтарын түпкілікті жойғандықты, ауыл шаруашылығының түгелдей социалистік жолға түскендігін және осы негізде мұнда жаңа социалистік өндірістік қатынастардың түгелдей үстемдік еткенін көрсетті.

Социалистік құрылыстың кең өріс алған кезінде, яғни 30-жылдарда мәдениеттің даму саласында да бұрын артта қалған өлкелердің бәрінде де ірі табыстарға қол жетті. Халықтар арасындағы сауатсыздық жойылды; мектептердің барлық түрі де көз көріп, құлақ естіметен көлемде көбейді, бастауыш оқу жалпай міндетті түрде енгізілді; кітапхана, клуб, театр, кино және басқа көптеген мәдени-ағарту мекемелері сияқты мәдениет ошақтары барлық жерде құрылды; кітап, газет шығару ісі де мықтап дамыды. Мәселен, жоғарыда аталған республикалардың бәрінде де мектеп саны, олардағы оқушылар мен оқытушылардың саны ондаған есе өсті.

Осындай күрделі істердің нәтижесінде 30-жылдардың орта кезінде-ақ Орта Азия мен Қазақстанның барлық жерінде мәдениет революциясы іс жүзіне асты. Мұның өзі де социализмнің үлкен жеңісі еді.

Сонымен, социалистік жолмен индустрияландыру, ауыл шаруашылығын коллективтендіру және мәдениет революциясын іс жүзіне асыру бұрын артта қалған халықтардың да социализм жағдайында дамуының негізгі заңдылықтары болды. Бұларсыз бұл халықтардың социализм жеңісіне жетуі мүмкін емес еді.

Бұрын артта қалған халықтардың социализм жағдайында дамуының негізгі заңдылықтарына жұмысшы табының шаруалармен одағы және халықтар арасындағы достық та жатады. Орта Азия мен Қазақстандағы совет қоғамының тарихы бұл одақ пен достықты нығайтудың тамаша фактілеріне әбден толы. Бұл одақ пен достық барлық еңбекші бұқара өмірінің дамуының және бірден-бір мол табысқа жетуінің қозғаушы күші, негізі болды. Бұрын артта қалған өлкелерді мекен еткен халықтар — өзбек пен тәжіктер, қазақ пен қырғыздар, түркмен мен қарақалпақтар және басқалар жаңа өмір құрудың, социализм үшін күрестің барлық саласында бірге күресті, бірге еңбек етті. Осы жұмыстардың бәрінде басшылық рольды жұмысшы табы, алдымен орыс жұмысшы табы атқарды. Социалистік өзгерістерді іс жүзіне асырған кезде, елді социалистік жолмен индустрияландыру, ауыл шаруашылығын коллективтендіру, мәдениет революциясын жүргізу тұсында Россияның орталық аудандарынан мыңдаған маман орыс жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері келді. Олар социалистік өнеркәсіпті өркендету, ұлттық жұмысшы табын, ұлттық техникалық интеллигенцияны даярлау істерінде қисапсыз көп жәрдем етті. Ал 1930 жылы ауыл шаруашылығын коллективтендіру тұсында 25 мыңшылар—жұмысшы табы өкілдері есебінен Орта Азия мен Қазақстанға екі мыңнан аса адам келді. Олар колхоз қозғалысының тамаша ұйымдастырушысы және үгітшісі болды, ауыл шаруашылығында социалистік жарысты ұйымдастырушы, социалистік еңбек тәртібін енгізуші болды. Осылардың әралуан қызметі арқылы бұрын артта қалған халықтар мен өлкелердің экономикасы мен мәдениетін социалистік жолмен қайта құруда орыс жұмысшы табының жетекшілік ролі айқын көрінді.

Социализм жағдайында дамыған халықтардың өсуі мен өркендеуінің, табыстан табысқа жетуінің, прогресс жолымен үздіксіз өрлеуінің бір маңызды және негізгі тірегі Коммунистік партияның — бұл заманның нағыз революцияшыл, марксизм-ленинизм теориясын басшылыққа алған партияның әралуан қызметімен байланысты. Өйткені, Коммунистік партия халықтардың жаңа өмір жасау жолындағы күресі мен ісіне тікелей басшылық етті, қалың бұқара арасына социализмнің ұлы идеяларын енгізіп отырды. Коммунистер әрқашан және әр жерде социалистік құрылыстың барлық учаскесінде алда жүрді, авангардтық роль атқарып отырды. Коммунистік партия болмаса, оның асқар таудай алып ұйымдастырушылық қызметі болмаса, бұрынғы артта қалған халықтар ешуақытта да социализм жеңістеріне жете алмаған болар еді. Орта Азия мен Қазақстан сияқты елдер өз жерінде социализм орната алмас еді. Бұл дәлелдеуді қажет етпейтін айқын қағида.

Бұрын артта қалған халықтар мен елдердің социализм жағдайында дамуының өзіне тән ерекшеліктері де болды. Мұның өзі әлгі халықтар мен елдердің Октябрь революциясына дейінгі саяси, экономикалық және мәдени өзгешеліктеріне байланысты еді. Бұл халықтар мен өлкелер өндіргіш күштерінің жалпы дәрежесі жағынан да, мәдениеті дамуының дәрежесі жағынан да тым төменгі сатыда еді. Бұлардың арасында өндіріс пен өндірістік қатынастардың капитализмге дейінгі формалары үстем еді.

Осындай жағдайларға байланысты бұрын артта қалған халықтардың социализмге бару жолы қалай болады деген мәселе туды. Бұл мәселеге де бірден-бір дұрыс және бірден-бір терең ғылыми жауапты В. И. Ленин берді. Марксизм-ленинизм қағидаларын жаңа жағдайлар тұсында дамыта отырып, ол мынадай данышпандық ғылыми ереже тұжырымдады: бұрын артта қалған елдер (бұл арада Орта Азия мен Қазақстан айтылып отыр) алдыңғы қатарлы елдер пролетариаты көмегімен (бұл арада Россия жұмысшы табының көмегі айтылып отыр)

капитализмге соқпастан социализмге тікелей өте алады деді. Мұның өзі — марксизм тарихындағы аса зор жаңалық еді. Бұл ғылыми қағида-ны В. И. Ленин тұңғыш рет 1920 жылы Коммунистік Интернационалдың II конгресінде жасаған баяндамасында былайша дәлелдеді:

«Кәзірде азаттық ала бастаған және кәзір, соғыстан кейін, араларында прогресс жағына қарай бара жатқандық байқалып отырған артта қалған халықтар үшін халық шаруашылығы дамуының капиталистік сатысы сөзсіз нәрсе деген пікірді біз дұрыс деп таба аламыз ба. Біз бұл сұраққа жоқ деп жауап бердік. Егер революцияшыл жеңімпаз пролетариат олардың арасында ұдайы насихат жүргізетін болса, ал советтік үкіметтер өздерінің бүкіл қолда бар құралдарымен оларға жәрдемдесетін болса, ол уақытта артта қалған халықтар үшін дамудың капиталистік сатысы сөзсіз нәрсе деп жорамалдау дұрыс емес» (Шығармалар, 31-том, 243-бет).

Мұның барлығының әбден дұрыстығы өмірде, социалистік құрылыс практикасында сыналды. Орта Азия мен Қазақстан халықтары дамудың капиталистік сатысына соқпастан тікелей социализмге өтті. Бұл да бұрын артта қалған халықтардың социализм жағдайында дамуынан туған жаңа заңдылық.

Жалпы алғанда бұрын артта қалған халықтар мен елдердің социализм жағдайында дамуының негізгі заңдылықтары, олардың социалистік жолмен даму тарихының негізгі сипаттары міне осындай. Бұлар негізінен Совет Одағы дамуының, оның барлық жеріндегі социалистік жолмен дамудың заңдылықтарымен бірдей. Бұрын артта қалған ұлттық аймақтарда социализм орнатудың жолдары туралы әңгіме болғанда ешуақытта естен шығаруға болмайтын ең басты нәрсе осындай.

Бұрын артта қалған халықтар мен елдердің оның ішінде Орта Азия мен Қазақстанның социализм жағдайында дамуының нақтылы нәтижелері барша әлемге әйгілі. КПСС XXI съезінде жасаған баяндамасында Н. С. Хрущев жолдас бұрын артта қалған ұлттық аймақтарда, кәзіргі озат совет республикаларында қол жеткен тамаша табыстарды — социализмнің толық және түпкілікті жеңгендігін, енді оның коммунизмге ұласып жатқандығын теориялық қағидалармен де, нақтылы фактілермен де айқын көрсетті.

Бұл — өмір шындығы, социализм жолына түскен халықтардың тамаша жеңісі. Социализм жағдайында дамыған халықтардың бұл жеңістері мен табыстарының тарих үшін де, болашақ үшін де әрадуан маңызы бар. Бұлардың бәрінен ертелі-кеш социализм жолына түсетін барлық халықтар үлгі де, өнеге де алады.

Социализм саясында

С. ХАЙДАРОВ

Социалистік елдердің, әсіресе Совет Одағының, Қытай Халық Республикасының тарихи табыстары бүкіл адамзаттың назарын аударады. Достарымыз сүйсініп, дұшпанымыз күйінген жайлар жыл санап емес, ай санап көбейіп келеді. Осы жылғы сентябрьдің 12-де айға қарай ұшырылған советтік ракета сентябрьдің 14 күні нысанаға дәл тиді. Айға жерден тұңғыш жетіп, қасиетті белгі апарған туынды біздің елдікі болды. Бұл табыстың ғылыми мәнімен қатар қоғамдық, халықаралық зор маңызы бар.

Белгілі чехословак жазушысы Ян Дрда космосқа ұшырылған екінші совет ракетасы бүкіл адамзатқа жаңадан жолданған бейбіт сәлем деп жазды. Болгарияның «Отечествен фронт» газеті «Екінші космос ракетасы социализмнің капитализмнен соншалық басым екендігінің ең күшті, ең айқын, ең сенімді айғағы» деп бағалады. Қытай газеттері ракетаның айға жетуін «социализмнің салтанатты шеруі» деп тапты. Айды орап өтіп, оның арғы бетін адам баласының тарихында тұңғыш рет суретке түсірген планетааралық автомат станциясы Совет Одағының аса үздік табыстарының бірі.

Үшқыр ойдың куәсін айға жеткізіп, әлемдегі тұңғыш «Ленин» атом мұз жарғышын теңізге шығарған совет халқының бұл тарихи табыстары кездейсоқ немесе өткінші нәрсе емес. «Бұл жеңістің мүмкін болған себебі сол, біздің совет адамдары асқан зор әлеуметтік проблеманы ең қысқа тарихи мерзімде өз қолдарымен, өздерінің ерлік еңбегімен шеше білді — олар социалистік қоғамды орнатып, енді коммунизмді сеніммен орнатуда» деді Н. С. Хрущев жолдас.

Мұнан 42 жыл бұрын капитализмнің шебін бұзып, социалистік революцияны жүзеге асырған аға ұрпақтың арманы, сенімі, жігері, үміті толық ақталғанына тарих куә. Бірінші империалистік дүниежүзілік соғыстың қарсаңында дүниежүзілік өнеркәсіп өнімінің елуден бірін ғана шығарған Россия соғыстың, интервенцияның, азамат соғысының салдарынан мейлінше күйзелгені мәлім. Ірі өнеркәсіп өнімі 1920 жылы соғысқа дейінгісінен 7 есеге жуық кеміді. Металлургия өнеркәсібі мүлде күлдірап кетті. 1920 жылы елімізде 116 мың тоннадай ғана шойын қорытылды, мұның өзі соғысқа дейін өндірілген шойынның 3 процентіндей еді. Шығарылған көмір мен мұнай мөлшері де бірнеше есе кеміп кетті. Отын мен шикізаттың жоқтығынан кәсіпорындардың көбі тоқтап қалды. Бұл жайды көрген капиталистердің түнілмегені кемдекем. Ағылшынның атакты жазушысы Герберт Уэллстың қиялы да канатынан қайырылып, жол таппады. Қөне түсінік, ескі өлшем бөгеген бұл қайраткерлер жаңа қоғамның қойнауындағы қуатты екпінді аңғара алмады. Советтік Россияның ғұмыры бір айға да бармайды деп сәуегейсіді бұлар. «Нью-Йорк таймс» газеті 1918—1920 жылдарда совет өкіметі құрыды деп 91 рет хабарлады.

Олар босқа арамтер болды. Қоғам дамуының анық заңдылықтарын дәл басқан лениндік партия қиыншылықтарды жеңудің төте жолын тапты. Партия қалың бұқараны оятып, оның алып күшіне жол ашты. Совет республикасы тарихи қажетті құрылыс екеніне көзі

жеткен еңбекшілер майданда да, жұмыста да аянып қалмады. Өнеркәсіпті социалистік жолмен өркендетуді қолға алған халық таңғажайып ерлік жасады. Ешбір шетелден күрделі несие, көмек алмай-ақ ішкі мүмкіншілікке ғана сүйенген мемлекетіміздің барлық ісін халық түгел қолдады.

Жағдайы тым қолайлы, шаруашылығы көп күйзелмеген бай капиталистік мемлекеттерден Советтік Россияның алғашқы бейбіт кезде-ақ озық өркендеуі социалистік қоғамның үздік артықшылығын дәлелдейтін айқын факт. Бейбіт 22 жыл ішінде Совет Одағы өнеркәсіп өнімін жыл сайын орта есеппен 16,2 процент ұлғайтып келді. Ал АҚШ-тың өнеркәсіп өнімінің жыл сайынғы ұлғаюы 2,8 процент, Англияда — 3,2 процент, Францияда — 3 процент ғана болды. Бұл Совет Одағы өнеркәсібінің жыл сайынғы даму қарқыны капиталистік елдер өнеркәсібінің ілгерілеу дәрежесінен 5 — 6 есе артық деген сөз.

Социалистік қоғамның даму қарқыны капитализм тұсындағы елдердің ілгерілеу қарқынынан әлдеқайда басым екенін бүгінгі өмірімізде көрсетіп отыр. Жетіжылдықтың алғашқы екі жылында біздің ел болат балқыту мөлшерін 10 миллион тонна ұлғайтады, ал АҚШ болат қорытуды осындай арттыру үшін 12 жыл жұмсады. Біздің ел электр қуатын өндіруді екі жылда 56 миллиард киловатт-сағат арттырады. Электр қуатын осындай мөлшерде арттыру үшін АҚШ-қа бес жыл керек болды. Екі жылда Совет Одағы мұнай шығаруды 31 миллион тонна ұлғайтпақ, ал Америка Құрама Штаттарына мұнай шығаруды осы мөлшерде арттыру үшін табаны күректей 9 жыл керек болды.

Социалистік қоғамның капиталистік елдерден шапшаң дамуының шарты мынада: социализм тұсында өндірістік қатынастар өндіргіш күштер сипатына сай келеді, мұның өзі өндіргіш күштердің мейлінше өркендеуіне еркін жол ашады, өндіріс құрал-жабдықтарына мемлекеттік меншік орнауына сәйкес халықтың моральдық саяси бірлігі сияқты факті пайда болып, ол қозғаушы күштің біріне айналады, ел, қоғам мүддесін көгертуді көздеген социалистік жарыс сынды тың, пәрменді қозғалыс осы факторға сүйенеді. Мұнымен қатар социалистік елдерде экономика ғылымға сүйенген жоспар бойынша дамытылады.

Капиталистік дүниенің сәуегейлері әділ, парасатты қоғамның даму қарқынының шапшаңдығын көп уақыт бойы мойындамай келді, олардың ең тоңмойындары бұл ақиқаттан әлі де бұлтарғысы келеді. Олардың ойынша жеке меншікке негізделген, бәсеке жайлаған өндірістің мүмкіндігі сарқылмаған көрінеді. Бұл идеологтар капиталистік өндірісті шикізаты мол, адам күші арзан өңірде немесе соғыс шығындарын көбейту негізінде өркендетуге шақырады. 1958 жылы АҚШ дәл осылай істеді. Мұнда соғыс шығындары орасан зор көбейтілді. Америкада соғыс шығындары биыл да кемітілмегені мәлім.

Қанауды күшейте түсу, машинаны неғұрлым көп қолдану арқылы өндірісті ұлғайтуға тырысқан капитал елдерінде өнеркәсіп дәрежесі бір қалыптан айнымай-ақ қойды. Ал 1953 — 1957 жылдарда социалистік лагерьдегі елдердің өнеркәсібінің жалпы өнімі 1,5 есе дерлік ұлғайды. Осы жылдарда социалистік елдер өнеркәсібі жыл сайын орта есеппен 10 — 11 процент артып отырды, ал Совет Одағы өнеркәсібінің даму қарқыны бұл орта көрсеткіштен де жоғары болды.

Қытай Халық Республикасының алғашқы он жыл ішіндегі табыстары айта қалғандай. Қытай Халық Республикасында өнеркәсіптің жалпы өнімі 11,7 есе ұлғайды. Қытайда, әсіресе, ауыр өнеркәсіп мықтап дамыды. Оның өнімі бұрынғыдан 27 есе көбейді. Кәзір Қытайда отандық реактивті самолет, түрлі автомобиль, алуан трактор шығарылады. Отандық атом реакторының іске қосылуы халықтық Қытайдың алып адымының нық тегеуріні дерсін! Бізге дос ұлы елдің ауыл шаруашылығында да түбірлі өзгерістер жасалды. Қытай Халық Респуб-

ликасы өнеркәсіп өнімінің аса маңызды түрлерін шығару жөнінде Англияны 1967 жылы-ақ қуып жетеді.

Халық шаруашылығын өркендету жоспарын Совет Одағында асыра орындаудың, сонымен бірге халықтық демократия елдерінің экономикасын күшті қарқынмен дамытудың нәтижесінде дүниежүзілік социалистік системадағы елдер 1965 жылы бүкіл дүние жүзіндегі өнеркәсіп өнімінің тең жартысынан астамын өндіретін болады. Сөйтіп социализмнің дүниежүзілік системасының материалдық өндірісте, адам баласының іс-қимылының осы шешуші саласында капитализмнің дүниежүзілік системасынан басым болуы қамтамасыз етіледі.

Социализмнің табыстары буржуазия қайраткерлерін еріксіз ойландырады. Социализм жетістіктерінің сыры неде екенін білгісі келетіндердің бірі АҚШ-тың көрнекті шолушысы Уолтер Липпман. Социализмнің айқын мақсаттылығы және социалистік елдер еңбекшілерінің табандылығы, бірлігі капитализмнен артықшылықтың дәл өзі дейді ол.

Социализмнің түбірлі мақсатының бірі баянды бейбітшілік және үздіксіз прогресс екені мәлім. Бір миллиардтан астам адамды біріктіретін социалистік системаның қалыптасуы, бұл системадағы елдердің, әсіресе Совет Одағының тарихи табыстары халықтардың бейбітшілік пен прогресс жолындағы күресін көп жеңілдетті. Қуатты социалистік лагерь жаңа соғысты көксеушілердің алдындағы тұрған берік қамал.

Шындықта, өмірде мұнан бір ғасырдай бұрын ғана көрініп, ұлы ойшылдарға ғана сезілген сәулелі елес материалдық күшке айналып, жұмыр жердің алтыдан бірінде ту тіккен кездегі балаң қоғам енді әбден ер жетті; талай тарихи сыннан мүдірмей өтіп, өзінің атан күшін танытты. Ол күш — озбырлық немесе қылыш-найза емес. Ол күш — достық, ынтымақ, жарастық, бейбітшілік идеясы! Ол күш — еңбекші адам игілігін бәрінен де биік ұстайтын партиялық борыш. В. И. Лениннің қолымен жазылған Совет өкіметінің тұңғыш документтерінде бейнеленген бұл идеядан тапжылуды білмеген еліміздің ықпалы, беделі, абыройы Н. С. Хрущев жолдас АҚШ-та болған күндерде бұрынғыдан да күшті шарықтап, тың сатыға тағы көтерілді.

Н. С. Хрущев жолдастың президент Эйзенхауэрдің шақыруымен АҚШ-ты аралауы бейбітшілікті сүйгіш күштердің ізгі арманын тамаша орындау болды. Социалистік системадағы елдердің халықтың түбірлі мүддесіне толық сай саясатын тура, ашық, шебер баяндаған Н. С. Хрущев жолдас империалистердің көп жылғы кесір, зиянды әрекетінен американдық жұртшылығының санасында қалған датты ірітуге үлкен себеп болды. Совет үкіметінің басшысы тарихта тұңғыш рет американдық жұмысшыларымен жүзбе-жүз сөйлесіп, адамзаттың данышпаны В. И. Ленин құрған социалистік мемлекеттің жайын, бүгінгісін, болашағын, саясатын айтып берді. Н. С. Хрущев жолдастың социализм мен капитализмнің түбірлі айырмашылығын бүкпей көрсетуі жұртшылыққа үлкен әсер етті. Совет үкіметінің басшысы социалистік елдің озбырлыққа, әділетсіздікке төзбейтін қалпын табандылықпен, асқан жігермен баяндады. Совет мемлекетінің дәйекті сыртқы және ішкі саясаты бейбітшіл халқымыздың мүддесіне сай екенін, жарқын болашақпен жігерлене түскен халқымыздың үкімет пен партияны толық қолдайтынын Н. С. Хрущев жолдас айқын, даусыз фактілермен дәлелдеді.

Халықтардың жарқын болашағына даңғыл жол ашып, капитализмнің кара түнегін түріп тастаған совет халқы тарих көшіндегі лайықты орнына еркін ие. Біз баймыз, өнеркәсібіміз, әсіресе автомобиль өнеркәсібіміз керемет деп көкіген кейбір американдық топ мұны көр-

генде Совет үкіметінің басшылары абыржымай қалмайды деп үміттенді. Олардың ойынша капитализм дүниесінің «алтын қапшығы» Америкадан қарыз, көмек сұрамайтын ел болуы мүмкін емес. Совет Одағы ештеңеге ділгер емес, біздің елде табиғи байлық та, адам да, алтын да бар. Сауда жасайық дегенде бір мұқтаждықтан емес, елдің қарым-қатынасын жақсартайық деген ақ ниет қой деп мәлімдегенде капитал иелерінің аузына құм құйылды.

Америкаға жүрер алдында халқымызға арнаған хатында Н. С. Хрущев жолдас «Ең басты мәселе — жер үстінде барлық адамдардың бейбіт жағдайда өмір сүруін қамтамасыз ету, міне біз осыған жетуге тиіспіз» деп жазды. Н. С. Хрущев жолдастың сапары осы мақсатқа жетудің сара жолы, тамаша бастамасы болды. Совет үкіметінің бейбітшіл сыртқы саясаты Н. С. Хрущев жолдастың күш салуымен тағы бір елеулі жеңіске жетті.

«Біздің заманымыз ұлы мұраттарды жүзеге асыру заманы, бейбітшілік пен прогресс заманы бола алады және болуға тиіс» деген Москвадан тараған парасатты сөздер Сибирь мен Калифорния үстінде шарықтап, бүкіл әлемге тарады. Әлеуметтік құрылысы әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүру мүмкіндігі туралы лениндік идея негізінде туған бұл байлам «Бейбітшілік манифесінің»: «Кәзір біз коммунистер, ендігі жерде соғысты болдырмауға болады, бейбітшілікті сақтауға болады деп отырмыз. Біз мұны толық сеніммен айтып отырмыз» деген тұжырымының ақиқаттығын дәлелдейді.

Іске байсалдылықпен қарағанда социалистік және капиталистік системаның бейбіт қатар өмір сүруі мүмкін екендігіне шүбәлануға болмайды. Ақыл-ойға салып, келіссөзбен шешуге келмейтін даулы мәселелер бар деп есі дұрыс адам айта алмайды. Қандай мәселені болса да байсалды талқылау, өзара пікір алысу, өзара түсінісу жолымен реттеуге әбден болады. Әлеуметтік құрылысы үйлеспейтін Совет Одағы мен АҚШ-тың мемлекет қайраткерлері Н. С. Хрущев пен Дуайт Эйзенхауэрдің әңгімелері осыны көрсетеді. Совет-американ қарым-қатынасы жайын, Берлин мәселесін, Германиямен бітім договорын, үкімет басшыларының алдағы уақытта кездесуін, президенттің Совет Одағына жасайтын сапарын, қарусыздану мәселесін қозғаған бұл әңгімелер өзара түсінісуге сен болғаны айқын.

Совет адамдары Н. С. Хрущев жолдастың сапары, оның американ жұртшылығы алдындағы сөздері, президентпен сөйлесуі бейбітшілік ісіне қосылған баға жетпес үлес, еліміздің даңқын асырған қадам деп біледі. Біздің достарымыз да Совет Одағының мерейі үстем болып, абыройы асқанын мақтан етеді. Қытай Халық Республикасының премьері Чжоу Энь-лай жолдас Н. С. Хрущевтің «бейбітшіліктің өкілі ретінде Америка Құрама Штаттарында болған кезінде қол жеткен табысымен құттықтаймыз және оның Америка Құрама Штаттарының президенті Эйзенхауэрмен жүргізген келіссөзі туралы мазмұндаманы құттықтаймыз» деді. Достарымыздың бәрінің пікірі осындай десек асырып айтқандық болмайды. Өйткені бүкіл әлемдегі бейбітшілікті жақтап отырған социалистік мемлекеттердің сыртқы саясатының мәнін дәл бейнелеген бұл сапар халықаралық өмірдің ең түйінді мәселесі — қарусыздану проблемасын шешудің де анық жолын нұсқады. Таяудағы төрт жылдың ішінде барлық мемлекет жаппай толық қарусызданатын болсын деп Біріккен Ұлттар Ұйымына ұсыныс енгізген Совет үкіметі адамзаттың көкейіндегі ізгі арманды оятты.

Капиталистік елдердің жанталаса қарулануы халықаралық шиеленістің, «қырғиқабақ соғыстың» себебі болып келгені мәлім. Оның үстіне қарулану мемлекеттерді аса зор шығынға душар етеді. Соңғы жылдары дүние жүзінде соғыс шығындарына жыл сайын 100 миллиард доллар жұмсалады. Ал, мұның өзі өте көп шығын екені кімге болса да

түсінікті. Экономистердің есебіне қарағанда бұл қаржыға жыл сайын 10 миллион үй, 50 мың мектеп, 10 мың аурухана салуға болатын көрінеді. Егер, Совет Одағы ұсынғандай жаппай қарусыздануға қол жетсе бұл қаржыны халықтар игілігіне жаратуға болар еді. Мұнымен бірге армиядағы миллиондаған адам пайдалы еңбекке араласып, қоғам байлығын молайтар еді. Халықаралық қатынастар жақсарып, өзара сенім үстемдік құрар еді. Міне, осы жайлардың бәрін совет ұсынысы қозғайды.

Капиталистік елдердің өздерінде де «қырғиқабак соғысты» жойып, мемлекеттер арасында бейбіт ынтымақ орнатуды жақтаушы күштер барған сайын көбейіп келеді. АҚШ-тың бұрынғы президенті Г. Трумэн, бұрынғы мемлекеттік секретары Ачесон сияқты бірен-саран тозған адамдар ғана бейбіт қатар өмір сүру саясатына ашықтан-ашық қарсы шықты. «Әңгіме мынада, деді Н. С. Хрущев жолдас СССР Жоғарғы Советінің III сессиясында, бүгінгі таңда бейбіт қатар өмір сүру — әлде кімнің өтініші немесе тілегі емес, нағыз шындықтың өзі. Бұл — дүниедегі кәзіргі жағдайдан, адамзат қоғамының кәзіргі даму кезеңінен туып отырған объективті қажеттіліктің өзі». Бұл сөздердің ақиқаттығын тарихи даму толық дәлелдеп отыр. Бейбіт қатар өмір сүру — кәзіргі өмірдің ең күшті талабы.

Қирату, жою, бүлдіру күші орасан зор қару-жаракқа ие ең басты қоғамдық екі системаның арасын, қарым-қатынасын шиеленістіре беру апатты зардаптарға соқтыруы ықтимал. Сондықтан ақыл-ойға жол беріп, көніп, бейбіт қатар өмір сүруді қамтамасыз ету міндет дейді біздің үкімет.

Техниканың барлық кереметтерін, мәдениеттің барлық табыстарын адам игілігіне қойған социалистік мемлекеттің мұндай парасатты, дәйекті ұсыныс енгізуі біздің қоғамның тарихтағы қасиетті ролін айқындай түседі. Бітім, бейбітшілік, достық, азаттық туралы тамаша сөздерді лайықты тұғырға көтерген тұңғыш социалистік мемлекет адамның дамуына мол мүмкіндік береді. Әлеуметтік тұрмыстың осы бір түйінді мәселесін реттеу жөнінде тарихи артықшылығы бар социализм елдері адамның бақытты өмір сүру праволарын жариялаумен ғана тынған жоқ. Олар сол бақытты өмірдің экономикалық, материалдық негіздерін қалауға көп күш салды.

Еліміздің тәуелсіздігін нығайту мақсатымен отандық өнеркәсіпті, ең алдымен ауыр индустрияны дамыту халқымыздың бақытты, азат өмірін қамтамасыз етудің сара жолы еді. Партия жеңіл өнеркәсіпті және тамақ өнеркәсібін дамытуға да көп көңіл бөлді. Соның нәтижесінде 1958 жылы 1913 жылғымен салыстырғанда халық тұтынатын заттар шығару 14 есе өсті, ал мәдени-тұрмыстық құралдар өндіру 45 есе көбейді.

Биылғы жылдың төртінші тоқсанынан бастап 1960 жылғы IV тоқсанға дейін халық шаруашылығының барлық саласында жеті сағаттық жұмыс күніне көшу жүзеге асырылады. Бұл — біздің елде ұзамай ең қысқа жұмыс күні болады деген сөз. Партияның XXI съезі алға қойған бұл тарихи міндет дәйекті түрде орындалып келеді. Социалистік елде жұмыс күнін қысқарту жалақы мөлшерін кемітпей-ақ жүзеге асырылуда. Қайта жалақысы төмен жұмысшылардың алатын ақысы едәуір өсірілді. Осының бәрі социалистік елдің үлкен жетістігі.

Халыққа қызмет етуді өзінің бірінші дәрежелі міндеті деп білетін партиямыз еңбекшілердің әл-ауқатын жақсартуға беру жолында күрделі шаралар қолданды. Елімізде астық, ет, сүт, овоц өндіру, халық тұтынатын өнеркәсіп товарларын шығару жыл сайын ұлғайып келеді. Партияның XXI съезі жеңіл өнеркәсіптің жалпы өнімін жеті жылда шамамен 1,5 есе, тамақ өнеркәсібінің жалпы өнімін шамамен 1,7 есе көбейтуді белгілеген еді. Бұл жоспар ойдағыдай орындалып келеді.

1959 жылы ет, жұмыртқа, сүт өндіру жоспары бүкіл елде үздік орындалды. Осыған орай биыл 1 октябрьге дейін мемлекетке сүт былтырыдан 14 процент, жұмыртқа — 26 процент, ет — 40 процент артық сатып алынды. Бұл табыстың халық тұрмысына тиетін пайдасы аз болмайды.

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің мәдени-тұрмыстық құралдарды 1960 — 1961 жылдары шығаруды жедел көбейтудің нақты шараларын белгілеген қаулысы халықтың игілігі жөніндегі күрделі шаралардың бірі. Біздің елде зор көлемде өрістеген тұрғын үй құрылысы адам жөніндегі қамқорлықтың үлкен айғағы. Жетіжылдықтың екінші жылында тұрғын үй салуға, коммуналдық, мәдени-тұрмыстық құрылысқа 64 миллиард сом жұмсалады. Биыл Совет Одағында көлемі 80 миллион текше метр тұрғын үй салынады, ал 1960 жылы пайдалануға берілетін тұрғын үй көлемі 101 миллион текше метр болады.

Осының бәрі социализм елінің айқын табыстары. Бірлігі берік, достығы мығым, өмірі жарасты, болашағы жарқын халықтардың тағдырын бүкіл әлем еңбекшілері тамашалайды. Социализм идеяларының кәзір бұрынғыдан еркін адымдап таралуы, миллиондар жүрегіне терең ұялауы біздің елдің және басқа да социалистік мемлекеттердің ерен табыстарына көптен көп байланысты.

Капиталистік елдердің еңбекшілері арман етіп, арқа сүйеп, үлгі тұтып, ертенгіміз осы ғой деп сүйсінетін социалистік елдерді империализмнің қайраткерлері көре алмайды. Достығы жарасқан социалистік халықтардың жарқын жүзін көргенде империалистердің іші күйеді. Олар түрлі өсек таратып, шындықты бұрмалайды, біздің халқымызға жала жабады. Империалистер және олардың итаршылары Орта Азия мен Қазақстан халықтары туралы да соңғы уақытта көп өсек таратты. Лондонда шығатын «Орта Азияны шолу» журналында, Батыс Германияда басылған «Түркістан XX ғасырда» деген кітапта (авторы Б. Хайит) қазақ пен қырғыз, өзбек пен тәжік, түркмен мен қарақалпақ надан, тағы халықтар, олардың әдеби тілі, әдебиеті жоқ, олар баяғы отар ел күйінде қалды, бұл халықтардың өз алдына ұлт, тәуелсіз ел болуы теріс, олар ұлт болып құралуға әлі жеткен жоқ еді, коммунизм идеялары бұларға жат еді деп қиналады итаршы. Қазақ, өзбек, қырғыз, тәжіктер жеке-жеке, өз алдына ұлт емес, олар түркістан халқы дейді Б. Хайит. Осыған сүйеніп ол Орта Азия халықтарын бірыңғай түрік мемлекетіне ұйымдастыру керек деп сандырақтайды.

Американ монополистерінің «өзілген халықтардың» қамы деп биыл июльде бір жұма бойы қақсағанда айтқаны да дәл осы пікір. Азғын Хайит пен империалистер бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай! «Тон жамылған қасқырды жүрісінен таниды» дегендей бұлардың құлқыны белгілі. Олар совет халықтарының арасына от салғысы келеді, СССР-ді әлсіретіп, оның тәуелсіздігіне қол сұғуды көксейді.

Адамды нәсіліне, ұлтына, әлеуметтік орнына қарай бөлуді басалқалы саясат еткен Америка Құрама Штаттарында негрлерді қудалау, оларды кемсіну фактілері біздің заманымызда да толастаған емес. Ұлттық араздықты қоздыра беруді бөтен көрмейтін капиталистік елдердің үкіметтері тарихи дамуда кенже қалған халықтардың еңбегін, байлығын пайдалануды, жеуді тоқтатқысы келмейді. Мысалы, Сауд Аравиясындағы американдық Арамко мұнай компаниясындағы араб жұмысшылары тәулігіне 12 — 16 сағат жұмыс істеп, күніне 80 цент ақы алады, ал АҚШ-тың төл жұмысшылары дәл осындай еңбек үшін ақыны 10 — 13 есе көп алады.

Америка Құрама Штаттарының билеп-төстеушілері бостандық сүйгіш халықтардың ішкі ісіне, ардақты правосына араласудан мүлде шіміркенбейді. Американдықтардың мұндай озбырлығынан Гватемала,

Куба, Венесуэла халықтары талай жапа көрді. Венесуэлада үкіметке қарсы жуырда жасалған астыртын қастандық АҚШ монополистерінің араласуынсыз өтпегені мәлім. Венесуэланың елден қуылған бұрынғы диктаторы Перес Хименестің АҚШ-қа барып паналауының өзі көп нәрсені аңғартады.

Социализмнің бар игілігін көрген, білген, пайдаланған, соның арқасында көркейген еңбекшілер шығыс халықтарына атқан таң Ұлы Октябрь социалистік революциясының, қадірменді орыс жұмысшы табы жеңісінің жемісі екенін ұмытпайды. Ұлы Октябрде туған қоғамдық, әлеуметтік, саяси құрылыс халықтар достығының іргесі болды. Сол достықтың аясында өркендеген халықтың бірі қазақ халқы.

Өткен 40 жылда қазақ халқы қоғамдық дамудың капиталистік сатысын аттап өтіп, тікелей социализмге ұласты, түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетке кенелген ұлтқа айналды. Қазақстанда 9 мыңнан астам мектеп, екі ғылым академиясы, 27 жоғары оқу орны, ондаған театр бар, жүздеген газет-журнал шығады. Өнеркәсіп, транспорт, ауыл шаруашылығы саласындағы түбірлі өзгерістер қазақ халқының іргелі ел болуына себеп болған арқаулар.

1959 — 1965 жылдары Қазақстан экономикасы бұрынғыдан да зор қарқынмен өркендейді. Бұл жылдары республиканың халық шаруашылығына 116—119 миллиард сом күрделі қаржы жұмсалады. Социализм еліндегі шынайы жағдай осындай.

Ұлттық езгі мен қанауды атымен жойған совет мемлекеті экономикалық қанаудың барлық түрлерін де келмеске кетірді. Қанаушы тап құрыды. Бізде жұмысшы мен колхозшы еңбегінің нәтижесі оның өз игілігі, өз байлығы. Әрбір совет адамы өз еңбегінің өнімділігіне, сапасына қарай, мемлекеттен, колхоздан тиісті ақы алады. Біздің елдің жұмысшыларына мемлекет есебінен ақша төленіп, бір айлық демалыс беріледі. Социалистік елдерде қызметкерлердің нақты жалақысы үнемі өсумен келеді. Қоғамдық байлықты молайту, еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің түсер құнын кеміту нақты жалақыны арттырудың кепілі.

Социализм тұсында қоғамдық өнімді бөлудің әділ талабы жүзеге асырылады. «Әркімнен қабілетіне қарай, әркімге еңбегіне қарай» бөлу талабын берік ұстаған социализмнің капитализмнен көш ілгері екені даусыз. Бұл талап бойынша жұмысшы мен шаруаның еңбегі арқылы жасалған байлық кәзіргі өндіргіш күштердің дәрежесіне сай бөлінеді. Капитализм жағдайында жұмысшының маңдай терімен жасалған қоғамдық өнімнің дені ат төбеліндей кәсіпорындар иелерінің қолында қалады. Мысалы, «Форчун» журналының айтуы бойынша АҚШ-та әрқайсысының жеке байлығы 50 миллион доллардан асатын 155 семья бар көрінеді. 1957 — 1958 жылғы дүниежүзілік экономикалық кризистің тұсында пайда күрт азайып кетеді деп қорыққан капиталистер жұмысшының нақты жалақысын қысқартып, товарлардың бағасын қымбаттатты. Жұмысшы табымен бірге басқа еңбекшілер де бұл саясаттың зардабынан кұтыла алмады. Биыл АҚШ жұмысшылары мен қызметшілерінің жалақы қоры 2,9 процент кеміді. Англияда да тұрмыс қымбаттаумен болды. Мұнда, әсіресе пәтер ақы көп өсті. Ет, тоң май, сүт, жұмыртқа, кант, овощ бағасы Англияда едәуір көтерілді. Жалақыны арттыруды талап еткен болат қорытушылардың биылғы 15 июльде Питтсбургте басталған ереуілін күшпен тұншықтырған АҚШ монополистері қанауды сәл де болса жұқартуға жоқ екенін көреміз. Францияда биыл бөлшек сауда бағасы 21,3 процент өсті. Ал бірақ жұмысшының жалақысы баяғы мөлшерінде қалып қойды. Париждің газ және электро-техника өнеркәсібі жұмысшыларының 95 проценті жалақыны арттыруды талап етіп төрт сағаттық ереуіл жасағанда да капиталистер міз бақпады.

Дәл осындай сұралып фактілердің нақ ортасында отырса да империализмнің идеологтары капиталистік құрылысты дәріптеуден тартынбайды. Ойы жүдеп, тілі азған адамның кебін киген бұл идеологтар нәрсені өз атымен атаудан қалып барады. Олай болса капитализмнің мәні, мазмұны жабусыз, бүркеусіз өтпейтін болғаны ғой! Амал таппай қиналған буржуазиялық идеологтар капитализм деген атаудан да безірейді, шошиды. Соңғы жылдары Америка Құрама Штаттарында капитализмге басқа балама, бөтен ат іздеп шабылу осыдан туды. Бұл — «коллективтік капитализм» дейді, профессор Г. Минс. Жоқ. Бұл — «халықтық капитализм» депті Дж. Аллен. Олай емес. Бұл — «басқарулы капитализм» ғой деп тұжырымдайды профессор Э. Ноурс. Бұл дейді Келсо мен Адлер «аралас капитализм». Жоқ. Бізде «еңбек экономикасы» ғой деп жазады профессор С. Сливтер. Г. Лодж бен А. Гарриман Америка «әділетті экономикалы» ел деп қаксайды.

Арамтер болды деген осыдағы. Тозған, шіріген, күні өткен капитализмді жана теңеу, тың балама құтқара алмайды. Әділ, парасатты, социалистік қоғам тұрғанда, ол қуатты кадаммен өркендеп келе жатқанда, капитализм қалай атағанмен де еңбекшінің көңілін аулай алмайды. Бір кезде ұлы В. И. Ленин жандырған жарық шырақтың тамаша сәулесі — капитал елдеріндегі еңбекшілерді тебірентеді, жігерлендіреді, оларға жөн сілтейді.

Дүние жүзіндегі халықтардың үштен бірін біріктіретін, әлем өндірісі өнімінің үштен бірін шығаратын социалистік елдер қуатты күшке айналды. Өз тағдырын қалауы бойынша қолға алған халықтар социализм жолынан айнамайды. Социализм туын желбіреткен елдердің халықтары өз бақытының ғана көрікшісі емес, олар сонымен бірге бейбітшіл бүкіл адамзаттың тыныш өмірінің қорғанышы, тірегі. Социалистік мемлекеттердің ынтымағы, достығы, бірлігі, қуаты нығайған сайын бейбітшілік ісінің сүйеніші, күші артады. Тәуелсіздік жолына жуырда түскен елдердің, сондай-ақ жана соғысқа жол бермеуге мүдделі елдердің бейбітшілікті қолдаған талабы социалистік мемлекеттердің дәйекті бейбіт саясатымен үндесіп, кең арналы қозғалысқа айналды. Бұл күшті, бұл жайды ешкім де елемей кете алмайды.

Отар системасы ыдырап, демек тірегі шайқалып, өзара қарым-қатынасы шиеленісіп отырған капиталистік елдердің билеп-төстеушілері халықтардың кәзіргі ең күшті талабы — бейбіт қатар өмір сүру талабымен санаспай отыра алмайды.

Дүние жүзіндегі тұңғыш совет мемлекетінің 42 жылдығын бүкіл социалистік лагерь еңбекшілерінің зор шабыт, күшті жігер, мол үміт үстінде, бірлік жағдайында мерекелеуі, туысқан партиялардың жеңімпаз марксизм-ленинизм идеяларының негізінде бұрынғыдан да берік топтасуы — баянды бейбітшіліктің айқын кепілі. Күші кемеліне келіп, жарқын болашағы күлімдеп тұрған социализм системасындағы халықтар ынтымақ, достық, туысқандық, азаттық туы астында коммунизмге қарай адымдай береді.

Халыққа білім беру жүйесін қайта құрудағы алғашқы адым

Ә. ШӘРІПОВ,

Қазақ ССР Оқу министрі

КПСС XXI съезінің тарихи шешімдерімен жігерленген халық ағарту майданының қызметкерлері, мұғалімдер оқуды өмірмен ұштастыру міндетіне белсене ат салысуда.

Еліміздің еңбекшілері Коммунистік партияның басшылығымен коммунистік қоғам орнатуды жаппай өрістетуді дәуіріне аяқ басып, жетіжылдық жоспарды жедел орындау үшін экономика мен мәдениеттің барлық саласында социалистік жарысты қыздырып жатқанда, бүкіл-халықтық бұл қозғалыстан мұғалімдер жұртшылығы да шет қалып отырған жоқ.

Жеткіншек ұрпақты өнер-біліммен қаруландырып, практикалық іске, өмірге баулып отырған, адамгершілікке тәрбиелеп, өрендерін қала, даладағы еңбек майданына қатыстырып келе жатқан педагогикалық коллективтер республикада жүздеп бар.

СССР Жоғарғы Советі мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі оқытудың өмірмен байланысын нығайту, халыққа білім беру жүйесін қайта құру жайында Заңдар қабылдағаннан бергі уақыттың ішінде Қазақ ССР Оқу министрлігі біраз шараларды жүзеге асырып, алғашқы адым жасады. Соның ішінде бастауыш, сегіз жылдық, онжылдық, он бір жылдық мектептердің саны мен орны анықталып, жаңа оқу жоспарлары мен программалар, әр типті мектептер туралы «Ережелердің» жобасы жасалды. Бұлар жұртшылық талқысына түсіп, пікір алысылды.

Сонымен қатар республиканың партия, совет ұйымдары, Халық шаруашылығы советтері, кәсіпорындары мен колхоз, совхоздар мектепке деген қамқорлықты бұрынғыдан күшейте түсті. Жаңадан көптеген мектеп салынып, бар мектептер оқушылар санына сәйкес кеңейтілді. Көптеген мектеп үйлерін, оқу шеберханалары мен спорт залдарын республиканың колхоздары өз күші, өз қаражатымен салды.

Біздің республикамыздың бірқатар кәсіпорындары мен колхоз, совхоз басшылары халық ағарту жүйесін қайта құру ісінен қолдан келген көмегін аямайды. Мысалы, Ақтөбедегі ферросплав зауытының коллективі өздерінің қамқорлығындағы № 8 орта мектеп оқушыларына арнап оқу цехын жасап берді. Бұл мектептің жоғарғы клас оқушылары өндірістік оқуды осында өтеді.

Шығыс Қазақстан Халық шаруашылығы советі арнаулы оқу цехтарын жабдықтауды, өндіріске үйрететін арнаулы орындар белгілеуді ұйымдастырды.

Социалистік Еңбек Ері атағын екі рет алған Нұрмолда Алдабергенов басқаратын Сталин атындағы колхоз арнаулы жобамен 400 балаға мектеп салып берді, оқу шеберханаларын, лабораторияларын жабдықтады.

Алматы облысының еңбекшілері 13 680 орны бар 60 мектеп, Оңтүстік Қазақстан облысының еңбекшілері 10 285 орны бар 36 мектеп, Батыс Қазақстан облысының еңбекшілері 3 800 орны бар 33 мектеп, 350 балаға арналған 9 интернат үйін, көптеген шеберхана, спорт залдарын өз күштерімен салып шықты.

Жамбыл облысы, Шу ауданының колхозшылары колхозаралық мектеп-интернат салып бітірді. Сөйтіп колхозшы балаларының, әсіресе жайылымдағы малшы балаларының алаңсыз оқып, білім, тәрбие алуына толық жағдай жасалды.

Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркстан ауданының партия, совет ұйымдарының нақты ұйымдастыру жұмыстары арқасында аудандағы барлық мектепті бір сменада оқуға көшіру туралы Карл Маркс атындағы, Сталин атындағы колхоздардың колхозшылары және Түркстандағы мақта тазалау заводының коллективі үндеу қабылдады. Бұл бастаманы аудан еңбекшілері түгел қолдап, өздерінің ішкі мүмкіншіліктерін пайдалану нәтижесінде 5 000 орындық 43 класс бөлмесін, 100 орындық мектеп-интернат, 12 шеберхана, 4 спорт залын, теплица салып бітірді. Кәзір ауданның барлық 65 мектебі бір сменада оқиды.

Түркстандықтардың тамаша бастамасын бүкіл Оңтүстік Қазақстан облысының еңбекшілері қуаттап, облыс мектептерін бір сменаға көшіруді қолға алып отыр.

Алматы облысы, Киров ауданының Ленин атындағы колхозы (председателі Қанаев), Мұсабек атындағы колхозы (председателі Қаскеев) үлгі көрсетіп, өз колхоздарының орталығына жобалы мектеп салумен бірге, әр колхоз 50 мың сом жұмсап, мектепті жабдықтады және оқушылардың өндірістік оқуына толық жағдай туғызды.

Ауданның партия, совет органдары таяудағы жылдарда аудан көлеміндегі барлық мектепті бір сменаға көшіруді, сонымен бірге отардағы малшылар балаларының оқуына толық жағдай туғызу үшін колхоздардың күш-қаражатымен колхозаралық мектеп-интернат салуды мақсат етіп қойып отыр.

Алматы облысының Нарынқол, Ұйғыр, Гвардия аудандарының партия, совет органдары мектептердің оқу-материалдық базасын нығайтуда едәуір қамқорлық көрсетті. Алдағы уақытта да мұндай игілікті істерді мейлінше қолдап, дамыта беруге тиіспіз.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі қабылдаған Заң бойынша республика мектептері міндетті жетіжылдықтан жалпыға бірдей міндетті сегізжылдық білім беруге көшеді.

Оқу жасындағы балаларды мектепке түгел тартудың басты шарты — олардың тұрмыс жағдайын жақсартып, интернаттар санын, ондағы орындарды көбейте беру. Кәзір республикадағы интернаттарда 40 мыңдай бала тәрбиеленеді. Жергілікті Советтер мен халық ағарту орындарының абыройлы борышы — мұқтаж балаларды интернатқа орналастыру, мектепке үш километрден алыс тұратын балаларды апарып салып, алып қайтуды ұйымдастыру, әрбір мектеп жанынан ертенгілік ыстық тамақ, буфет ашу.

Балалардың оқуды тастап кетуі жойылмай келеді. Әрбір шәкірттің міндетті түрде жетіжылдық, кейіннен сегізжылдық мектепті бітіріп шығуын қамтамасыз ету — Заңда көрсетілген келелі міндеттердің бірі.

Халыққа білім берудің жаңа жүйесі оқу жоспары мен оқу программаларын өзгертіп қоюмен ғана бітпейді, қайта оқу-тәрбие жұмысының сапасын барынша жақсартуды талап етеді. Орта мектепте жалпы және политехникалық білім беру дәрежесі бұрынғыдан да арта түседі. Әсіресе, физика, химия, есеп, сызу, биология, тіл, тарих пәндерінен жанжақты терең білім беруге назар аударылады.

Ақтөбе облысындағы Ново-Кубань орта мектебі (директоры В. А. Ницевич) политехникалық оқуды ойдағыдай ұйымдастырып келеді. Оның аймағындағы 9 колхоз мүшелерінің балалары интернатта жатып оқиды.

Мектептің тұрған жері су бармайтын дөңес, далалы жер. Алайда мектеп басшыларының, әсіресе биология мұғалімі О. В. Малер жолдас-тың ұйымдастыру қабілеті мен күш-жігері арқасында мектеп жанында

ғы 2 гектар оқу-тәжірибе учаскесі шын мәнісінде жасыл лабораторияға айналдырылған.

Мұнда мәуелі шөп, гүлдермен қатар овощь, бау-бақша дақылдарының, жемістерінің сан түрлері өсірілген, әрбір кластың өз әліне, білім дәрежесіне қарай бөліп алған жері бар.

Мектептің жоғарғы класс оқушыларынан арнаулы өндіріс бригадасы құрылып, олар колхоздың 4 гектар бақшасын, 25 гектар қант қызылшасын, жүгері егісін өз күтіміне алып, колхоз, совхоздарға үлгі боларлықтай тәжірибе учаскесін жасады. Мұнда суды жер астынан тартатын жел двигателі орнатылған. Ол тартқан су күн шуағына қойылған үлкен науаға құйылып жылынады да, әдейі тартып қойған жіңішке құбырмен оқу-тәжірибе учаскесін суарады.

Сөйтіп шәкірттер бастауыш кластан бастап орта білім алғанша класта оқығандарын өмірмен байланыстырады. Мектептің ауыл шаруашылығында атқаратын жұмысы РТС-тегі техниканы пайдалану арқылы жүргізіледі де, оқушылар ауылшаруашылық техникасын меңгеріп шығады.

Оқушыларды өнімді еңбекке қатыстырудың үлгісін Ақтөбе қаласындағы № 12 жетіжылдық мектеп те (директоры Т. И. Курамшина жолдас) көрсетіп келеді.

Бұл мектептің оқушылары өздерін қамқорлыққа алған завод коллективінің көмегімен екі жыл бойы екі қатарлы мектеп үйін салып, биыл өздері салған мектепте оқи бастады. Мектептің іші-сырты оқушылардың, педагогикалық коллективтің күшімен көркейтілді. Мектепте эстетикалық тәрбие ойдағыдай жүргізіледі. Мектеп айналасындағы бір гектарға жуық аланды оқу-тәжірибе учаскесі алып жатыр. Мұны мәпелеп өсірген оқушылардың еңбегіне сүйсінбейтін жан жоқ. Дала жағдайында қаулап өскен сан түрлі жеміс-жидектер мектепке көрік береді.

Өскемен қаласындағы № 29 орта мектеп үш жылдан бері политехникалық білім беру тәжірибесін жүргізіп келеді. Бұл мектеп өндірістік оқуды кәдүескі шеберханадан бастап, оны үдете-үдете мектеп заводын құруға дейін жетті.

Бұл заводта ағаш шебері, слесарьлық, тігін, электротехника цехтары жұмыс істейді. Электротехника цехы заказдар орындай алатын дәрежеге жетті. Өткен оқу жылында 40 мың сомның заказын орындады.

Оқушылардың цехтары жұмысына тәжірибелі мұғалім Белоненко басшылық етеді. Оқушыларды әсіресе мотор, генератор тағы басқа электр аспаптарын жөндеу жұмысы еліктіріп әкетті. Өткен оқу жылының аяғында бұл цехта істеген жоғарғы класс оқушылары III разрядты мамандық алып шықты.

Өскемендегі № 28 орта мектеп, Кемпірсай кен басқармасының жанындағы (Ақтөбе облысы) Ботамшы орта мектебі, Қарғалы, Қаскелен (Алматы облысы) орта мектептері политехникалық оқуға жақсы көңіл бөліп келеді.

Ғылым негіздерін меңгеруді өнімді еңбекпен дұрыс ұштастыруда Қарағанды облысының көптеген мектептері көзге көрінерлік жұмыс істеуде. Облыстағы Жезқазған, Теміртау, Балқаш тағы басқа өнеркәсіп орындарындағы мектептерді айтпағанда, Қарағанды қаласының өзінде ғана № 1, 2, 3, және 8 мектептерде мектеп заводтарының жемісті жұмыс істеп жатқанын айтсақ та жеткілікті.

Бұл мектептерде VIII класс оқушылары өндіріс негіздерімен оқу жылының алғашқы жартысында танысады да, оқу жылының екінші жартысында өздерін қамқорлыққа алған өнеркәсіп орындарында өнімді еңбекке тікелей қатысады. Оқушылар металдар технологиясымен, токарлық, слесарьлық, электротехникалық жұмыстардың тетіктерімен тереңірек танысып, орта мектепті бітіргенде өндірістің осы салаларында дербес еңбек ете алатын маман болып шығады.

Республикада оқуды өмірмен, қоғамдық пайдалы еңбекпен ұштастыра жүргізетін педагогикалық коллективтер әрбір ауданнан-ақ кездеседі. Міндет — осындай мектептердің озат тәжірибелерін кең таратып, оқуды өмірмен байланыстыра жүргізуге барлық мектептерді ортақ ету.

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі биыл оқушылардың өзіне өзі қызмет етуі оларды еңбекке баулудың бір түрі деп тауып, арнаулы қаулы алды. Үстіміздегі оқу жылында көптеген мектеп оқушылары өздеріне өздері қызмет етіп, класты, мектепті, оның жанындағы интернатты, мектеп-интернатты, балалар үйлерін, басқа да балалар мекемелерін күтіп, гүлдендіре бастады. Ата-аналар мұндай дағдыларды мектеп оқушыларына үй ішінде де үйретіп отырса, осыған сәйкес педагогикалық коллектив ата-аналар арасында түсінік жұмыстарын жүргізсе, мектеп пен семья алдына қойылған ардақты міндет неғұрлым жемісті шешілер еді.

Мектеп жүйесін қайта құру жөніндегі талаптарды, ең алдымен политехникалық білім беру, оқуды өмірмен, өнімді еңбекпен ұштастыра жүргізу мектептегі оқу-тәрбие жұмысының дұрыс ұйымдастырылуына тікелей байланысты. Сондықтан мектеп басшыларына қойылатын талап бұрынғыдан анағұрлым күшейе түсті. Олар методикалық бірлестіктердің жұмысын дұрыс ұйымдастырып, бүкіл коллективтің өнерпаздығын тастықтайтын өрістетуге тиіс.

Халық ағарту жүйесін қайта құру жөніндегі Заң қабылданғаннан бергі уақыт ішінде мектеп басшыларының қатары жоғары білімді, тәжірибелі, қолынан іс келетін жана кадрлармен толықтырылды.

Алайда мектептердің алдында тұрған жана міндеттің мәнін жете түсінбей, политехникалық оқу шеберханалар салумен, кабинеттер жабдықтаумен, құс, қоян өсірумен, оқу-тәжірибе учаскесінен мол өнім алумен тынады дейтін басшылар да жоқ емес.

Әрине, бұларсыз политехникалық оқу болмақ емес. Бірақ мектептің негізгі міндеті жастарға жалпы білім беру дәрежесін көтеру, оларды ғылым негіздерімен жанжақты қаруландыру. Ал бұл міндет әрбір мұғалімнің әдісін жана талап дәрежесіне көтеруді, оқуды өнімді еңбекпен, өмірмен ұштастыруда еңбек тәрбиесін педагогикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастыруға байланысты. Білім беру жүйесін қайта құрудағы шешуші бағыт осылар екенін жете түсіну қажет.

Соңғы кезге дейін мектеп басшылары ішкі бақылау жұмысын мұғалімдердің сабағына кіру, оның қорытындысын талдау ісімен шектене келді. Ал, мәселенің негізгі түйіні мектеп директорының неше сабақта болуында емес, қайта мұғалім еңбегінің жемісті болуын қамтамасыз етіп, ұйымшыл, іскер коллектив құра білуде.

Мектеп жүйесін қайта құру жөніндегі ұшан-теңіз жұмыстар таяудағы 3 — 5 жылдың ішінде аяқталмақ. Мұның өзі партия және совет ұйымдарынан, халық ағарту орындарынан мектепке басшылықты түбірінен жақсартуды талап етеді. Әрбір мектеп басшысының, оның педагогикалық коллективінің жұмысы партия және совет органдарының назарынан шықпауы тиіс.

Бақылау жұмысын бетімен жіберу кемшілікті көпе-көрнеу асқындырып жібереді. Оны мынадай мысалдан көруге болады. Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданының орталығы Есік селосынан биыл жанадан мектеп-интернат ашылды. Мұндай жана мекеменің қаншалықты маңызы бар екенін аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқару комитеті білмей қойған жоқ. Бұл мектеп-интернат облыстық оқу бөлімінен де қашық емес, ал аудандық оқу бөлімінің нақ іргесінде. Алайда Оқу министрлігі тарапынан болған тексеруде бұл мектеп-интернатта төзгісіз жағдайлардың орын тепкені анықталды.

Мектеп-интернаттағы балалардың жатар орны жабдыкталмаған, көмекші бөлмелер даярланбаған, тұрмыс қажетін атқаратын орындар

жок. Киім-кешек жетіспеуінен балалар күн ыстықта қалың киіммен сабаққа баруға мәжбүр болған.

Мектеп-интернаттың мұршасыздығы, оған ешкімнің көңіл бөлмегені соншалық, тіпті оның асханасына жас ет берілмеген, ал картопты базардан сатып алып отырған. Ол-ол ма, балалар мектеп-интернатқа талғаусыз алынған. Сөйтіп мектеп-интернат туралы ереже бұл ауданда өрескел бұзылған.

Халық ағарту жүйесінде жаңа оқу-тәрбие мекемелері — мектеп-интернаттардың ролі зор. Жергілікті советтер, халық ағарту органдары мектеп-интернаттардың толық жабдықталып, тәрбиеленушілерге мәдени-тұрмыс жағдайлары жасалуын қамтамасыз етуі тиіс, ал мұндай жаңа оқу-тәрбие орындарында істейтін мұғалімдер мен тәрбиешілер өз мамандықтарын күнделікті жетілдіре отырып, өздеріне жүктелген әрі зор, әрі жауапты міндетті абыроймен орындайтын болуы керек.

Одақта және республикада мектеп туралы қабылданған Заңда жұмысшы және село жастарының кешкі (сменалық) мектептері, сырттан оқытатын орта мектептер жастарға жалпы орта білім беретін мектеп типтерінің ішінде ең бастысы деп атап көрсетілді. Бұл мектептерде оқитын, өндірісте істеп жүрген жастардың саны үстіміздегі оқу жылының өзінде-ақ көбейіп отыр.

Қазақстандағы он мыңға тарта мектепте 80 мыңдай мұғалім жұмыс істейді. Мұғалім кадрлары республика интеллигенциясының алдыңғы сапында, олар экономика мен мәдениетті дамытуға елеулі үлес қосып келеді.

Көптеген мұғалімдер Қазақ ССР Жоғарғы Советінің, еңбекшілер депутаттары облыстық, аудандық, қалалық, ауылдық, селолық Советтерінің депутаттары. Республикада өткізілетін шаруашылық, саяси науқандардың қай-қайсысына болса да белсене қатыспайтын педагогикалық коллектив жок.

Совет халқының ең қымбаттысы — жас ұрпақты оқытып, тәрбиелеуде аянбай еңбек етіп жатқан халық мұғалімі шын мәнісінде ел құрметіне бөленген.

Мұғалім еңбегінің неғұрлым жемісті болуы үшін оның тұрмыс жағдайына қамқорлық жасау — бүкіл жұртшылықтың, партия, совет орындарының төл ісі. Бұл жөнінде елеулі кемшіліктердің әлі күнге орын алып келе жатқанын жасыруға болмайды. Ауыл-селолық жерлердегі көптеген мұғалімдер тұрғын үймен, отынмен, жарықпен қамтамасыз етілмей отыр.

Үстіміздегі оқу жылы әдеттегі календарьлық оқу жылдарынан әлдеқайда өзгеше — совет мектебінің даму жолындағы тарихи жаңа кезеге жол салатын жыл, тәжірибе жылы, жаңа оқу жоспары мен программаларды іс жүзінде сынайтын жыл, оқуды еңбекпен ұштастыру негізінде болашақ өнер-білім иелерін даярлауға батыл бет бұратын жыл.

Политехникалық оқудың ғылыми методикасын жасау мұғалімдер жұртшылығының алдында тұрған айбынды міндет. Біздің педагогикалық ғылыми-зерттеу институтымыз өз жұмысын озат мектептер мен тәжірибелі мұғалімдердің әдісін, туысқан республикалардағы жаңа мектептердің, педагогикалық ғылымның қол жеткен табыстарын зерттеуге бағындырып, бүтіндей қайта құра бастады.

Совет мектебінде жас ұрпақты өнер-біліммен қаруландырып, еңбекке баулу, коммунизмнің сәулетті болашағында өмір сүретін жарқын жүзді жас ұландарды әрі білімді, әрі іскер етіп тәрбиелеу — бүкіл халқымыздың, миллиондардың төл ісі. Коммунистік партия мен Совет үкіметінің жасөспірім ұрпаққа деген аталық қамқорлығына республика халық ағарту қызметкерлері оқыту ісін өмірмен тығыз байланыстыра отырып жауап беретіндігінде күмән жок.

Сыншыларға да сын айтсақ

Ә. НҰРПЕЙІСОВ

Қазақ жазушыларының пленумы таяу. Онда сын жайы да сөз болмақ. Сыншылар жұртшылық алдына бары мен жоғын салмақ. Ал, қолда бар қазина біраз. Өйткені, осы күні әдебиет майданында сын жазбайтын кісі кемде-кем. Ала-бөле жастар жағы — күй акын, күй жазушы бол — сынға жиі араласып жүр. Үлкен шабыста жүлде алмағанмен бәрінің де бір-бір мүшелігі бар. Оның үстіне сыншылар қатарына білімді, ойлы жастар жасағы қосылып, қаулап өсіп келеді. Жазушылар пленумы алдында «Жұлдыз» журналы мен «Қазақ әдебиеті» газеті игі істерге шұғыл бет бұрып отыр. Әсіресе газет сын мәселесін кен қойып, арнаулы беттер беріп, қызу талқыға кірісті. Бір сүйсінерлік нәрсе — сын мәселесін талқылауға маман әдебиетшілермен бірге қалың оқушылар жұртшылығы да қатыса бастады.

† Қысқасы, бізде сын бар. Тек бетінен оты шыққан жалынды, өткір сын жоқтың қасы. Көп сыншымыз жалтақ, жалпылдақ, әсіресе, үлкен жазушылардың шығармасына пікір айтқанда бір ауыз сынның өзін тамағы бүлкілдеп буынып шаққа айтады. Мықтағанда әлі жететін адамына — бала-шағаға ғана мәтіби.

Ал, осы дұрыс па? Әрине, дұрыс емес. Неге десеніз, көркем шығарманың тілі — жалын, жаны — от. Әр жолынан от ұшқындап, тиген жерін тұтатып, өртеп жібереді. Ақын жүрегін жарып шыққан отты жыр жөнінде ұламалардың салқын қандылығы мен салғырттығына салып, сылбыр сөйлеу қиын-ақ! Әммеге аян: бізде қансыз, жансыз шығармалар да аз емес. Ондай шығармаларда өмір бояуы солғын, алыстан бейне тұман ішінен көмескі елестегендей, оқушы сезімін қытықтамай, өзін-өзі қамшылап отырып оқиды. Ондай кітаптарды оқушылар екінші қайтара қолына алмайды. Амал қанша, осы күні оқушылар қабылдамай қойған шығармаларды сыншылар жақтап сөйлеп, кейде тіпті сойыл соғары боп кетіп жүр. Ол неліктен? Ондай сыншылар жақсы мен жаманды айыра алмайтындай халге жеткен, көркемдік талғамы қалмаған, я болмаса әдебиеттегі адалдықты қатар жүрген қаламдас жолдастың қасы мен қабағына айырбастаған. Ал, ондай сыншыларға жақсы да жақсы, жаман да жақсы. Ондай сыншылардың бір шығармаға екі түрлі пікірі болады. Бірі — оқушыға ұсынар пікірі, екіншісі — онашада сыбырлап айтар пікірі.

Біріншісі — жалған (жазушының көңілін аулауы үшін айта салған пікір), ал екіншісі — анық адал пікірі. Ондай сыншылар, бәлкім, өзін кісі көңілін тапқышпын деп ойлар; қанша жорға болғанмен сүреңсіз шығармалардың жақсы сынға азық бола алмайтыны белгілі. Сүреңсіз шығарманы көкке көтеріп мақтағанмен — бүгінде оқушының көзі ашық — арзан сөзді қымбатқа пұлдап өткізу қиын. Көтерем арықты көптірме сөзбен семірткен сыншыны көрген жоқпыз. Таңдай түскенше мақтаса да көк жасықтың аты көк жасық. Бұл турасында, атағы бар сыншымыз Есмағамбет Ысмайыловтың «Жанр сыры» деген мақаласын-ақ алыңызшы. Мақаланың аты қандай жақсы. Шынында жанр ерекшелігі жөнінде қызық ой айтып, әдебиеттің теориялық бір үлкен

мәселесін ойлы сыншымыз осы тұста түйіп тастайды екен деп қалғанбыз: Өйткені, өткен жылы ғана Ысмайылов «Шығарма және сын» деген үлкен мақала жазды. Қате, теріс пікірлері болғанмен, осы мақалада бір ғана дұрыс ой бар еді. Пікірсіз, нәрсіз «домалақ» сын әдебиетті өсірмейді, сын өткір болсын деп Ысмайылов өзінің үлкен даусымен ұран тастағандай болғанды. Е. Ысмайылов жолдас «домалақ» сыннан қатты жиіркеніп, енді жоламастай болған екен деп қалып едік. Көп оқушы сыншының келесі мақаласын асыға күтіп еді. Сол күткеніміз «Жанр сыры» нағыз «домалақ» сынның үлгісі болды да шықты. Е. Ысмайылов Ж. Жұмахановтың әңгімелер жинағын аузы талғанша мақтайды: «Автор қысқа әңгімеде бүгінгі өмірдің аса бір түйінді мәселесін, әркімді де толғандыратын типтік оқиғаны тартымды сюжет арқылы баяндайды. Екінші—жазушы алған оқиғасын түрлі мінез-құлықтағы адамдарды орамды, жатық тілмен көркем суреттей біледі». (Е. Ысмайылов, «Жанр сыры», «Лениншіл жас» 29 сентябрь 1959 жыл). Ал, осы құрғақ сөз. Нағыз «домалақ» сын. Өйткені, сыншы Ж. Жұмахановтың әңгімелеріндегі өзі айтқандай, оқушыны «толғандыратын типтік оқиғаның», не әлде «тартымды сюжеттің» қайсы екенін қолға ұстатып, көзге көрсетіп берерліктей етіп талдау жасамаған. Ол-ол болсын! Онан кейін Ж. Жұмаханов әңгімелеріндегі «түрлі мінез-құлықтағы адамдарды да» даралап аша алмаған. Аға сыншы Ж. Жұмахановтың «суреткерлік шеберлігін» шектен шығара мақтайды. «Орамды, жатық тілмен көркем суреттеп береді» деп, мықты тұжырымға келеді. Ал, осы шындыққа жанаса ма? Шынында да Ж. Жұмахановтың тілі орамды ма, жатық па, көркем бе?

Жоқ, біз білерде мүлде басқаша болатын. Кәне, төрешіміз мысал болсын, мысалдарға жүгінісіп көрелік: «...Комитетке жанды қатынаспен хат жөнелттік» (5-бет), «Сіз іске туған адам екенсіз» (11-бет), «...ертемен жұмысқа кетерде сүйемелдеп тұрғызып, дәреттендіріп, астын желдетіп, қатықсыз, қауқарсыз болса да нәр татқызып, қайта жатқызып кетеміз» (5-бет), «Бала» деген бір сөз жүрекке демеу, денеге жел беріп, шаршағанды елетпей құстай ұшып, құйындай төпеп келмін» (15-бет), «Екі көзім от болып, өзге дүние жоқ болып кетті» (15-бет), «— Амандық Балтабеков, — дегенде, менің ішкі өзегім бордай үгіліп, қанттай еріп жүре берді» (16-бет). Біз бұл үзіндіні Жұмахановтың кейбіреулер ең жақсы деп, дабырайтып жүрген әңгімесінен — «Жазылмаған кітап» әңгімесінен алып отырмыз. Басқасын былай қойғанда, «дәреттендіріп, астын желдетіп» деген тұрпайы, дәкір тілді мұнан бұрын қай кітаптан оқып едік?

Есмағамбет Ысмайылов ойлы да, тілді де сыншымыз. Ал, осы мақаласында соның бірі болмауы не? Тым құрыса, жанр ерекшелігі жөнінде бір түйір ой айта алмауы, жұмған аузын ашпай қалуы неліктен? Бір есептен ол сыншыдан емес. А. В. Луначарский қуыршақ жасау кез келгеннің қолынан келеді, қаны, жаны лүпілдеп бетіне шығып тұрған кесек образ жасау қиын дегенді. Сыншы қанша ойлы болғанымен, үлкен пікір айту үшін қолындағы поэтикалық материал да кесек болу керек. Сыншы ойын ойлы шығарма ғана оята алады. Ал, сүреңсіз шығарманы сүйемелдемек болған сыншының қаламынан сүйексіз мақала «домалақ» мақала ғана туады. Өйткені, сыншы көп оқушының бірі емес, А. В. Луначарский айтпақшы, сыншы көркем сөздің шебері, ең алдымен сыншының өзі мықты жазушы болу керек. Дәлірек айтқанда, сыншылар көркем шығарма жазбайды, бірақ сын айтқан шығарманың жан-сырын жазушының өзінен де гөрі артығырақ білуге тиіс. Сыншы қиялы жазушы қиялы жеткен жердің аржағынан асып түсіп, тереңін копарып сөйлесін. Мұнан да гөрі дәлірек айтқанда, сыншы «басқа кісіден әлде қайда артық білем» деп ойлағанда ғана шығармаға үкім айту керек. Сонда ғана талдау жасаған шығармасынан өзінен бұрын басқа

бір жан байқамаған соны, тың жаңалық ашып, оқушы қауымын мақаласымен емес, жаңалығымен қуантып отырады. Көркем шығарма жайдан-жай туа қалмайды. Үлкен шығарманың үлкен толғағы болады. Шығарма туу үшін сан түрлі әлеуметтік, қоғамдық қозғаулар мен экономикалық жағдайлардың қолма-қол себебі болатынын сыншылар кейде ескермей жүр.

Нағыз сыншы шығармаға терең талдау жасап, жазушылық жолдың бар азабын пәш етіп береді. Ол керек. Онсын жалпақ жұрт жазушы еңбегін мұнан да артығырақ сыйлар еді. Бұл бір. Екінші—жазушылық еңбекті алым көріп, кез келген кісі шығарма жазуға әуестенбес еді ғой. Бұл жазушыны халықтан бөлу емес, бұл творчестволық еңбекті күн көрістің қарапайым кәсібіне айналдырып жібермеу.

* * *

Әрине, әділ сыншы болу да оңай емес. Өйткені, сынды жақсы көретін кісі аз. Көп жазушы үшін шығармасын сынағанда бір, қырық инемен жанын шығара шабақтағанда бір. Жанына батыра сын айтсаңыз-ақ шөкпар ала жүгіретін «қызыл көздер» аз емес. Кейде, тіпті жоғарыға арызын айдап, шырылдап араша сұрайтынын қайтерсің!

Көп жағдайда, мақтап жазған сындардың оқушы көкейіне қонбайтыны, бір пікіріне ұйыта, иландыра алмайтыны содан. Қысқасы, сүренсіз, солғын шығарманы қолпаштап, мақтап жазған сын да, сөз жоқ, солғын шығады. Ал, осындай келіспеген, келенсіз жайлар кәзіргі әдеби сындарда бар ма? Әрине, бар. Бұған біз кейінірек тоқталамыз, соған дейін айта кететін бір нәрсе мынау: әдетте ғой, біз ақын, жазушылар бір-екі кітап шығарып алғаннан кейін мұрның көкке көтеріп, мен-менсіп кетеді дейміз. Осы сөзді сыншыларға да айтқан дұрыс. Кеше, күні кеше ғана әдебиет босағасынан ибамен тәжім етіп аттаған жас сыншыларымыздың алды осы кәзір бір-екіден кітап шығарып, қалың жұртқа таныла бастады. Күні кеше ғана шәкірт сыншы боп, жұрт алдына сын мақаласымен шығарда жүрексініп, бір ойын он толғанып, бір сөзін он қайтара көшіріп, қаламы дірілдеп жазатын болса, ал бүгін де олардың алдында да қол қусырып тұратын шәкірттері бар, әр мақаласын асыға күтіп отырған сан-сан оқушылары бар. Ол жамандық емес, жақсылық, ол өскендіктің белгісі; елге еңбегімен танылып, жас талант іштей көктеп түлеп жатқанда, оған кім қуанбас.

Айқын Нұрқатов, Қалжан Нұрмаханов, Серік Қирабаев, Баламер Сахариев, Қаратай Құттыбаев, Мүсілім Базарбаев тағы басқа жас сыншылар советтік жауынгер сынның жақсы бір жасағы. Көктей қаулап шыққан кейінгі көк өрім буынның ілгергі, өздеріне дейінгі ағаларынан бір өзгешелігі бар. Бұлар әдебиетке мықты теориялық даярлықпен, жалынды жүрекпен топ жарып келген жастар еді. Рас, олар алғашқы кезде жазған сын мақалаларында ойлы, терең толғамды пікір айтты. Кейінірек келгесін жас сыншылардың да арқауы босап, отты сезімі салқындай бастады. Олар да бет жыртпайтын жалпақ шешей бола бастады. Кісі көңілін жықпай, төгілтіп мақтайтын төкпе сыншы боп алды. Мәселен, Айқын Нұрқатовты алыңызшы. Ол кейінгі жас буындардың ішіндегі ең талантты, ең бір ойлы сыншы. Мұхтар Әуезовтың «Абай» эпопеясына терең талдау жасап, жан-жақты, жүйе-жүйе ой айтқан сыншының бірі осы А. Нұрқатов екені даусыз. Жақсы шығармаға жылы жаздай жадырап, пейілденіп пікір айтты. Ал, бірақ сол Нұрқатовтың кейінгі кезде жазып жүрген сын мақалалары жай мақтау, жалпылама пікір айту тұрғысында қалып жүр. Айрықша, Амантай Байтанаевтың кітабына жазған мақаласы жеңіл мақтау, қатар жолдастың көңіліне қарап айта салған арзан пікір еді. Адал пікірін аржағына тығып қойып, тәжірибелі сыншының бержағынан, ертінің ұшымен ғана айтып отырғанын аңғарасың. Сыншы шығарманың жанына бойлап, жан-жақты талдау

жасамаған, жазушы қиялынан туған көркем образдың сырын ашып, әділ баға айтпаған.

Жақсы-жаман болсын, әрбір кітапта жазушының оқушыға жеткізсем бе деген армандай ойы, көкейкесті идеясы болады. Тіл ерекшелігі, іздену жолы болады. Ал, жазушы жолы—қиын жол. Жаңа шығарма жазу да бір, жолын білмейтін, қиын сапар да бір. Нағыз жазушы шығарма жазған сайын, Магелланның ақыреттей азапты сапарын басынан кешеді. Өйткені, қай жазушы да басқа кісілер салған қасқа жолға түспей, шеберлікке өз сүрлеуі, өз жолымен барады. Жазушы басындағы сан түрлі қиындықты қойғанда, сөз саптаудың өзі қандай азап. Шепте тұрған жаракты жауынгер секілді жақсы шығармада да бір сөз артық болмайды. Мәселен, Крыловтың белгілі мысалынан мына бір ғана жолын алыңызшы: «Муравей даже хаживал один на паука». Сырттай қараған кісіге осы бір қарапайым сөздерде үлкен астар, терең сыр жоқ секілді. Мұндай сөзді айту үшін кереметтей дарынды болудың да қажеті жоқ секілденіп қалуы мүмкін. Ал, бірақ ойланып оқыған кісі осындағы әр сөздің, әсіресе «даже хаживал» деген бір сөзді табу үшін ұлы ақынның аз тебіренбегенін аңғарады. Шынына баққанда, мұнан басқа бір сөз де өрмекшіге жалғыз аттанған құмырысқанын көзсіз ерлігін дәл осындай етіп жеткізіп бере алмас еді.

* * *

Біздің ұғымымызда сыншы—әділдік символы. Дәлірек айтқанда, сыншы шығарма сарапшысы, жазушыларды бір өзінің аузына қаратып ұстап отыратын ақылшы ұстаз. Ал, ұстаз болу үшін ол жазушыдан бойы биік тұруы керек. Демек, ақын, жазушылар сыншы алдында аз да болса именіп, етек-жеңін жиыңқырап отыру керек қой; оның орнына осы күнгі кейбір сыншыларымыз қайта жазушыдан сескеніп, кібіртіктеп, қорғалап сөйлейтін жалтақ. Мұның бір себебі: бүгін де ақын, жазушыларымыз ұлы теңізге шыққан кеме құсап, бүкіл Одақ оқушыларына таныла бастады.

Ал, біздің сыншыларымыздың даусы өз арамыздан аса алмай жүр. Ал, бізден басқа республикалардың сыншылары одақтық аренаға әлдеқашан шықты. Н. Шамота, Новиченко, Жгенти секілді сыншылар кәзір Одақ көлемінде танылып, жұртқа ортақ ақылды пікірлер айтып жүр. Сондай-ақ, біздің сыншыларымыздың кен өріске шығып, шешіліп сөйлеуіне шығарма, тақырып жоқ па? Мәселен, Вадецкийдің «Ақын таразы» романын алыңызшы! Қазақ өмірінен алып жазған Донченко, Десняк романдары мен Пистоленконың «Жазылмаған заң» пьесасын алыңызшы! Осылардың қай-қайсысы да қазақ топырағынан туған туынды ретінде ұсынылып жүр. Демек, бұларға біз де пікір айтып, әділ баға беруге тиіспіз. Ал, бұлар төрт аяғынан тең басып тұрған дүние емес. Әсіресе Вадецкийдің «Ақын таразысы» мен Пистоленконың «Жазылмаған заңы» беті-жүзіне қарамай, батыл пікір айтатын, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, психологиясын шала-пұла білетін адамның үстірт жазған, шалағай шығармалар еді. Тым құрыса бұған екі тілдің жүйрігі Мұхаметжан Қаратаев та бара алмады.

Сонан кейін әдебиет майданында ағаларының ізін басып, қаулап өсіп жастар келеді. Бірақ, ашық айтқанның айыбы жоқ, соның бәрі бірдей талант емес. Іштерінде талапкері көп. Құр әншейін арамтер етпей, соларға өмірдегі орнын табуға себептесіп, жөн сілтеп беретін де сыншы. Жүрегінде жалын бар жас талантты тұғырынан баулап, ертеңгі күні құз-қияға ұшырататын күсбегі сейіс те—сыншы.

Сыншыға артатын жүк көп. Бірақ, не пайда, соның бәрін нығына салып сүйреп келе жатқан нар сыншыны әлі көрген жоқпыз. Кәзіргі сыншылардың көп жүгін ақын-жазушыларымыздың өздері көтеріп жүр. Көркем әдебиеттің келелі бір мәселесі—қазақ поэзиясының кәзіргі

жайы жөнінде үлкен сыншылар үндемей қойған соң, ақындардың өздері сөйледі. Қуандық Шаңғытбаев пен Ғаббас Жұмабаевтың мақалалары көңілдегі көп жайды қозғағаны белгілі. Бірақ, бір айта кететін нәрсе Ғ. Жұмабаевтың мақаласында поэзия қамын ойлайтын албырт жастың жан ашыр жақсы пікірлерімен қатар қате тұжырымдар да жоқ емес-ті. Қамшының ұшы көк қанат жастарға, — Өтежан Нұрғалиев, Төлеген Айбергеновке қаттырақ тиіп кеткені рас. Айрықша Өтежан Нұрғалиевті Қасым Аманжоловқа ашық еліктейді деп, тіптен қисынға келмейтін нәрсені жас ақынның мойнына қиып салуы қиянат-ақ. Әділ төрелігін айтатын аға сыншы табылмаған соң, тағы да бұған белді ақынымыз Әбділда Тәжібаев араласып, «Қас бітіреміз деп, көз шығарып алмайық» деген («Жұлдыз», № 9) мақала жазды. Оның бер жағында, Кәрібай Шәменовтың «Сырбайдың ақындығы» деген көлемді мақаласы («Жұлдыз», № 10) назар аударады. Сыншы бір Сырбай өлеңдерінің төңірегінде қалмайды, Сырбай өлеңдеріне терең талдау жасай отыра, қазақтың лирикалық поэзиясының жайын кең көлемде қызу әңгімелейді.

* * *

Жуықта «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясында астана сыншыларының жиналысы болып өтті. Онда әдеби сынның ірі-ірі мәселелері талқыланды. Мұнан былай қарай осы жақсы бастаманы «Жұлдыз» журналы мен «Қазақ әдебиеті» газеті дәстүріне сіңіріп алғаны жөн. Сыншылар жиналысында Хамит Ерғалиев дұрыс айтты: қазақтың ақын-жазушылары бүгінгі күннің тақырыбына шұғыл бет бұрып отырғанда, ал сыншылардың арғы заманның архивынан бас алмай қоюын ақын қатты сынады.

Айтса-айтпаса да белгілі, жасамыз сыншыларымыз Ы. Дүйсенбаев, Б. Шалабаев, Б. Кенжебаевтар жаңалыққа, бүгінгі күн шығармаларына бет бұрмай отыр. «Жұлдыз» журналының биылғы сандарына қараңыз көзге ұратын бір жай бар. Сын жазып құлшына пікір айтып жүргендердің ішінде белгілі сыншыларымыздың атын тіпті сирек көресіз. Аға сыншыларымыздың, әсіресе М. Қаратаевтың газет, журнал бетіне шығып жүрген сын мақалалары («Социалистік реализм және қазақ прозасының даму жолдары», «Сын керек») шетінен ұялшақ, именшек, басына желек жамылған келіншек сын.

Рас, әдеби сында әдеп болу керек. Мұны сыншылардың еурпына қатты сіңіру қажет. Мәселен, мен «Ашы да болса, ашық сөйлесейік» деген мақалада Ж. Жұмахановтың жазғандарына талдау жасай отырып, қызды-қыздымен бірер жерде оның өз басына да тіл тигізіп жіберіпін. Бірақ, сайып келгенде бізге жүз жыртпайтын жалған сыпайылықтан төрі шындық қымбат. Әдебиетке жаны аштын адамның бір есептен сүреңсіздікке қарсы ашынбай, ызаланбай сөйлеуі де қиын. Ретті жерінде ашынып сөйлеуге кезкелген оқушының, әсіресе сыншының хақы бар. Ондай мысалды Одақ көлеміндегі осы жылғы сын мақалалардан-ақ табуға болады. Алексей Марковтың өлеңдеріне жазған М. Исаковскийдің мақаласын алыңызшы. Алексей Марков кейінгі кезде көп жазған ақын. «Огонек» журналынан бір-екі рет сыйлық та алып, ауызға ілігіп қалғанды. Сонан келе, аға ақын жас ақынға бетін бар, жүзін бар демей, жаман жазасын, тіпті ақын емессін деген ойды ашық аңғартып-ақ айтқан жоқ па. Шындықтың жаршысы — «Правда» газетінің аға ақынның жас ақынға айтқан ауыр, бірақ әділ пікірін қостай қойғаны да белгілі. Біздің мұнан шығарып айтарымыз мынау: біз ұлы орыс халқының жазушыларынан үлгі-өнеге алып өсіп келеміз. Олар ұстаған жол — бізге үлгі.

Михаил Шолоховта қонақ болғанда Н. С. Хрущев жолдас былай деген еді: «Партия көркем сөз шеберлерін не істеуге шақырып отыр?»

Ол совет халқының өмірі мен күресін, оның коммунистік қоғам орнату жолындағы асқан алып еңбегін неғұрлым терең, мейлінше толық, барлық жағынан бірдей зерттеп, баяндап жазуға шақыруда».

Партия басшысының осы сөзін жазушылар ұйымы мен баспа орындары ту етіп ұстап отыруы қажет! Көркем әдебиеттегі сүренсіздікке қарсы бізге де білек сыбанып күресетін уақыт жетті. Бұл жөнінде біз тіпті кенже калып отырмыз. Мәселен, Москва әдебиетшілері биыл жаз бойы шеберлік жөнінде сөз көтеріп, өткір сындар газет бетін дуылдатып жіберді. А. Твардовский «Сүренсіздік пен шалағайлықты жақтаушылар» деген өзінің отты мақаласында шеберлік жайын қатты сөз етті. М. Шолохов, М. Исаковский, А. Твардовский, К. Фединдерден бастап, орыс жазушылары шеберлік жөнінде үлкен сөз қозғап жатқан кезде, біздің үндемей калуымыз ұят-ақ.

Қорытып айтарымыз: бізде сыншы көп, сын да көп, бірақ ой-өрісі биік, кемел ақылшы сын аз сияқты. Көп сындар біріне бірі ұқсас. Айта-тын ойы, пікірі, тілі, талдауы ұқсас. Құнарсыз, сұрқай, сылбыр тілмен жазылған сын мақалалардың қанатты ойы да, отты, өткір жүзі де болмайды. Жұрт алдына топ жарып шыға алмай, бұта түбін паналайтын бұқпантай сыннан пайда жоқ. Қазақстан совет жазушылар одағының алда болатын пленумында осы жайды ашық та, ашына да айтуымыз керек.

Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихы

XVIII ТАРАУ

СССР-дің коммунистік қоғам құрылысын кеңінен өрістету дәуіріне енуі. Партияның XXI съезі

I. Халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспары—СССР-дегі коммунистік құрылыс программасының құрамды бөлімі

Партияның XX съезінің шешімдерін жүзеге асыра отырып, совет халқы экономиканы, мәдениетті және ғылымды дамытуда тамаша табыстарға жетті. Осының арқасында өндірісті дамыту қарқындарын күшейту және еңбекшілердің әл-ауқатын көтеру үшін қажетті, шаруашылықтың социалистік системасында бар сарқылмас мүмкіндіктер бұрынғыдан да молая түсті. Өндіргіш күштерді дамыту жөнінде қолымыз жеткен табыстар СССР-де коммунизм құрылысының неғұрлым жоғары сатысына өтуге қажетті алғы шарттардың бәрі де бар екенін көрсетті.

Совет елінің дамуында жаңа кезеңнің басталып отырғанын партия дер кезінде ескерді. КПСС-тің XX съезі еліміздің экономикасы мен мәдениетін дамытудың бірнеше бесжылдыққа арналған перспективтік жоспарын жасау міндетін ұсынды. Ұлы Октябрь социалистік революциясының қырық жылдығына арналған СССР Жоғарғы Советінің сессиясында Н. С. Хрущев таяудағы 15 жыл ішінде еліміздің өндіргіш күштерін дамытудың басты міндеттерін баяндап берді. Осы дәуірдің ішінде өнеркәсіптік шешуші салалары өз өнімін екі-үш еседен аса көбейтеді. Халық шаруашылығын өркендетудің 15 жылға арналған перспективалық жоспары СССР-де коммунизм орнатудың экономикалық программасы болып табылады.

Партияның XX съезінің қаулылары, партия мен үкіметтің содан былайғы жердегі шешімдері негізінде және 1957 жылы 6 ноябрьде СССР Жоғарғы Советінің мерекелік сессиясында баяндалған Совет Одағы өндіргіш күштерін дамытудың программасына сәйкес, КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі СССР-дің халық шаруашылығын өркендетудің 1959—1965 жылдарға арналған бақылау цифрларының жобасын әзірледі. Жетіжылдық жоспардың жобасын әзірлеу ісіне одақтас республикалардың Министрлер Советі, министрліктер мен ведомстволар, СССР Ғылым академиясы және басқа ғылыми мекемелер, халық шаруашылығының советтері қатынасты. Жергілікті партия, совет және шаруашылық органдары, партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары үлкен жұмыс жүргізді. Жобаны жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенцияның көптеген ұсыныстары енгізілді. КПСС Орталық Комитетінің 1958 жылғы ноябрь пленумы партияның XXI съезінде Н. С. Хрущевтің «СССР халық шаруашылығын өркендетудің 1959—1965 жылдарға арналған бақылау цифрлары» туралы жасайтын баяндамасының тезистерінің жобасын мақұлдап, съезд алдында кең талқылау үшін бұл тезистер баспасөз бетінде жариялансын деп қаулы алды.

Жетіжылдық жоспардың жобасын талқылау партияның бұқарамен тығыз байланысының, совет халқының Коммунистік партия төңірегіне топтасқандығының айқын көрінісі болды. Елімізде 968 мыңнан астам жиналыстар өтті, бұл жиналыстарға 70 миллионнан астам адам қатынасып, 4 миллион 672 мың адам сөйледі. Оның үстіне, газеттердің, журналдардың редакцияларына, радио мен телевидениеге 650 мыңнан астам хаттар мен мақалалар түсті, бұлардың 300 мыңдайы жарияланды.

Коммунистік партияның XXI съезінің құрметіне мемлекеттік жоспарлар мен тапсырмаларды мерзімінен бұрын орындауды көздеген бүкілхалықтық социалистік жарыс өріс алды, бұл жарыста миллиондаған еңбекшілердің еңбекке ынтасының жаңадан өрлегені айқын көрінді. Комсомол коммунистік еңбек бригадаларын құру жолындағы жаңа патриоттық қозғалыстың бастаушысы болды. Бұл қозғалыс кең өріс алды. Оның ұраны: коммунистше өмір сүріп, қызмет етуге үйрену болды.

Совет халқының жаппай рухтануы жағдайында 1959 жылғы 27 январьдан 5 февральға дейін Коммунистік партияның кезектен тыс XXI съезі — коммунизм құрушыларының съезі болып өтті. Бұл съезге партияның 7 622 356 мүшесінің және 616 775 партия мүшелігіне кандидатының делегаттары қатынасты.

Партияның XXI съезі аса маңызды тарихи кезеңде, Совет елі социализмнің жеңісі негізінде қоғамдық өмірдің барлық салаларында бірдей қол жеткен аса зор өзгерістердің нәтижесінде өз дамуының жаңа кезеңіне — коммунистік қоғам құрылысын кеңінен өрістету дәуіріне еніп отырған кезінде өтті.

Съезд КПСС Орталық Комитетінің Бірінші секретары, СССР Министрлер Советінің Председателі Н. С. Хрущевтің «СССР халық шаруашылығын өркендетудің 1959 — 1965 жылдарға арналған бақылау цифрлары туралы» баяндамасын тыңдап, талқылады.

Н. С. Хрущевтің баяндамасы мен съездің қарарында совет халқының ұлы табыстарының қорытындысы шығарылды, партияның жеті жылдықтағы міндеттері белгіленді, 1959—1965 жылдар ішінде СССР халық шаруашылығын өркендетудің жоспары баяндалды, социализмнен коммунизмге өтудің маңызды теориялық проблемалары айқындалды, жетіжылдықтың халықаралық маңызы көрсетілді.

КПСС-тің XXI съезі XX съезден кейін өткен дәуірдің Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің тарихындағы ең маңызды дәуірлердің бірі болғанын атап көрсетті. Съезд Орталық Комитеттің істеген қызметін және оның ішкі және сыртқы саясатта жүргізген, Совет елінің коммунизм жолымен ойдағыдай өрлеуін, Совет мемлекетінің құдіреттілігін нығайтуды және оның халықаралық беделін көтеруді қамтамасыз еткен ірі шараларын мақұлдады.

Совет халқы партияның басшылығы арқасында Ленин жолымен сенімді түрде алға басып отырды, социализм құруда тарихи табыстарға жетті. СССР жоғары дәрежеде дамыған экономикасы, алдыңғы қатарлы ғылымы мен мәдениеті бар қуатты социалистік мемлекетке айналды. СССР өнеркәсібінің жалпы өнімі 1958 жылы 1913 жылмен салыстырғанда 36 есе өсті, соның ішінде өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру 83 есе, ал машина жасау өнеркәсібі мен металл өңдеу өнімдері 240 есе өсті. 1958 жылы Совет Одағында 55 миллиондай тонна болат қорытылды, 113 миллион тонна мұнай және 496 миллион тонна көмір шығарылды, 233 миллиард киловатт-сағат электр қуаты өндірілді. Социалистік ауыл шаруашылығында тамаша табыстарға қол жетті. Біздің еліміз ешқашанда 1958 жылдағыдай мөлшерлі астық пен техникалық дақылдар алып көрген емес, мұндай көп мал шаруашылық өнімдерін өндірген емес, мұндай мөлшерлі ауылшаруашылық өнімдерін дайындаған емес.

Еліміздің қоғамдық байлығы өсті. Совет өкіметі тұсында ұлттық табыс жан басына есептегенде 15 есе көбейді. Совет халқының тұрмыс дәрежесі едәуір дәрежеде артты. Жұмысшылар мен қызметшілердің нақты табысы 1958 жылы 1940 жылмен салыстырғанда екі есеге жуық, колхозшылардың нақты табысы қызмет істейтін бір адамға есептегенде — екі еседен де көбірек артты. СССР-де көп ұлтты социалистік мәдениет бұрын болмаған дәрежеде гүлденді. Совет елі дүниежүзілік ғылыми-техникалық прогресті бастап, болашаққа жол салып келеді. Жердің дүние жүзіндегі ең тұңғыш жасанды серігі советтік жер серігі болды. Күн системасының ең тұңғыш жасанды планетасы советтік планета болды.

КНСС Орталық Комитеті мен Совет үкіметінің соңғы жылдар ішінде жүзеге асырған шаралары Совет мемлекетін одан әрі нығайтты, жұмысшылар мен шаруалардың одағы бұрынғыдан да бекіді. Совет Одағы халықтарының достығы күшейе түсті. Дүниежүзілік социалистік лагерь елдерінің достық ынтымағы нығайды.

Совет халқының ұлы табыстарының қорытындысын шығара келе, съезд адамзатқа социализмге баратын жол салып берген Совет Одағында өндіргіш күштердің, социалистік өндірістік қатынастар мен мәдени дамудың коммунизм құрылысын кең көлемде жүргізуге мүмкіндік берерліктей дәрежеге жетіп отырғанын мақтан ете көрсетті. Коммунистік қоғам құрылысын кеңінен өрістетудің дәуірінің басты міндеттері — коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, СССР-дің экономикалық және қорғаныс қуатын одан әрі нығайту және осымен қатар халықтың өскелең материалдық және рухани тілектерін бірден-бірге толық қанағаттандыру. Осы дәуірдің ішінде СССР-дің тарихи міндеті — ең алдыңғы қатарлы капиталистік елдерді жан басына келетін өнім өндіру жөнінен қуып жетіп, басып озу міндеті — іс жүзінде шешілуге тиіс.

Съезд өзінің бірауыздан қабылдаған қарарында Н. С. Хрущевтің тезистері мен баяндамасын ұнатты, СССР халық шаруашылығын өркендетудің 1959 — 1965 жылдарға арналған бақылау цифрларын бекітті. СССР халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспары — коммунистік қоғам құру жөнінде партияның белгілеген программасының ең маңызды бөлімі, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудағы шешуші кезең болып табылады. Жетіжылдықтың негізгі проблемасы социализмнің капитализммен бейбіт экономикалық жарысында барынша көп уақыт ұту болып отыр.

Съезд партияның алдағы жетіжылдық ішіндегі міндеттерін белгіледі:

экономика саласында — еліміздің өндіргіш күштерін барлық жағынан бірдей өркендету, ауыр индустрияны басымырақ дамыту негізінде экономиканың барлық салаларында өндірісті онан әрі өсіре келіп, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау және капиталистік елдермен бейбіт экономикалық жарыста СССР-дің жеңіп шығуын қамтамасыз ету жөнінде шешуші қадам басатын болу. Еліміздің экономикалық қуатының күшеюі, халық шаруашылығының барлық салаларында онан әрі техникалық прогреске жету, қоғамдық еңбектің өнімділігінің үздіксіз өсуі халықтың тұрмыс дәрежесін едәуір арттыруды қамтамасыз етуге тиіс;

саясат саласында — советтік социалистік құрылысты, совет халқының бірлігі мен топтасқандығын онан сайын нығайту, совет демократиясын дамыту, халық бұқарасының коммунистік қоғам құрылысындағы белсенділігі мен талаптылығын күшейту, мемлекеттік мәселелерді шешуде қоғамдық ұйымдар атқаратын міндет көлемін ұлғайту, партия мен социалистік мемлекеттің ұйымдастырушылық және тәрбиелік ролін

арттыру, жұмысшылар мен шаруалардың одағын, СССР халықтарының достығын барынша нығайта беру;

идеология саласында — партияның идеялық-тәрбие жұмысын күшейту, еңбекшілердің, ең алдымен жеткіншек ұрпақтың коммунистік саналылығын арттыру, оларды еңбекке коммунистік тұрғыдан қарау, советтік патриотизм мен интернационализм рухында тәрбиелеу, капитализмнің адам санасындағы қалдықтарын жою, буржуазиялық идеологияға қарсы күрес жүргізу;

халықаралық қатынастар саласында — әлеуметтік системалары әртүрлі елдердің қатар бейбіт өмір сүруінің лењиндік принципі негізінде бейбітшілік пен халықтардың қауіпсіздігін сақтап, нығайтуға бағытталған сыртқы саясатты дәйектілікпен жүргізу; «қырғи қабақ соғысты» тьпо, халықаралық шиеленісті бәсеңдету бағытын жүзеге асыру; дүниежүзілік социалистік системаны және туысқан халықтардың достық ынтымағын барынша нығайта беру.

СССР халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспары экономиканы, мәдениетті және халықтың материалдық әл-ауқатын зор көлемде көтере түсуді көздейді. «СССР халық шаруашылығын өркендетудің 1959 — 1965 жылдарға арналған бақылау цифрларында» былай делінген: «СССР халық шаруашылығын дамытудың 1959 — 1965 жылдарға арналған жетіжылдық жоспарының басты міндеті — ауыр индустрияны басымырақ дамыту негізінде экономиканың барлық салаларын онан әрі мықтап өрге бастыру, еліміздің экономикалық қуатын едәуір арттыру, сөйтіп халықтың тұрмыс дәрежесінің үздіксіз артуын қамтамасыз ету» («КПСС-тің кезектен тыс ХХІ съезі. Стенографиялық есеп», II том, Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1959, 471-бет).

Жетіжылдық жоспар халық шаруашылығының барлық салаларында да даму қарқынын күшейтуді және өндірістің қарыштап өсуін белгілеп отыр. Мұнда өнеркәсіпті дамытуға, әсіресе социалистік экономиканың негізі болып табылатын ауыр индустрияны дамытуға ең зор мән беріледі. Өнеркәсіптің жалпы өнімі 1965 жылы 1958 жылмен салыстырғанда 80 процент өсуге тиіс, соның ішінде өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру — 85—88 процент, тұтыныс заттарын өндіру — 62—65 процент өседі. Өнеркәсіп өнімінің жылдық орташа өсімі 1959 — 1965 жылдары 8,6 процент болады.

Съезд ауыр индустрияның ең маңызды салаларының — металлургияның, химия және отын өнеркәсібінің, энергетика мен машина жасау өнеркәсібінің дамуын тездету және бұлардың өнімдерін едәуір дәрежеде арттыру қажет деген нұсқау берді. 1965 жылы шойын құю ісі 65—70 миллион тоннаға дейін, болат қорыту — 86—91 миллион тоннаға дейін, прокат өндіру 65—70 миллион тоннаға дейін, товарлық темір рудасын шығару — 150—160 миллион тоннаға дейін, мұнай шығару — 230—240 миллион тоннаға дейін, газ шығарып, өндіру ісі — 150 миллиард текше метрге дейін, көмір шығару — 600—612 миллион тоннаға дейін, электр қуатын өндіру — 500—520 миллиард киловат-сағатқа дейін жеткізілмек болды. Химия өнімін өндіру жетіжылдық ішінде шамамен үш есе, машина жасау өндірісі мен металл өңдеу өнімдері екі есе өседі.

Ауыр индустрияның тез өсуі мен ауыл шаруашылығының одан әрі өркендеуі негізінде халық тұтынатын товарлар өндірісі едәуір өседі. Жеңіл өндірістің жалпы өнімі жетіжылдық ішінде 1,5 есе, тамақ өнеркәсібінің жалпы өнімі — 1,7 есе көбейеді. Халықтың мата, киім, аяқ-киім және басқа бірсыпыра товарлар жөніндегі қажеті жеткілікті дәрежеде қанағаттандырылады.

Ауыл шаруашылығының жетіжылдықтағы негізгі міндеті — ауыл шаруашылық өндірісін барынша күшейтіп, халықтың ең маңызды тамақ өнімдері жөніндегі қажеттерін мол қанағаттандыруға, ауылшаруа-

шылық шикізаты қорын мықтап көбейтуге, мемлекеттің ауылшаруашылық өнімдері жөніндегі басқа да қажеттерінің бәрін өтеуге мүмкіндік беретін ету. Бұл міндет барлық ауыл шаруашылық дақылдарының шығымдылығын едәуір дәрежеде көтеру, мал санын көбейту және қоғамдық мал шаруашылығының өнімділігін одан әрі өсіру жолымен шешілетін. Екіншіліктегі басты міндет бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізі болып табылатын астық өндіруді барынша ұлғайту болып қала бермек.

Бақылау цифрларында ауыл шаруашылығының жалпы өнімін жетіжылдық ішінде 1,7 есе көбейту көзделіп отыр. Ауылшаруашылық өнімінің ең маңызды түрлерін өндіру ісі мынадай мөлшерлерге жеткізілетін: астық — 10—11 миллиард пұтқа дейін, қант қызылшасы — 76—84 миллион тоннаға дейін, шитті-мақта — 5,7—6,1 миллион тоннаға дейін, ет (сойылғандағы салмағы) — кем дегенде 16 миллион тоннаға дейін, сүт — 100—105 миллион тоннаға дейін, картоп — 147 миллион тоннаға дейін.

Халық шаруашылығына 1959 — 1965 жылдар ішінде жұмсалатын мемлекеттік күрделі қаражаттың көлемі 1 940—1 970 миллиард сом болады. Мұның өзі бүкіл Совет өкіметі тұсында халық шаруашылығына жұмсалған күрделі қаражаттың көлемімен тең деуге болады. Қаражатты аз жұмсай отырып, өндірістік қуаттарды тез өсіре беру, өнім шығаруды көбейте түсу, еңбек өнімділігін арттыра беру үшін жоспарда күрделі қаражаттың неғұрлым тиімді түрде пайдаланылуы көзделіп отыр. Осы мақсаттарда жаңа кәсіпорындарын салумен қатар кәзір істеп жатқан кәсіпорындарды қайта құру, кеңейту және техника жағынан қайта жабдықтау істеріне, жабдықтарды жаңарту және жанғырту істеріне көп қаражат жұмсалады. Күрделі құрылыс жұмыстарының белгіленген көлемін дер кезінде орындау үшін құрылыс жұмысын бұдан былай да индустрияландыру көзделген.

Халық шаруашылығының басқа салаларына да көп қаражат бөлінулі. Ауыл шаруашылығына мемлекет пен колхоздар тарапынан жұмсалатын күрделі қаражат 500 миллиард сомдай болады. Транспорт және байланыс жұмыстарын дамыту ісіне 209—214 миллиард сом; тұрғын үй мен коммуналдық құрылысқа 375—380 миллиард сом; мектептер, ауруханалар, тағы басқа мәдени-тұрмыс және медициналық мекемелер салу ісіне — 80 миллиард сомнан аса қаржы жұмсалады.

Съезд өндіргіш күштердің еліміздің территориясына жетіжылдық жоспар бойынша белгілеген орналасуын мақұлдады. Коммунистік құрылыстың аса зор программасын ойдағыдай жүзеге асыру үшін еліміздің табиғат ресурстар көзі неғұрлым бай және пайдалануға неғұрлым тиімді жерлері шаруашылық айналымға енгізіледі, өнеркәсіп шикізат пен отын шығатын жерлерге бұрынғыдан да жақындатылды, транспорттың барлық түрлері неғұрлым тиімді түрде пайдаланылады. Одақтас республикалардың және ірі экономикалық-географиялық аудандардың шаруашылығы мамандандырылып, комплекстік түрде дамытылады, еңбек ресурстары неғұрлым толық пайдаланылады. Еліміздің табиғат байлықтары мол шығыс аудандарын — Оралды, Сибирьді, Қызыл Шығысты, Қазақстан мен Орта Азияны дамыту ісіне ең үлкен назар аударылады. Жетіжылдық ішінде бұл аудандарға күрделі қаражаттың 40 проценттен астамы жұмсалады.

Халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспары барлық одақтас республикалардың бұдан былай да жан-жақты экономикалық және мәдени дамуын көздеп отыр. Әрбір республикада ең алдымен шаруашылықтың ең қолайлы табиғи және экономикалық жағдайлары бар салаларын дамытуға назар аударылып отыр. Барлық совет республикалары шаруашылығының орасан зор көлемде өсуі кәзіргі кезеңде лениндік ұлт саясатын — коммунизм жолымен бұлтармай ілгері баса берелік

деген бір тілекпен біріккен Совет Одағының тең праволы халықтарының бұлжымас достығын нығайту саясатын партияның одан әрі жүзеге асыруы болып табылады. «Біздің жоспарларымызда, — деді съезде жасаған баяндамасында Н. С. Хрущев, — барлық халықтардың экономикасы мен мәдениетін жан-жақты дамытуға зор мүмкіншілік туғызатын лениндік ұлт саясаты айқын белгіленген» («КПСС-тің кезектен тыс XXІ съезі. Стенографиялық есеп», I том, 44-бет).

Социалистік өндірісті ұлғайтудың және халықтың тұрмыс дәрежесін көтерудің шешуші факторы — ғылым мен техниканың ең жана табыстарын халық шаруашылығының барлық салаларына мол енгізу негізінде еңбек өнімділігін көтеру. Жетіжылдық жоспарда еңбек өнімділігін өнеркәсіпте — 45—50 процент, құрылыс жұмыстарында — 60—65 процент, темір жол транспортында — 34—37 процент, совхоздарда — 60—65 процент, колхоздарда — шамамен екі есе көтеру көзделіп отыр. Еңбек өнімділігін үздіксіз көтерудің негізінде өнеркәсіп өнімінің түсер құны кем дегенде 11,5 процент кемітілмек. Съезд коммунизм құрылысын кеңінен өрістетудің дәуірінде еңбек өнімділігін көтерудің негізгі бағыттарын белгіледі; бұлар — халық шаруашылығын электрлендіру, өндіріске жаңа техниканы мол ендіру, өндіріс жұмыстарын түгел механикаландыру және автоматтандыру, халық шаруашылығының барлық салаларында мамандандыру және кооперациялау жұмыстарын жүргізу, еңбекшілердің мәдени-техникалық дәрежесін бұдан былай да көтере беру.

КПСС-тің XXІ съезі СССР-де өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын өркендетудің орасан зор табыстарының арқасында совет халқының таяу арада бұрынғыдан да жақсы тұруы үшін, оның материалдық және рухани тілектері неғұрлым толық қанағаттандыруы үшін барлық жағдай туып отыр деп таныды.

1959 — 1965 жылдардың ішінде СССР халықтары тұрмысының материалдық және мәдени дәрежесі мықтап көтерілетін болады. Жетіжылдық жоспарда мыналар көзделініп отыр:

Ұлттық табысты 1965 жылы 1958 жылмен салыстырғанда 62—65 процент көбейту, халық тұтынатын қорды 60—63 процент өсіру, жұмыс істейтін бір адамға есептегенде жұмысшылар мен қызметшілердің нақты табысын орта есеппен 40 процент көтеру, колхозшылардың нақты табысын — кемі 40 процент өсіру, таяу жылдар ішінде халықтан салық алуды жою;

жалақыны тәртіпке салу ісін аяқтау, төмен ақы алатын жұмысшылар мен қызметшілердің айлық жалақысын жетіжылдық ішінде 270—350 сомнан 500—600 сомға дейін көтеру;

қартайғанда берілетін пенсияның ең кем мөлшерін айына қалада 300 сомнан 400 сомға дейін және үнемі ауылда тұратын, ауыл шаруашылығымен байланысы бар пенсионерлерге 255 сомнан 340 сомға дейін көтеру; сонымен қатар мүгедектерге және асырайтын адамынан айырылғандарға берілетін пенсияның ең кем мөлшерін де көтеру;

халыққа сауда және тұрмыс жарынан қызмет етуді едәуір жақсарту, қоғамдық тамақ кәсіпорындарын көбейту және олардың өнімінің бағасын арзандату; мемлекеттік және кооперативтік сауданың бөлшек сауда товар айналымының көлемін шамамен 62 процент өсіру;

бала яслилері мен бала бақшаларын, интернат-мектептерін, қартайғандарға арналған үйлерді көбейту;

жетіжылдық ішінде қалалар мен жұмысшы поселкелерінде жалпы көлемі 650—660 миллион шаршы метр тұрғын үйлер, немесе 15 миллиондай пәтерлер салу; ауылдық-селолық жерлерде колхозшылардың және ауыл-село интеллигенциясының күшімен 7 миллиондай үй салу;

1960 жылы жұмысшылар мен қызметшілерді жетісағаттық жұмыс күніне көшіру, ал жер астындағы жұмыстарда істейтін, көмір және

кен өнеркәсібінің жетекші мамандықтағы жұмысшыларын алтысағаттық жұмыс күніне көшіруді аяқтау; жетісағаттық жұмыс күнімен істейтін жұмысшылар мен қызметшілерді 1962 жылы қырық сағаттық жұмыс аптасына көшіру; 1964 жылдан бастап жер астындағы жұмыстарда және еңбек жағдайлары зиянды өндірістерде істейтін қызметкерлерді бірте-бірте отыз сағаттық жұмыс аптасына және қалған қызметкерлердің бәрін—отыз бес сағаттық жұмыс аптасына көшіріп, алты-жеті сағаттық жұмыс күні жағдайында аптасына екі демалыс күн берілетін ету. СССР-де дүние жүзіндегі ең қысқа жұмыс күні және дүние жүзіндегі ең қысқа жұмыс аптасы болады.

Жетіжылдық жоспарда белгіленіп отырған шаралар — Коммунистік партия мен Совет үкіметінің совет халқының игілігі жайында үнемі қамқорлық жасайтынының айқын көрінісі. Бұл шараларды жүзеге асыру Совет Одағы еңбекшілерінің аса ұлы жаңа табысы болады.

Съезд коммунизм құру үшін миллиондаған бұқараның саналылығы мен белсенділігін көтерудің, еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің ерекше зор маңызы бар екенін көрсетті. Коммунистік тәрбиенің кәзіргі кезеңдегі басты міндеті—жаңа адамды қалыптастырып шығару, коммунистік қоғамның саналы еңбекшілерін тәрбиелеу. Партия мен мемлекеттің идеологиялық жұмысының міндеті — совет адамдарының жаңа сапаларын өсіру, оларды коллективизм және еңбек сүйгіштік рухында, социалистік интернационализм мен патриотизм рухында, коммунистік моральдің жоғары бағалы принциптерін бұлжытпай сақтау рухында тәрбиелеу.

Жас жеткіншектерге коммунистік тәрбие беру ісіне ерекше мән беріледі. Совет жастарын тәрбиелеудің және шынықтырудың ең жақсы мектебі—олардың коммунистік құрылысқа белсене қатынасуы, оқу ісін өнімді еңбекпен біріктіруі болып табылады. Съезд партия және совет ұйымдарын орта, жоғары мектептерді қайта құру ісіне байланысты шаралардың бәрін жүзеге асыруға, совет мектебі оқыту ісін өндіріспен, коммунистік құрылыстың практикасымен тығыз байланыстырып отыратын, жан-жақты білімді, саналы азаматтар — коммунизм құрушыларын әзірлейтін етуге шақырды.

Жетіжылдық жоспарда халыққа білім беру, ғылым мен мәдениетті дамыту жөнінде ірі шаралар көзделіп отыр.

1959 — 1965 жылдар ішінде жалпыға бірдей міндетті жетіжылдық оқудан сегізжылдық оқуға көшу жүзеге асырылады; өндірістен қол үзбей орта білім беретін қалалық және ауылдық мектептердің саны өседі; жоғары және орта дәрежелі мамандық білімі бар мамандар даярлау ісі ұлғайтылып, жақсартылады. 1959 — 1965 жылдары жоғары дәрежелі оқу орындары 2300 мың мамандар даярлап шығарады; орта дәрежелі мамандық білім беретін оқу орындары 4 миллионнан астам адам әзірлейді.

Жетіжылдық жоспар совет ғылымының барлық салаларының бұрынғыдан да неғұрлым тезірек дамуын қамтамасыз етеді. Ғалымдардың маңызды теориялық зерттеулер жүргізіп, ірі жаңалықтар ашуына қажетті жағдайлар жасалып отыр. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының кең көлемді программасы, теориялық және практикалық мәні бар аса маңызды зерттеулерге ғылыми күштер мен қаражатты көбірек жұмсау белгіленіп отыр. Физика, химия, математика және биология салаларындағы зерттеулерге ең үлкен мән беріледі, өйткені осыларға сыбайлас ғылымдар мен халық шаруашылығының алға басуы осы ғылымдардың ойдағыдай дамуына байланысты. Қоғамдық ғылым қызметкерлерінің, әсіресе экономикалық ғылым қызметкерлерінің алдына қоғамдық дамудың заңдылығын және социалистік құрылыстың практикасын қорытатын үлкен еңбектер жасау, бірте-бірте коммунизмге өту ісімен байланысты проблемаларды шешу міндеттері қойылып отыр. Олар маркс-

тік-лениндік теорияның тазалығы жолында қажымай күрес жүргізіп, буржуазиялық идеологияны әшкерелеп отыруға тиісті.

Социалистік мәдениет одан әрі дамытылуға тиіс. Кино қондырғылардың, көпшілік кітапханалары мен клуб мекемелерінің, телевидение орталықтары мен станцияларының, радиоқабылдағыш орындардың саны едәуір өседі, кітаптар мен журналдардың тиражы көбейеді. Әдебиет, театр, кино, музыка, скульптура, сәулет өнері қайраткерлерінің міндеті — өз шығармаларының идеялық-көркемдік дәрежесін әлі де көтере түсу, халық өмірімен байланысын нығайту, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде, коммунистік моральды насихаттауда, көп ұлтты социалистік мәдениетті өркендетуде партия мен мемлекеттің бұдан былай да белсенді көмекшісі болу.

СССР халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспарында партияның коммунистік құрылыстың кәзіргі кезеңіндегі лениндік сара жолы бейнеленген. Мұның өзі халықтың экономикасын, мәдениетін және әл-ауқатын жаңадан мықтап көтерудің ұлы программасы. Өзінің мән-мазмұны жағынан оның тарихта теңдесі жоқ.

Партияның ХХІ съезі Совет Одағының тарихи дамудың жаңа кезеңіне енгенін бейнелейді. СССР-де коммунистік қоғам құрылысын кеңінен өрістету және социализм мен капитализм күштерінің дүниежүзілік майдандағы жаңа арасалмағы Совет Одағы Коммунистік партиясының алдына, халықаралық коммунистік қозғалыстың алдына бірсыпыра маңызды теориялық мәселелер қойып отыр.

Н. С. Хрущевтің баяндамасы мен съездің қарарында СССР-де коммунизм құрудың кәзіргі кезеңдегі міндеттері ғылыми дәлелденген. Совет елінің социализмнен коммунизмге өтуінің, социализм мен коммунизмнің жеңуі жолындағы күрестің маңызды теориялық мәселелері баяндалған.

Совет қоғамының дамуы коммунизмнің екі фазасы туралы, социализмнің коммунизмге ұласуы туралы маркстік-лениндік ілімді растап шықты. Совет халқы партияның басшылығымен экономикалық және қоғамдық-саяси өмірдің барлық салаларында айтарлықтай социализм табыстарына ие болды, осы табыстар коммунистік қоғам құрылысын кеңінен өрістетуге дәуіріне еруге мүмкіндік беріп отыр. СССР-де жүргізілген коммунистік құрылыстың практикасы қоғамның коммунизмге қарай өрлей дамуының сипаты жайында бірсыпыра маңызды қорытындылар жасауға мүмкіндік беріп отырғанын Н. С. Хрущев өзінің баяндамасында атап көрсетті. Біріншіден, дамудың социалистік сатысынан оның жоғарғы фазасына — коммунизмге өту дегеніміз заңды тарихи процесс, оны ешкімнің қалауынаша бұзуға немесе оған соқпай өтуге болмайды. Қоғам капитализмнен коммунизмге тікелей, социалистік сатыға соқпай, өте алмайды. Екіншіден, социализмнен коммунизмге өту дегеніміз үздіксіз тарихи процесс. Коммунизмнің социалистік сатыдан қандай айырмашылығы болғанымен олардың арасында ешқандай дуал жоқ. Коммунизм социализмнен өсіп шығады, социализмнің тура жалғасы болып табылады. Үшіншіден, коммунизмге бірте-бірте өтуді пәлендей бір баяу қозғалыс деп түсінуге болмайды. Қайта, мұның өзі қоғамның өндіргіш күштерінің тез өсу дәуірі болып табылады.

Социализмнің коммунизмге ұласу процесін материалдық өндірісті барынша дамыту негізінде тездетуге болады. Сондықтан СССР-дің кәзіргі кезеңдегі негізгі практикалық міндеті — коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, өндіргіш күштерді бұрынғыдан да мықтап дамыту болмақ. Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау дегеніміз ең алдымен жоғары дәрежеде дамыған кәзіргі заманғы индустрияның болуы, елдің толығынан электрленуі, өнеркәсіппен ауыл шаруашылығының барлық салаларында ғылыми-техникалық прогрестің жасалуы, өндіріс процестерінің бәрін түрел механикаланды-

ру және автоматтандыру; қуаттың жаңа көздерін, аса бай табиғат ресурстарын, жаңа синтетикалық және басқа материалдарды барынша мол пайдалану, барлық еңбекшілердің мәдени-техникалық дәрежесінің өсуі, өндіріс жұмыстарын ұйымдастыруды одан әрі жақсарту және қоғамдық еңбектің өнімділігін көтеру болып табылады.

«Егер біз, — делінді съездің қарарында, — дамыған капиталистік елдердің өндіріс дәрежесінен асып түссек және капитализм тұсындағыдан анағұрлым жоғары еңбек өнімділігін қамтамасыз етсек, міне тек сонда ғана коммунизмді жүзеге асыруға болады» («КПСС-тің кезектен тыс ХХІ съезі. Стенографиялық есеп», II том, 443-бет).

Өрістете жүргізілген коммунистік құрылыс материалдық игіліктердің молшылығын жасаумен қатар рухани мәдениеттің нағыз байлығын, халықтың қажеттерін бірден бірге толық қанағаттандыру ісін, социалистік демократияны одан әрі дамытуды, коммунистік қоғамның саналы еңбекшілерін тәрбиелеуді қамтамасыз етуге тиіс. Өндіргіш күштердің өсуімен бірге жолдастық ынтымаққа, достық пен өзара көмекке негізделген социалистік қоғамдық қатынастар да жетіле бермек. Шаруашылықтың барлық салаларында бірдей техникалық прогресс жасала келе; оқыту ісі өндіріспен неғұрлым тығыз біріктіріле келе, барлық еңбекшілердің мәдени-техникалық дәрежесі көтеріле береді, ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы елеулі айырмашылықтар жойыла береді. Жұмыс күнінің қысқаруы және өндірісті комплексті механизациялау мен автоматтандыру негізінде еңбек жағдайларының үздіксіз жақсаруы еңбекті жан-жақты дамыған адамның өмірлік тілегіне айналдыруға көмектеседі.

Қоғам дамуының социалистік сатысында меншіктің екі формасы: жалпыхалықтық және кооперативтік-колхоздық формалары болады. Коммунизм тұсында бірыңғай коммунистік меншік болады. Өндірістік қатынастардың колхоздық-кооперативтік формасы коммунистік құрылыстың кәзіргі кезеңіне әбден сай келеді. Меншіктің формалары бет алды өзгермейді. Олар экономиканың объективтік заңдары негізінде дамып отырады, өндіргіш күштердің дамуының сипаты мен дәрежесіне байланысты болады. Партия мен мемлекеттің соңғы жылдары ауыл шаруашылығын көтеру және колхоз құрылысын нығайту жөнінде жүргізген шаралары колхоз құрылысында үлкен мүмкіншіліктердің бар екенін көрсетті. Колхоз құрылысы ауыл шаруашылығының өндіргіш күштерін дамытуға қызмет етіп отыр және ол әлі де ұзақ уақыт қызмет ете алады. Алайда келешекте кооперативтік-колхоздық меншіктің жалпыхалықтық меншікпен қосылуы тарихи сөзсіз нәрсе. Мұның өзі кооперативтік-колхоздық меншікті жою жолымен емес, оның ортақтастырылу дәрежесін көтеру жолымен, социалистік мемлекеттің көмегі мен қолдауы арқылы жүріп отырады.

Коммунистік құрылыстың барысында ауыл шаруашылығының өндіргіш күштері үздіксіз дамып отырады, колхоз өндірісінің ортақтастырылу дәрежесі көтеріледі, колхоздық-кооперативтік меншік жалпыхалықтық меншікке жақындайды, олардың арасындағы айырмашылық жойыла береді. Бұл процесс кәзірдің өзінде белгіленіп отырған бағыттармен жүреді; бұлар — колхоздардың бөлінбейтін қорларының өсуі, ауыл шаруашылығының барлық салаларын қоғамдық колхоздық өндірістің неғұрлым толық қамтуы, колхозаралық өндірістік байланыстардың кең жол алуы, ауылшаруашылық өндірісінің электрленуі, механикаландырылуы және автоматтануы.

Ауылшаруашылық өндірісіне техникалық прогрестің енуі және колхоздық кооперативтік меншіктің жалпыхалықтық меншікпен жақындасуы негізінде ауылшаруашылық еңбек бірте-бірте индустриялық еңбектің бір түріне айналады, қала мен деревняның арасындағы елеулі айырмашылықтар бірте-бірте жойылып отырады.

Совет қоғамының коммунизмге қарай дамуы материалдық және рухани игіліктерді қоғамның барлық мүшелеріне бөлу проблемасын алға қойып отыр. Социализм тұсында материалдық игіліктерді бөлу ісі: «Әркімнен — қабілетіне қарай, әркімге — еңбегіне қарай» деген принцип бойынша жүзеге асырылады. Мұның өзі — қоғам дамуының социалистік сатысында және коммунистік құрылыстың кәзіргі кезеңінде бірден-бір ақылға сыйымды және әділетті принцип. Тенгерме бөліс социализммен сыйыспайды. Еңбегіне қарай бөлу социалистік өндірісті дамытудың мүдделеріне қызмет етеді: өндірісті дамытуға адамның материалдық ынталылығын туғызады, еңбек өнімділігінің өсуіне жағдай жасайды, қызметкерлердің мамандығының өсуіне, техниканың жетілуіне жағдай туғызады. Еңбегіне қарай бөлудің үлкен тәрбиелік маңызы да бар, ол еңбекті жалпыға бірдей және міндетті іс етеді, адамдарды қоғамдық меншікке ұқыпты қарауға, еңбектің социалистік тәртібін сақтауға үйретеді. Ол еңбекке моральдық жағдай туғызады, еңбекке ынталылықты көтереді. Социалистік қоғам еңбекшілерінің саналылығы өсе келе және материалдық ынталылық принципі дәйекті түрде жүргізіле келе еңбек бірден-бірге әдетке айналады, миллиондаған еңбекшілердің өмірлік тілегіне айналады.

Коммунизмнің жоғарғы фазасында: «Әркімнен — қабілетіне қарай, әркімге — қажетіне қарай» деген принцип жүзеге асырылады. Қажетіне қарай бөлуге көшу — бірте-бірте болатын процесс. Ол өндіргіш күштердің даму дәрежесіне қарай жасалып отырады. Бұл принципке көшу қажетті тұтыну заттарының бәрі әбден мол болған кезде және барлық адам өз еркімен және материалдық игіліктерді алу дәрежесіне қарамастан өздерінің қабілеттеріне қарай еңбек ететін, мұның өзі қоғамға қажет екенін түсінетін кезде жүзеге асады.

Совет қоғамы коммунизмге қарай ілгерілеген сайын адам өмірінің қоғамдық жағы бірден бірге көріне түседі, қоғамның әрбір адам жөніндегі қамқорлығы өсе түседі. Әрбір адамның жеке тілектерін орындау қоғамның материалдық және мәдени игіліктерінің өсуімен бірге жүріп отырады, ал оның бержағында ол жалақыны көтеру арқылы ғана емес, сонымен қатар қоғамдық қорлар арқылы да істеліп отырады, қоғамдық қорлардың атқаратын ролі мен маңызы бірден бірге өсе береді. СССР-де еңбекшілердің әл-ауқатын көтерудің, бүкіл қоғамға және әрбір адамға жақсы тұрмыс жағдайларын жасаудың шын коммунистік жолы айқын белгіленіп отыр. Бұл жол — адамдарды қолайлы жасалған үймен қамтамасыз ету, қоғамдық тамақты ұйымдастыру, адамдардың тұрмыс жайын жақсарту, балалар мекемелерінің санын көбейту, халыққа білім беру ісін жетілдіру, халықтың демалысын ұйымдастыру және оған дәрігерлік көмек көрсету ісін жақсарту, мәдениет мекемелерін салу және т. б.

Коммунистік құрылыстың кәзіргі кезеңінде материалдық және мәдени игіліктердің басым бөлегі әр адамға олардың қоғамдық өндіріске жұмсаған еңбегіне қарай бөлінеді. Жұмысшылар мен қызметшілер жалақы алады, колхозшылар — қоғамдық шаруашылықтан түсетін табыс алады. Ал сонымен қатар совет қоғамында кәзірдің өзінде-ақ материалдық және мәдени игіліктердің едәуір және бірден-бірге өсе түсіп отыратын бөлегі пенсия түрінде, оқушыларға стипендия беру, көп балалы аналарға көмек беру, мектептер, ауруханалар, балалар мекемелері, интернаттар, клубтар, кітапханалар және басқа мәдени-тұрмыс мекемелерін салу және соларды күтіп ұстау шығындары түрінде тегін бөлініп отыр. Тұтынудың қоғамдық қорының осы үлесі өсе беретін болады, мұның өзі бөлістің коммунистік принципіне бірте-бірте көшудің ең маңызды алғы шарты болып табылады.

Н. С. Хрущевтің баяндамасында экономикалық даму мәселелерімен қатар коммунизм құрылысын кеңінен өрістетуді дәуірінде қоғамды саяси

жағынан ұйымдастырудың, мемлекеттік құрылыс пен басқару ісінің мәселелері де баяндалды. Марксизм-ленинизм коммунизм кезінде мемлекет жойылады деп үйретеді. Мемлекеттің жойылуы туралы мәселе дегеніміз социалистік мемлекеттің коммунистік қоғамдық өзін-өзі басқару ісіне ұласуы туралы мәселе. Коммунистік қоғамда да кәзіргі кездегі мемлекеттік қызметтер сияқты бірсыпыра қоғамдық қызметтер сақталып қалады. Бірақ оларды жүзеге асырудың сипаты мен тәсілдері кәзіргі кезеңдегіден өзгеше болады. Совет мемлекеттігінің дамытудағы басты мәселе — демократияны барынша дамыту: барлық еңбекшілерді шаруашылық және мәдениет құрылысын басқару ісіне қатынастыру, халықтың қалың тобын барлық қоғамдық істерді басқару істеріне қатыстыру, еңбекшілердің бұқаралық ұйымы болып табылатын Советтердің ролін көтеру. Кәзіргі кезде мемлекеттік органдар атқарып отырған көптеген қызметтер бірте-бірте қоғамдық ұйымдардың қолына көшеді. Бұлар — мәдени қызмет, денсаулық сақтау, физкультура және спорт мәселелері. Қоғамдық тәртіп пен азаматтардың праволарын қорғау қызметтерін мемлекеттік мекемелермен қатар барған сайын көбірек түрде халық милициясы, жолдастық сот және басқа да халықтың ерікті әрекет органдары атқарып отыратын болады.

Кейбір қызметтердің мемлекеттік органдардан қоғамдық ұйымдарға көшуі коммунизм құруда социалистік мемлекеттің ролін әсте бәсеңдету болып табылмайды. Қайта, мұның өзі социалистік қоғамның саяси негізін кеңітіп, нығайтады. Социалистік демократияның одан әрі дамуын қамтамасыз етеді, совет құрылысын күшейтеді. Советтік социалистік мемлекет шаруашылық-ұйымдастырушылық қызметтерді дамытуға, еңбек мөлшері мен тұтыну мөлшері жөніндегі, социалистік меншікті қорғау жөніндегі бақылау қызметтеріне, социалистік лагерь елдерімен ынтымақты ұйымдастыру қызметін одан әрі дамыту ісіне бұрынғыдан да көп көңіл бөле алады.

Социалистік мемлекеттің ең маңызды қызметі — бейбітшілікті қорғау және еліміздің қорғанысын қамтамасыз ету. Агрессияшыл империалистік лагерь тұрған кезде Совет мемлекеті өзінің Қарулы Күштерін нығайтып, жетілдіре беруге міндетті. Күш-жігері ең алдымен империалистік мемлекеттердің СССР-ге жасырын жіберіліп отыратын агенттеріне қарсы бағытталған мемлекеттік қауіпсіздік органдары барынша нығайтылуы қажет. Социалистік Отанымызды Совет мемлекетінің қорғау қызметі империалистер тарапынан соғыс шабуылының қаупі толық жойылған кезде ғана тынады.

СССР-дің халықаралық жағдайында үлкен өзгерістер болды. Совет Одағының дұшпан капиталистік қоршаудағы бірден-бір социалистік мемлекет болған кезі өтті. Кәзіргі кезде дүниежүзілік екі қоғамдық система — капитализм мен социализм системасы бар. Капитализм өз дәуірінің басынан кешіріп келеді. Өмірлік күші тасыған социализм өсіп, гүлденіп келеді. Барлық елдер еңбекшілерінің көңілі — социализм жағында. Ендігі жерде СССР-де капитализмді қайта орната алатын, социалистік лагерьді және алатын дүние жүзінде күш жоқ. Дүние жүзіндегі күштердің арасалмағы кәзір мынадай: империалистердің социалистік лагерь елдеріне қарсы агрессиясының қандайы да іске аспайды. Совет Одағында капитализмнің қайта орнау қаупі мүлде жойылды. «Бұл, — деді Н. С. Хрущев өзінің баяндамасында, — социализм толық жеңіп қана қойған жоқ, сонымен қатар біржолата жеңді деген сөз» («КПСС-тің кезектен тыс ХХІ съезі. Стенографиялық есеп», I том, 107-бет).

КПСС-тің ХХІ съезі ғылыми коммунизмнің идеяларын дамытты, маркстік-лениндік теорияны маңызды жаңа қорытындылармен байытты. Н. С. Хрущевтің баяндамасында социализмнен коммунизмге өту

жолдары жайында ұсынылған теориялық қағидалардың программалық маңызы бар. Совет қоғамының коммунизмге қарай бағытталған жолының ғылыми коммунизмнің теориясы жарқырата көрсетіп отыр.

2. КПСС XXI съезінің халықаралық маңызы

Совет Одағы Коммунистік партиясының XXI съезінің, оның қабылдаған қарарлары мен СССР халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспарының орасан зор халықаралық маңызы бар. Совет халқының жетіжылдық жоспарды ойдағыдай орындауы Совет Одағы мен дүниежүзілік социалистік лагерьдің позицияларын бұрынғыдан да нығайтады, бейбітшілік күштерін одан әрі өсіріп, соғыс күштерін әлсіретеді. СССР-дегі жетіжылдықтың табыстары капиталистік елдердің еңбекші бұқарасына үлкен әсер етеді, тағы да миллиондаған адамдарды социализм жағына шығарады.

Жетіжылдық жоспар социализмнің капитализммен экономикалық жарысының жаңа, шешуші кезеңіне айналды. Совет халқы Коммунистік партияның басшылығымен социалистік экономиканы дамытуда үлкен табыстарға жетіп отыр; соның арқасында ол экономика жағынан Америка Құрама Штаттарымен ойдағыдай жарыса алатын, осы жарыста ұтып шығып, алдыңғы қатарлы капиталистік мемлекеттен озып шыға алатын болып отыр.

Жетіжылдық жоспар СССР-дің негізгі экономикалық міндетін — ең күшті дамыған капиталистік елдерді жан басына келетін өнім өндіру жағынан тарихи қысқа мерзім ішінде қуып жетіп, басып озу міндетін жүзеге асыруда шешуші қадам болады. Жетіжылдық аяғында Совет Одағы өнеркәсіп өнімінің кейбір басты түрлерін абсолюттік өндіру жағынан АҚШ-тан озады да, ал басқа түрлері жағынан ондағы өнеркәсіп өнімінің кәзіргі дәрежесіне жақындайды. Ауылшаруашылық өнімінің ең маңызды түрлерінің жалпы және жан басына келетін өндірісі жетіжылдық аяғында СССР-де АҚШ-тың ауылшаруашылық өнім өндірісінің кәзіргі дәрежесінен асып түседі.

Партия мен совет халқы Америка Құрама Штаттарымен экономикалық жарыста жеңіп шығамыз деп сенгенде СССР-де экономикалық даму қарқынының жоғары екендігіне және өнімнің бірсыпыра маңызды түрлерінің (болат, шойын, темір рудасы, мұнай, көмір, цемент, жүннен тоқылған маталар) абсолюттік жылдық орта өсімнің АҚШ-тан анағұрлым артық екендігіне сүйенеді. Америка Құрама Штаттарын жан басына келетін өнеркәсіп өнімін өндіру жөнінен қуып жетіп, басып озу үшін Совет Одағына жетіжылдық жоспарды орындағаннан кейін бес жылдай керек болады. Сол кезде, мүмкін тіпті одан да бұрын, Совет Одағы өндірістің абсолюттік көлемі жөнінен де, жан басына келетін өнім өндіру жөнінен де дүние жүзінде бірінші орынға шығады. Мұның өзі капитализммен бейбіт жарыстағы социализмнің дүниежүзілік тарихи табысы болады.

Жетіжылдықтың аяғында дүниежүзілік майдандағы экономикада социализм шешуші табысқа ие болады. Дүниежүзілік социалистік системаның дүниежүзілік капитализм системасынан материалдық өндірістегі — адам қызметінің шешуші саласындағы артықшылығы қамтамасыз етіледі.

Дүниежүзілік майданда екі системаның — социализм мен капитализмнің экономикалық жарысы болып келеді. Социалистік елдердің экономикасы тез қарқынмен дамып келеді. Өндіріс өсуінің жоғары қарқыны — барлық социалистік лагерь елдерінің тәжірибесімен расталып отырған социализмнің жалпы заңдылығы. Жан басына келетін өнеркәсіп өнімін өндіру жағынан дүниежүзілік социалистік система кәзірдің өзінде капитализмнің дүниежүзілік системасын қуып жетті. Жер жүзін-

дегі халықтың үштен біріндейін қамтып отырған социалистік елдердің үлесіне дүниежүзілік өнеркәсіп өндірісінің үштен бірінен көбірегі, дүниежүзілік астық өндірісінің жартысындайы және мақта өндірісінің 43 проценті тиіп отыр. СССР халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспарын толығымен және асыра орындаудың, сондай-ақ халық демократиясы елдерінің экономикалық даму жоспарларын орындаудың нәтижесінде дүниежүзілік социалистік система жетіжылдықтың аяғында бүкіл дүниежүзілік өнеркәсіп өнімінің жартысынан көбірегін өндіретін болады. Мұның өзі социалистік системаның капиталистік системадан артықшылығының жаңа дәлелдемесі болып табылады.

Дүниежүзілік социалистік шаруашылық системасына дамудың жаңа экономикалық заңдылықтары тән, осы заңдылықтарды пайдалану барлық социалистік елдердің тез қарқынмен дамуын қамтамасыз етеді.

Социалистік елдердің экономикалық дамуының ерекшелігі мынада: әрбір социалистік елдің өсуі мен дамуы бүкіл дүниежүзілік социалистік системаны нығайтып отырады. Капитализм жағдайларында, мұның керісінше, белгілі бір елдегі өндірістің өсуі капиталистік елдер арасындағы қайшылықтарды тереңдетеді, олардың қарым-қатынастарын шиеленістіреді, бәсекелесу күресін күшейтеді, оларды өзара соқтығыстырады.

Дүниежүзілік социалистік системада экономикалық дамудың бұл күнге дейін адамзат білмеген жаңа заңдылығы бар. Бұрын экономика жағынан артта қалған социалистік елдер басқа социалистік елдердің тәжірибесіне, олармен өзара көмектесуге және ынтымақтасуға сүйене отырып, уақытты тез ұтады, өзінің экономикасы мен мәдениетін қатарға жеткізеді. Сонымен барлық социалистік елдердің экономикалық және мәдени дамуының жалпы жолы теңеліп отырады. Империализм тұсында, мұның керісінше, әртүрлі елдердің экономикалық және саяси дамуының теңсіздік заңы әрекет етеді. Капиталистік дүниедегі даму бір елдердің екінші елдер есебінен алға шығу жолымен жүреді. Алға шыққан елдер артта қалған елдерді құлдықта және тәуелділікте ұстау үшін өзінің артықшылық жағдайын барынша қорғап отырады.

Социалистік шаруашылық системасында жоспарлы, пропорциялы даму заңы әрекет етеді. Бүкіл социалистік лагерь елдері өздерінің өндірістік күштерін біріктіріп, ынғайластырып отырады, өздерінің халық шаруашылығы жоспарларын ұштастырып, бір ізге салып отырады. Социалистік лагерь елдерінің дамуында еңбектің халықаралық бөлінісі, әсіресе оның жоғарғы формалары—мамандандыру мен кооперациялау үлкен роль атқарады. Бүкіл социалистік лагерьде және жеке алынған әрбір социалистік елде өндірістің тез дамуының қосымша мүмкіндіктері осында жатыр. СССР халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспары осы мүмкіндіктерді ескеріп отырады.

Социалистік елдер бірыңғай майданмен ілгерілеп келеді. Кейбір халық демократиялық елдері кәзірдің өзінде социализм құрылысын аяқтау дәуіріне еніп отыр. Социализмнің дүниежүзілік системасының одан әрі өсіп, нығаюының барысында барлық социалистік елдер неғұрлым табысты түрде дами бермек, олардың коммунизмнің бірінші фазасынан оның екінші фазасына өтуіне жағдайлар жасалмақ. Осы елдердің, Совет Одағы сияқты, коммунистік қоғам құру ісіне кірісетін кезеңі жақындап келеді. Демек, социализм елдерінің бәрі коммунистік қоғамның жоғарғы фазасына азды-көпті бір мезгілде көшетін болады. Бұл арада әртүрлі елдердегі жағдайлардың әртүрлілігі есепке алынады. Коммунизмге көшудің ерекше тәсілдері, әдістері және формалары сөзсіз туады. Осылай бола тұрса да барлық елдердің коммунизмге қарай дамуындағы басты нәрсе, марксизм-ленинизмнің үйретуі бойынша, әр елдердің ерекше көріністері емес, барлық елдерге ортақ заңдылықтар болады.

Партияның ХХІ съезінің қарарында былай делінген: Совет Одағы социалистік елдердің бірлігін нығайтуға, олардың арасындағы тығыз экономикалық және мәдени байланыстарды күшейтуге, марксизм-ленинизмнің ұлы идеяларының және пролетарлық интернационализмнің принциптерінің негізінде келіп бостандық алған халықтардың туысқандық семьясын бұрынғыдан да топтастыра түсуге алдағы жерде де көмектесіп отыруды өзінің ең маңызды міндеті деп есептейді.

Съезд қабылдаған СССР-ді өркендетудің жетіжылдық жоспары социалистік лагерь елдерінің халықтарын рухтандырады, оның бұрынғыдан да бетер топтаса түсуіне көмектеседі. Социалистік елдер халықтарының ойлары мен сезімдерін, олардың СССР-дегі коммунистік құрылыстың аса зор жоспарына деген қуанышын және оны мақұлдауын туысқан коммунистік партиялардың өкілдері өздерінің съезде сөйлеген сөздерінде толық және айқын көрсетті.

КПСС-тің ХХІ съезі адамзатты дүниежүзілік соғыстардан құтқарудың мүмкін екендігіне халықтардың сенімін күшейтті. Партияның ХХ съезінің соғыстың болуы сөзсіз деуге болмайды деген қорытындысы толығымен расталды. Халықаралық даулы мәселелерді соғыс арқылы шешу жөніндегі империалистердің әрекеттерінің бәрі мүлде іске аспағанын соңғы жылдар айқын көрсетті. Бейбітшілік сүйгіш халықтар бейбітшілікті сақтап қалды. Бейбітшіліктің берік тірегі қуатты социалистік лагерь болып отыр. Ол өзінің экономикалық күшінің, ғылымы мен техникасының табыстарының бәрін бейбітшілік пен халықтардың қауіпсіздігі қызметіне жұмсап отыр. Империалистік мемлекеттердің социалистік лагерьге қарсы агрессиясының тынатын бір ғана тынысы — капитализмнің күйреуі болмақ.

Совет Одағының, социалистік лагерь елдерінің экономикалық жоспарларының жүзеге асуы кәзіргі заманның негізгі проблемасын — жалпыға бірдей бейбітшілікті сақтауды шешуге бұрынғыдан да қолайлы жағдайлар жасайды. СССР дүние жүзіндегі ең озат өнеркәсіпті мемлекетке айналған кезде, Қытай Халық Республикасы қуатты индустриялы мемлекет болған кезде, социалистік елдердің бәрі бірігіп дүниежүзілік өнеркәсіп өнімінің жартысынан көбін шығаратын болған кезде халықаралық жағдай негізінен өзгереді. Социалистік елдердің қолы жеткен экономикалық қуаты халықаралық майдандағы күштердің арасалмағын бейбітшілік пайдасына қарай аударып жібереді. Социалистік лагерь елдерінің табыстары бейбітшілік сүйгіш күштерді одан әрі өсіріп, нығайтады. Бейбітшілікті баянды ету жолында күресіп жатқан мемлекеттерге бір елден соң бір ел келіп қосыла береді. Соғысқа жол берілмеу идеясы адам санасына барған сайын тереңдеп ене бермек. Социалистік лагерьдің қуатына сүйене отырып, бейбітшілік сүйгіш халықтар сол кезде империализмнің соғысқұмар топтарын жаңа соғыс шығару жоспарынан бас тартуға көндіреді. Сонымен, социализм жер жүзінде толық жеңіп шыққанға дейін-ақ, капитализм дүние жүзінің кейбір бөлігінде сақталып тұрса да, дүниежүзілік соғысты қоғам өмірінен аластауға нақты мүмкіндіктер туады.

Халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспары Совет Одағының бейбітшілік сүйгіш лениндік саясатының жаңа көрінісі. Ол жоспар бейбітшілік сүйгіш рухта жасалған. Совет халқы бейбітшілік сақтауға күштар және ол қоғам өмірінен соғысты аластауға қажетті нақтылы мүмкіндіктер жасау үшін бар шарасын қолдануда. Алайда кәзіргі кезде империалистердің соғыс шығару қаупі жойылған жоқ, бұл қауіпті елемеге болмайды.

Н. С. Хрущевтің ХХІ съезде жасаған баяндамасы мен қорытынды сөзінде, съездің қарарында кәзіргі заманғы халықаралық жағдайдың көкейтесті мәселелері баяндалды, соғыс қаупі мен халықаралық шиеле-

ністің негізгі көздері көрсетілді, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің кәзіргі кезеңдегі сыртқы саясаттағы міндеттері белгіленді.

Съезд бейбітшілік пен халықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін герман мәселесін дұрыс шешудің, ядролық қаруды сынауды тоқтату және оған толық тыйым салу туралы, қарусыздану туралы, «қырғиқабак соғысты» тыю туралы халықтар арасында келісім жасалуының мәні өте зор екенін атап көрсетті. Соғыс қаупінің негізгі көзі америка империализмінің агрессиялық бағыты болып қала береді. Империалистік мемлекеттердің басты агрессиялық тобы — Солтүстік Атлантика соғыс одағы, Америка Құрама Штаттарының, сонымен қатар Батыс Германияның, Англияның, Францияның, агрессияшыл Солтүстік Атлантика одағына кіретін басқа елдердің билеуші топтары халықаралық проблемаларды бейбітшілік жолмен шешуден қасарыса бас тартып отыр, атом қаруын көбейтіп, соғыс жанжалдарын туғызып отыр. Солтүстік Атлантика одағының негізгі соққы күші Батыс Германия болып, бұл ел осы одақтың негізгі атом және ракета базасына айналып келеді. Батыс Германияда бейбітшілік сүйетін халықтарға қауіп туғызатын милитаризм мен реваншизм бас көтеріп отыр. Империалистік агрессия дүние жүзінің нағыз әртүрлі аудандарының халықтарына қорқынып туғызып отыр. Империалистер Таяу Шығыста, Тынық мұхит ауданында соғыс жанжалдарын туғызып отыр, өзінің бостандығы үшін күрескен Африка халықтарына қарсы соғыс жүргізіп жатыр. Латын Америкасы елдерінің ішкі істеріне соғыспен араласу қаупін туғызумен келеді.

Империалистік мемлекеттердің агрессиялық бағытына Совет Одағының бейбітшілік сүйгіш бағыты қарсы келіп отыр. СССР-дің бейбітшіл сыртқы саясаты империалистік агрессорлардың жолына өткелсіз бөгет жасауда. Совет Одағының, социалистік лагерь елдерінің және Шығыстың бейбітшілік сүйгіш мемлекеттерінің берік позициясының арқасында Таяу және Орта Шығыстағы, Қиыр Шығыстағы соғыстың қауіпті ошақтары тұтанысымен сөндірілді, империалистік агрессорлардың соғыс шығаруға жасаған басқа әрекеттері де жойылды. Совет Одағы халықаралық жағдайды жақсартуға, халықаралық шұғыл мәселелері бейбітшілік жолмен шешуге барлық күшін салуда.

Партияның XXI съезі Совет үкіметінің бейбітшілік сүйгіш лениндік сыртқы саясатын, оның бейбітшілік пен халықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында дер кезінде жүргізілген дұрыс шараларын бірауыздан мақұлдады. Съезд Орталық Комитетке және Совет үкіметіне қатар бейбіт өмір сүрудің лениндік принциптерін бұдан былай да басшылыққа алып отыруды, халықаралық шиеленісті бәсеңдету жолында батыл күресуді, әлеуметтік құрылысына қарамастан мемлекеттер арасында өзара сенім және ынтымақ орнатуды, империалистік агрессорлардың арам ойларын әшкерелеп, іске асыртпай отыруды тапсырды. Съезд дүниежүзілік сауданы, мәдени пікір алысуды кеңінен өрістетудің, мемлекеттік, қоғамдық қайраткерлердің жүздесіп отыруларының ерекше маңызы бар екенін баса көрсетті. Халықаралық жағдайдың түзелуіне жалпыға бірдей бейбітшіліктің тағдыры үшін ерекше жауап беретін екі ұлы мемлекет есебінде Америка Құрама Штаттары мен Совет Одағының арасындағы қатынастардың жақсаруы көмектескен болар еді. Халықаралық жағдайдың жақсаруына, «қырғиқабак соғыстың» жойылуына және қарусыздану ісіне Германиямен бейбітшілік шартының жасалуы және Берлин мәселесінің шешілуі едәуір дәрежеде көмектескен болар еді.

Съезд совет халқын, социалистік лагерь елдері халықтарын және бейбітшілік сүйгіш күштердің бәрін қырағылықты мейлінше сақтауға, бейбітшілік сақтау жолындағы күресті күшейтуге шақырды. «Біз барлық халықтарды, деді съезде Н. С. Хрущев, — бейбітшілікті сақтау және нығайту жолындағы күресті күшейтуге шақырамыз. Өз тарапы-

мыздан біз бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қамтамасыз ету үшін қажетті нәрселердің бәрін істейміз» («КПСС-тің кезектен тыс ХХІ съезі. Стенографиялық есеп», I том, 84-бет).

ХХІ съезд халықаралық коммунистік қозғалыс күштерінің өскендігінің, барлық маркстік-лениндік партиялардың топтасқандығының айқын манифестациясы болды. 83 елде коммунистік және жұмысшы партиялар бар. Олар 33 миллионнан астам адамды біріктіріп отыр. Мұның өзі жұмысшы табының ұлы табысы, марксизм-ленинизмнің аса зор жеңісін көрсетеді. КПСС-тің ХХІ съезіне 72 коммунистік және жұмысшы партиялардың делегациялары катынасты. Шетелдік туысқан партиялардың өкілдері СССР халықтарын коммунизмге қарай сенімді түрде бастап келе жатқан Совет Одағы коммунистік партиясын шын жүректен құттықтады. Өздерінің өкілдерін жібере алмаған коммунистік және жұмысшы партиялар съезге достық жолдамаларын жіберді.

Съездің материалдарында кәзіргі заманғы халықаралық жұмысшы қозғалысына терен талдау жасалды. Капиталистік елдерде халық бұқарасының табыстарына реакцияның жаңа шабуылының қауіпті белгілері білініп отыр. Бұл шабуыл реакцияшыл буржуазияның ашық диктатура орнату және фашизмді қайтадан туғызу әрекетіне көшуінен байқалады. Фашистік қауіп жолына кедергі жасай алатын ең сенімді күш — демократияшыл күштердің, ең алдымен жұмысшы табының бірлігі. Совет Одағының коммунизм жолымен ойдағыдай алға басып келе жатқандығы, социалистік лагерьдің барлық елдерінің социализм құрудағы табыстары, жұмысшы табының ұйымшылдығының өсуі және реакцияға қарсы күрестің мол тәжірибесі жұмысшы табының халықаралық көлемде де, ұлттық көлемде де қимыл бірлігін орнатуға қолайлы жағдайлар туғызып отыр. Съезд капиталистік елдерді социал-демократиялық жұмысшылардың қалың бұқарасы мен олардың ұйымдары тап күресінің барысында қимыл бірлігінің қажеттігін барған сайын түсінеді, жұмысшы табының басқа да отрядтарымен және демократияшыл жіктермен біріге келіп, фашизм мен соғыстың жолына кедергі жасайды деген сенім білдірді.

КПСС-тің ХХІ съезі коммунистік және жұмысшы партиялары өкілдерінің 1957 жылы ноябрьде болған кеңесі туысқан партиялардың көзқарастарының толық бірлігін көрсеткендігін қанағаттанғандықпен атап өтті. Кеңестің декларациясын барлық коммунистік және жұмысшы партиялар бірауыздан мақұлдады. Ол Декларация дүниежүзілік коммунистік қозғалыс қимылдарының жауынгерлік программасы болды. Декларацияда басты қауіп есебінде ревизионизм, сонымен қатар догматизм мен сектанттық теріске шығарылды. Декларацияның қорытындыларының дұрыстығын өмір толығынан растап шықты. Ноябрь кеңесінен кейін коммунистік және жұмысшы партиялардың, бүкіл халықаралық коммунистік қозғалыстың қатары марксизм-ленинизмнің идеялық негізінде одан әрі топтаса түсті. Барлық маркстік-лениндік партиялар Югославия коммунистер одағының ревизионистік программасын принциптік жағынан сынап, бір ауыздан теріске шығарды. Коммунистік қозғалыс ревизионизмге қаусата соққы берді. Ревизионистер халықаралық коммунистік қозғалыста жік турыза алмады, бірде-бір туысқан партияны маркстік-лениндік жолдан тайдыра алмады.

Н. С. Хрущевтің баяндамасы мен съездің қарарында, туысқан маркстік-лениндік партиялардың делегаттары мен өкілдерінің сөйлеген сөздерінде Югославия ревизионистерінің көзқарастары мен саясаты сыналды, олардың оңбағандық күрес тәсілдері әшкереленіп, теріске шығарылды. Съезд Югославия басшыларының теориясы мен практикасы жұмысшы табының позициясынан, халықаралық пролетарлық ынтымақ

принциптерінен шегіну екендігін атап көрсетті. ХХІ съезд совет коммунистерінің, бүкіл совет халқының Югославияның туысқан халықтарына, Югославия коммунистеріне достық көңілде екенін мәлімдеді. СССР империализмге қарсы, бейбітшілікке жақ күрестің, Совет Одағының позициясы Югославияның позициясымен тура келетін барлық мәселелері жөнінен де Югославиямен ынтымақтасуға бұдан былай да тырысып отырады.

Съезд басқа да коммунистік партиялармен бірге КПСС социалистік лагерьдің тағдырына, дүниежүзілік коммунистік қозғалыстың тағдырына жауап беретіндігін мәлімдеді. Съездің қарарында былай делінген: Совет Одағының Коммунистік партиясы бұдан былай да «Маркстің, Энгельстің және Лениннің интернационалдық ұлы ілімінен ешбір бұлтармай, марксизм-ленинизмнің тазалығы жолында, дүниежүзілік коммунистік және жұмысшы қозғалысының жаңа табыстары жолында түрлі түсті ревизионистерге қарсы күресіп» отырады («К П С С-тің кезектен тыс ХХІ съезі. Стенографиялық есеп», II том, 451-бет).

Совет Одағы Коммунистік партиясының ХХІ съезі — дүниежүзілік тарихи мәні бар оқиға. СССР-ді өркендетудің съезд қабылдаған жетіжылдық жоспары бүкіл халықаралық көлемде танылып отыр. Бүкіл дүние жүзінің еңбекшілері мен прогресшіл адамдары совет жетіжылдығы бейбітшіліктің, демократияның, социализмнің күштерін одан әрі нығайту ісіне қызмет етеді деп біледі. Совет Одағының жетіжылдығы империалистік топтар арасында абыржу, сасқалақтау туғызды. Алайда буржуазиялық қайраткерлер мен баспасөз органдары жетіжылдық жоспардың орындалатынын, СССР-дегі коммунистік құрылыстың табысты болатынын мойындауға мәжбүр болып отыр.

3. Коммунистік партия — совет халқының СССР-де коммунизмнің жеңуі жолындағы күрестегі жетекші және ұйымдастырушы күші

КПСС-тің ХХІ съезі партияның болаттай берік топтасқандығы мен бірлігін, партия ұйымдары мен барлық коммунистердің жоғары белсенділігін, коммунистік қоғам құрудың ұлы міндеттерін партияның ойдағыдай шеше алатындығын көрсетті. Съезде барлық одақтас республикалардың партия ұйымдарының, көптеген автономиялық республикалардың, өлкелердің және облыстардың өкілдері, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының озаттары, ғылым, техника және мәдениет қайраткерлері сөйледі. Делегаттардың сөздері партияның бірлігін нығайтудың қамын көздеген сөздер болды. Делегаттардың бәрі де коммунистік құрылыстың аса зор жоспарын толық мақұлдайтынын білдірді. Олардың сөздерінде жетіжылдық жоспарды тезірек орындау жөнінде көптеген бағалы ұсыныстар болды.

Съезд бүкіл партия мен халық бірауыздан қолдаған партияның Орталық Комитетінің июнь (1957 жыл) пленумының шешімдерін мақұлдады, пленум Маленковтың, Кагановичтің, Молотовтың, Булганиннің және Шепиловтың антипартиялық тобын әшкерелеп, идеялық жағынан талқандаған еді. Фракциялық күрестің нағыз пасық тәсілдерін қолдана отырып, бұл топ партияның бірлігін бұзуға, партия мен елімізді Ленин жолынан тайдыруға тырысқан еді, партияның ХХ съезінің шешімдерін жүзеге асыруға қарсы шыққан еді. Съездің қарарында фракционерлер мен жікшілдердің жексұрын тобын Орталық Комитеттің батыл мінеп, лақтырып тастағанының дұрыс болғаны баса көрсетілді. Антипартиялық топты әшкерелеп және идея жағынан талқандап, партия Орталық Комитеттің төңірегіне, марксизм-ленинизм туының астына бұрынғыдан да тығызырақ топтаса түсті.

КПСС-тің ХХІ съезі Коммунистік партияның өскен беделін, совет халқының партия төңірегіне тығыз топтасқандығын көрсетті. Халықтың

Коммунистік партияға деген шексіз сенімі КПСС қатарының өскендігінен айқын көрінді. XX және XXI съездердің арасында партияға жұмысшы табының, колхоз шаруасының және еңбекші интеллигенцияның бір миллионнан астам тандаулы өкілдері кірді. Съезд жұмысының үстінде съезге заводтардың, фабрикалардың, жаңа құрылыстардың, совхоздардың, колхоздардың, әскер бөлімдерінің, қоғамдық ұйымдардың коллективтерінен өздерінің еңбектегі табыстары туралы көптеген құттықтау телеграмдар, хаттар, рапорттар түсті. Совет халқы Коммунистік партияны өзінің сынан өткен көсемі және жетекшісі деп біледі.

Социализм мен коммунизмнің жеңуі жолындағы күрестің бүкіл тәжірибесі коммунистік қоғам құру процесінде партияның ролі бірден бірге өсіп отырады дейтін ленинизмнің ең маңызды қорытындыларының бірінің дұрыстығын дәлелдейді.

Коммунистік партияның ролі ең алдымен коммунизм құрып жатқан совет халқының алдыңғы қатарлы отряды ретінде өсіп отырады. Социалистік қоғамның, коммунизмге ұласуы алдымызға ең жаңа проблемалар қойып отырады. Маркстік-лениндік теориямен қаруланған және марксизм-ленинизм принциптерін творчестволықпен қолдана білетін партия ғана коммунизмге қарай ілгерілеудің жолын дұрыс көрсете алады. Орталық Комитет өзінің пленумдарында коммунистік құрылыстың пісуі жеткен мәселелерін үнемі қарастырып, алға қарай өрлеудің перспективаларын көрсетіп отырды. КПСС-тің XXI съезінің шешімдері, социализмнен коммунизмге өтудің съезд көрсеткен аса маңызды проблемалары — коммунистік құрылыстың көзіргі кезеңіндегі партияның жетекшілік ролінің жаңа бір айқын көрінісі.

Коммунистік партияның жетекшілік және ұйымдастырушылық ролі еліміздің экономикалық өмірінде өсіп отырады. Бұл ең алдымен партияның коммунистік құрылыс жоспарларын жасауынан көрінеді. Социализмнің экономикалық заңдарын білумен қаруланған партия ғана социалистік халық шаруашылығының коммунизмге қарай дамуына бағыт сілтеп отыра алады. Партия мемлекеттік жоспарларда коммунизм құрылысының басты мәселелерін және оларды шешудің жолдарын белгілейді. КПСС XXI съезі қабылдаған СССР халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспары — социализмнен коммунизмге өту дәуіріндегі шаруашылық құрылыстағы партияның өскен жетекшілік ролінің жаңа бір айқын көрінісі. Совет өкіметі тұсында, әсіресе соңғы жылдар ішінде, халық шаруашылығымыз мықтап өсті. Коммунистік құрылыс жоспарларының жүзеге асырылуы өндіріс көлемінің одан әрі өсуі болып табылады. Мұның өзі халық шаруашылығын басқарудың формаларын жетілдіре беруге үнемі көңіл бөлуді талап етеді. Өндіріс пен құрылысты басқару ісін қайтадан құру, экономикалық әкімшілік аудандарда халық шаруашылығы советтерін құру, одақтас республикалардың, жергілікті органдар мен кәсіпорындардың праволарын кеңейту, жоспарлау ісінің жаңа тәртібін енгізу партияның барлық буындарының шаруашылық құрылыстағы жетекшілік ролін көтерді, одақтас және автономиялық республикалардың, өлкелер мен облыстардың, өнеркәсіп орындарының, совхоздар мен колхоздардың экономикасының жағдайына және ойдағыдай дамуына жергілікті партия ұйымдарының жауапкершілігін көтерді.

Коммунистік партияның еңбекшілерге тәрбие берудегі ролі өсіп отырады. Өрістеген коммунистік құрылыс дәуірінде коммунистік қоғамның жан-жақты дамыған және даярлығы мол адамдарын — болашақтың адамдарын тәрбиелеудің міндеті іс жүзінде шешілуге тиіс. Ондаған және жүздеген миллион адамдарға, бүкіл совет халқына коммунистік тәрбие беру — күрделі және қиын процесс. Коммунистік көзқарастардың орнауы капитализмнің қалдықтарына қарсы, совет адамдарының арасына буржуазиялық ықпалдың, жат көзқарастар мен салт-

саналардың енуіне қарсы күресте жүзеге асады. Марксизм-ленинизм теориясын игерген Коммунистік партия ғана еңбекшілерді коммунизм рухында тәрбиелей алады, олардың дүниеге коммунистік көзқарасын қалыптастыра алады, буржуазиялық идеологияға қарсы батыл күрес жүргізе алады. ХХІ съезд партияны идеялық-саяси жұмыстың дәрежесін көтеруге, коммунистік құрылыс міндеттерін ойдағыдай шешу ісіне идеологиялық жұмыстың барлық құралдарын пайдалануға, еңбекшілерге коммунизмнің не екенін және оның адамға қандай игілік әперетінін түсіндіріп отыруға шақырды.

Коммунистік партияның жұмысшы табы мен барлық еңбекшілердің ұйымының жоғарғы формасы ретіндегі ролі өсіп отырады. КПСС-тің ХХ съезінің шешімдерін жүзеге асыра отырып, партия халықпен бұрынғыдан да бетер бауырласты, бұқарамен байланысын кеңітіп, нығайтты. Мемлекеттік, шаруашылық және мәдени құрылыстың аса маңызды мәселелері жөніндегі заң жобаларын бүкіл халықтың талқысына салу, халық шаруашылығының, ғылымның және мәдениеттің түрлі салалары қызметкерлерінің кеңестерін шақырып отыру, ел өмірінің көкейтесті мәселелері жөнінде еңбекшілермен ақылдасып отыру партия жұмысының системасына айналды. Социалистік мемлекеттікті демократияны барынша өрістетуге бағытында дамыту одақтас республикалар мен жергілікті органдардың шаруашылық және мәдениет құрылысына басшылық ету жөніндегі праволарын ұлғайтумен, советтердің, кәсіподақтардың және комсомолдың ролін көтерумен, қоғамдық тәртіп пен азамат праволарын қорғау жөнінде еңбекшілердің жана дербес органдарын құрумен, бұқараның белсенділігін өсірумен, қоғамдық істерді басқару жұмысына бұқараны мол қатыстырумен ұштастыра жүргізіледі. Бұл арадағы бір маңызды нәрсе, мемлекеттік мүддені барлық қоғамдық ұйымдардың да қатаң сақтауы, жергілікті биліктің, томаға-тұйықтықтың және ыдырампаздықтың қандай көріністерінің болсын негізінен жойылып отыруы болып табылады. Коммунистік құрылыстың кәзіргі кезеңінде басқа қоғамдық ұйымдардың бәрінің қызметін біріктіріп отыра алатын беделді, ықпалды басшы ұйым қай уақыттағыдан да бетер қажет. Партия нақ осындай ұйым. Коммунистік партия барлық қоғамдық ұйымдарға басшылық етіп, олардың жұмысын коммунистік құрылыстың бірыңғай арнасына бағыттап отырады.

Коммунистік партия мен совет халқының кәзіргі кездегі басты міндеті — халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспарының сөзсіз орындалуын қамтамасыз ету.

Съезд жергілікті партия органдары мен бастауыш партия ұйымдарының ұйымдастырушылық ролін көтерудің қажет екенін көрсетті. Партия өмірінің лениндік нормаларын, коллективтік басшылықтың принциптерін қалпына келтіріп, онан әрі дамыту, партияның ішкі демократиясын, сын мен өзара сынды күшейту бағытын дәйекті түрде жүргізу партия ұйымдарының іскерлігін, партия бұқарасының белсенділігін бұрынғыдан да гөрі көтере түсті. Жетіжылдық жоспарды орындаудың табысты болуы кәсіпорындар мен құрылыстарда, совхоздар мен колхоздарда, ғылыми мекемелерде шешіледі. Партия ұйымдарының міндеті — нақтылы өндірістік тапсырмаларды жүзеге асыру ісіне бұқараны жұмылдырып, ұйымдастырып отыру, жоспардың тапсырмаларын барлық еңбекшілердің санасына енгізу, әрбір коллективтің күшін осы тапсырмаларды орындауға ұйымдастырып, бағыттап отыру, кемшіліктерді батыл жойып, қиыншылықтарды жеңіп отыру. Әрбір коллектив жетіжылдық жоспарды толық және асыра орындау ісіне өз еңбегімен белсене қатысу үшін әрбір кәсіпорында, әрбір колхозда, совхозда және мекемеде творчестволық еңбек және өндірістік өрлеу жағдайы жасалып отыруға тиіс.

Партияның идеологиялық жұмысы коммунистік құрылыстың міндеттерін ойдағыдай орындауға бағындырылып отыр. Кәзіргі кезеңдегі идеологиялық жұмыстың негізіне партия совет адамдарын коллективизм рухында және еңбек сүйгіштік рухта тәрбиелеу, еңбекке коммунистік көзқарасты дамыту мәселелерін қойып отыр. Съезд партия ұйымдарын идеологиялық жұмыстың практикалық міндеттерді шешумен тығыз байланысты болуын, тәрбие жұмысының нақтылы және мақсатқа сай болуын, еңбектің коммунистік формаларының барынша қолданып, дамытылуын, әрбір еңбек адамының машинаны, станокты, агрегатты, тракторды, комбайнды жақсы пайдаланып, еңбектің алдыңғы қатарлы әдістерін қолдануын қамтамасыз етуге міндеттеді.

КПСС-тің ХХІ съезі коммунистік құрылыстың міндеттерін жүзеге асырудағы ең басты рольді партия мен мемлекеттің кадрлары атқаратынын атап көрсетті. Партия ұйымдарының міндеті — кадрларды дұрыс орналастыру ісін жақсарту, жас кадрларды батыл жоғарылатып отыру, артта қалып келе жатқан кәсіпорындарды, колхоздарды, совхоздарды және аудандарды маған қызметкерлермен нығайту, кадрларды, барлық коммунистерді жоғары талаптылық рухында, тапсырылған жұмысқа жауапты болу, халыққа, коммунизм ісіне адал қызмет ету рухында тәрбиелеп отыру, олардың теориялық дәрежесін үнемі көтеріп, маркстік-лениндік даярлығын жақсартып отыру.

Партияның ХХІ съезі СССР-дің коммунистік қоғам құрылысын кеңінен өрістету дәуіріне енуі совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының белсенділігін бұрынғыдан да жоғары көтереді, СССР халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспарын толық және артығымен орындау жолында жұмысшы табының, колхоз шаруаларының, еңбекші интеллигенцияның еңбекке ынталылығын бұрынғыдан да мықтап көтереді деген берік сенім білдірді.

Коммунистік партия совет халқын сыннан өткен Ленин жолымен, марксизм-ленинизмнің жеңімпаз ұлы туы астында коммунизмнің күн шұғылалы шыңына қарай бастап келеді. СССР-де адамзаттың ең асқақ арманы — коммунизм туралы арман жүзеге асырылуда. Коммунизмге жаңа жол сала отырып, совет халқы социалистік елдер халықтарымен тығыз топтаса ілгерілеп келеді, қуатты социалистік лагерьге, барлық елдердің жұмысшы табы мен еңбекшілерінің көмегіне сүйеніп келеді.

«Біздің кәзір аяқ басып отырған жетіжылдығымыз, — деді Н. С. Хрущев съездегі баяндамасын қорыта келіп, — еліміздің тарихи дамуы жолындағы жаңа маңызды, шешуші деуге болатын белес. Коммунистік партияның, бүкіл совет халқының бұл белеске де көтеріліп, кең алқапқа шығатындарына, ал сонда келіп жаңа кеңістіктер ашылатынына, сонда алға басу жеңілдейтініне сенімдері әбден мол» («КПСС-тің кезектен тыс ХХІ съезі. Стенографиялық есеп», I том, 120-бет).

ҚОРЫТЫНДЫ

Совет Одағы Коммунистік партиясының өткен тарихи жолының басты-басты қорытындылары қандай? Оның дамуы мен күресінің негізгі заңдылықтары қандай? КПСС тарихының үйрететіні не?

1. Партияның тарихы: буржуазия мен оның мемлекеттік өкімет билігі жөнінде революцияшыл, келісімпаздар мен капитулянттарға ымырасыз, оппортунизмнен аулақ Коммунистік партияның басшылығымен ғана жұмысшы табы жеңіске жете алады, пролетариат диктатурасын жеңіп алу, социализм мен коммунизм орнату жөніндегі тарихи міндеттерді шеше алады, деп үйретеді.

Совет Одағының ұлы Ленин құрған Коммунистік партиясы жаңа типті партия. Реформистік, социал-демократиялық партияларға — проле-

тариатты буржуазиямен келістіру, ымыраластыру саясатын жүргізген осы ескі типті партияларға қарағанда, Коммунистік партия социалистік революцияның жеңуі жолында, қанаушылық құрылысты жою жолында, социалистік және коммунистік қоғамды құру жолында күресуші тап ретіндегі пролетариаттың түбірлі мүдделерін білдіреді.

КПСС—жұмысшы табы мен бүкіл совет халқының алдыңғы қатарлы, ұйымдасқан, маркстік-лениндік отряды, саяси көсемі. Ленинизмнің үйретуі, ал тарихтың растауы бойынша: жұмысшы табының алдыңғы қатарлы отряды болу, халық бұқарасының көсемі болу роліне партия революциялық қозғалыс пен коммунизм құрылысының барлық кезеңдерінде еңбекшілердің түбірлі мүдделері үшін жүргізген жанқиярлық күресі арқылы не болып, оны сол күресте баянды етеді.

«Тек коммунистік партия ғана, — деп жазды В. И. Ленин, — егер ол революцияшыл таптың шын авангарды болатын болса, егер ол осы таптың барлық таңдаулы өкілдерін өз ішіне алып отырған болса, егер ол қажырлы революциялық күрестің тәжірибесімен көзі ашылып, шындыққа мейлінше саналы және шын берілген коммунистерден құралған болса, егер бұл партия өзін өз табының өмірімен, ал осы тап арқылы барлық қаналушылар бұқарасының өмірімен тығыз байланысты ете білген болса және осы тап пен осы бұқараны өзіне толық сенетін ете алған болса, — тек осындай партия ғана, капитализмнің барлық күшіне қарсы ең аяусыз, ең батыл, ақырғы күресте пролетариатқа басшылық ете алады. Екінші жағынан, тек осындай партияның басшылығы арқасында ғана пролетариат, капитализм аздырған жұмысшы аристократиясының, ескі тред-юниондық және кооперативтік көсемдердің, т. с. шағын ғана азшылығының болмай тұрмайтын бойкүйездігін және ішінара қарсылығын жоққа шығара отырып, өзінің революциялық тегеуірінінің барлық күш-қуатын өршіте алады, — капиталистік қоғамның экономикалық құрылысының өзіне байланысты, халық ішінде өзіне тиесілі үлестен гөрі өлшеусіз көп артық болып шығатын өзінің барлық күшін өршіте алады» (Шығармалар, 31-том, 183-бет).

Осындай партияның болуы және оның бұқараға басшылық етуі Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңіп шығуының ең маңызды шарты болды. Партияның басшылық етуі халықаралық және ішкі қиын, ауыр жағдайларда СССР-де дүние жүзіндегі ең тұңғыш социалистік қоғамды құруды, елімізді империалистік, жау күштерден қорғауды, оның коммунизм жолымен ойдағыдай алға басуын камтамасыз етті.

Совет қоғамының дамуы белгілі бір заңдылықтың бар екенін ашып берді, ол: коммунистік құрылыста, қоғамға саяси және идеялық басшылық етуде, еліміздің шаруашылық және мәдени өмірінде партияның ролінің үнемі арта беруі.

2. КПСС-тің тарихи тәжірибесі: капитализмнен социализмге өту, коммунистік құрылыстың міндеттерін ойдағыдай шешу пролетариат диктатурасы негізінде ғана, яғни жұмысшы табының қоғамға саяси, мемлекеттік басшылығы негізінде ғана мүмкін деген марксизм-ленинизмнің ең маңызды қорытындысын растады.

Пролетариат диктатурасы ең алдымен ел ішіндегі құлатылған қанаушылардың және социализмге жау барлық таптық күштердің қарсылығын басып-жаншу үшін, социализмнің жеңістерін сыртқы жаулардың шабуылынан қорғау үшін қажет.

Пролетариат диктатурасы дегеніміз зорлық қана емес, тіпті ол көбінесе зорлық емес.

Пролетариат диктатурасы дегеніміз социализмді құрып, баянды ету мақсатында жұмысшы табының, еңбекшілердің сансыз көп жіктерімен, ең алдымен еңбекші шаруалармен жасалатын таптық одағының ерекше формасы.

Бұл одақтың дамуы социализм заманында қоғамның моральдық-саяси бірлігінің орнауына жеткізді.

Пролетариат диктатурасының ең маңызды міндеті — еңбекші шаруалар бұқарасына, қала еңбекшілерінің пролетар емес жіктері мен интеллигенцияға жұмысшы табының мемлекеттік басшылығын жүзеге асырып отыру, оларды социалистік құрылысқа тарту және қайта тәрбиелеу мақсатында олармен екі арадағы одақты нығайтып отыру.

СССР-де социализм жеңгеннен кейін қанаушылар құрыды, оларды басып-жаншудың қажеті болмай қалды, бірақ жұмысшы табының диктатурасы сақталып отыр. Пролетариат диктатурасы енді елді империалистік лагерь мен оның агентурасының қол сұғуларынан қорғау міндеттерін жүзеге асырады; ол социализмнің қол жеткен табыстары негізінде Совет елінің одан әрі ілгерілеу ісінде халыққа басшылық ету үшін қажет.

Пролетариат диктатурасы еңбекшілердің мүдделерін көксеп, қорғайды. Пролетариат диктатурасы буржуазиялық демократиямен салыстырғанда демократияның жана, жоғарғы формасы болып табылады. СССР-де социализм орнаған жағдайда демократизм жалпыға бірдей, социалистік демократизмге айналды.

КПСС тарихы: пролетариат диктатурасы Коммунистік партиясыз жүзеге асырылмайды деп үйретеді. «...Пролетариат диктатурасын Коммунистік партия арқылы болмаса, басқаша жүзеге асыру мүмкін емес» деді В. И. Ленин (Шығармалар, 32-том, 200-бет). Бұқараны бастайтын маркстік-лениндік, Коммунистік партия ғана еңбекшілерді ұйымдастыра алады, олардың саясатқа көзін ашып, оларға социализм мен коммунизмге апаратын жолды көрсете алады, оларды ерлік істерге рухтандыра алады.

Коммунистік партия — пролетариат диктатурасының системасындағы жетекші күш. Партияның басшылығымен жана мемлекеттік өкімет билігінің механизмі әзірленіп, ол практикада тексерілді. Пролетариат диктатурасының системасына кіретіндер: пролетариат диктатурасының тікелей көрінісі болып табылатын Еңбекшілер депутаттарының **Советтері**; жұмысшылар мен қызметшілердің ең бұқаралық ұйымы — **кәсіподақтар**; алдыңғы қатарлы совет жастарының қалың тобын біріктіретін **комсомол**; **кооперацияның барлық түрлері**; басқа да **қоғамдық ұйымдар**; совет халқының **авангарды** болып табылатын, еңбекшілердің барлық ұйымдарына саяси басшылық ететін партия.

«Жалпы және түгелімен алғанда, — деп жазды В. И. Ленин, — ресми жағынан коммунистік емес, икемді, біршама кен өрісті, өте қуатты, пролетарлық аппарат болып шығады; бұл аппарат арқылы партия таппен және бұқарамен тығыз байланыс жасап отырады, бұл аппарат арқылы, партияның басшылығымен, тап **диктатурасы** жүзеге асырылады» (Шығармалар, 31-том, 33-бет).

Пролетариат диктатурасының системасында партияның басшылық роль атқаратынын бүкіл халық мойындады. Коммунистік партия «еңбекшілердің барлық ұйымдарының, қоғамдық ұйымдарының да, мемлекеттік ұйымдарының да, басшы ұйтқысы» болып табылады делінген СССР Конституциясында.

СССР-дің жұмысшы табы өзінің диктатурасын Советтер формасында жүзеге асырады. Бірақ тарихи тәжірибе пролетариат диктатурасының өзге де формалары бола алатынын көрсетеді. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін пролетариат диктатурасының жана формасы — **халықтық демократия құрылысы** пайда болды.

3. КПСС тарихы: егер партия өзінің жұмысында **марксизм-ленинизм теориясын** басшылыққа алмаған болса, онда ол СССР-де социализмнің тарихи жеңістеріне жете алмаған болар еді, дел үйретеді.

«...Большевизм,—деп жазды В. И. Ленин,—1903 жылы марксизм теориясының нағыз берік негізінде туды» (Шығармалар, 31-том, 9-бет).

Марксизм-ленинизм дегеніміз дүниеге біртұтас, дәйекті материалистік-диалектикалық көзқарас, ғылыми коммунизмнің теориясы. Марксизм-ленинизм дегеніміз — қоғамның даму заңдары туралы ғылым, социалистік революция мен пролетариат диктатурасы туралы ғылым, социалистік және коммунистік қоғам орнату туралы ғылым. Партия маркстік-лениндік теориядан күш алып, коммунизмнің женетіндігіне сенеді. Теория партияның қоғамдық өмірдің заңдылықтарын анықтап отыруына, жағдайды дұрыс танып, айналадағы оқиғалардың ішкі байланысы мен өрістеу бағытын түсініп отыруына мүмкіндік береді, революциялық күрес пен коммунистік құрылыстың практикасы алға қойып отырған түбірлі мәселелерге жауап табуына көмектеседі.

Коммунистік партияның теорияға қоятын мызғымас талаптары мыналар:

а) марксизм-ленинизмге адал болу, оның принциптерін жақтап, қорғап отыру, марксизм-ленинизмнен шегіну атаулының қандайына болсын ымырасыз болу, оны ревизиялау әрекеттерінің бәріне де қарсы батыл күрес жүргізу;

б) теорияға творчестволықпен қарау, теорияны игеру, қоғам өмірінің өзгеріп отыратын жағдайларына сәйкес және пролетариаттың жеңіп шығуы мен коммунизм орнату жолында жүргізілетін күрестің түрлі кезеңдерінде партияның алдына қойылатын міндеттерге сәйкес теорияны дамытып отыру, догматизм мен жаттампаздыққа қарсы батыл күрес жүргізу;

в) теорияның практикамен, өмірмен тығыз байланысты болуы, партияның барлық жұмысында теория мен практиканың тұтас бірлігінің болуы.

В. И. Ленин, оның серіктері, партия бүкіл өз жұмысының әнбойында Россиядағы болсын, халықаралық майдандағы болсын марксизмнің ашық және жасырын жауларымен, барлық түр-түстегі ревизионистермен батыл күрес жүргізіп отырды. Осы күрестің нәтижесінде Маркстің—Энгельстің революциялық ілімі, өзіне сұрапыл қатты шабуылдар жасалуына қарамастан, салтанатқа жетіп, бүкіл дүние жүзіне өте кең тарады, сөйтіп ол кәзір СССР-де коммунизм орнатудың, дүниежүзілік социалистік система мен халықаралық азаттық қозғалысын нығайтып, дамытудың қуатты идеялық қаруы болып отыр. Партияның тарихы дегеніміз маркстік-лениндік теорияның кіршіксіз таза болуы жолында ашық ревизионизмге де қарсы, догматизмге де қарсы жүргізілген ымырасыз күрестің тарихы.

В. И. Ленин мен оның жолын ұстаушылардың маркстік теорияның кіршіксіз тазалығы жолында жүргізген күресі оны творчестволық түрде тереңдете түсумен қабат жүріп отырды, маркстік теорияны игеру дегеніміз оның белгілі бір қорытындылары мен қағидаларын жаттап алу деген сөз емес. Маркстік теорияны семіп қалған, катып қалған бірдене, догматтардың жиыны деп қарауға болмайды. Ғылым атаулының бәрі сияқты, маркстік теория да дамып, жетіліп отырады, жаңа тәжірибемен, жаңа білімдермен, жаңа қорытындылармен және қағидалармен байып отырады. Маркстік теорияны игеру дегеннің мәнісі — оның мәнін ұғып алу және революциялық қозғалыс пен коммунистік құрылыстың практикалық мәселелерін шешерде оны дұрыс қолдана білу деген сөз. Коммунистік партияның марксизм рухына адал болуы оның кейбір ескіріп қалған қағидаларын ауыстырумен және қоғам тұрмысындағы өзгерістерге, жұмысшы табының мүдделері жолындағы, социализм мен коммунизм ісі жолындағы практикалық күрестің қажеттеріне сай келе-

тін теориялық принципті жаңа қағидалар шығарумен ұштастырылып отырды.

В. И. Ленин, маркстік теорияның мәніне сүйене отырып, империализм мен социалистік революция заманының жаңа жағдайларында пролетариат пен оның революцияшыл партиясы үшін шешуші маңызы бар бірсыпыра данышпандық жаңалықтар ашып, жаңа қорытындылар жасады.

Марксизмді творчестволықпен дамытып, ескіріп қалған қағидаларды пролетариаттың саяси күресінің қажеттеріне сай келетін жаңа қағидалармен ауыстырудың үлгісі В. И. Лениннің социалистік революция теориясын дамытқандығы болып табылады.

Капитализмнің заңдарын оның монополиялық сатысынан бұрын ашқан Маркс пен Энгельс социалистік революция жеке алынған бір елде жеңе алмайды, ол капиталистік елдердің барлығында немесе көпшілігінде бір мезгілде жеңеді деп үйреткен-ді.

Капитализм өрлей дамыған дәуірде дұрыс болатын бұл қорытындыны барлық марксистер басшылыққа алған еді. Бірақ ХХ ғасырдың басына қарай жағдай кілт өзгеріп кетті: капитализм империализмге ұласты, империализм капитализмнің барлық қайшылықтарын мейлінше шиеленістіріп, адам баласын социализмге өтуге жақын алып келді; өрлей дамыған капитализм өліп бара жатқан капитализмге айналды. Маркс пен Энгельстің жеке алынған бір елде социализмнің жеңуі мүмкін емес деген қағидасы енді жаңа жағдайға сай келмей қалды да, В. И. Ленин оны қайта қараудан қорықпады. Капитализмді жаңа сатысында алып талдай келіп, В. И. Ленин империализм заманында капитализм дамуының әркелкілігі ерекше күшейе түсіп, даму секірмелі, апатты сипат алады деп көрсетті. В. И. Ленин империализм жағдайларында социализмнің барлық капиталистік елдерде бір мезгілде жеңуі мүмкін емес, қайта мұның керісінше, дүниежүзілік империалистік шынжырдың неғұрлым осал буынынан үзілуі мүмкін, социализмнің әуелі жеке алынған бір капиталистік елде жеңіп шығуы мүмкін деген қорытындыға келді.

В. И. Лениннің ашқан бұл данышпандық жаңалығын партия оппортунистерге қарсы жүргізілген күресте қорғап қалды. Бұл жаңалық бүкіл революцияшыл марксизм үшін басшылық қағидаға айналды, революциялық күрестің практикасын жандандырды, оның жаңа перспективасын айқындап берді және әрбір жеке елде өз буржуазиясына революциялық тегеуірін жасау ісінде пролетариаттың инициативасын өрістетті. СССР-де Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңіп шығып, социалистік қоғамның орнатылуы социалистік революцияның лениндік теориясының дұрыстығын барынша дәлелдеді.

Егерде В. И. Ленин өзінің данышпандық жаңалығын дер кезінде ашпаған болса және марксизмнің ескіріп қалған қағидаларының бірін жаңа тарихи жағдай үшін бірден-бір дұрыс келетін жаңа қағидамен ауыстыруға оның батылдығы жетпеген болса, ал коммунистік партиялар бұл қағиданы ұғып, басшылыққа алмаған болса, онда жеке елдердің пролетариатының революцияшыл инициативасы мен белсенділігі маталып қалар еді, өзінің революциялық бастамасының ойдағыдай болатынына оның айқын перспективасы, сенімі болмас еді.

В. И. Лениннің СССР-де орныққан пролетариат диктатурасының мемлекеттік формасы ретінде Совет өкіметін ойлап табуы да марксизмді творчестволықпен дамытқандықтың үлгісі болып табылады. Егерде В. И. Ленин пролетариат диктатурасының советтік формасын, Советтер республикасын ойлап таппаған болса, онда партия қараңғыда қармалап адасып жүрген болар еді, пролетариат ұтылып, буржуазия ұтқан болар еді де, маркстік теория үлкен зиян шеккен болар еді.

Марксизмнің творчестволықпен дамытылуын көрсететін нәрсе

марксистер-лениншілдердің пролетариат диктатурасының жаңа формасын ойлап тапқандығы. Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін пролетариат диктатурасының бір ғана формасы — Советтер белгілі еді. Советтер Елінің тәжірибесі Советтердің өмірге сай екендігін дәлелдеді, социалистік қоғам орнатылып, екінші дүниежүзілік соғыста СССР-дің жеңіп шығуының нәтижесінде бұл тәжірибенің маңызы онан сайын арта түсті. Алайда, марксистер-лениншілдер, екінші дүниежүзілік соғыстың кезіндегі және ол аяқталғаннан кейінгі жердегі халықаралық жағдайды ескере келіп және халық революциясы өрістеген елдердегі революциялық процестердің нақтылы дамуын ескере келіп, пролетариат диктатурасының түрліше формалары болуы мүмкін деген лениндік қағида мен бұқараның тәжірибесіне сүйене отырып, пролетариат диктатурасының жаңа формасын — халық демократиясын ұсынды. Пролетариат диктатурасының бұл формасы Қытай Халық Республикасы мен екінші дүниежүзілік соғыстан кейін құрылған барлық социалистік мемлекеттерде қолданылып отыр.

КПСС XX съезінің шешімдері марксизм-ленинизм теориясын творчестволықпен дамытудың айқын үлгісі болып отыр. Н. С. Хрущевтің баяндамасы мен съездің қарарларында қоғамдық екі системаның бейбіт қатар өмір сүруі туралы лениндік ілім дамытылды, біздің заманымызда соғыстарды болдырмаудың мүмкіндігі туралы, бірсыпыра капиталистік елдерде социализмге өтудің формалары туралы, капиталистік елдерде жұмысшы табының бірлігін орнатудың жолдары туралы өте елеулі теориялық және саяси маңызы бар қағидалар ұсынылды.

КПСС-тің XXI съезі ғылыми коммунизмнің теориясына жаңа үлес қосты. Съездің шешімдері мен Н. С. Хрущевтің баяндамасында марксизм-ленинизм принциптерінің негізінде СССР-дегі коммунистік құрылыстың жаңа кезеңінің аса маңызды проблемалары теория жағынан баяндалып, талдап шешілді; бұл проблемалар: социализмнің коммунизмге ұласуының заңдылықтары туралы, колхоздық және қоғамдық социалистік меншіктің даму және жақындасу жолдары туралы, қоғам мүшелерінің арасында материалдық игіліктердің бөлінуі туралы, коммунизм құрылысын өрістетудің дәуірінде қоғамның саяси ұйымдасуы, мемлекеттік құрылыс және басқару ісі туралы қағидалар. Социализм СССР-де толық жеңіп қана қойған жоқ, сонымен қатар біржолата жеңілді дегенді съезд атап көрсетті. XXI съездің: социалистік лагерь елдерінің табыстарымен бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік сүйгіш күштердің өсіп, нығаюы социализм жер бетінде толық жеңгенге дейін де, капитализм дүниенің бір бөлегінде сақтала тұрып-ақ, қоғам өмірінен дүниежүзілік соғысты жоюға нақтылы мүмкіндік туғызады деген қорытындысының аса зор маңызы бар.

XXI съездің қарарлары мен Н. С. Хрущевтің баяндамасы — марксизм-ленинизмді творчестволық түрде қолданудың және одан әрі дамытудың үлгісі. Съездің дамытқан қағидаларының КПСС-тің жұмысы үшін, барлық туысқан маркстік-лениндік партиялар үшін өте зор теориялық және практикалық маңызы бар.

Ленинизм былай деп үйретеді: кімде-кім қоғам дамуындағы өзгерістерді есепке алмаса, нақтылы тарихи жағдайларды елемесе, кімде-кім ескіріп қалған қағидалар мен қорытындыларды жақтаса, тарихи жана жағдайларға ғылыми анализ жасаудың орнына, пролетариаттың тап күресінің жаңа тәжірибесін теория жүзінде қорытудың орнына марксизмнің ескі формулаларын жәй қайталайтын болса, — ондай адам марксизмнің әрпіне ғана адал болып, оның революциялық мәнін бұрмалайды, іс жүзінде марксизмнен шегінеді.

Коммунистік партия ешқашан теорияны революциялық практикадан бөле қараған емес. Коммунистік партияның жеңілмес күші теория мен практиканың біте қайнасқан бірлігінде.

Коммунистік партия әрқашан Маркс пен Лениннің: марксизм—догма емес, іске басшылық деген қағидасын басшылыққа алып келді және басшылыққа алып отырады.

4. КПСС тарихы: жұмысшы табының бірлігі социалистік революцияда жеңіп шығудың қажетті шарты болып табылады, ал жұмысшы табының бірлігіне ұсақбуржуазиялық партияларды әшкерелемейінше және бұқарадан шеттетпейінше, оларды идеялық жағынан талқандамайынша жетуге болмайды, деп үйретеді.

Эсерлер, меньшевиктер, анархистер, ұлтшыл және басқа ұсақбуржуазияшыл партиялар, бұқараның көзін бояу үшін социалистік және революцияшыл партиялармыз дегенді бүркеніш ете келіп, пролетариатты буржуазияға қарсы күреске шақырмады, қайта онымен келісімге келуге шақырды, капитализмді жоюға шақырмады, қайта оны сақтап қалуға шақырды. Олар халық бұқарасының революциялық күресінде жұмысшы табының жетекшілік ролі болатынын теріске сайды, пролетариат диктатурасын мойындамады, пролетариатты буржуазияның көмекшісіне айналдыруға тырысты. Пролетариат пен буржуазияның таптық мүдделерін ымыраластыру саясаты, оларды өзара келістіру саясаты ұсақбуржуазиялық партияларды жұмысшы табы мен барлық еңбекшілердің мүдделерін сатып кетуге, сөйтіп сайып келгенде контрреволюция лагеріне тап қылды.

Коммунистік партия ұсақбуржуазиялық партияларға қарсы бітіспес күрес жүргізу арқылы, бұқараны пролетариат авангардының жағына шығарып алу жөніндегі шебер және орамды тактикасы арқылы Россия жұмысшы табының жауынгерлік бірлігін шындап шығарды, оны буржуазиямен келісімге келушіліктен, шовинизмнен, ұлт араздығынан сақтап қалды.

Мұнымен бірге КПСС тарихы коммунистер партиясы бастаған пролетариат өзінің халық бұқарасына гегемондық ролін орындағанда помещиктер мен буржуазияның мүдделерін білдірген партиялардың барлығына, — монархистерге, октябристерге, кадеттерге қарсы мейрімсіз, жанқиярлық күрес жүргізе отырып орындай алғанын көрсетеді. Коммунистік партия шаруалар резервін кадеттер мен эсерлерден аударып алып, пролетариат жағына шығарды. Коммунистік партия ұлт буржуазиясының партияларымен күресудің үлгісін көрсетті, пролетариаттың басшылығымен ғана азаттыққа жете алатындығына езілген ұлттардың, халық бұқарасының көзін жеткізді.

Коммунистік партия, буржуазиялық және ұсақбуржуазиялық партияларға қарсы бітіспес күрес жүргізе отырып, ауытқушы саяси топтар мен элементтер жөнінде орамды тактика қолданды. Коммунистік партия солардың ішінен Совет өкіметімен ынтымақтасып іс істеуге, Совет өкіметінің платформасын мойындауға, өздерінің ауытқуларынан арылуға, пролетариат диктатурасының қажеттігін түсінуге, оны қолдап шығуға әзір болғандарына көмектесу үшін мүмкін болғанның бәрін істеді. Коммунистік партия олармен келісімге келгенде, революция жауларының лагерін әлсірету үшін, өздерінің таптық жағдайы бойынша капиталистік құрылысты қорғау позициясында болғандар мен бұл позицияларда болмаған, бірақ Россияда социализм үшін табанды күрес жүргізгендердің де қатарында болмаған адамдардың арасының ашылуына көмектесу үшін келісімге келді. Коммунистік партия өздерінің социалистік идеалдарын және халыққа адалдығын мәлімдеген адал қорамдық қайраткерлердің бәрінің, саяси топтар мен партиялардың жеңген революция жағына шығуына, сөйтіп жұмысшы табының, халық бұқарасының мүдделеріне, Отан мүдделеріне қызмет етуіне мүмкіндік берді. Мұндай келісімдерге жататын келісімдер мемлекеттік өкімет билігі мәселесі жөнінде 1917 жылы ноябрьде солшыл эсерлер партиясымен жасалған белгілі келісім еді; осы келісімнің негізінде солшыл эсер-

лер Халық Комиссарлары Советіне еніп, Совет өкіметін қолдайтынын мәлімдеді; мұндай келісім, сонымен қатар, еліміздің ұлт аудандарында ұлттық езгіге қарсы шығып, Совет өкіметін қолдаған бірсыпыра демократиялық партиялармен және топтармен жасалған келісім болды.

«...Өкіметті қолға алу және совет республикасын құру кезеңінде, — деп жазды В. И. Ленин, — большевизм біртұтас болып шықты, ол социалистік ой-пікірдің өзіне жақын ағымдарынан ең жақсысының бәрін өзіне тартты, ол өзінің төңірегіне пролетариаттың бүкіл авангардын және еңбекшілердің аса зор көпшілігін біріктірді» (Шығармалар, 3:0-том, 40-бет).

5. КПСС тарихы: өз қатарындағы оппортунистерге, келісімпаздарға және күдікшілдерге қарсы бітіспес күрес жүргізбейінше, оларды талқандап, жеңбейінше, партия өзінің жауынгерлік бірлігін сақтай алмаған болар еді, социалистік революцияның жетекшісі болу, пролетариат диктатурасының бағыттаушы және жетекші күші болу ролін, коммунистік қоғамның құрушысы болу ролін атқара алмаған болар еді, деп үйретеді.

КПСС тарихы мынаны көрсетіп отыр: пролетариат пен оның авангарды — Коммунистік партияға буржуазиялық идеология мен ұсақбуржуазиялық стихияның ықпал етуі, жұмысшы табының әртектілігі, оның ішінде, берік, негізгі ұйтқысының үстіне, жұмысшы аристократиясының және пролетар емес таптардан шыққандардың болуы, партияның қатарына ұсақбуржуазияшыл жолбикелердің еніп кетуі революциядан бұрынғы дәуірде оппортунизмнің туатын негізгі көзі болды. Буржуазиялық ықпал мен оппортунизмді таратушылар: «экономистер», меньшевиктер, троцкишілдер, шақырымпаздар, ұлтшыл-уклонистер және басқа капитулянттар болды. В. И. Ленин бастаған большевиктер барлық түртүстегі оппортунистерді талқандады, жұмысшы табының революцияшыл маркстік партиясын жоюды көздеген меньшевиктерді РСДРП-дан қуып шықты. Большевиктер партияның пролетарлық ұйтқысын нығайту бағытын дәйектілікпен жүргізіп отырды, партия мүшелерін идея жағынан дайындап, революциялық жағынан шынықтыру жөнінде табанды жұмыс істеді, партияны ұйымдық жағынан нығайтып, оның бұқарамен байланысын күшейтіп отырды. Мұнысыз большевиктер жауынгер, революцияшыл маркстік партияны құра алмаған болар еді, Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісін қамтамасыз ете алмаған болар еді.

КПСС тарихы капитализмнен социализмге өту дәуірінде қатан тап күресінің күшейе түсетіндігін көрсетеді. Бұл күрес троцкишілдердің, зинovieвшілдердің, бухариншілдердің, ұлтшыл-уклонистердің және талқандалған меньшевизмнің құйыршығы болған басқа да капитулянттардың партияға қарсы күресулері түрінде партия ішінде де болды. СССР-де социализм құру дәуірінде партия ішінде болған оппортунизмнің негізгі көзі мыналар болды: капиталистік таптардың қалдықтарының, ең алдымен кулактардың, табан тіресе қарсылық көрсетуі; жау капиталистік қоршаудың болуы; жұмысшы табы мен партия ішіндегі тұрлаусыз элементтерге ұсақбуржуазиялық пейіл енгізген ұсақ буржуазияның ықпалы; жұмысшы табының әртектілігі, мұның өзі саяси күрес мектебін өтпеген санасы кем жұмысшыларға дұшпан элементтердің ықпал жасауын жеңілдетіп отырды. Партия ішіндегі антилениндік топтарды идеялық және ұйымдық жағынан талқандау СССР-де социализмнің жеңіп шығуының қажетті шарты болды.

Социализм жеңгеннен кейінгі жерде оппортунистік ауытқулардың шығатын көзі — капитализмнің адам санасындағы қалдықтары, партия мүшелерінің бір бөлегінің маркстік-лениндік дайындығы мен революциялық шынығуының жеткіліксіздігі, олардың өмір шындығынан,

халықтың өмірінен қол үзуі, догматизм, коммунистік құрылыстың жаңа міндеттерін түсінбеушілік болады. Мұнымен қатар капиталистік мемлекеттер сақталып тұрғанда, совет қоғамына буржуазиялық идеологияның ену мүмкіндігінің және оның тұрақсыз элементтерге бүлдіруші ықпал жасауының жойылмайтынын да естен шығаруға болмайды. Мұның өзінің Коммунистік партияның қатарында да білінуі мүмкін. Сондықтан партияның аса маңызды міндеті—коммунистерді идеялық жағынан шынықтыру жөнінде, еңбекшілердің қалың бұқарасының арасына марксизм-ленинизмді насихаттау жөнінде үнемі қам жасап отыру және өз қатарының бірлігін онан әрі нығайту жолында батыл күрес жүргізіп отыру болмақ.

Коммунистік партияның марксизм-ленинизмнің идеялық принциптеріне негізделген бірлігі советтік құрылыстың беріктігінің басты шарты, совет қоғамының моральдық-саяси бірлігінің нығайтқыш күші және СССР-де коммунизмнің жеңуінің кепілі болып келді және бола да бермек.

6. Совет Одағы Коммунистік партиясының өткен тарихи жолы мынаны көрсетеді: егер партияның ішкі өмірі әбден жақсы ұйымдасқан болса, егер оның барлық ұйымдары, барлық мүшелері бір тілекті болса, олар топтасқан күш болып әрекет етсе, егер оның қатарында темірдей берік тәртіп болатын болса, міне тек сонда ғана партия жұмысшы табының өкімет билігін алу жолындағы, социализм мен коммунизм орнату жолындағы күресіне ойдағыдай басшылық ете алады. Партия жұмысының әдістері мен партия ұйымының формалары нақтылы тарихи жағдайларға байланысты, бірақ ұйымдық құрылыстың В. И. Ленин дайындап, негіздеп берген және большевизмнің темірдей берік қазнасына енген негізгі принциптері мызғымас принциптер болып табылады.

Партиялық тұрмыстың лениндік нормалары мен партия басшылығының лениндік принциптерін партия дәйектілікпен жүзеге асырып отырады. Партияның ұйымдық құрылысы мен ішкі тұрмысының негізгі жетекші принципі — демократиялық централизм. КПСС-тің жарты ғасырдан аса тарихы арқылы тексерілген бұл принциптің қасиеті мынада: бұл принцип қатаң централизмді кең түрдегі партия демократиясымен ұштастырып отырады, басшы партия органдарының мызғымас беделін олардың сайланып қойылуымен және партия бұқарасына есеп беріп отыруымен ұштастырып, партия тәртібін партия бұқарасының творчестволық белсенділігімен ұштастырып отырады. В. И. Ленин: демократиялық централизм, «пролетариаттың ұйымдастырушылық ролін (ал бұл оның басты ролі) дұрыс, ойдағыдай, жеңімпаздықпен жүргізу үшін» қажет деп үйретеді (Шығармалар, 31-том, 29-бет).

Марксизм-ленинизм жауларының, әралуан ревизионистердің федерализмді, анархиялық автономизмді және сол сияқты ұсақбуржуазиялық принциптерді жақтап, демократиялық централизмнің лениндік принципіне қарсы шығулары тегін емес.

Партия демократиясы мен партия тәртібі — бір-бірінен ажыратылмайтын нәрсе; маркстік-лениндік партияның ішкі өмірі оның қатарының беріктігі мен айбындылығы оның бұқарамен байланысының беріктігі осы бірлікке байланысты. Партия басшылығы мен партия тәртібін нығайта отырып қана партияның ішкі демократиясын ойдағыдай кеңейтуге болады. Демократияның централизммен және партия тәртібімен, мәселені талқылау еркіндігінің партияның барлық мүшелерінің қабылданған шешімдерді сөзсіз орындауға міндеттілігімен өзара байланыстылығы міне осыдан көрінеді.

Демократиялық централизм негіздері бойынша құрылған партияның жаратылысының өзінен туатын басшылықтың коллективті болуының лениндік принципін партияның өмірі мен қызметінде аса зор маңызы бар. Партия, деді В. И. Ленин «істі жүргізудің белгілі формала-

ры мен ережелерін коллектив болып белгілемейінше» (Шығармалар, 4-том, 226-бет) саяси күресті жүргізе алмайды, революцияшыл күштерді ұйымдастыра алмайды, оларды тәртіпті ете алмайды.

Басшылықтың коллективті болуы партияны өзінің қабылдайтын қарарларында сынаржақ болудан, елеулі қателер жасаудан сақтандырады, ал егер мұндай қателер жіберіле қалған күнде, олардың тез түзетілуін қамтамасыз етеді. Бүкіл партияның коллективті тәжірибесі, оның Орталық Комитетінің коллективті даналылығы партия қатарының мызғымас бірлігі мен топтасуын қамтамасыз етеді, елге дұрыс басшылық етілуін, социализм мен коммунизмнің ойдағыдай құрылуын қамтамасыз етеді.

Коммунистік партияның тәжірибесі: алға, коммунизмге қарай қадам басқан сайын партияның ішкі демократиясының кеңейе түсетіндігін, еліміздің саяси және шаруашылық өмірінің мәселелерін шешуде коммунистердің белсенділігі мен творчестволық бастамасының арта түсетіндігін көрсетеді.

7. КПСС тарихы: маркстік-лениндік партияның күші мен жеңімпаздығы — оның жұмысшы табымен, халық бұқарасымен тығыз, ажырағысыз байланысында; халықтың күші — оның партия төңірегіне топтасуында, деп үйретеді.

Партия тек халық бұқарасының ұмтылатын нәрсесін саналы түрде білдіруші болған жағдайда ғана, партия бұқараны бастап, марксизм-ленинизм теориясымен олардың жеңіске жететін жолын көрсетіп отырған жағдайда ғана, тек сонда ғана партия халықтың шын көсемі бола алады.

Партия бұқарадан, соның ішінде еңбекшілердің артта қалған топтарынан да бөлектенбейтін болса, қайта солармен күнбе-күн жұмыс істеп, өзінің жолының дұрыстығына бұқараның көзін жеткізе білсе, оларды коммунизм ісі жолындағы алдыңғы қатарлы күрескерлердің дәрежесіне дейін көтере білсе, міне тек сонда ғана партия авангард ролін атқара алады.

Маркстік-лениндік партияға бұқарадан сектанттық қол үзілушілік те, артта қалған ниеттерге оппортунистік бейімденушілік те бірдей жат нәрсе.

Егер партия еңбекшілердің нағыз қалың топтарымен жақындаса білсе, егер ол өзін жұмысшы табы мен барлық еңбекшілердің өмірімен тығыз байланыстыра білсе, ондай партия жеңілмейтін партия болады, деп үйретеді ленинизм, ал КПСС-тің тәжірибесі осыны растайды.

Егер партия өзінің тар шеңберлі партиялық қауызынан шықпай, сектаға тек насихат жүргізуші ғана ұйымға айналып кетсе, онда ол жұмысшы табының авангарды ролінен айрылады.

Партия бұқараны үйретіп қана қоймай, сонымен қатар бұқарадан үйреніп те отыратын болса, халық творчествосын мүқият зерттейтін болса, жаналықтың ұрығын мәпелеп өсіріп отырса, творчестволық бастаманы бөгейтін бюрократтық кедергілерді батыл жойып отырса, қоғамды революциялық жолмен қайта құруда еңбекшілер бастамасының әрбір көрінісін белсене қолдап отырса, өз шешімдерін қоғамдық өмірдің даму тәжірибесінде сын көзімен тексеріп отырса, міне сонда партия жеңілмейтін партия болады.

8. КПСС тарихы: партияның табысқа жетуінің ең маңызды шарты оның өз кемшіліктерін, өзінің осал жақтары мен қателерін батыл сынауы деп үйретеді. Совет Одағы Коммунистік партиясының қызметі Маркстің пролетарлық революцияға үнемі сынмен өзара сын тән нәрсесі, бұл оның дамуының заңы деген пікірін тамаша растап отыр.

Егер партия өзінің кемшіліктерін байқамайтын болса, егер ол өзінің қателерін ашықтан-ашық, адал мойындаудан қорқатын болса, егер ол өз қателерін дер кезінде түзете алмайтын болса, онда партия жұмыс

шы табы мен барлық еңбекшілердің көсемі болу ролін орындай алмайды.

Егер партия сын мен өзара сыннан қорықпайтын болса, егер ол өз жұмысының қателері мен кемшіліктерін бүркемейтін болса, егер ол кадрларын партиялық және мемлекеттік жұмыстың жетістіктері арқылы ғана тәрбиелеп қоймай, сонымен қатар қателері арқылы да тәрбиелейтін болса, егер ол өзінің қателерін дер кезінде ашып, түзете алатын болса онда партия жеңілмейтін партия болады деп үйретеді В. И. Ленин.

Егер партия жіберілген қателерін бұқарадан жасыратын болса, ауыр мәселелерді көлегейлейтін болса, өзінің кемшіліктерін ісіміз онды деген жалған салтанаттылықпен бүркемелесе, сын мен өзара сынға төзбейтін болса, дандайсу сезіміне беріліп, жайбарақат жата беруге әзір болса, онда партия беделінен айрылады.

«Саяси партияның өз қателеріне көзқарасы, — деп жазды В. И. Ленин, — сол партияның байсалдылығын, өз табы мен еңбекші бұқара алдындағы міндеттерін іс жүзінде атқара алуын сынайтын ең маңызды, ең дұрыс өлшеуіштердің бірі. Қатені ашықтан-ашық мойындау, оның себептерін ашу, қатені тұғызған жағдайды талдау, қатені түзету шараларын көңіл қойып талқылау — міне бұл байсалды партияның белгісі, міне бұл оның өз міндеттерін атқарғандығы, міне бұл — тапты, онан соң бұқараны да тәрбиелегендігі, үйреткендігі болды» (Шығармалар, 31-том, 43-бет).

И. В. Сталиннің жеке басына табынушылықтың ауыр зардаптары туралы, оның өмірінің соңғы жылдарында жіберген елеулі қателері туралы партияның ашықтан-ашық мәлімдеуі батыл өзара сынның үлгісі бола алады. КПСС-тің XX съезі бұл қателерді принципті түрде сынап, оларды жоюға барлық қажетті шараларды қолданды. Бұл батыл өзара сын — Коммунистік партия мен советтік социалистік құрылыстың күші мен мызғымас беріктігінің тағы бір айқын көрінісі болып табылады.

«Біз, коммунистер, жеке адамға табынушылықты марксизм-ленинизмнің рухына жат деп, Коммунистік партияда, социалистік қоғамда төзуге болмайтын құбылыс деп сынап отырмыз. Партия мұны өзінің позицияларын нығайту үшін, социалистік құрылысты нығайту үшін, бұл сияқты құбылысқа бұдан былай ешуақытта жол бермеу үшін істеп отыр. Бірақ біз жеке адамға табынушылыққа жасалған сынды социалистік құрылысқа, Коммунистік партияға шабуыл жасау үшін пайдалануға тырысатындармен келісе алмаймыз» (Н. С. Хрущев, Ұлы Октябрь Социалистік революциясына қырық жыл, 32-бет).

9. Коммунистік партияның өткен тарихи жолы нақ осы партияның — маркстік-лениндік партияның — нағыз шын патриоттық күш болып әрекет ететінін, оның өз халқының мүдделерін, Отанының мүдделерін білдіріп, дәйекті түрде және акырына дейін қорғайтынын көрсетеді.

Совет Одағының Коммунистік партиясы үстем таптар мен олардың саяси партиялары барынша құлдырауға, жалпай бүліншілікке дейін жеткізіп, империалистік державалардың бөлісіп алу қаупіне ұшыраған елде өкімет басына келді. Елдің тағдырына деген жауапкершілікті өз мойнына алып, Коммунистік партия халық бұқарасын мешеулікке, бүліншілікке, шетел державаларының құлдыққа салу қаупіне қарсы күреске, социализм орнату жолындағы күреске көтеріп, ұйымдастырып, жігерлендірді.

Коммунистік партияның басшылығы арқасында елдің өндіргіш күштерінің бұғаулары алынды және экономика мен техниканың, ғылым мен мәдениеттің бұрын болып көрмеген прогресі қамтамасыз етілді. Коммунистік партия елімізді ең қысқа мерзім ішінде аса зор тарихи

табыстарға жеткізді, оны қуатты социалистік державаға айналдырды, Отанымыздың көркеюі мен құдіретті болуын қамтамасыз етті.

Партия Совет елінің екі бірдей отан соғысында жеңіп шығуын қамтамасыз етті; Отанымызды жат ел империалистерінің құлдыққа салу қаупінен аман алып қалды, Совет мемлекетінің тәуелсіздігі мен суверенитетін қорғап қалды. Коммунистік партия халықтың мүдделерін көксейтін дұрыс саясаты арқылы елімізді өзінің бүкіл тарихында ешқашан көтерілмеген биікке көтерді.

Россияның тарихи майданында әрекет еткен барлық өзге саяси партиялар өздерінің Россияны «сүйетіндігін» жарласа да, іс жүзіне келгенде халықтың, Отанның мүдделерін қорғаған жоқ, қайта капиталистер мен помещиктердің құлқынкұмар мүдделерін қорғады, Россияны мешеулікке, мүшкілдікке душар етті, оны жат ел империалистерінің езгісіне беруге әзір болды.

Россияда әрекет еткен саяси партиялардың бәрін халық өз тәжірибесі арқылы сынап келіп, елге басшылық етуді Коммунистік партияға тапсырды. Халық барлық өзге саяси партияларды — монархистерді, октябристерді, кадеттерді, эсерлерді, меньшевиктерді, толып жатқан ұлтшыл партияларды лақтырып тастады. Жат ел империалистеріне қызмет еткен бұл партиялардың саяси эволюциясы бұлардың антисоциалистік партиялар ғана емес, сонымен қатар халыққа қарсы, патриотизмге қарсы да партиялар екенін көрсетіп отыр. Бұл партиялар елдің ұлттық мүдделеріне қарсы шықты.

Маркстік-лениндік партиялар нағыз шын патриоттық күш ретінде әрекет етіп отыр, деп үйретеді ленинизм; ал тарихи тәжірибе мұның нақ солай екенін растап отыр. Мұның өзі жаңа типті партия үшін заңдылық болып табылады.

10. КПСС-тің аса бай тәжірибесі: партияның социализмнің жеңуі жолындағы күресте тарихи табыстарға жетіп, СССР мен шет елдер халық бұқарасының алдында орасан зор беделге ие болған себебі, ол өзінің теориясы мен практикасында пролетарлық интернационализм принципін үнемі басшылыққа алып отырды, деп үйретеді.

В. И. Лениннің ұсынысы бойынша, партия әуел бастан-ақ Россияның барлық ұлттары жұмысшыларының бірыңғай ұйымы болып құрылды. Партия ұлыдержавалық шовинизм мен жергілікті буржуазиялық ұлтшылдыққа қарсы күресте өсіп, шынықты. Партия ұлттар өзін-өзі билейтін болсын деген тарихи ұран көтерді. Россияның құрамына енген барлық ұлттардың еркімен бөлініп шығып, өз алдына дербес мемлекет құруларына правосы бар деп танылды. Орыс пролетариаты өзінің ұлыдержавалық шовинизмге қарсы, халықтар бостандығы жолында, социализм жолында жүргізген жанқиярлық күресі арқылы патша өкіметі езген ұлттардың барлық еңбекшілерінің сеніміне ие болды. Тарихта тұңғыш рет барлық ұлттардың өз еріктерімен бірігуіне және олардың социалистік құрылысқа тең правомен қатысуына негізделіп құрылған көп ұлтты мемлекеттің үлгісі жасалды. Социалистік құрылыстың барысында бұрын езілген халықтардың экономика және мәдениет жағынан теңсіздігін жою жөніндегі аса қиын тарихи міндет ойдағыдай шешілді.

Өзінің интернационалдық борышын адал орындайтын Коммунистік партия СССР халықтарының достығын дәйектілікпен нығайтып, оларды коммунистік қоғам орнату сияқты жалпыға ортақ ұлы іске ұйымдастырып отыр.

Пролетарлық интернационализмнің маркстік-лениндік ұғымы ескі типтегі партиялардың — II Интернационал партияларының позицияларына түбірінен қарама-қарсы келеді. Интернационализмді сөз жүзінде мойындап, іс жүзінде оны мешандық ұлтшылдықпен алмастыру II Интернационал партияларының арасында дағдылы нәрсе, деп көрсетті

В. И. Ленин. Ұсақбуржуазиялық ұлтшылдық ұлттық эгоизмді бұлжытпай сақтай отырып, ұлттардың тең праволы болуын мойындауды интернационализм деп жариялайды. Пролетарлық интернационализм, деп үйретеді В. И. Ленин, бір елдегі пролетарлық күрестің мүдделерін басқа елдердегі осы күрестің мүдделерімен, бүкіл халықаралық жұмысшы қозғалысының мүдделерімен тығыз ұштастыруды талап етеді.

КПСС, пролетарлық интернационализм принципін қорғай отырып, өзінің халықаралық пролетариат алдындағы борышын орындап келді және орындай бермек. Лениндік партияның программасы, стратегиясы мен тактикасы, оның бүкіл практикалық ісі пролетарлық интернационализм рухына бөленген.

Өзін халықаралық еңбек армиясы отрядтарының бірі деп біле отырып, коммунистер осы армияның қатарында марксизм үшін жүргізілетін күреске әрқашан белсене қатысып келді және қатыса бермек. В. И. Ленин бастаған большевиктер партиясы 1914—1919 жылдары социал-демократиялық партиялардың ішінен солшыл интернационалистік топтар мен ағымдардың дайындалып, ұйымдық жағынан қалыптасуына көмектесті, осы топтар мен ағымдардың негізінде кейін коммунистік партиялар құрыла бастады.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін Коммунистік партия мен бүкіл совет халқының негізгі интернационалдық міндеті СССР-де коммунизм орнату жолында күрес жүргізу болды, мұның орасан зор халықаралық маңызы бар еді. СССР-де социализм, коммунизм орнату ең алдымен КПСС пен совет халқының халықаралық пролетариат пен халықтардың азаттық қозғалысына көрсеткен нақтылы көмегі болды. Өз тарапынан капиталистік елдердің коммунистік партиялары мен жұмысшы табы да тұңғыш социалистік елге нағыз әралуан формаларда көмек көрсетіп отырды. Халықаралық пролетариат Совет Одағын өзінің екпінді бригадасы деп тани отырып, дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекетті — прогресшіл адамзаттың тірегін қорғауды өзінің ең басты міндеті деп санайды. Осы өзара қолдаушылық пролетарлық интернационализмнің көрінісі болып табылады.

Пролетарлық интернационализм екінші дүниежүзілік соғыс кезінде айқын көрінді. Совет Одағының фашистік әскерлерге қарсы жүргізген соғысы социализм елі үшін жүргізілген соғыс қана болған жоқ, ол сонымен қатар Европа мен Азия халықтарының бостандығы үшін, бүкіл адамзатты фашизмнің құлдыққа салу қаупінен құтқару үшін жүргізілген де соғыс болды. Буржуазиялық елдердегі еңбекшілер, барлық патриоттық күштер, бұлардың арасынан коммунистік партиялар бірінші орын алған болатын, герман, жапон басқыншыларына және басқа империалистік басқыншыларға қарсы жанқиярлық күрес жүргізіп, Совет Одағының фашизмге қарсы жүргізген күресін біраз жеңілдетті.

Дүниежүзілік социалистік системаның қалыптасып, дами бастаған дәуірінде пролетарлық интернационализмнің ең маңызды талабы осы системаны сақтап, нығайту жолында күрес жүргізу; халық бұқарасын достық және туысқандық ынтымақ пен өзара көмектесу рухында тәрбиелеу болады. Социалистік елдердің арасындағы қарым-қатынастар халықаралық жаңа принциптерге — туысқандық достыққа, жан-жақты ынтымақтасу мен өзара көмектесуге негізделіп құрылады. Социалистік елдердің ұйымшылдығы мен туысқандық ынтымағының негізінде коммунистік және жұмысшы партиялар мен осы елдердің халықтары мүдделерінің ортақтығы, олардың бір мақсатқа — коммунистік қоғам орнатуға ұмтылуы болады.

Социалистік лагерь елдері халықтар арасындағы қарым-қатынастардың демократиялық принциптерін қатаң сақтайды; бұл принцип-

тер — толық тең праволылық, территория бүтіндігін, мемлекеттік тәуелсіздік пен суверенитетті қадірлеушілік, өзге елдердің ішкі істеріне қол сұқпаушылық.

Капиталистік елдердің еңбекшілері мен езілген халықтар дүниежүзілік социалистік лагерді, ұлы Совет Одағын халықтар арасындағы бейбітшілік пен достықтың тірегі деп біледі.

«Капитал—халықаралық күш,—деп жазды В. И. Ленин,—оны жеңу үшін, жұмысшылардың халықаралық одағы, олардың халықаралық туысқандығы керек.

Біз — ұлт араздығына, ұлт алауыздығына, ұлттық оңашалыққа қарсымыз. Біз — халықаралықшылармыз, интернационалистерміз» (Шығармалар, 30-том, 287-бет).

КПСС өзінің ерлік күресінің бүкіл тарихы бойында пролетарлық интернационализм принципін дәйектілікпен жүргізе отырып, «Коммунистік манифестің» «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген үндеуін басшылыққа алып отырды және басшылыққа ала бермек.

Коммунистік партияның патша өкіметі мен капитализмді құлату жолында күрес жүргізген дәуіріндегі де, коммунизм құрылысы дәуіріндегі де жеңімпаз қызметі пролетарлық интернационализмнің, еңбекшілердің халықаралық ынтымағының қандай қуатты күш екенін айқын көрсетіп отыр.

II. Қоғамдық дамудың бүкіл жарты ғасырдан астамырақ уақыттық тәжірибесі II Интернационалдың партияларымен, социал-демократизмнің идеологиясы және саясатымен арадағы тарихи таласы мен күресінде Совет Одағы Коммунистік партиясының айтқанының дұрыс болғанын көрсетіп отыр.

Большевиктер партиясы Маркс пен Энгельстің В. И. Ленин дамытқан ілімін басшылыққа ала отырып, социалистік революция жолына келіп түсті. Ол осы жолға халықаралық жұмысшы қозғалысында істеген барлық партияларды да шақырған еді.

Бірақ социал-демократиялық партиялар басқа жолмен, реформистік жолмен кетті. Қазіргі кезде халықаралық пролетариат пен бүкіл дүние жүзінің езілген халықтары партиялар мен елдердің осы екі түрлі жолмен дамуының қорытындыларын салыстырып бағалай алады.

Совет Одағының Коммунистік партиясы социализмнің бүкіл прогресшіл адамзат таныған дүниежүзілік-тарихи жеңістерін қамтамасыз етіп отыр. Коммунистік партия Совет елін бейбітшіліктің, демократия мен социализмнің тірегі болып отырған қуатты социалистік державаға айналдырды. Коммунистік партия халықты алға қарай, коммунизм құрылысына қарай бастап келеді, мұның өзі социалистік жұмысшы қозғалысының мақсаты болатын.

Социал-демократиялық партиялардың тәжірибесі бұдан мүлде басқаша нәтижелерге әкеліп отыр.

Соңғы 30—40 жылдың ішінде социалистік интернационалдың партиялары көптеген мемлекеттерде өкімет басына талай рет келді. Германияның, Францияның, Бельгияның, Данияның, Норвегияның, Швецияның, Голландияның социал-демократиялық және социалистік партиялары, Англия мен Австралияның лейбористік партиялары 1918—1958 жылдардың ішінде ел билеуші партиялар болды немесе буржуазиялық партиялармен одақтасып, үкіметтерге қатысты. Жұмысшы табының сенімін, қолдауын пайдалана отырып, бұл партиялардың өз елдерін басқа жолмен, капиталистік емес жолмен алып баруларына, сөйтіп өздерінің программалық документтерінде жариялағандарын орындап шығуларына мүмкіндіктері бар еді. Бұл партиялар өкімет басында отырған кездерінде адамды адамның қанауын, қайыршылықты, жұмыссыздықты және қырғын соғыстарды туғызатын капиталистік құ-

рылысты жоюға шаралар көре алатын еді. Бірақ, жұртқа мәлім, мұндай ештеңе де болған жоқ. Өздерін социалистерміз деп жүрген реформистер көп жылдар өкімет басында болған елдер капиталистік ел болған күйінде қала берді.

Жоғарыда аталған мемлекеттердің бірсыпырасында жұмысшы табы социал-демократиялық партиялардың көмегімен өздерінің экономикалық жағдайын біраз жақсартты, буржуазия диктатурасының шеңберінде кейбір праволар мен демократиялық бостандықтарға ие болды. Бірақ мұның бәрі жұмысшы табына қымбатқа түсті — буржуазияның өкіметі сақталып қалды, қанаушы қоғам сақталды, соғыс қаупі, бүліншілікті дағдарыстар, жұмыссыздық және осыларға байланысты халық бұқарасының апатқа ұшырауы сақталып, шиеленісе түсті. Ал мұның үстіне билеуші, қанаушы таптар экономикалық жағдай бір елеулі түрде шиеленісе қалған жағдайда еңбекшілердің жеңіп алған материалдық игіліктерін қайтарып алып отырды, сөйтіп халық бұқарасын ондаған жылдар кейінге шегеріп тастап отырды.

Социал-демократиялық партиялар өкімет басында болған немесе болып отырған елдерде капиталистік құрылыстың сақталуының ең негізгі себебі олардың марксизм-ленинизмге қарама-қарсы теориялық принциптер мен көзқарастары, олардың оппортунистік практикасы болып отыр. Социал-демократияның лидерлері теорияда да, практикада да пролетариат пен буржуазияның таптық мүдделерін жарастыруға болады, буржуазияның үстемдігін революциялық жолмен құлатудың жөні келмейді, пролетариат диктатурасының керегі жоқ, оның орнына буржуазиялық және социал-демократиялық партиялардың одағын жасау керек дейтін өздерінің негізгі қағидасына сүйеніп келді және соған сүйенуде. Бертін келе социал-демократиялық партиялар марксизмнен тайған үстіне тая берді, ал олардың бірсыпырасы марксизмнен ашықтай-ашық безді.

Халықаралық жұмысшы табының түрлі отрядтарының жүрген осы екі жолының қорытындыларын салыстыру социал-демократизмнің банкрот болғанын және жұмысшы табының бүкіл дүние жүзінде социализм мен коммунизмнің жеңуі жолында жүргізген күресінде марксизм-ленинизмнің асқан ұлы маңызы болғанын әбден сенімді түрде көрсетеді.

* * *

*

Сонымен, Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихы және оның басшылығымен жеңіп алынған ұлы табыстар коммунизм идеяларының жеңілмейтін күші барлығын, капиталистік қоғамды социалистік қоғам етіп қайта құру жөніндегі өзінің тарихи міндетін орындап шыққан жұмысшы табының творчестволық қуаты барлығын айқын көрсетеді.

КПСС басқа елдердің туысқан партияларымен тығыз ынтымақтаса отырып, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік үшін күрестің авангарды болып отыр. Коммунистік партияның өзі «заманымыздың ақылы, абыройы, ұжданы» (Ленин).

Коммунистік партияның төңрегінде топтанған совет халқы өміріміздің барлық саласындағы орасан зор табыстарға сүйене отырып, коммунистік қоғам құрылысын кеңінен өрістетуді дәуіріне енді.

Коммунистік партия қол жеткен жеңістерге сүйене отырып, орасан зор тарихи тәжірибені пайдалана отырып, совет халқының құдіретті күшін туына: «Әр кімнен — қабілетіне қарай, әркімге — керегіне қарай» деп жазылған коммунистік қоғамды орнатудың жігер тасытатын міндетін шешуге бағыттап отыр.

Лекция және консультация

Материалистік диалектиканың категориялары

Т. ЖАНКЕЛДИН,

философия ғылымының кандидаты

Өткен оқу жылы партия оқуы жүйесінде философияны оқып жүргендерге көмек ретінде журналымызда бірнеше теориялық мақала жарияланған болатын. Соның бірі материалистік диалектиканың заңдары жөнінде болды. Бұл мақалада материалистік диалектиканың заңдары жөнінде әңгіме етпей, оның категориялары туралы айтпақпыз. Соның ішінде, категорияларға жалпы түсінік берумен бірге, мына төмендегі категорияларға қысқаша тоқтап өтуді керек деп таптық: 1) себеп пен салдар; 2) қажеттілік пен кездейсоқтық; 3) мүмкіншілік пен шындық; 4) мазмұн мен форма; 5) мән мен құбылыс.

Шындықты дұрыс және жанжақты бейнелеуге тырыса отырып, әрбір ғылым өзінің ғылыми түсініктерін, категорияларын жасайды. Ол түсініктердің, категориялардың атқаратын қызметі — сол ғылымдардың зерттейтін құбылыстарын неғұрлым тереңірек, кеңірек қамту. Өздерінің мазмұны жағынан объективті бола тұрып, ол категориялар зерттеліп отырған құбылыстардың және процестердің ең маңызды объективті қасиеттерін, қажетті байланыстарын және қатынастарын бейнелейді. Мысалы, физиканы алатын болсақ, оның «масса», «энергия», «атом» т. б. сияқты өзінің арнаулы категориялары бар; биологияда — «өмір», «түр» сияқты, саяси экономияда — «еңбек», «өндіріс», «баға» сияқты категориялар бар. Мұндай категориялар барлық ғылымда да болады.

Әрбір ғылымның категорияларының негізгі мақсаты — зерттеліп отырған объектінің нақтылы байланыстарын және қатынастарын ашу, объективтік дүниенің белгілі бір жағын алып зерттеудің нәтижелерін қорытындылау. Мысалы, физиканың заңдары мен категориялары арқылы материяның құрылысы, атомның құрылымы, атом ядросы, материяның элементарлық бөлшектері, олардың байланысы және бір-біріне әсері т. б. зерттеледі. Бірақ сол жеке ғылымдардың бәріне де ортақ, ең кең түрде алынатын категориялар бар. Олар мазмұн, форма, қайшылық, сапа, сан, мүмкіншілік, шындық сияқты философиялық категориялар.

Ал енді сол философиялық категориялар дегеніміз не? Философиялық категориялар дегеніміз шындық құбылыстарының және заттарының ең жалпы және ең маңызды қасиеттерін және қатынастарын бейнелейтін негізгі логикалық түсініктер. Философиялық категориялар ғылыми ойдың және адамдардың қоғамдық практикасының барлық тарихи дамуы барысында қалыптасады. Сондықтан оларды қалай болса солай бірден жасала қойған деп қарауға болмайды. Адамды қоршап тұрған дүниені неғұрлым тереңірек, неғұрлым толығырақ түсінуде философиялық категориялардың алатын орны, атқаратын қызметі орасан зор. Сондықтан, олар — дүние тану методының категориялары.

Маркстік-лениндік философияның категориялардың мәнін түсінуі идеалистік философиялық системалардан түбірінен өзгеше. Мысалы, категориялар жайлы мәселе Кант пен Гегельдің идеалистік философиясында үлкен орын алды. Бірақ бұл философтар ол мәселеге идеалистік тұрғыдан қарады. Канттың айтуы бойынша категориялар ойлаудың априорлық формасы, яғни тәжірибеге дейінгі формасы; былайша айтқанда, заттарға ешбір қатысы жоқ, ойлау формасы. Ал Гегельдің ұйғаруы бойынша категориялар — дүниені жасайтын абсолюттік идеяның нақтылы көрінісі болып шығады.

Диалектикалық материализм категорияларды объективтік шындықтың адам санасында бейнеленуі, объективтік дүниені танудың сапалары деп қарайды. Ал дүние танудың күрделі процесс екендігін В. И. Ленин баса көрсеткен болатын. Өзінің философия дәптерлерінде В. И. Ленин былай дейді: «Таным дегеніміз адамның табиғатты бейнелеуі. Бірақ бұл жабайы, тікелей, тұтас бейнелеу емес; бірқатар абстракцияның, ұғымдар мен заңдардың тағысы тағылардың пайда болуы мен қалыптасу процесі, мұндай ұғымдар, заңдар тағысын тағылар... мәңгі қозғалып, дамып тұратын табиғаттың универсалдық заңдылығын шартты түрде шамамен ғана қамтиды» (Шығармалар, 38-том, орысша санының 173-беті).

Категориялар жөніндегі мәселені түсінуде диалектикалық материализм мен метафизикалық материализмнің арасында да түбірлі өзгешелік бар. Метафизик-материалистер категориялардың қалай болса солай алынбағанын, олардың заттарға объективті түрде тән сипаттарды бейнелейтінін дұрыс түсінді. Бірақ олар объективтік дүниені бейнелейтін категориялар өзгермейтін нәрсе деп қарады.

Шынында философиялық категориялар өзгермейтін нәрсе емес. Ұдайы қозғалып, дамып отыратын объективтік шындықтың ең маңызды байланысын, қатынастарын көрсету үшін, категориялардың өздері де ұдайы дамып, байып отыруы керек.

Категориялардың түсініктердің дамып, байып отыратындығына бір мысал келтірейік. Бір кезде өздері өмір сүрген тарихи жағдайды жанжақты зерттей келіп, Маркс пен Энгельс социализм жеке алған бір елде жеңіп шыға алмайды, ол бірден барлық елдерде, я болмаса елдердің көпшілігінде жеңіп шығады деген болатын. В. И. Ленин жаңа тарихи жағдайды, империализм дәуірін жанжақты зерттей отырып, социалистік революцияның жаңа теориясын жасады. Жаңа жағдайда социализмнің бірден, бір кезде барлық елде жеңіп шыға алмайтынын, оның жеке бір елде жеңіп шыға алатынын дәлелдеді. В. И. Лениннің бұл данышпандық болжауын тарихи практика толық дәлелдеп шықты.

Сонымен, категорияларды ұдайы дамып отырады, өзгеріп отырады деп қарағанда ғана, олар арқылы дамып отыратын шындықты дұрыс бейнелеуге болады.

Енді жоғарыда атап өткен категорияларға тоқтайық.

Себеп пен салдар. Материалистік диалектиканың бұл категориялары табиғат пен қоғам құбылыстарының өзара байланысының белгілі формасын бейнелейді.

Белгілі бір жеке құбылыстың тууына, пайда болуына тікелей себепкер болған құбылыс себеп деп аталады, ал белгілі бір себептің әсерінен туған құбылыс салдар деп аталады. Мысалы, алғашқы қауымдық құрылыс ыдырай бастаған кезде өндіріс құралдарына жеке меншіктің пайда болуы қоғамның антагонистік таптарға бөлінуін туғызды. Мұнда өндіріс құралдарына жеке меншіктің пайда болуы қоғамның антагонистік таптарға бөлінуінің себебі болып отыр, ал қоғамның антагонистік таптарға бөлінуі өндіріс құралдарына жеке меншік болуының салдары болып отыр.

Маркстік диалектикалық материализмнің қағидасы бойынша бізді қоршап тұрған дүние құбылыстарының себепсізі жоқ. Табиғат пен қоғамның әрбір құбылысы белгілі бір себептен пайда болады, белгілі бір себептің салдары, нәтижесі болып табылады.

Белгісіз бір құбылысты зерттеу оның себебін ашу арқылы жүргізіледі, егерде себебі табылса, құбылыстың мәнін түсінуге болады. Ал егерде белгілі бір құбылыстың себебі кәзір белгісіз болса, онда ол құбылыс дүниеде жоқ деп қарамай, тек ғылым мен практиканың кәзіргі дәрежесі оны табуға әзірше мүмкіншілік бермей отыр деп білу қажет.

Себептілік объективтік дүние құбылыстарының байланыстарының барлық формасын қамти алмайды. Ол табиғат пен қоғам құбылыстары байланысының бір жарығын ғана қамтиды. В. И. Ленин өзінің «Философия дәптерлерінде» себеп пен салдар тек дүниежүзілік тәуелділіктің, оқиғалардың өзара жанжақты байланысының бір көрінісі ғана, материяның даму сатыларының бір буыны ғана деген болатын.

Осы жағдайды Энгельс те айтқан болатын. «...Себеп пен нәтиже үнемі орын ауыстырып отырады; бірде немесе кәзір себеп болған нәрсе басқа жерде немесе басқа уақытта нәтиже болып шығады және керісінше болып отырады» (Ф. Энгельс, «Анти-Дюринг», қазақшасы, 26-бет).

Сонымен табиғат және қоғам құбылыстарының, заттардың, процестердің арасында тығыз және үздіксіз байланыстылық бар деп қарау керек. Ал себеп пен салдар категориялары дүниежүзілік байланыстың бір кезеңі ғана.

Уақытпен қарағанда себеп ылғи салдардың алдында болады және оны туғызады. Бірақ бұдан алдыңғы құбылыс әркезде одан кейінгі құбылыстың себебі, ол екеуі себептілік байланыста деген түсінік тұмауға тиіс. Мысалы, күн мен түннің бірінен соң бірінің үздіксіз ауысып отыратынын жұрттың бәрі біледі. Бірақ, күн түннің себебі емес, еол сияқты түн күннің себебі емес. Бұл екеуінің бірімен бірінің ұдайы ауысып отыруына жалпы себеп — жердің ұдайы ұршықтай айналып отыруы. Осы айналуының салдарынан күннің жарығы жер бетіне түсіп тұрады. Жердің күн түспеген бөлегінде түн болады.

Себеп пен салдар өзара әсер ету арқылы да байланысады. Былайша айтқанда, тек себеп қана салдарды туғызып қоймайды, нәтиже де себепке белсенді түрде әсер етеді, оны өзгертеді. Ал, метафизиктердің көзқарасы бойынша белгілі бір құбылыс не себеп қана болу керек, не салдар ғана болу керек. Олар себеп пен салдардың бір-біріне әсер ететінін, өзара орын ауыстырып отыратынын түсінбейді. Мысалы, белгілі бір экономикалық базис нақтылы қоғамдық қондырманың тууының, өмір сүруінің себебі. Мұнда базис себеп, ал қондырма оның салдары. Базис шешуші роль атқарады. Бірақ қондырма да базиске белсенді әсер етеді, оның нығаюына көмектеседі.

Табиғат пен қоғам құбылыстарының арасындағы себептілік байланысты түсінбеу белгілі бір құбылыстың қайдан пайда болғанын, оның өмір сүруін түсінбеуге әкеліп соғады, «бәрі құдайдың күдіретінен» деген сияқты соқыр сенімді туғызады. Телеология деп аталатын «ілім» осындай соқыр сенімнің негізінде туған.

Телеологияның айтуына қарағанда әрбір құбылыс өздігінен өмір сүреді. Ол белгілі бір объективтік себепке байланысты емес. Телеологтардың ойынша құбылыстың тардырын жоғарыдағы жасырын күш (құдай) күн бұрын белгілен қояды-мыс. Құбылыстардың өмір сүруін, пайда болуын бұлай түсіндіру ғылыми түсінікке түбірінен қарама-қарсы, ғылыммен «үш қайнаса сорпасы қосылмайды».

Себеп пен салдар категорияларының мәнін терең түсінудің, олардың байланысын жанжақты зерттеп ашудың орасан зор практикалық маңызы бар. Совет Одағының Коммунистік партиясы өзінің барлық

қызметінде қоғам өміріндегі себептілік байланысты терең зерттеп, оны қоғам мүддесі үшін дұрыс пайдаланудың тамаша үлгісін көрсетіп келеді. Бұған мысал ретінде партияның ауыл шаруашылығы өндірісінің дәрежесін шұғыл көтеру жөніндегі күресін алуға болады.

КПСС Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы (1953 жыл) еліміздегі колхоз құрылысының табыстарын атай отырып, сонымен бірге ауыл шаруашылығы өндірісіндегі кемшіліктердің негізгі себептерін ашты және сол кемшіліктерді жоюдың нақты шараларын белгіледі. Ол шаралардың жүзеге асырылуы нәтижесінде соңғы жылдары еліміздің ауыл шаруашылығы алып адыммен алға басып, орасан табыстарға жетіп отыр. Бұл табыста біздің республикамыздың да зор үлесі бар.

Қажеттілік пен кездейсоқтық. Объективтік дүниеде болып жатқан процестердің сипатын түсінуде бұл категориялардың маңызы орасан зор. Бұл категориялар жөнінде марксизмге дейінгі философтар да біраз пікір айтқан. Табиғат пен қоғам өмірінде тек қажеттілік үстемдік ете ме, болмаса тек кездейсоқтық үстемдік ете ме деген сұраққа жауап беруге тырысқандар аз емес. Бірақ маркстік философия шыққанға дейінгі метафизикалық және идеалистік философия бұл мәселеге дұрыс жауап бере алмады.

Марксизмге дейінгі кейбір философиялық системалар табиғат құбылыстарының тек қажеттілік сипаты бар дей отырып, кездейсоқтықты біржолата жоққа шығарды. Ал екінші біреулері керісінше табиғат құбылыстарының тек кездейсоқтық сипаты бар деумен бірге қажеттілікті жоққа шығарды. Тіпті идеалистік философияның кейбір өкілдері қажеттілікті мойындаған күнде де, оны «абсолюттік идеядан» және т. б. жоғарғы күштен шығарып отырды.

Бұл мәселеге тарихта тұңғыш рет ғылыми тұрғыдан жауап беріп шешкен маркстік диалектикалық материализм. Табиғат және қоғам жөніндегі барлық ғылымдардың табыстарын қорыта отырып, материалдық дүниедегі негізгі процестер қажеттілік арқылы көрінеді деген қорытынды жасады. Сонымен бірге қажеттілікпен қатар кездейсоқтық та бар екенін және оның қажеттілікпен тығыз байланысты екенін дәлелдеді. Табиғатта, қоғам өмірінде қажеттілік пен кездейсоқтықтың объективті өмір сүретінін тұжырымдады, яғни олардың адамның санасы мен еркінен тыс, тәуелсіз өмір сүретінін көрсетті.

Диалектикалық материализмнің қағидасы бойынша қажеттілік дегеніміз негізгі құбылыстар мен процестердің ішкі мәнін, заңды байланысын бейнелейді.

Энгельс заттар алмасуы тірі организмдер үшін қажетті екенін айтқан болатын. Заттар алмасуы — өмірдің мәні. Яғни заттар алмасуы болмаса өмір болмайды.

Кездейсоқтық дегеніміз құбылыстардың, заттардың, процестердің мәніне байланысты емес, оның болуы көлденең себепке байланысты. Сондықтан оның әр сипатты болуы мүмкін. Мысалы, бидайдың дәні (жерге себілгенде) қолайлы жағдайға кездесе өніп шығатыны анық. Ал енді сол бидай уақытына жетіп піспеуі де мүмкін; айталық, оның сабағы өсіп, дән салып келе жатқанда бұршақ ұрып кетті делік — сонда бұршақтың жаууы бидайдың өсуі үшін кездейсоқ нәрсе. Егерде бұршақ ұрмаса бидай өсе берген болар еді.

Қажеттілік пен кездейсоқтық бір-бірімен диалектикалық байланыста болады. Бұл екеуінің бір-біріне қатынасын шешуде диалектикалық материализм метафизикаға түбірінен қарама-қарсы. Метафизиканың ұйғаруы бойынша қажеттілік пен кездейсоқтық бір-бірін жоққа шығарып отыратын түсінік сияқты. Ал диалектикалық материализм кездейсоқтықты қажеттілікпен жанжакты байланысты деп қарайды.

Енді әдебиетте көп кездесетін: ғылым — кездейсоқтықтың дұшпаны деген қағидаға қысқаша тоқтайық. Маркстік философия бұл мәселені

шешкенде қажеттілік пен кездейсоқтықтың бір-бірімен тығыз байланысты екеніне және қажеттіліктің толып жатқан кездейсоқтық арқылы көрінетініне сүйенеді. Кездейсоқтық—қажеттілікті толықтырады және оның көріну формасы. Құбылыстардың бетінде көрінетін кездейсоқтықтарды қажеттілік, заңдылық туғызады. Әрине, ғылым әрбір кездейсоқ нәрсені жеке алып қарамайды. Олай ететін болса, онда ол ғылым болып саналмас еді.

Ғылымның негізгі мақсаты — табиғат пен қоғамдық өмір құбылыстары кездейсоқтықтарының аржағынан қажеттілікті, заңдылықты табу. Осылай еткенде ғана ғылым адамды кездейсоқтыққа бас ұрудан құтқарады да, оның танылған қажеттілікке сай, еркін саналы қызмет етуіне мүмкіндік береді. Терең процестерді зерттей отырып, кездейсоқтықтардың аржағынан қажеттілікті ашу, сөйтіп адамның табиғатқа үстемдігін күшейте беру, адамды қолайсыз кездейсоқтықтарды жеңе білуге бағыттау, өзін қоршап тұрған табиғатқа белсенді әсер етуге бағыттау — алдыңғы қатардағы ғылымның негізгі міндеті. Өскелең тілекке сай совет ғылымы осы міндетті ойдағыдай орындауға барлық күшін салып келеді.

Мүмкіншілік пен шындық. Материалистік диалектиканың бұл категориялары даму процесінің жеке жақтарын көрсетеді.

Бізді қоршап тұрған объективтік дүниенің құбылыстары, заттары ылғи өзгеру, туу және өшу процесінде болады. Даму процесі әруақытта мүмкіншіліктен шындыққа қарай өтеді. Шындық әруақытта мүмкіншіліктен туады. Мүмкіншіліктен пайда болған шындықтың өзі жаңа мүмкіншіліктер туғызады, ол жаңа мүмкіншіліктер даму процесінде тағы да шындыққа айналады. Бұл екеуі біріне-бірі үздіксіз ауысады. Сонымен, мүмкіншіліктің шындыққа айналуы — даму процесі. Дамуға лайықты мәңгілік қозғалысты, өзгерісті дұрыс түсінуде мүмкіншілік пен шындық категорияларының алатын орны үлкен.

Даму процесінде жаңадан пайда болған нәрсе өзін бірден шындық түрінде көрсете алмайды. Ол алдымен мүмкіншілік түрінде көрінеді. Мүмкіншілік категориясы құбылыстардың, заттардың шындық болып бекімеген даму сатысын көрсетеді. Мүмкіншілік қалай болса солай ойдан пайда болмайды, оның пайда болуы объективтік дүниеде бар заңдылықпен тығыз байланысты. Ал шындық дегеніміз — іске асырылған мүмкіншілік. Объективтік дүниенің заңдарына, заңдылығына сүйенбей алынған мүмкіншіліктің шындыққа айналуы мүмкін емес. Демек, объективтік дүниеде бар жағдайлар ғана мүмкіншілікті туғызады.

Жоғарыда біз мүмкіншілік пен шындықтың бір-біріне ауысып отыратынын көрсеттік. Солай болғанмен де бұл екеуін бір-бірінен ажырата білу керек. Екеуін бір-бірімен шатастырған күнде даму процесін дұрыс түсінуге болмайды және бұл екеуін шатастырудан теріс қорытындылар да туады. Егерде барлық мүмкіншіліктер бірден, бір кезде шындыққа айналса, онда табиғат пен қоғамда даму да болмас еді.

Мүмкіншілік әр түрде кездеседі. Абстрақтылық (формальдық) мүмкіншілікті нақты мүмкіншіліктен ажырату керек.

Белгілі заңдылықтың болуы тек абстрақтылық (формальдық) мүмкіншілікті туғызады. Мұндай мүмкіншілік іске асуына керекті жағдайлар болмағандықтан, кәзіргі нақтылы тарихи жағдайда шындыққа айнала алмайды, ал нақты мүмкіншілік дегеніміз — белгілі бір құбылыстың кәзіргі уақытта, кәзіргі нақты жағдайда тууы. Осы айтылған пікірге бір мысал келтірейік. Экономикалық кризистің болу мүмкіншілігі, товарды сату мен сатып алудың бір-бірінен уақытпен бөлінуінен, товардың товарға және ақшаға екі бөлінуінен бастап-ақ туды. Бірақ ол кезде экономикалық кризистің нақты қаупі туған жоқ. Онда экономикалық кризис болу мүмкіншілігі абстрақты түрде ғана орын алды. Экономикалық кризистің нақты мүмкіншілігі ақша қа-

питалға айналған, жұмысшы күші товарға айналған жағдайда туады. Капитализмнің негізгі қайшылығы — өндірістің қоғамдық сипаты мен өндіріс нәтижелерін жеке адамдардың иемденуі арасындағы қайшылық — экономикалық кризистерге әкеліп соқтырып отырады.

Мүмкіншілікті мүмкіншілік еместен ажырата білу керек. Мысалы, империализмнің идеологтары капиталистік шаруашылықты жоспарлауға болады, осы арқылы капитализм тұғызатын жұмыссыздықты, экономикалық кризистерді және т. б. жоюға болады деп даурығады. Бұл ешбір негізсіз, халықты алдау үшін айтылған нәрсе. Өйткені капитализм тұсында капиталистік шаруашылықты жоспарлауға болмайды. Тек өндіріс құрал-жабдықтары қоғамдық меншікке айналған, қанаушы таптар жойылған социализм жағдайында ғана шаруашылықты жоспармен жүргізуге нақты мүмкіншілік туады.

Практикалық қызмет нәтижелі болу үшін абстрактылық мүмкіншілікке емес, нақты мүмкіншілікке сүйеніп отыру керек екендігін, сол нақты мүмкіншілікті дұрыс пайдалану керек екендігін Коммунистік партия әрдайым үйретіп келеді. Біздің бесжылдық жоспарлар, КПСС XXI съезі бекіткен жетіжылдық жоспар нақты мүмкіншілікке негізделіп жасалған, бұған дүние жүзінің көзі жетіп отыр.

Нақты мүмкіншілікті шындыққа айналдыру негізгі екі жағдайға байланысты. Олар — **объективтік және субъективтік жағдайлар.**

Қоғамдық өмірдің белгілі бір мүмкіншілігінің шындыққа айналуы қоғам дамуының объективтік заңдарын тірек етеді, ең алдымен өндірістің даму дәрежесін тірек етеді. 1917 жылдың октябрінде Россияда социалистік революция осы екі жағдайдың болуы негізінде жеңді. Россияда объективтік жағдайдың болуымен бірге, өндірістің қажетті дәрежеде дамуымен бірге өте қолайлы субъективтік жағдай болды. Коммунистік партия басқарған Россия пролетариаты өзінің таптық мүддесін тани білді; революциялық теорияны басшылыққа ала отырып, ұйымшылдықпен күрес жүргізді.

Сонымен, мүмкіншілік пен шындық категорияларын дұрыс түсінудің практикалық үлкен маңызы бар.

Мазмұн мен форма. Даму процесін дұрыс түсінуде материалистік диалектиканың бұл категорияларының да маңызы зор. Табиғат пен қоғамдағы әрбір заттың, әрбір құбылыстың өзінің мазмұны және формасы бар.

Табиғат пен қоғамдағы заттардың, құбылыстардың мазмұны дегеніміз — сол заттардың, құбылыстардың мәнін сипаттайтын, олардың қасиеттері мен белгілерінде көрінетін негізін сипаттайтын ең маңызды жағы. Ал, форма дегеніміз — мазмұнның іштей ұйымдасуы, құрылымы. Форма мазмұнның элементтерін біріктіріп тұрады. Формасыз мазмұн болмайды. Мысалы, табиғаттағы әрбір атомның мазмұны — бір-біріне әсер етіп тұратын элементарлық бөлшектердің (электрондар, протондар, нейтрондар) кейбір саны. Бұл бөлшектер белгілі тәртіппен орналасады. Протондар және нейтрондар атомның ядросын құрады да, ал электрондар сол ядроны айнала қозғалып отырады. Осының нәтижесінде әрбір химиялық элементке лайықты құрылым — атомның формасы пайда болады. Қоғамдық өндірістің бір бірімен байланысты екі жағы — өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар — мазмұн мен форма ретінде қызмет атқарады. Ал, әдебиет пен көркем шығармаларды алатын болсақ — оларда бейнеленетін қоғамдық қатынастар, еңбек, тап күресі сияқтылар мазмұн болып табылады да, олардың композициялық құрылысы, сюжеті, тілі т. б. формасы болып есептеледі.

Идеалистік және метафизикалық системалардың көпшілігі форманы мазмұннан ажыратып алып қарайды. Бұларға керісінше, диалектикалық материализм форма мен мазмұнды тұтас алып қарайды және мазмұнның шешуші роль атқаратынын баса көрсетеді. Форма-

сыз мазмұн, мазмұнсыз форма болмайды. Мысалы, өндіргіш күштер өндіріс тәсілінің мазмұны; бірақ өндіргіш күштер қоғамдық өндірістің бір жағы ғана; қоғамдық өндірістің екінші жағы адамдардың өндіріс процесіндегі қарым-қатынастары — өндірістік қатынастар, бұлар өндірістің формасы болып табылады. Өндіріс процесінде өндіргіш күштер шешуші роль атқарады, ал өндірістік қатынастардың дамуы, өзгеруі сол өндіргіш күштерге байланысты.

Мазмұн мен форма бір-біріне ауысып отырады. Бір ыңғайда форма болған нәрсе, екінші бір жағдайда мазмұн болуы мүмкін. Мысалы, жоғарыда айтылғандай, өндіргіш күштермен байланысты қарағанда өндірістік қатынастар форма болып табылады, ал сол өндірістік қатынастарды, олар туғызған қондырма формаларымен байланысты қарағанда, олар мазмұн болып табылады.

Формаға қарағанда мазмұнның шешуші роль атқаратынын айта отырып, форманың мазмұнға қалай болса солай, енжар еместігін естен шығармау керек. Форма мазмұнға белсенді әсер етеді. Кейде мазмұнның дамуына толық мүмкіншілік жасайды да, кейде кедергі жасайды. Мысалы, империализм дәуіріндегі капиталистік өндірістік қатынастар өндіргіш күштердің дамуына кедергі жасап отырады, ал өндіргіш күштердің сипатына сай келетін жаңа, социалистік өндірістік қатынастар өндіргіш күштерді дамытудың басты қозғаушы күші болып есептеледі.

Біз жоғарыда мазмұн мен форманың тұтас болатынын айттық, бірақ бұдан ол екеуінің арасында қайшылық болмайды деген түсінік тумайды. Екеуінің арасында қайшылық болып отырады. Оның себебі — заттардың дамуы әруақытта мазмұнның дамуынан басталады. Мазмұн үздіксіз дамуда болады. Міне осы даму процесінде мазмұн мен форманың арасында қайшылық туады. Бұл қайшылық алғашқы кезде форманы өзгертуге әкеліп соқпайды. Бірақ кейіннен екеуінің арасындағы қайшылық үдеп, мазмұнның дамуына форманың кедергі болатын уақыт жетеді. Жаңа мазмұн мен ескі форманың арасындағы күрес жаңа мазмұнға сай келмейтін ескі форманың жойылуымен шешіледі.

Мазмұн мен форма категориялары жөнінде әңгіме еткенде тағы да бір естен шығармайтын мәселе — бір мазмұнға бірқатар формалар сай келуі мүмкін екендігі. Мысалы, буржуазияның диктатурасы парламентарлық республика формасында да, конституциялық монархия формасында да және фашистік диктатура формасында да өмір сүретінін тарих айқын дәлелдеп отыр.

Мемлекеттік форманың әртүрлі болуы жұмысшы табы диктатурасының дәуірінде де болады. Бұл жөнінде В. И. Ленин былай деп жазған болатын: «Капитализмнен коммунизмге өту, әрине, орасан көп, әралуан саяси формаларды тудырмай тұрмайды, бірақ соның бәрінің мәнісі сөзсіз біреу-ақ болады: пролетариат диктатурасы болады» (Шығармалар, 25 том, 428-бет). Кәзіргі кезде жұмысшы табы диктатурасының Советтер формасында да және халықтық демократия формасында да өмір сүруі В. И. Лениннің бұл данышпандық болжауын іс жүзінде дәлелдеп отыр.

Жаңа мазмұн кейбір ескі форманы да пайдалана алады. Бірақ ескі форманы жаңа мақсатқа ыңғайлап пайдаланады. Мысалы, советтік социалистік қоғамда ақша, товар, банктер сияқты ескі экономикалық формалар қолданылады. Бірақ олардың капиталистік қоғамдағы мазмұны, атқаратын қызметтері түбірінен өзгерді. Бұлардың жаңа социалистік мазмұны бар, ал ескіден қалғаны тек формасы.

Мазмұн мен форма категориялары жөніндегі маркстік ілімнен орасан зор практикалық қорытындылар шығады. Совет Одағы Коммунистік партиясы өзінің практикалық қызметінде коммунистік құрылыстың жаңа талаптарына сай ұйымдастыру формаларын, басқару формаларын дер кезінде өзгертіп отыруға, оны жаңа талаптарға сай құру-

ға үлкен маңыз береді. Өйткені ұйымдастыру формалары, басқару формалары дамып отырмаса, коммунистік құрылыстың алда тұрған міндеттерін ойдағыдай шешудің қиынға түсетіні айқын. Кейінгі жылдары партия іске асырған өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығына басшылық ету формаларын және әдістерін өзгерту, халық шаруашылығының дамуын жоспарлау системасын жақсарту және басқа сол сияқтылар жоғарыда айтылған пікірге айқын дәлел бола алады.

Мән мен құбылыс. Материалистік диалектиканың бұл категориялары арқылы объективтік шындық процестерінің, заттарының ішкі және сыртқы жақтары және олардың өзара байланысы бейнеленеді. Мән заттардың ішкі, ең қажетті жағын көрсетеді; заттарда болып жататын терең процестерді бейнелейді. Ал құбылыс — мәннің сыртқы көрінісі. Заттардың мәнін жәй, сырттай қарау арқылы білу қиын. Ал құбылысты сезім мүшелері арқылы қабылдауға болады.

Бұл категориялар жөнінде марксизмге дейінгі философтар біраз пікір айтқан болатын. Бірақ мәселені біржақты қарағандықтан, маркстік философияға дейінгі материалистер де, идеалистер де оны дұрыс шеше алған жоқ. Марксизмге дейінгі материалистер бұл мәселені негізінен метафизикалық тұрғыдан шешуді көздеді, диалектиканы дүние тану процесіне қолдана алмады және дүние тану процесінің негізі және ақиқаттың өлшемі практиканың ролін есепке алмады.

Идеалистер, агностиктер объективтік дүниені идеялар туғызған нәрсе, я болмаса түйсіктің жиынтығы дей отырып, дүние тану процесін теріс түсіндірді. Мысалы, субъективтік идеалист Беркли мән мен құбылыс бірдей деп қарады. Оның пікірінше объективтік дүние түйсіктің жиынтығы болып табылады. Ал, ол түйсіктер тағы да басқа түйсіктер арқылы танылады-мыс.

Юм мен Кант сияқты агностиктер құбылысты мәннен бөліп алып қарап, құбылыстардың мәнін түсінудің жолын жапты.

Идеалист Гегель мән мен құбылыстың арасында диалектикалық байланыс бар екендігін дұрыс көрсетті. Бірақ идеалист болғандықтан ол идея заттардың мәні деп есептеді; сол идея өзінің дамуында нақтылы заттарды туғызатын сияқты. Әрине, мұндай идеалистік көзқарас мән мен құбылыс мәселесін ғылыми тұрғыдан шешуге мүмкіншілік бермеді.

Қазіргі дәуірдегі буржуазиялық философтар — идеалистер мән мен құбылыстың объективтік сипатын, мәнін тану мүмкіншілігін жоққа шығарады. Өйткені құбылыстардың мәнін ашу өздеріне зиян келтіретінін, империалистік саясатты әшкерелеуге әкеліп соғатынын түсінеді.

Тарихта тұңғыш рет мән мен құбылыс мәселесін ғылыми тұрғыдан шешкен диалектикалық материализм.

Диалектикалық материализмнің көзқарасы бойынша мән мен құбылыс бір-бірімен тығыз байланысты, объективтік шындықтың екі жағы — ішкі жағы (мән) және сыртқы жағы (құбылыс). Бұлар объективтік түрде, адамның санасынан тәуелсіз өмір сүреді.

Адам дүние тану процесінде ең алдымен сезім мүшелері арқылы өзін қоршап тұрған дүниемен байланысады. Сезім мүшелері арқылы сезімдік қабылдау туады. Сезімдік қабылдау заттардың сыртқы жағын танытады, бірақ, заттардың ішкі терең мәнін таныта алмайды.

Заттардың ішкі терең мәнін түсіну үшін, оның даму заңдарын білу үшін сезімдік қабылдаудан абстракты ойлауға көтерілу, жалпы түсініктер құру керек. Жалпы түсініктер болмаса ешбір ғылым да болмас еді.

Тарихта тұңғыш рет марксизм дүние тану теориясына практиканы енгізді. Практика дүние танудың негізі және оның ақиқаттығының өлшемі. Сонымен, дүние тікелей түйсіктену, ойлау және практика арқылы танылады. Бұл үшеуі бірімен бірі тығыз байланысты. Дүние танудың бұл үш сатысы арқылы біз құбылысты танудан мәнді тануға көшіп отырамыз.

Мән мен құбылыс бір-бірімен тығыз диалектикалық байланыста болады. Құбылыссыз мән, мәңгі құбылыс жоқ. Сондықтан мәнді құбылыстан бөліп алып қарамау керек.

Мән мен құбылыстың бірлігін және олардың өзара тығыз байланысын табиғат пен қоғам өмірінің әрбір фактысы айқын дәлелдейді. Мысалы, капиталистік өндіріс тәсілінің негізі — өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік болып табылады. Капитализмнің осы мәніне, сол капитализм туғызған барлық қоғамдық құбылыстар сай келеді. Ол құбылыстар — бәсеке, өндірістегі анархия, адамды адамның қанауы, жеке меншікшілдік идеология. Капитализм жойылмай, бұл құбылыстардың бәрі де жойылмайды.

Мән мен құбылыс бірлігінің қайшылық сипаты да бар. Мән жалпыны көрсетеді, ал құбылыс жалқыны көрсетеді; мәнде шындықтың ішкі терең жағы жататын болса және ол орнықты, тұрақты келетін болса, құбылыста шындықтың сыртқы жағы танылады және ол құбылмалы, өзгергіш келеді. Дүниені дұрыс тану үшін құбылыстан мәнді таба білу қажет және жалпыдан жалқының бөлігін көре білу керек. Сөйтіп жалпы мен жалқының арасындағы қайшылық мән мен құбылыстың арасындағы айырмашылықты көрсетеді.

Мән мен құбылыстың арасындағы айырмашылық объективтік шындықтың ішкі және сыртқы жақтарының арасындағы қайшылық формасында да көрінеді. Мысалы, капиталистік жалданған жұмысшының жалақысы, сырт қарағанда, оның барлық еңбегінің құны сияқты, ал шындығында жұмысшының еңбегінің белгілі бір бөлігі ғана жалақы ретінде төленеді, қалғанын капиталистер қосымша құн ретінде иемденеді.

Объективтік шындықтың ішкі және сыртқы жақтары жөнінде әңгіме еткенде, мәнді теріс көрсететін құбылыстар да бар екенін ескеру керек. Мысалы, капитализм жағдайында капиталистік өндірістік қатынастар адамдардың арасындағы қатынастардың формасы ретінде көрінбей, заттардың, товарлардың арасындағы қатынастардың формасы ретінде көрінеді.

Сонымен, мән мен құбылыс — объективтік шындықтың ішкі және сыртқы жақтарының диалектикалық бірлігі. Бұл екеуін бір-бірінен бөліп қарауға болмайды және олар бір-бірімен барабар (тождество) деп те қарауға болмайды.

Мән мен құбылыс қозғалмайтын, өзгермейтін түсініктер емес. Құбылыстардың шын мәнін дұрыс түсіну үшін оларды қозғалыс, даму барысында қарау керек. Бұл жөнінде В. И. Ленин «Философия — дәптерлерінде»: құбылыстар ғана шартты шек қойылған жылжымалы, ағынды, өткінші емес, заттардың мәні де солай, дейді (38 - том, 249 - б. т.).

Құбылыстардың мәнін, заңдарын білмейінше практикалық қызметтің ойдағыдай шешілуі мүмкін емес. Совет Одағының Коммунистік партиясы материалистік диалектиканың категорияларын терең зерттеп, оларды өзінің практикалық қызметіне үздіксіз пайдаланып отырады.

Қоғамның дамуы заңдарымен қаруланған совет халқы, Коммунистік партияның басшылығымен елімізде коммунистік қоғам орнату мәселесін ойдағыдай шешіп келеді. Совет Одағының Коммунистік партиясы коммунистік қоғам орнатуды кең өрістетудің кезеңінің жаңа объективтік заңдарын ашты. Сол заңдарға сүйене отырып, КПСС XXI съезі еліміздің еңбекшілерінің нақтылы іс программасын жасап берді.

Партиялық бақылау комиссияларының алғашқы адымы

Елімізде коммунизм құрылысын кең өрістету жөнінде алда тұрған міндеттерді ең алдымен партия ұйымдарының, сондай-ақ әрбір коммунистің ролін, жауапкершілігін арттыра бергенде ғана табысты орындауға болады. Өз коллективінде өндірістік өрлеу, творчестволық еңбек жағдайын туғызу, кемшіліктерге жол бермеу барлық партия ұйымдарының негізгі міндеті. КПСС Орталық Комитетінің өнеркәсіп және сауда кәсіпорындары, жобалау институттары, конструкторлық бюро партия ұйымдарының жанынан әкімшіліктің жұмысын бақылайтын партиялық комиссиялар құру жөніндегі қаулысы партия ұйымдарына осы міндетті жүзеге асырудың нақты жолын көрсетіп берді.

Осыған сай республикамыздың өнеркәсіп және сауда кәсіпорындары, құрылыс орындары партия ұйымдарында партиялық бақылау комиссиялары құрылып, олар жұмысқа кірісті. Бақылау комиссиялары өз жұмысын жолға қоя алған жерде кәсіпорындарының, құрылыс ұйымдарының жұмысындағы кемшіліктер түзетіле бастады.

Қарағанды көмір бассейніндегі шахталардың бастауыш партия ұйымдарында әртүрлі мәселелер бойынша 78 бақылау комиссиясы құрылған еді, олардың көпшілігі шахталардың жұмысын жақсартуға елеулі көмек көрсетуде. Мысалы, Киров атындағы № 3 шахтада, техника-экономика мәселелерімен шұғылданатын комиссияны сол шахтаның инженер-маркшейдері, коммунист Лопаткин жолдас басқарады. Комиссия құрамына кен инженері Дудкин және 4-учаскенің жұмысшысы Айзенберг жолдастар сайланды. Комиссия құрылысымен-ақ ол көмір ысырабын азайту, тіреу ағаштарының шығынын кеміту және забойдағы механизмдерді толық пайдалану сияқты ең маңызды мәселелерге баса көңіл бөлді. Комиссия мүшелері 4-учаскеде көмірдің толық алынбайтынын анықтап, өзінің бұл кемшілікті жою туралы ұсыныстарын бастауыш партия ұйымының бюросы мен шахта басқармасының қарауына енгізді. Комиссия мүшесі Айзенберг жолдас бұл учаскеде лавадан көмірдің таза алынуына өзі бас көз болды. Осының нәтижесінде сентябрь айынан бастап осы учаскеде қазылған көмір қабатының қалыңдығы 2,44 метрден 3,05 метрге дейін артты. Бұл шахтерлердің еңбек өнімділігін арттырды. Участке бұдан былай айлық жоспарын артығымен орындай бастады.

Инженер Дудкин жолдас басқарған комиссия мұнан басқа да көптеген жаңалық ұсыныстар енгізді. Шахта бұған дейін әрбір 1000 тонна көмірді қазып алуға 1,4 текшеметр тіреу ағашын шығын етіп келді. Комиссия талдау жасай келіп, тіреу ағаштарының пайдалану мерзімін ұзартуға болатынын, оның бірсыпырасы екінші рет пайдалануға жарайтынын анықтады. Комиссияның бұл ұсынысын шахта басқармасы дереу іске асырды, осының нәтижесінде әрбір 1000 тонна көмірге жұмсалатын тіреу ағашының 0,3 текше метрі үнемделді. Бұл шығарылған көмірдің түсер құнын едәуір арзандатты.

Партиялық комиссиялардың құрылуы шахтаның өндірістік жұмысына жақсы әсер етуде. Мысалы, август айының қорытындысы бойынша шахта коллективіне Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан кәсіпшілер одағының ауыспалы қызыл туы тапсырылды. Бұл шахтада шығарылған көмір әрбір кеншіге шаққанда Қарағанды бассейнінде бірінші орында.

Сондай-ақ Костенко атындағы шахтаның партия ұйымындағы тәжірибелі инженер Таций жолдас басқаратын, шығарылған өнімнің сапасын және түсер құнын бақылау жөніндегі комиссиясының да шахта жұмысын жақсартуға жақсы әсері тиіп келеді. Комиссия құрамында: мастер Ақанов, вентиляция-инженері Өтегенов, жоспарлау инженері Жандосов, бақылау бөлімінің бастығы Исақов, дәрі атқыш Васильев жолдастар бар.

Комиссия шахта шығарған көмірдің түсер құнына талдау жасады, көмірдің түсер құнын қымбаттатып отырған себептерді ашты. Оның басты себебінің бірі — забойлардағы механизмдер мен жабдықтар тиісті күтімнің болмауынан, дұрыс пайдаланылмағандықтан сынып, бұзылып келген, бұған ешкім жауап бермей келген. Мысалы, жыл басынан бергі 8 айда жабдықтарды дұрыс пайдаланбау және механизмдердің мерзімінен бұрын жұмыстан шығуы салдарынан болған қосымша шығын 37 мың сомға жеткен. Сол сияқты көмір шығаратын төрт учаскеде «Донбасс» маркалы 6 комбайнның орнына 11 комбайн пайдаланылып келген. Олар көбінше толық қуатында істемеген. Міне бұл да көмірдің түсер құнын арттыра түседі. Соңғы кезде комиссияның ұсынысы бойынша артық комбайндар басқа шахталарға берілді.

Таций жолдас басқарған комиссия осы айтылған кемшіліктердің бәрін ашып, оларды түзету жөніндегі ұсыныстарын партбюро мен шахта басқармасының алдына қойды. Олар бұл мәселе бойынша арнаулы жиналыс ашты, жиналысқа учаске бастықтары, механизаторлар және шахтаның бас механигі қатынасты. Жиналыста комиссия мүшелерінің қатысуымен техниканы тиімді пайдалану жөнінде шаралар белгіленді. Сол жасалған ұйымдастыру шаралары мүлтіксіз орындалып келеді. Жүргізілген осы жұмыстардың нәтижесінде шахтада авария азайды, механизмдерді алдын-ала жөндеу ісі ұйымдастырылды. Механизмдердің босқа қарап тұратын уақыты азайды, шахтерлердің еңбек өнімділігі артты. Шахта шығарған әрбір тонна көмірдің түсер құны соңғы уақытта бұрынғыдан 5 сом кемілі. Шахты коллективі кәзірдің өзінде жоспардан тыс 20 мың тонна көмір берді.

Шахта партия ұйымында жұмыс істейтін бақылау комиссиялары жұмысшылардың тұрмыс жағдайын жақсартуға беру мәселелерімен де үнемі шұғылданып, бұл жөніндегі кемшіліктерді түзетуге араласып отырады. Мысалы, шахта басқармасы кәзір комиссияның ұсынысы бойынша жас жұмысшылар тұратын жатақхананы жөндеуге кірісті. Жатақхана қайта жабдыкталады, оған су құбыры жүргізіледі.

Инженер Лобада жолдас басқарған комиссия жаңа техниканы енгізу, өндіріс процестерін автоматтандыру жұмыстарын бақылайды. Аз уақыт өтпей-ақ бұл комиссия мүшелерінің бастамасы бойынша слесарьлардың білімін көтеру, автоматтандыру ісін алға бастыру үшін механика цехында лаборатория жабдыкталды. Комиссия мүшелерінің қатысуымен ленталық конвейерлерді, екінші және төртінші учаскелерде тісті конвейерлерді жүргізу автоматтандырылды, шахтада бос жыныстарды шығару жұмыстарын механикаландыру және автоматтандыру қолға алынды. Осы жұмыстардың нәтижесінде шахта бойынша 100-ден аса адам бұл жұмыстардан босатылып, басқа жұмыстарға ауыстырылды.

Қарағанды бассейнінің Калинин атындағы № 17 шахтасының партия ұйымында да бақылау комиссиялары жұмысты жақсы жолға қой-

ған. Соңғы уақытта партиялық бақылау комиссияларының көмегімен шахта жұмысында орын алып келген бірсыпыра кемшіліктер түзетілді. Осының нәтижесінде бұл шахтаның өндірістік жұмысы едәуір жақсарды. Шахтаның ең артта қалып келе жатқан учаскесі № 4 учаске болатын. Мұнда еңбек тәртібі нашар, жұмысшылардың жалақысы басқа учаскелерге қарағанда төмен болатын. Биылғы жылдың жеті айының ішінде осы учаске көмірді жоспардағыдан 2061 тонна кем шығарды. Партиялық бақылау комиссиясының мүшелері шахта басшыларына осы айтылған кемшіліктерді түзетуге көмектесті. Осының нәтижесінде № 4 учаске октябрь айында алдыңғылардың қатарына теңеліп көмірді жоспардан тыс шығарды, шахтерлердің еңбек өнімділігі арта түсті. Көмірдің әрбір тоннасының түсер құны 1 сом 15 тиынға кемітілді.

Бастауыш партия ұйымдарының бақылау комиссиялары республикамыздың басқа бірсыпыра кәсіпорнында да жақсы жұмыс істеп, кәсіпорынның өндірістік жоспарын орындауына пайдалы көмек көрсетіп келеді. Лениногор қаласы өнеркәсіп орындарының партия ұйымдарында 40 комиссия құрылған еді. Солардың ішінде алғашқылардың бірі болып жұмысқа кіріскен қорғасын кәсіпорындары құрылыс тресі партия комитетінің мүшесі Вилидницкий жолдас басқарған партиялық бақылау комиссиясы болды. Бұл комиссия техникалық прогресті дамыту туралы июнь Пленумының қаулысын мүлтіксіз орындау жолында ат салысуда. Олар үй құрылысына керекті ірі панельді бөлшектер жасайтын полигон құрылысын бақылауға алды, өйткені ірі панельді бөлшектер үй құрылысын шапшандатады және әрбір текше метр пәтердің түсер құнын 400 сомға дейін азайтады. Кәзіргі кезде комиссияның көмегімен полигон құрылысы шапшаң қарқынмен жүргізілуде.

Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының партия ұйымында 9 комиссия құрылған. Жаңа техниканы енгізу, өндірісті механикаландыру және автоматтандыру жөніндегі комиссияны мырыш өндірісі партия ұйымының секретары Долин жолдас басқарып келді. Комиссияның құрамында электр жөндеу цехының бастыры Горячев, смена мастері Сокирник, слесары Кацеруба тағы басқа алдыңғы қатарлы коммунистер енгізілген.

Бұл комиссия мырышты механикалық құю, катод мырышын механикалық әдіспен электр пешіне құю әдістерін өндіріске енгізу мәселесін бақылауға алды. Бұл әдістерді өндіріске шапшаң енгізуге кедергі болып келген бір жағдай мынадай: Алматы ауыр машина жасау заводы Котовтың мырыш құю машинасын жасап беруді ұзаққа созып келді. Бақылау комиссиясының ұсынысы бойынша комбинаттың партия комитеті Алматы қалалық партия комитетінен Алматы ауыр машина жасау заводының металлургтердің заказын жедел орындап беруін қадағалауды сұрады. Бұл машиналар заводтан көп кешікпей-ақ келіп түсті. Бірақ машиналардың сапасы нашар болды. Бұл оларды бірден іске қосуға мүмкіндік бермеді. Бақылау комиссиясы бұл қиыншылықтан шығудың қамын ойлап, комбинат басшыларына, бұл машиналардың ақауын жөндеу ісін заводтың механикалық цехына тапсыруды ұсынды. Кәзір бұл цехтың слесарьлар тобы Сергеев жолдастың басқаруымен машиналардың кемшіліктерін жойып, оларды тезден іске қосу үшін аянбай еңбек етуде.

Партиялық бақылау комиссиясы жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлер ұсынған рационализаторлық ұсыныстарының өндіріске енгізілуін де қадағалап отырады. Мысалы, заводта слесарь Вахрушевтің ойлап шығарған электр пешіне мырыш құю машинасы, цех басшыларының салақтығынан көпке дейін сынаудан өткізіліп, өндіріске енгізілмей келді. Бақылау комиссиясының араласуымен кәзір бұл машина найдалануға берілді.

Комбинаттың басқа бірсыпыра цехтарында да партия ұйымдарының бақылау комиссиялары өндіріс жұмыстарындағы кемшіліктерді тез жоюға, жаңа техниканы енгізуге, өндіріс жұмыстарын механикаландыруға және автоматтандыруға көмектесіп келеді. Комбинаттың партия комитеті партиялық бақылау комиссияларының жұмысына күнделікті басшылық жасап, олардың жұмысындағы жаңаны, жақсыны қорытып, таратып отырады.

Зырян байыту фабрикасында жаңа техниканы енгізу жөнінде бақылау комиссиясы құрылды. Комиссия бастығы болып смена мастері Т. М. Марченко жолдас сайланды.

Бұл комиссия өнертапқыштардың кейбір ұсыныстарын өндіріске енгізудің барысына шұғыл араласады. Мысалы, фабриканың жұмысшысы Солохин жолдастың реагент корпусынан бас корпусқа ертінділерді насостар арқылы тасымалдауды автоматтандыру және есеп жасайтын аспап орнату туралы берген құнды ұсынысы, тәжірибеде дәлелдегеніне қарамастан, мастер Степанов жолдастың енжарлығынан осы уақытқа дейін өндіріске енгізілген жоқ.

Бақылау комиссиясы бұл мәселені партбюро алдына қойып, Степановтың кемшілігін бетіне басты және Солохиннің ұсынысын өндіріске енгізу ісін қызу қолға алды.

Зырян комбинатындағы Старков жолдас басқарған комиссия ұйымдасу мәселелерімен шұғылданып, үйлерді күрделі жөндеуден өткізу жайы қанағаттанғысыз екенін анықтады. Комбинат партия комитеті комиссияның ұсынысын мәжілісте қарап, тұрмыс-коммуналдық басқармасының жұмысындағы кемшіліктерді жою шараларын белгіледі. Мұнымен қатар комиссия ағаш дайындау учаскесінің, Маслянский руднигінің жұмысшыларының мәдениет және тұрмыс жағдайларымен танысып, өздерінің ұсыныстарын учаске, рудник басшыларының алдына қойды. Ол шаралар жүзеге асырылуда.

Партиялық бақылау комиссияларының жұмысында елеулі кемшіліктер де бар. Республикамыздың кейбір партия ұйымдарында комиссия құрылғанмен, олар әлі жұмысқа қызу кірісіп кете қойған жоқ. Мысалы, Қарағанды көмір комбинатының Горбачев атындағы және № 26, 120, 6/7 Шерубай-Нұра, 18-бис, № 121, 23, 104 тағы басқа шахталарының партия ұйымдары бақылау комиссияларын қағаз жүзінде ғана құрды, бірақ олардың жұмыс істеуіне тиісті жағдай жасап отырған жоқ. Ал бассейннің бұл шахталарында бақылау комиссияларына істейтін іс жоқ па? Шынында істің жағдайы олай емес. Ол шахталардың бәрінде де көмір шығаруды арттырудың пайдаланылмай жатқан көптеген резервтері бар. Олардың бірсыпырасы тіпті жоспарын да орындай алмай келді. Мұның басты себебі: ол шахталарда техника толық қуатымен пайдаланылмайды, шахтаның ішкі транспортының жұмысы нашар, кей шахталарда кен қазу ережелері де берік сақталмайды. Мысалы, міне осындай кемшіліктердің салдарынан Сталин атындағы көмір тресінің № 18-бис шахтасы соңғы айда 8 мың тоннадай көмірді жоспардан кем шығарды.

Қарағанды, Саран қалалық партия комитеттері және Қарағанды қаласындағы аудандық партия комитеттері шахта партия ұйымдарындағы мұндай жағдайды біле ме? — деген заңды сұрақ туады. Бұл аталған партия комитеттерінің төменгі ұйымдармен байланысы нашар. Олар әлі де болса берілген ақпараттың, жазылған қағаздың күшіне сенеді, жергілікті жерде тікелей жанды ұйымдастыру жұмысын жүргізуден бойын аулақ салады, олардың жергілікті ұйымдармен, еңбекшілер бұқарасымен байланысы нашар. Осы күнге дейін Қарағанды қаласындағы бірде-бір партия комитеті партиялық бақылау комиссиясының бірде-бірінің жұмысымен танысып, оған тиісті бағыт бермеуі міне осыны дәлелдейді. Қарағанды көмір бассейнінде шахталар мен учаскелердің

40 проценттен астамы ай сайын өндірістік жоспарларын орындай алмай келеді. Мұның бәрі ең алдымен ондағы ұйымдастыру жұмыстарының нашарлығынан. Партиялық бақылау комиссияларының жұмысын жолға қою ұйымдастыру жұмысын күшейтуге сөзсіз көмектесер еді.

Партия ұйымдары мен партия комитеттері кәсіпорындарда, құрылыс, сауда ұйымдарында құрылған партия бақылау комиссияларының жұмысына күнделікті басшылық жасап, оларды кемшіліктерді жоюға, өндірістің ашылмаған резервтерін пайдалануға, жана техниканы пайдалануды жақсартуға, жұмысшылардың қажет, мұқтаждарын уақытында өтеп отыруға бағыттап отыруға тиіс. Партиялық бақылау комиссияларына көмектесіп, оларды қолдап отырумен бірге комиссиялардың іс тәжірибесін қорытып, ондағы жақсының, жаңалықтың бәрін кеңінен таратып, жұртшылықтың игілігіне айналдырып отыру керек. Міне сонда ғана партиялық бақылау комиссияларының жұмысы жеті-жылдық жоспардың тапсырмаларын орындауға көмектесе алатын болады.

**Х. ҚОЖАҚМЕТОВ,
Ә. ЖАҚЫШЕВ.**

Коммунистер жаңаның жаршылары

Партиямыздың тарихи ХХІ съезі қарсаңында совет адамдарының алғыр ойы, қажымас жігері социалистік жарыстың жаңа, жоғары түрін — коммунистік еңбек жарысын туғызды.

Бұл аса құнды, жаңа бастаманың қолдаушылары салғаннан-ақ ерен ерліктің үлгілерін көрсетті. Жаңаның жаршысы болған коммунистік еңбек озаттары мен екпінділері маңдай алды техниканы меңгеруді, еңбек өнімділігін мейлінше арттыруды, әрдайым жаңалықтың жақтаушысы болуды, бірнеше мамандық үйренуді, білімін үнемі көтеруді өздеріне міндет етіп қойды. Олар коммунистше еңбек етіп, коммунистше өмір сүруге, коммунистік мораль мен салт-сана талаптарына сай болуға, сөйтіп қоғамдық өмірдің белсенді күрескері болуға ұмтылуда.

Коммунизмге бастайтын жаңа, лепті бұл қозғалысқа Байшонас мұнай кәсіпшілігінің жұмысшылары да қызу ат салысты. Коммунистік еңбек бригадасы деген құрметті атақты алу жолындағы жарысқа кәсіпшілікте бірінші болып № 2 мұнай өндіруші учаскедегі скважиналарды жерасты жөндеу бригадасының коллективі қосылды. Бригаданың құрамында 10 адам бар. Оның 3-і коммунист, 5-і комсомол мүшесі, 2-і жұмысшы. Бұл бригаданы Гурьев мұнай техникумын үздік бітірген жас коммунист, мастер Б. Дүйсебаев басқарады.

Коммунист Б. Дүйсебаев жолдас басқаратын бригаданың мүшелері өндірістік және қоғамдық жұмыстың әр саласын қамтитын көлемді міндеттемелер қабылдаған еді. Олар бұл міндеттемелерін абыроймен жүзеге асырып келеді. Бұл ұйымшыл коллектив коммунистік жетіжылдықтың алғашқы жылының тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындауды мақсат етіп, скважиналарды жөндеуде жаңа техниканы кеңінен әрі ұқыпты қолданды, скважиналардың жөндеу аралық мерзімін ұзартты, өндіріс мәдениетін арттырып, құрал-саймандарды күтуді жақсартты. Бригада мүшелері жетіжылдықта жаппай арнаулы техникалық білім алуға бел байлап отыр. Бригада тоғыз айдың өндірістік жоспарын 108 процент етіп орындауға серт берген еді, ал іс жүзінде жоспарды 112 процент орындады, скважиналардың жөндеу аралық мерзімін 50 күннің орнына 60 күнге дейін жеткізді. Олар жөндеген 243 скважинаның жыл басынан бері бірде-бірі бұзылған жоқ.

Кәсіпшілік партия ұйымы бригада мүшелерінің арасында саяси тәрбие жұмысын жанжақты жүргізуде. Партия ұйымы жас жұмысшылардың ұсыныс-пікірлерін, талап-тілектерін еске алып, тиісті көмек көрсетіп қамқорлық етуде.

Таяуда бригада мүшелері бірінші бесжылдықтың еңбек ардагерлерімен кездесу кешін өткізді. Партия ұйымы мұрындық болған бұл кеште Ембіде 25 жыл бойы бұрғылаушы мастер болып істеген қарт жұмысшы Ш. Құлшықов, мұнай өндіру цехының аға механигі Д. Тілегенов, автомеханик Н. Деревякин, механик-слесарь М. Ақмұрзин жолдастар өз тәжірибелерін ортаға салумен бірге, жастарға Ембі мұнайшылары ерлік тарихының өздері куә болған кейбір қызықты, үлгі-өнеге боларлық уақиғаларын да айтып берді. Қарт мұнайшылардың әңгімесін коммунистік еңбек бригадаларының мүшелері зор ықыласпен тыңдады.

Олар бұл кездесуден алғашқы бесжылдықтар кезіндегі Ембі кәсіпшіліктерінде мұнайдың қалай өндірілгенін, кезінде мұнайшылардың қандай қиыншылықтарға кездескенін, оны қалай жеңгендіктерін білді. Аға ұрпақ жастарға мұнайшылардың ерлік дәстүрін берік ұстап, оны жаңа ерлік істермен байыта беруге шақырды.

Коммунистік еңбек жарысы адамдарды жаңаша тәрбиелеп, олардың еңбектегі жігерін өрістетіп түсіп отыр. Коммунистік еңбек бригадаларының мүшелері жаңа бастаманы қолдап, өрістетіп қана қоймай, жұмыстағы, тұрмыстағы орын алған кемшіліктерді де батыл сынап, түзетіп отыруға белсене ат салысады. Олар коммунистік еңбек етіп, өмір сүреміз деген сөзге берік.

Бұған мынадай бір мысал келтіре кетсек те артық болмайды. Жақында кәсіпшіліктің мұнай өндіру цехында коллективтің жалпы жиналысы болып өтті. Онда мастер Дүйсебаев жолдас «Коммунистік еңбек бригадасының жұмысы» деген тақырыпта баяндама жасады. Баяндамашы бригада жұмысының үлгілі жақтарын көрсетумен қатар, оның жеке мүшелері — Қалымбетов, Боранғалиев жолдастардың бойындағы елеулі кемшіліктерді де батыл сынады. Жиналыста Қалымбетов, Боранғалиев жолдастар өздерінің өндіріс тәртібін бұзғандықтарын, кейде кешкі мектептің сабақтарына дәлелсіз қатыспай келгендіктерін мойындап, әділ сыннан тиісті қорытынды жасайтындықтарын айтты. Мұндай кемшіліктер содан кейін бригада мүшелерінің арасында қайталанған жоқ.

Коммунистік еңбек бригадасы мен екпіндісі атағын алу үшін жарысушылардың негізгі мақсаты — еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің түсер құнын азайту болып отыр.

Осының нәтижесінде біздің кәсіпшілік мұнай шығарудың тоғыз айлық жоспарын 104,1 процент орындады, өндірілген мұнайдың түсер құны жыл басынан бері 6,3 процент арзандатылды. Мұнан кәсіпшілік бір миллион сомнан аса қосымша табыс алды. Бұл табысқа жетуде коммунистік еңбек бригадасының коллективі елеулі үлес қосты. Мастер Дүйсебаев пен тракторшы Хасанов жолдастар техникалық қауіпсіздік ережелеріне сай келетін жұмысты жеңілдетуге бағытталған жаңа бағалы ұсыныстар енгізді. Жөндеген скважиналардың 30 проценттен астамына Халилов кілті пайдаланылды. Бригаданың Макеев жолдас басқарған вахтасы Мақаттағы Қазақстан мұнай бірлестігінің нұсқау вахтасында бір жеті болып, «МСПД» аппаратын скважиналарды жер асты жөндеу жұмысына пайдалану әдістерін үйреніп келді. Бұл әдіс бригаданың басқа вахталарында да кеңінен қолданылып жатыр.

Коммунистік еңбек бригадасының мүшелері арасында қосалқы мамандықтарды меңгеру ісі де жақсы ұйымдастырылған. Мысалы, операторлар Құлғалиев, Қалымбетов, Мекеев жолдастар тракторшы мамандығын, Қалбаев слесарьлықты, ал тракторшы Чертыхин операторлықты үйреніп жүр. Осы бригаданың мүшесі О. Хасанов жолдасының кәзірдің өзінде төрт мамандығы бар. Бригада мүшелері әлі де өз мамандықтарын жетілдіре бермек.

Кәсіпшілік партия ұйымы бригада мүшелерін қоғам жұмыстарына белсене қатыстырып келеді. Мысалы, Б. Дүйсебаев жолдас екінші мұнай өндіру учаскесіндегі партия тобының ұйымдастырушысы, Ә. Қалымбетов жолдас поселкелік Советтің депутаты, Боранғалиев комсомол тобының ұйымдастырушысы, И. Чертыхин көркемөнер үйірмесінің жетекшісі.

Біз кәсіподақ, комсомол ұйымдарымен бірлесе отырып, коммунистік еңбек екпінділері қозғалысын да кең өрістетуді көздеп отырмыз. Осының нәтижесінде олардың қатары барған сайын өсіп келеді. Коммунистік еңбек екпіндісі атағын алу жарысына түскендердің ішінде

механикалық мастерскойдың электр балқытушысы Б. Қожахметов, мұнай өндіру цехының слесары Ж. Төлегенов, электр цехының монтері Ш. Ақмұрзиев, скважиналарды жер асты жөндеу бригадасының операторы І. Дәулетов, Тентексор учаскесінде жұмыс істейтін тракторшы Т. Насыров, операторлар О. Жұмағалиев, Н. Шағырова, ағаш ұстасы С. Алтыналиев, шофер Р. Қабдоллин тағы басқалары бар. Бұлардың әрқайсысы коммунистік еңбектің екпіндісі атағын алу үшін жоғары міндеттемелер қабылдаған. Ол міндеттемелерде өндірістік тапсырманы күн сайын, ай сайын артығымен орындау, өз мамандығын көтеру, брак жібермеу, қоғам жұмысына белсене қатысу, еңбекті жеңілдетуге бағытталған жаңа ұсыныстар енгізу, саяси маңызы бар шараларға белсене араласу, газет-журналдарға жеткілікті жазылу, көркем әдебиет кітаптарын сатып алу, қоғамдық орындарда, тұрмыста тәртіпті, үлгілі болу мәселелері қамтылған.

Партия ұйымы кәсіпшілікте социалистік жарыстың жанжақты ұйымдастырылуына тиісті қамқорлық жасап отырады. Социалистік жарыс мәселесі партия ұйымының жалпы ашық жиналыстарында, партия бюросының кен мәжілістерінде, кәсіподақ ұйымының жалпы жиналыстарында әлсін-әлі талқыланып тұрады. Мысалы, жақында партия жиналысында кәсіпшіліктің директоры Л. Любенко жолдастың баяндамасы тыңдалды. Коммунистер кәсіпшіліктегі жағдайды қызу талқылай отырып, кемшіліктердің бетін ашты, мұнай шығаруды арттырудың жаңа мүмкіндіктерін көрсетті, кәсіпшіліктің қысқы жағдайда бірқалыпты жұмыс істеуіне жағдай жасайтын бірсыпыра шаралар белгіленді.

Социалистік жарыс міндеттемелерінің әрбір бригада, учаске, цех бойынша орындалуы ай сайын тексеріліп, оның нәтижелері, салыстырмалы қорытындылары жарысушылар арасында талқыланып тұрады. Сондай-ақ Байшонас пен Ескене, Мақат пен Байшонас кәсіпшіліктері коллективтерінің арасындағы жарыс міндеттемелерінің орындалуы тоқсан сайын бір рет арнаулы өкілдер жіберу арқылы тексеріліп отырылады. Ол өкілдер өздерінің көргендері туралы кәсіпшіліктің учаскелерінде, цехтарында, бригадаларында әңгіме өткізеді.

Кәсіпшіліктегі социалистік жарыс озаттарына үлкен құрмет көрсетіледі. Мысалы, жыл басынан бері социалистік жарыстың 30 озаты кәсіподақ комитетінің қаулысы бойынша құрмет тақтасына ендірілді, оның ішінде жұмыс жоспарын үнемі 200 проценттен орындайтын белгілі электр балқытушы Н. Бутылский, тракторшы О. Хасанов, ұста Сұлтанғалиевтер бар. Осы уақыттың ішінде 31 адам кәсіпшіліктің құрмет кітабына жазылды. Сол сияқты көп жыл бойы еңбек данқына ие болып келе жатқан токарь С. Әзірбаев, слесарь Ж. Төлегенов, мұнай өндіру цехының ағаш ұстасы С. Алтыналиев, оператор А. Өмірбаев, скважиналарды жер асты жөндеу бригадасының операторы І. Дәулетов, электромонтер О. Бүйрекбаев тағы басқа ондаған өндіріс озаттары кәсіпшіліктің құрмет грамотасымен наградталды, 30-дан аса адамға заттай сыйлық берілді. 7 адам Қазақстан мұнай бірлестігі мен облыстық кәсіподақ комитетінің, Гурьев халық шаруашылығы Советінің құрмет грамоталарымен наградталды.

Үстіміздегі жылы СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша таңдаулы мұнайшыларымыз Тілеміс Иманғазиев пен Николай Деревякин жолдастар орден, медальмен наградталды.

Кәсіпшіліктің партия ұйымындағы 87 коммунистің 68-і тікелей өндірісте істейді. Олар социалистік жарыстың ұйымдастырушы ұйтқысы болып отыр. Коммунистер мұнайшылар арасында үгіт-көпшілік жұмысын жандандыра түсті. Әсіресе кәзір олар Н. С. Хрушев жолдастың Америка Құрама Штаттарына барған бейбітшілік сапарының қорытындыларын, Совет үкіметі жүргізіп отырған бейбітшілік саясатының ұлы күшін түсіндіруде. Бүкіл Ембі мұнайшыларымен бірге біздің кәсіпші-

ліктің коллективі де Н. С. Хрущев жолдастың бейбіт сапарын бір ауыздан мақұлдап, Отанымыздың күшіне күш қосу үшін еңбек қарқынын еселеп арттыра түсті.

Социалистік жарыс міндеттемелерін асыра орындауда кәсіпшіліктің ішкі мүмкіншіліктерін толық пайдалану, мұнай өндіруді ескі скважиналар қорынан көбейту арқылы жасалған прогрессивті, техникалық шаралар өз нәтижелерін берді. Мысалы, бұрыннан кідіріп қалған 12 скважинаны күрделі жөндеуден өткізіп қатарға қосудан, 9 скважинада мұнай жолдарын бөгеп тұнып қалған құмдарды жуудан, бірсыпыра скважиналарға қуатты качалкалар орнатып сұйықтықты арттырудан, сондай-ақ көптеген скважиналарда мұнай қабаттарын қосымша арттырудан, качалкалардың тартымын ұзартып, ырғағын көбейтіп, насостарын кеңейтуден, сол сияқты тағы басқа да көптеген шаралардың арқасында мыңдаған тонна мұнай артық өндірілді.

Кәсіпшілікте техниканы өнімді пайдалану ісін жетілдіре түсуде, еңбек өнімділігін арттыруда жаңашылдар мен өнертапқыштардың қосып отырған үлесі мол. Жыл басынан бері түскен 20-дан аса ұсыныстың бәрі дерлік өндіріске енгізілді. Тек коммунист Қапанов жолдастың «СКН-2» качалкасын темір тіректің үстіне қондыру жөніндегі енгізілген ұсынысынан ғана кәсіпшілік жыл сайын 8 600 сом пайда келтіріп отыр.

Мұнай өндіру учаскесінің мастери Я. Зигматовичтің төрт дюймалық құбырға ыңғайлап скважиналарды жер асты, жөндеу жұмысына пайдалы, дөңгелек кілт ойлап шығаруы бүкіл Ембі үшін бағалы ұсыныс болды. Бұл кілтті тәжірибеде сынау жақсы нәтиже берді, оның жұмысты шапшандататыны, еңбекті анағұрлым жеңілдететіні байқалды. Сонымен қатар мұның Халилов кілтінен артықшылығы көрінді. Бірақ бұл кілтті көптеп шығару ісі Қазақстан мұнай бірлестігінің кінәсінен ұзақ уақытқа созылып отырғанын айта кету қажет.

Кәсіпшілік партия ұйымы кәсіподақ, шаруашылық, комсомол ұйымдарымен бірлесе отырып, мұнайшыларды партияның XXI съезі мен июнь Пленумының тарихи шешімдерін бұлжытпай орындауға жұмылдыра береді.

К. ІЗІМБЕРГЕНОВ,
Байшонас мұнай кәсіпшілігі партия
ұйымының секретары.

Хат және корреспонденция

Мәдениет университеті — коммунистік тәрбие орны

«Коммунизмге өту үшін, — деді Н. С. Хрущев жолдас КПСС XXI съезінде жасаған баяндамасында, — дамыған материалдық-техникалық база жасалумен бірге қоғамның барлық азаматының саналылығы жоғары болу керек. Миллиондаған бұқараның саналылығы неғұрлым жоғары болса, коммунистік құрылыс жоспарлары солғұрлым ойдағыдай орындалады».

Міне сондықтан да партия ұйымдары тәрбие жұмысын еңбекшілердің мәдени-техникалық дәрежесін арттыруға, олардың идеялық-саяси өресін кеңейтуге, совет адамдарының өскелең рухани тілектерін қанағаттандыруға бағыттап отыр. Халық творчествосының қойнауынан туған мәдениет университеттері осы міндетті жүзеге асыруда аса маңызды роль атқарады.

Еліміздің ғылым және көркемөнер қайраткерлерінің мәдениет университеттерін ұйымдастыру жөніндегі бастамасын біздің қаланың интеллигенттері де қызу қостады. Осы жылдың бас кезінде Қарағандыда ұйымдастырылған 5 мәдениет университеті кәзір ойдағыдай жұмыс істеп келеді.

Қалалық партия комитетінің бюросы университет жұмысына басшылық ету үшін 15 адамнан совет құрды. Оның құрамына орыс драматеатрының директоры Е. А. Телешук, филармонияның директоры П. И. Яновицкий, кеншілер мәдениет сарайының директоры А. Сарманов, филология ғылымының кандидаты С. Ф. Мамиконян, суретші П. Андреюк, облыстық кітапхананың директоры Т. Кичекмадзе және басқа жолдастар кірді. Советке оқу жоспарларын жасау, лекторларды іріктеп алу, сабақты ұйымдастыру міндеттері жүктелді.

Алғашқы күннен-ақ совет мүшелерінің алдында университетті қалай құру керек, оған кімдерді тарту керек, университетте өтілетін сабақтың мазмұны қандай болу керек деген сияқты көкейтесті мәселелер тұрды. Совет алғашқы мәдениет университетін Киров атындағы клубтың жанынан ашып, оған қаланың барлық аудандарынан да тыңдаушылар қатыстыруды ұйғарды. Университеттің міндетін талқылағанда совет мүшелерінің арасында талас та туды. Мәдениет университетін музыка, әдебиет, сурет өнері факультеттері бар арнаулы оқу орны тәріздес етіп құру және университетті клуб түрінде құру керек деген пікірлер болды.

Біз бұл мәселені мәдениет университетіне түскісі келетіндердің талап-тілектерін зерттей отырып шештік. Университетке түскісі келетіндердің көпшілігі орта және онан төмен білімі бар жастар. Олар көркемөнер, әдебиет, музыка жөнінен жүйелі білім алуға құштар.

Жастардың осы тілегін ескере отырып, совет университеттің жұмысын екі кезеңге бөлді. Бірінші кезеңде алғашқы жарты жылда тыңдаушылар мәдениеттің алуан мәселелері жөнінде жалпы білім алады, маркстік-лениндік эстетиканың негіздерімен танысады, көркемөнермен әдебиет жайында жалпы мағлұмат алады. Мұның өзі оларды көркемөнерді тереңірек оқып үйренуге әзірлейді. Ал, екінші кезеңде музы-

ка, театр және бейнелеу өнері, әдебиет неғұрлым терең оқытылуға тиіс. Сөйтіп ол екі жыл бойына белгілі программа бойынша сабақ жүргізетін болады.

Бұл екі кезеңнің қайсысында болса да мәдениет университеті еңбекшілердің мәдениетті демалуы мен эстетикалық білім алуын ұштастыра жүргізетін болады.

Университеттің алдына қойылған осы міндетке байланысты оқудың бірінші кезеңінде мынадай тақырыптар бойынша сабақ өту белгіленді: «Адам сегіз қырлы, бір сырлы болуға тиіс», «Музыканы қалай түсіну керек», «Жиын жерде өзінді қалай ұстауың керек», «Сыпайы және сәнді киіну», «Архитектура дегеніміз не?», «В. И. Лениннің көркем әдебиеттегі образы» және басқалар. Сонымен бірге Қарағанды жазушыларымен және суретшілерімен кездесулер, Қазақстан композиторларының творчествосымен танысу, балет билерін үйрену жоспарланды.

Университет программасында КПСС ХХІ съезінің материалдары бойынша өтелетін сабақтар көрнекті орын алады. Сол сияқты атеистік тақырыптарға лекциялар оқу, сұрақ-жауап кештерін өткізу белгіленді.

Университет программасы бекітілгеннен кейін оның советіне екінші бір маңызды мәселені — лекторларды іріктеп алу мәселесін шешуге тура келді. Кәзіргі Қарағанды ғылымның алуан салалары бойынша тәжірибелі мамандары, тамаша көркемөнер қайраткерлері бар республикамыздың ірі өнеркәсіп және мәдениет орталығы. Біз ол мамандарды мәдениет университетіне лекция оқуға кеңінен тарттық. Мәселен, «Совет театры және оның еңбекшілерге тәрбие берудегі ролі» деген тақырыпты орыс драма театрының бас режиссері А. С. Подобед жолдас әзірлеп оқыды. «Адам сегіз қырлы, бір сырлы болуға тиіс» деген тақырыпты лекцияны педагогика институтының ара оқытушысы Л. Х. Усачева оқыды. Филология ғылымының кандидаты С. Ф. Мамиконян, көркем сөздің шебері Л. Д. Фонарев және басқа жолдастар лекциялар әзірлеуге тапсырмалар алды.

Мәдениет университетінің бірінші сабағы 19 март күні өткізілді. Бұл күн тиісті әзірлік жұмысының не нәтиже бергенін көрсетті. Тыңдаушылар жеткілікті жиналмай ма деген күдігімізде жокқа шығып, клубтың кең залы адамға лық толды. Сабақ басталды. Усачева жолдастың «Адам сегіз қырлы, бір сырлы болуға тиіс» деген лекциясын тыңдаушылар қызыға тыңдады. Лекциядан кейін «Көркемөнер» деген киножурнал және «Менің қымбатты адамым» атты фильм көрсетілді.

Киров ауданындағы мәдениет университеті жұмыс істей бастаған алғашқы күннен бастап-ақ қалада университетке түсемін деп арыз берушілердің саны арта түсті. Киров атындағы клубтың 400 орны олардың бәрін қабылдауға мүмкіндік бермеді, сондықтан біз мәдениет университетін қаланың басқа қалған аудандарынан да ашуды мақұл көрдік. Сөйтіп мәдениет университеттерінің аудандық советтерін құрдық.

Бұлардан басқа кеншілердің мәдениет сарайы жанынан көркемөнер университетін аштық. Оның әдебиет, театр, музыка, бейнелеу өнерін үйрететін факультеттері бар. Мұнда тыңдаушылар өздері таңдап алған саладан білім алады. Көркемөнер университетінде жоспарлы сабақтарды өтумен бірге оқушылардың конференциялары, белгілі тақырыпта айтыс, жазушылармен, көркемөнер қайраткерлерімен кездесулер өткізіліп тұрады.

Университеттерде кәзір 1,5 мыңнан астам адам оқиды, олардың 400-ден астамы коммунистік еңбек бригадаларының мүшелері. Мысалы, университет тыңдаушыларының қатарында № 31 шахтадағы коммунистік еңбек жарысына қосылған бригаданың мүшесі, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, бассейнің атакты комбайнері Сусяков, Киров атындағы № 3 шахтаның Әбдірахманов жолдас басқаратын ком-

мунистік еңбек бригадасының барлық мүшелері бар. Мәдениет университетіне жұмысшылар мен қызметшілердің семья мүшелерінің қатысуы сүйсінерлік жай. Үй шаруасындағы әйелдер, пенсионерлер қоғамдық жұмыстың едәуірінен тыс қалып жүргені белгілі. Біздің мәдени университет осы кемшілікті сәл болса да түзете ме деген дәме бар.

Мәдениет университетінде оқығысы келетін жастардың саны күннен-күнге артып келеді. Жастар әдебиет пен көркемөнер саласындағы өз білімдерін толықтыра түсуге, бүкіл жаңаны, озатты біліп, бойына сіңіруге өте құштар. Киров және Сталин аудандарындағы мәдениет университеттері жастардың бұл талабын едәуір дәрежеде қанағаттандырып отыр.

Киров атындағы клубта В. И. Лениннің туған күні — 22 апрельде болған сабақ «В. И. Лениннің әдебиеттегі образы» деген тақырыпқа арналды. Бұл лекцияның соңынан көркем сөздің шебері Л. Д. Фонарев көркем туындылардан үзінділер оқыды. Кештің соңында «Ленин туралы әңгімелер» деген көркем фильм көрсетілді.

Сталин ауданындағы университетте «Жиын жерде өзінді қалай ұстауың керек», «Қалайша сыпайы және әсем киінуге болады» деген тақырыптарда оқылған лекциялар қызықты болып өтті. Алдын-ала жасалған әзірлік сабақтың қызықты өтуіне сеп болды. Сабақтың үстінде әйел киімдерінің, соңғы үлгілері мерекелі столды қалай әзірлеу, шашты қалай әдемілеп қою үлгілері көрсетілді.

Сабақ өтетін күні Сталин ауданы мәдениет үйінің фойесі жиналған жұртқа лық толды. Көптеген тыңдаушылар әзірленген мерекелі столдың жанына жиналып, мұндай столды қалай дайындау жөнінде қоғамдық тамақтану орындары мамандарының берген түсінігін қызыға тыңдады. Сондай-ақ арнаулы фотовитринаның жанында тігінші мамандар еркек және әйел киімдерінің соңғы үлгілері жөнінде кеңестер берсе, тәжірибелі шаштараздар шашты қалай қою, күту жөнінде түсініктер берді. Ал лекциялар оқылған кезде сахнадан жаңа үлгімен әсем тігілген киімдер көрсетілді.

Мәдениет университеттерінің жұмысын ұйымдастырғанда біз оларда өтетін сабақтардың формалары мен тақырыбын әртүрлі етіп құруға ерекше назар аудардық. Мысалы, Киров ауданында Қарағанды жазушыларының университет оқушыларымен кездесуі өткізілді. Кеште Қазақстан жазушылар одағы облысаралық бөлімшесінің жауапты секретары Бектұров жолдас қысқаша сөз сөйлеп, Қарағанды прозаиктері мен ақындарының творчествосына тоқталды. Бұдан кейін жазушылар Бродский, Нестеров, Мармонтов, Андреев және басқалары өздерінің жаңа шығармаларынан үзінді оқып, алдағы жоспарларын айтты. Бұл кездесу тек университеттің ғана тыңдаушылары үшін емес, сонымен бірге жазушылар үшін де пайдалы болды. Олар жұртшылықтың көркем туындыға қоятын талап-тілектерін, сын ескертпелерін тыңдады.

Біздегі мәдениет университеттері октябрь айынан бастап өз жұмысының екінші кезеңіне көшті. Енді оларда бекітілген оқу программасы бойынша айына екі рет сабақ өткізіліп, мәдениет пен әдебиет саласында тыңдаушыларға тиянақты білім беру мақсаты көзделеді.

Енді университеттер мынадай оқу жоспары бойынша жұмыс істейтін болады: кіріспе, көркем әдебиет, театр, музыка, хореография, бейнелеу өнері, кино, социалистік тұрмыстың негіздері.

Бұл аталған саланың әрқайсысы бойынша тыңдаушыларға көркем өнердің сол саласынан тиянақты білім беретін бірнеше лекциядан құралады. Мысалы, кіріспе бөлімінде «КПСС XXI съезі ғылым мен мәдениетті өркендету туралы», «Социалистік реализм — көркемөнердің творчестволық әдісі», «СССР халықтары көркемөнерінің гүлденуі», «Көркемөнер дегеніміз не?» деген сияқты лекциялар оқылады.

Театр жөнінен алты сабақ өтіледі. Бұл сабақтарда университет тыңдаушылары театр өнерінің жанрлары, советтік Қазақстанның театр өнерімен және басқа мәселелермен танысады.

Сол сияқты оқу программасында музыка және көркем әдебиет жөнінде жеті сабақ, хореография жөнінде төрт, бейнелеу өнері жөнінде бес сабақ өтіледі.

Бұл сабақтардың бәрінде де көрнекі материалға ерекше орын беріледі, сабақтарда кинофильмдер көрсетіледі, артистер мен өнерпаздар коллективтерінің концерттері ұйымдастырылады.

Мәдениет университеттері еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің, олардың көркемдік талғампаздығын арттыра берудің маңызды құралы екенін кәзірдің өзінде айқын көрсетіп отыр. Сондықтан қаланың партия комитеттері олардың жұмысына күнделікті басшылық жасап, көмектесіп отырады.

Осыған орай, мәдениет университетінің жұмысын жақсарту беруге көмектесетін кейбір ұйымдастыру мәселелерін де шешу қажет сияқты. Бұл ретте айта кету керек, республикамыздың мәдениет министрлігі мәдениет университетінің оқу жоспарын жасауда кешірілмес шалағайлық жасады. Олардың жергілікті жерлерге жіберген үлгі оқу программалары барынша атүсті жасалған, оны жоғары оқу орындары программаларының аздап қысқартылған көшірмесі деп айтуға болады. Ал, мәдениет университеті үшін тыңдаушылардың дәрежесіне қарай неғұрлым түсінікті, олардың өз өміріне жақын тақырыптар керек емес пе? Программаны жасаушылар мұны ескермеген.

Мәдениет университетіне арналған көрнекі құралдар шығару жайын да ойластырған жөн болар еді. Өйткені қандай ысылған лектордың өзі мысалы бейнелеу өнері жайында тыңдаушыларға бірден түсінік бере алмайтыны мәлім. Мәдениет университетінің оқу программасы бойынша лекциялар циклін басып шығаруға да болар еді. Сол сияқты, мәдениет университеттеріне қаражат жағынан да кейбір көмек керек болады. Өйткені университетте жүргізілетін әрбір сабақта көрнекі құралдар пайдалану керек болады. Мәдениет университеттері тыңдаушылардан ақы алмайтын болғандықтан, біздіңше, кәсіподақ ұйымдары университеттерге белгілі мөлшерде қаржы бөліп отырғаны дұрыс болар еді. Сол сияқты мәдениет университеттеріне көркем фильмдердің тегін көрсетілгені дұрыс деп ойлаймыз.

Мәдениет университеттері еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру жөніндегі өз жұмыстарында алғашқы маңызды қадам жасады. Партия ұйымдары олардың алғашқы тәжірибесін қорытып, жақсы бастаманы еңбекшілер бұқарасының білім, мәдениет дәрежесін арттыруға кеңінен пайдаланады.

Қалалық, аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушілері, лекторы мәдениет университетінің жұмысына қолма қол араласады. Олар жаңа ұйымның жұмысы сәтті болуына көмектесіп отырады. Мәдениет университетін құру сияқты күрделі жұмыстың тұтқасын ұстағандардың тәжірибесін молайтуға Алматы мен Москвада өткен кеңесте сеп болуға тиіс. Біз мәдениет университеттерінің жұмысына көбірек көңіл бөліп, еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің бұл ошағын толық пайдаланамыз.

Ж. ӘУБӘКІРОВ,
ККП Қарағанды қалалық
комитетінің секретары.

Партком секретарының бір күні

Партком секретары әдеттегі дағдысы бойынша бүгін де алдымен парткомге кірді. Бұл, жұрт жұмысқа енді тарап бара жатқан таңертеңгі мезгіл еді. Партия комитетінің секретары Николай Федорович Қан жолдас алдында жатқан бір қағазды шұқшия оқып отыр екен. Ол Қим Александрдың сәлеміне көзін қағаздан алмастан бас изеп қана жауап берді. Секретарьдың бір маңызды қағазды оқып отырғанын байқаған Қим Александр оның қалпын бұзғысы келмей біраз уақыт үнсіз күтіп отырды. Сәлден кейін барып партком секретары оқып отырған қағазын аяқтап шықты да басын көтеріп:

— Я, сенбісің, жақынырақ отыр, жақсы келдің, — деді, өзінің әдеттегі даусынан көтеріңкі де көңілді сөйлеп.

— Не жаңалық, Николай Федорович? — деді ол партком секретарының столына тақала келіп отырып.

— Жаңалық нышаны жаман емес. Міне, мынау Н. Токпановтың басшылығымен өткен жиналыстың протоколы. Тіпті тамаша, қызыға оқып шықтым, — деп қолындағы қағазды Қим Александрға ұсынды.

Партком секретарын осынша сүйсіндірген, жақсы нышанды жаңалық ретінде сөз болып отырған қағаз сонау Қарақұмнан келген болатын. Ол мал отарларында жұмыс істейтін коммунистерді біріктіретін бастауыш партия ұйымының кезекті жиналысының қаулысы еді, бұл Қарақұмдағы ұйым да артельде партия комитетінің құрылуына байланысты ұйымдастырылған-ды. Оның секретары болып қатардағы шопан Н. Токпанов жолдас сайланған еді. Ол бүгін партком секретарына партия жиналысында колхоз шопандарының үстіміздегі жылға қабылданған социалистік міндеттемелерінің орындалу барысы жайлы мәселе қарағандығы, бұл жөнінде ферма меңгерушілері баяндамалар жасағандығы жайлы айтып, жиналыс протоколын жолдапты. Сонымен қатар партия ұйымының секретары жиналыс бекіткен таяу уақытта жүзеге асырылуға тиіс жұмыстарды жазыпты. Олардың ішінде мал дәрігерінің басшылығымен әрбір отарды партия ұйымынан өкіл қатыстыру арқылы тексеріп шығып, қысқа әзірліктің барысын қарау, шопандарды 1960 жылдың газет-журналдарына жаздыру шаралары бар.

— Міне, бұлар өмірдің өзі ұсынып отырған бүгінгі күннің міндеттері емес пе? Бұрын партия жиналыстарына шопандарды қатыстыра отырып, мұндай мәселелерді іскерлікпен талқылау сирек болатын емес пе еді, Қим Александр жолдас, — дейді партком секретары.

Бұдан кейін партком секретары Қим Александрдан өздеріндегі жағдайды сұрады. Ол партком секретарына ұйымда жақында бау-бақша бригадирі коммунист Тен-тен Хванның мәселесін қарағандығы жөнінде толығырақ айтып берді. Бұл мәселе облыстық «Ленинский путь» газетінде жарияланған мақалаға байланысты қойылған болатын. Мақалада Тен-тен Хван жолдастың өзінің жеке шаруашылығының мүддесін колхоздың қоғамдық мүддесінен жоғары қоюы, жұмыс бабын пайдаланып, бау-бақшаға жетпей жатқан суды өз бақшасына пайдалану фактілері айтылған-ды.

— Тен-тен Хванның коммунистке жат әрекетін жиналыс қатты айыптады. Оның өзі кінәсін мойындап, ендігәрі мұндай әдетті қайталамауға уәде берді. Сөйтіп, оған айрықша шара қолданбай-ақ, мәселені жолдастық талқылаумен аяқтадық, — деді Ким Александр.

— Өте орынды болған екен, Ким Александр жолдас. Байқайсыз ба, бұрын жеке коммунистердің тәртібі туралы мәселені талқылауға өзіне мүмкіндік бола бермейтін еді ғой. Өйткені 100-ге жуық коммунистерді біріктіретін үлкен ұйымда мұндай мәселелерді көбінше шаруашылық мәселелері көлегейлеп кетпеуші ме еді. Енді қолымыз ұзарды ғой деймін, — деп тұжырды партком секретары өз ойын.

Осыдан кейін ол Ким Александрға егіншілер арасында жұмыс жүргізетін үгітшілердің кусталық семинарын шақыруды ұсынды. Мұнда социалистік жарысты ұйымдастыру, күндік жұмыс нормаларын артық орындағандарға көтермелеу бәйгелерін беру туралы өзі баяндама жасайтынын ескертті.

— Мен бүгін фермаға барып, Н. Даниловтың жұмысымен танысқалы отырмын. Сендерге ертең барамын, — деп ол Ким Александрды шығарып салды.

Осыдан кейін партком секретары колхоз бухгалтериясына кіріп, бас бухгалтермен әңгімелесті. Колхоз партия комитеті бюросының өткен мәжілісінде оған учетчиктермен семинар өткізу тапсырылған болатын. Өйткені онсыз күндік жұмыс нормаларын орындағандарға, материалдық ынталандыру шараларын қолма-қол дер кезінде іске асыру мүмкін емес. Сондықтан да секретарь бұл мәселенің орындалуын айрықша бақылауға алған еді. Бұл істің ретіне келгеніне көзі жеткен ол Даниловтың жұмысымен танысу үшін фермаға жүріп кетті.

Данилов жолдас колхозда қоян және құс фермаларының менгерушісі болып қызмет атқарады. Мұның үстіне ол жақында осы және товарлы сүт фермаларында жұмыс істейтін коммунистерді қамтитын бастауыш партия ұйымының секретары болып сайланған еді. Н. Даниловпен бірге жүріп, ол басқаратын қоян, құс, фермаларын аралап шығып, жағдаймен танысқаннан кейін партком секретары:

— Бұл жағың жаман емес екен. Ал, енді соңғы аптада сауылған сүт қанша болғанын айтыңызшы, — деп сұрады. Данилов бұл тұста әлденеге күмілжіп:

— Оны білмедім — деген сөзді біраздан кейін барып әрең айтты.

— Данилов жолдас, — бұл жарамайды. Енді сіз қоян және құс фермасының менгерушісі ғана емессіз, сонымен бірге бастауыш партия ұйымының секретарысыз. Ендеше шаруашылықтың бұл салаларының жағдайымен күнбе-күн шұғылданып, оған жауап беруге тиісті екендігіңізді есте ұстағаныңыз жөн, — деп ескертті.

Мұныңыз орынды, ескертуіңізден келешекте қорытынды шығарамын, — деп байсалды жауап берді Данилов.

Бұдан кейін олар қоян, құс өсірушілер және сауыншылар арасында жүргізілуге тиісті партиялық-саяси жұмыстың жайын әңгімеледі. Партком секретары бұл жөнінде әлі тәжірибесі аз бастауыш ұйым секретарына көп кенес берді. Н. Ф. Қан озат сауыншылар Вера Бакаева мен Мария Сарқасқаеваның жұмыс тәжірибесін таратуға алдымен өзі көңіл бөледі. Ол тікелей өзі осы озаттардың сөзін, баяндамасын ұйымдастырады.

Міне колхоз партия комитеті жұмысының алғашқы барысы мен болашақ мақсаты осындай.

А. ҚОИШЫБАЕВ,

Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы.

Сын және библиография

Үгіт пункттері жұмысының түрлері мен әдістері

Қазақ мемлекет баспасы «Үгіт пункттері жұмысының түрлері мен әдістері» деген кітапша шығарды. Кітапшаға 15 мақала кірген. Олардың авторлары қалалар мен ауыл-селолық жерлердегі үгіт пункттерінің меңгерушілері, үгіт-көпшілік жұмысын тікелей басқарушылар, ұйымдастырушылар. Міне, сондықтан бұл кітапшада тұрақты үгіт пункттері жұмыстарының алуан түрлері мен әдістері негізінен қамтылған деуге болады.

Бұл арада мынаны айту керек: үгіт-көпшілік жұмысы, бұқара арасындағы жұмыс — творчестволық жұмыс, оның түрлері мен әдістері, мазмұны өмір алға қойған міндеттерге байланысты үздіксіз байып отырады. Сондықтан үгіт пункттері жұмысының ең соңғы түрлері мен әдістері бұл кітапшада қамтылмай қалуы мүмкін. Алайда, бұл кітапша үгіт пункттерінің меңгерушілеріне, бастауыш партия, комсомол ұйымдарының секретарьларына, үгіт-көпшілік жұмысын басқаратын жергілікті партия қызметкерлеріне, мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлеріне, үгітшілерге үлкен көмек болатыны даусыз.

Кітапшада келтірілген жеке үгіт пункттерінің тәжірибесі назар аударарлық. Үлгілі үгіт пункттері еңбекшілердің елдің ішкі өміріндегі және халықаралық жағдайдағы аса маңызды мәселелерді талқылайтын орны, тынығатын мәдени ошағы болып алғанын, ал мұндай пункттердің үгітшілері еңбекшілердің досы, жақсы көретін адамы болып отырғанын көреміз.

Семей қаласындағы № 14 тұрақты үгіт пунктін пенсионер С. Қосубаев жолдас басқарады. Қаланың орталығына орналасқан үгіт пункті үйінің алды түрлі плакаттармен безендірілген, әсіресе В. И. Лениннің портреті анадайдан ерекше көзге түседі. Үгіт пункті жақсы жабдықталған екі бөлмеге орналасқан. В. И. Лениннің өмірі мен қызметі туралы үлкен стендіге, партия мен үкімет басшыларының суреттеріне, «Қазақ ССР-інің жетіжылдық жоспары» деген тақырыптағы көрмеге жұрт бірден назар аударады.

Үгіт пунктінің жұмыс жоспары алдын-ала жасалып, құрамында 9 адамы бар үгітшілер Советінде талқыланады. Содан кейін әрбір үгітші үгіт пункті жүргізетін барлық шараларды еңбекшілерге хабарлайды. Үгіт пункті өзінің жұмысын азамат соғысы және Ұлы Октябрь социалистік революциясы ардагерлері Советімен байланыстырып отырады. Үгітшілер Советі сайлаушылар арасынан белсенді актив құрастырып алған, олар да үгіт пунктінің жұмысына үнемі көмектесіп келеді.

«Үгіт коллективі, — деп жазады С. Қосубаев жолдас, — көпшілік үгіт жұмысын үш бағытта жүргізеді.

Бірінші бағыт — қарт адамдармен, еңбек, азамат соғысы және Отан соғысы мүгедектерімен, көп балалы аналармен, үй шаруасындағы әйелдермен жұмыс олардың тұрған жерінде жүргізіледі. Үгітшілер олардың үйлеріне газет, журнал, көркем әдебиет әкеледі, әңгіме өткізеді, газет оқып береді. Үгітшілер жұма сайын бір рет азаматтардың пәтерлеріне барып тұрады.

Екінші бағыт — үгіт пункті тұрған үйде халық арасында жұмыс жүргізіледі. Мұнда лекция, баяндама, теориялық конференция өткізіледі; кино фильмдер көрсетіледі, көркемөнерпаздардың сауық кештері ұйымдастырылады.

Үшінші бағыт — облыстың ауыл-селоларында мал жайылым учаскелеріне барып, мәдени-көпшілік жұмыстары жүргізіледі» (20-бет).

Үгітшілер үгіт-көпшілік жұмыстарын жүргізумен қатар, сайлаушылардың мұң-мұқтажына жете көңіл бөліп, оларға көмек көрсетіп отырады. Үгітшілер бірсыпыра адамға пенсия алуда, пәтерлерін жөндеуде, жұмысқа орналасуда, балаларын яслиге беруге көмектескен. Бұл үгіт пункті халықпен ақылдасып, олардың ұсыныстарын ескеріп отырады. Жеке азаматтардың ұсынысы бойынша үгіт пунктінде күн тәртібін белгілемей еңбекшілердің жиналысы өткізілген. Осы жиналысқа қалалық советтің, қалалық коммуналдық шаруашылық бөлімінің, сауда ұйымдарының қызметкерлері шақырылған. Көп адам қатысқан жиналыста түрлі сұрақтар қойылып, жергілікті шаруашылық ұйымдарының басшыларына пайдалы кеңес берілген. Мұның нәтижесінде бірқатар жұмыстар істелген. Еңбекшілердің сұрауы бойынша үгіт пунктінде балаларды тәрбиелеу және мектептің өмірмен байланысы туралы екі рет ата-аналар жиналысы, осы мәселе жөнінде жастардың теориялық конференциясы өткізілген. Үгіт пунктінде жұмыс тәжірибесін кеңінен тарату және барған жерде жұмыс жүргізу үшін үгіт коллективі колхоздарға, мал жайылымы учаскелеріне мәдени жорықты қалай ұйымдастырғаны да назар аударарлық тәжірибе. Бұл арада күн тәртібіненсіз жиналыс, теориялық конференция өткізу, мәдени жорық ұйымдастыру жалпы алғанда жаңалық емес екендігін, олар әр жерде әр уақытта қолданылып келе жатқанын, ал үгіт пунктінде басқа жерде қолданылған, үгіт-көпшілік жұмыстарының мұндай қолайлы түрлерін өздерінде іске асыруы өте орынды екенін айта кету керек. Мұның өзі бұқара арасындары жұмыстың жаңалықтарын пайдаланып, үгіт пункті жұмысының түрі мен мазмұнын арттыра беруге ұмтылғандықты көрсетеді.

Қазақстан КП Павлодар аудандық комитетінің нұсқаушысы Г. Әминов жолдас басқарған жылжымалы үгіт пунктінде жұмысында да басқаларға үлгі боларлық, ой саларлық тәжірибелер бар. «Менімен бірге, — деп жазады Әминов жолдас, — үгіт пунктінде алты адам: лектор, байланыс қызметкері, киномеханик-шофер, моторист, шаштараз және етікші болды. Біз машинаға магнитофон, көптеген патефон пластинкасы бар проигрыватель, жылжымалы электр станциясы бар кино-аппаратура, почта заттары, газет және журналдары бар жәшік орнаттық. «ГАЗ-51» автомашинасының үстіне брезент жабылды, машина ішіне электр жарығы қондырылды. Сондай-ақ біз баспаханада басылған ұрандар мен плакаттарды алдық. «Жауынгерлік листок» пен ақ қағаз жеткілікті болды» (6-бет).

Осы бір жылжымалы үгіт пунктінде өзі егін жинау кезінде тікелей бригада, қырман басында көптеген лекция оқып, баяндама жасаған, әңгіме өткізген, механизаторлардың жұмыс тәжірибелерін алмастыруға арнап 25 рет радиоперекличка ұйымдастырған, 30 кино газет шығарған, егін жинау мен астық тапсыру озаттарының сұрауы бойынша граммофонға жазылған концерт бере отырып, 10 рет демалыс кештерін өткізген, 30 «жауынгерлік листок» және «Найзағай» атты газет шығарған, 45 кинофильм көрсеткен. Мұнымен қатар жылжымалы үгіт пункті барған жерде үгітшілердің жұмысын жандандыруға көмектескен. Озаттарды суретке түсіріп, фотовитриналар ұйымдастырған. Әминов жолдастың жазуына қарағанда, шаштаразы мен етікшіге де жұмыс мүлде көп болғанын, оларға тіпті дем алмастан істеуге тура келгенін оқимыз. Кино газет пен радио газетті шығарғанда жылжымалы

үгіт пункті әсіресе жақсы тәжірибелерді насихаттауға, сол сияқты кемшіліктерді батыл сынауға көп көңіл бөлген көрінеді. Бұл мәселелер жөнінде кітапшада қызық фактілер бар. Кітапшаны оқып отырғанда, жылжымалы үгіт пунктінің көп жұмыс істегені және жұмыстарының түрлері мен әдістері әралуан екені байқалады.

Кітапшада үгіт пункттерінің бұқарамен байланысты күшейте беруінің маңызы, коммунистік еңбек бригадалары мен екпінділері атағын алу жолындағы жарысты өрістетуге, үгіт-көпшілік жұмысын әрбір ұлттың өз тілінде жүргізу қажеттігі, үгітшінің тіл мәдениеті және халықтың мақал-мәтелдерін пайдалану, үгітшілер советінің құрамы және советтің жұмысын ұйымдастыру, үгіт пунктінің жұмысын жоспарлау, үгітшілер мектебі және үгітшілер тәрбиелеу, атеистік насихат және басқа мәселелер сөз болады. Бұл мәселелер жөнінде үгіт пункттерінің меңгерушілері өз тәжірибелерін ортаға салып, пікірлері мен ұсыныстарын айтады. Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласындағы 24-үгіт пунктінің меңгерушісі В. Орлов жолдас үгітшілердің идеялық дәрежесін арттыру және үгіт-көпшілік жұмыстың тәжірибесін қорыту үшін үгітшілер мектебі ұйымдастырылғанын мысалға келтіреді. Осы мектепте үгітшілер теориялық мәселелерді үйренеді, халықаралық жағдай жөнінде түсінік алады, еліміздің өткендерін, еңбекшілердің әл-ауқатының артуын, тағы басқаларын көрсететін көрнекі құралдармен танысады. Сонымен қатар, бұл үгіт пунктінде сұрақтарға жауап беру кеші өткізіліп тұрады. Мұнда үгітшілер сұрақтар қойып, оны талқылайды, түсініксіз мәселелерге тиісті жауап алады.

Үгіт пункттерінің бұқара арасындағы жұмысында ескіліктің қалдықтарына, діни нанымдарға қарсы түсінік жұмысы елеулі орын алады. Өйткені, ескіліктің сарқыншақтары мен діннің зиянды әрекеттері әр жерден сезіліп қалып отырады. Текелі қаласындағы № 5 тұрақты үгіт пункті Текелі қорғасын-мырыш комбинаты химия лабораториясының бастығы Штреккер жолдасын көмегімен «Кереметсіз керемет» деген кеш ұйымдастырған. Жиналған жұрт алдында жалған діни идеологияны әшкерелейтін тәжірибелер көрсетілді. Химиялық тәжірибелер «бәрі де алланың әмірімен болған», «алланың әмірінен артық ештеме де болмайды» деген сенімдерді әшкереледі. Мұнда «христос туралы аңыз», «күн системасының құрылысы», «хайуанаттың жаралуы және дамуы» және басқа да атеистік тақырыпта лекциялар оқылып, әңгімелер өткізіліп тұрады.

Қызылорда облысы, Қазалы қой совхозындағы тұрақты үгіт пунктінің меңгерушісі А. Тойымбетов жолдас басқа мәселелермен қатар, үгіт-көпшілік жұмысында кинофильмдерді пайдалану мәселесіне тоқталады. «Павлодарстрой» құрылысы басқармасындағы № 1 үгіт пунктінің меңгерушісі С. Макаров жолдас үгіт пунктін жабдықтаудағы тәжірибелерін айтады. Бұл үгіт пунктінде үгітшілерге арналған мүйіз, анықтама және консультация беретін стол бар. Үгітшілер үшін әдебиет және материалдар витринасы жасалды. Үгіт пунктінің қабырғаларынан Совет өкіметінің алғашқы күнінен бастап кәзіргі уақытқа дейін еліміздің экономикасының өркендеуін, жетіжылдықта СССР халық шаруашылығының қалай өркендейтінін көрсететін панно, плакат, ұрандарды көруге болады. Үгіт пунктінде «Павлодарстрой» кәсіпорындарының жұмыс қорытындысына, құрылыстың таңдаулы адамдарына, олардың еңбек табыстарына және жетіжылдықта Павлодарды өркендету міндетіне арналған стенд, монтаждар, «Құрылысшылардың еңбектегі данқы» деген фотокөрме, «Құрылыстағы ғылым мен техниканың жаңа табыстары туралы», «Еңбектің озат әдістері туралы» витриналар да бар. Мұнда үгітшілердің және қабырға газеті редколлегияларының көмегімен: «Құрылыстағы кірпі», «Крокодил», «Тікенек», «Көзден ат та, көзден ат», «Крокодил айырымен түйре», «Найзағай» деген сатиралық

листоктар шығарылады. Әсіресе «Ара» деген листокты жұрт құмарта оқиды. Үгіт пунктінде сұрақ және ұсыныс салатын жәшік бар. Кезекте тұрған үгітші жазба түрде түскен сұрақтарды қарап, оны дәптерге жазады, сұраққа беретін жауапты әзірлейді. Мұндағы тағы бір назар аударатын іс: заң қызметкерлері, дәрігерлер, мұғалімдер, кәсіподақ қызметкерлері, қалалық совет депутаттары, инженерлер, құрылыс басшылары үгіт пунктінде кезекте тұрады. Бұл — олардың халықпен тығыз байланыс жасауына мүмкіндік береді.

Кітапшада сонымен бірге Қазақстан КП Ұйғыр аудандық комитетінің бұрынғы секретары С. Тәнекеев жолдастың «Нақты басшылықтың нәтижесі», Семей облыстық партия комитетінің нұсқаушысы А. Құрманбаев жолдастың «Үгіт пункті—халық арасындағы саяси-бұқаралық жұмыстың орталығы» деген мақалалары берілген. Тәнекеев жолдас партиялық-саяси жұмысты жолға қоюда Ұйғыр аудандық партия ұйымының соңғы кезде қандай істер істегеніне, үгітшілерді іріктеп алу, тәрбиелеу мәселесіне тоқталады. Аудандық партия комитетінің секретарьлары мен бюро мүшелері бөлім меңгерушілерімен бірге жергілікті жердің өзіне барып, әрбір партия ұйымының үгітшілер құрамымен танысқан. Міне осылай әбден таныса келгенде үгітшілердің ішінен өндірісте өзін көрсете алмаған, еңбек күн минимумын таппаған, тіпті тұрмыста азғындаған, маскүнемдікке салынған адамдар да табылған. Партия ұйымдары мұндайларды үгіт коллективі құрамынан шығарып өте дұрыс істеген.

— Үгіт жұмысының ойдағыдай болуы сол еңбекшілер арасындағы үгіт жүргізетін кісіге, үгітшінің беделіне, оның қалай еңбек ететініне байланысты, — деп жазады Тәнекеев жолдас. — Үгітші шын мәнінде адамдармен жұмыс істейтін болуға тиіс, ал бұл үшін оның үлкен даярлығы болуы керек: нақты өмірді, адамдарды, шаруашылықты жақсы білуі керек. Шынында да үгітші болып істеу үшін агроном, зоотехник, мал дәрігері, колхоз председателі, партия ұйымының секретары сияқты адамдар керек. Жұртшылық арасында жұмысты осылар істемегенде, кім істейді» (66—69-беттер).

Бұл ауданда үгітшілерді іріктеп алудың қатаң тәртібі орнатылған: жаңа үгітшілерді үгіт коллективінің кеңесі немесе семинары ұсынады, содан кейін олар жалпы партия жиналысында бекітіледі. Енді үгітші деген аса құрметті атаққа ие болу үшін адамның саяси даярлығы жақсы болуы жеткіліксіз, сонымен қатар оған коммунистердің, бүкіл үгіт коллективінің сенімі күшті болуы керек. Мұның өзі бұқара алдында үгітшінің беделін, жауапкершілігін арттырады. Үгітшілерді іріктеп алуға мұндай қатаң талап қою орынды. Өйткені, үгітші біздің партияның сөзін халыққа жеткізуші, партияның қаулы-қарарларын бұқараға түсіндіріп, оларды партия алға қойған міндеттерді орындауға ұйымдастырушы, жұмылдырушы. Үгітші партия мен қалың бұқараны байланыстырушы, еңбекшілердің мұң-мұқтажын, ойы мен талабын біліп, оны іске асыруға көмектесу үшін партияның қалың бұқара ішіне жіберген өкілі, бұқараның сырлас досы, ақылшысы. Міне, мұндай өте жауапты да құрметті жұмыс партияның ісіне шын берілген, бұқара арасында жұмыс істеуді сүйетін және ондай жұмыс қолынан келетін сыналған, сенімді адамдарға ғана тапсырылуы керек.

А. Құрманбаев жолдас та үгіт пункттерінің жұмысындағы көптеген мәселелерді көтереді. Әсіресе «Қопа» мал жайылым учаскесіндегі тұрақты үгіт пунктінің жұмысы тәуір. Мұнда шопандар мүйісі бар, ол түрлі түсті диаграммалармен безендірілген. Бұл мүйістен озат шопандардың тәжірибесімен де танысуға болады. Үгіт пунктінде малды жайып семірту, бордақылау жөнінде тұрақты семинар жұмыс істейді. Семинарда зоотехниктер мен мал дәрігерлер баяндама жасайды, шопандар тәжірибе алысады.

Кітапшада айтуға тұратын тәжірибелер, мәселелер көп. Оның бәрін бұл шолуға сиғызу мүмкін де емес, қажет те емес. Қазір біздің республикада 3 105 тұрақты үгіт пункті, 178 мыңнан аса үгітші жұмыс істейтінін ескерсек, бұл кітапша халық арасындағы саяси тәрбие жұмысын жақсартуға көмектесетіні сөзсіз. Бұқара арасындағы саяси және идеологиялық жұмыстың жайы және бұл жұмысты КПСС XXI съезінің шешімдеріне байланысты жақсарту шаралары туралы мәселе қараған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XV пленумы «Кәсіпорындарда, үлкен тұрғын үйлерде, жатақханаларда, жұмысшы поселкелерінде, колхоздар мен совхоздардың бригадаларында және бөлімшелерінде тұрақты жұмыс істейтін үгіт пункттері халықтың тұрған жерінде саяси жұмысты өрістететін орталықтарға айналатын болуға тиіс» деп атап көрсетті. Тұрақты үгіт пункттерінің алдына қойылған бұл міндеттерді орындауға да осы кітапша едәуір көмек береді.

Кітапшада кейбір кемшіліктер де бар. Алдымен айтарымыз: бұған кішкене кіріспе беру керек еді. Онда үгіт пункттерінің міндеттерімен қатар, кітапшаға кіргізілген материалдарды авторлар кітапшаға деп арнап жазбағандығын, ол материалдар авторлардың үгіт пункттері менгерушілерінің республикалық кеңесінде сөйлеген сөздерінен қысқартып алынғанын айту қажет еді. Міне, осындай кіріспе, түсінік берілмеген, кітапшадағы мақалалардың көпшілігінің мазмұны тақырыбына толық сай келмейді, қай мақаланы алсаңыз да көп мәселені қамтып, кейде бірін-бірі қайталап кетеді. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысы, «Прогресс» колхозындағы тұрақты үгіт пунктінің менгерушісі В. Қан жолдастың сөзіне «Бұқарамен байланыс күшейтілген жерде» деген тақырып қойылған. Ал материалды оқып отырғанда үгіт пунктінің бұқарамен байланысы қандай екенін көре алмайсың. «Үгітшілер советі», «Үгіт жұмысын — үгітшілер советі жоспарлайды» деген материалдарда үгітшілер советінің жұмысы толық көрсетілмейді. С. Тәнекеев мақаласының және басқа кейбір материалдардың жазылуында кемшіліктер кездеседі. Бірақ бұл аталған кемшіліктер кітапшаның жалпы пайдалы екенін жоққа шығара алмайды.

К. МЕНДІҚОЖИН.



РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Ордабаев Б. (бас редактор), Айтмағамбетов З.,
Әбілдаев Қ., Бәйішев С., Бейсенбаев С., Жанкел-
дин Т., Омаров Б., Хайдаров С. (жауапты секре-
тарь), Ыдырысов Т.

Редакция адресі:
Алматы қаласы,
Комсомол көшесі, 103.
Тел. 23-03, 24-95.

14/ХІ-59 ж. басуға қол қойылды, қағаз 70×108¹/₁₆—3,5 қ.—9,59 авт. т

УГ01011 Тиражы 16100. Алматы, ККП Орталық Комитетінің баспаханасы. Заказ 829.

Партия активінің кітапханасына арналған жаңа кітаптар

В. И. Ленин шығармаларының қазақша бірінші басылуына анықтауыш том. Қазақ тілінде. Көлемі 35 баспа табақ. Бағасы 9 сом.

КПСС Орталық Комитетінің жанындағы марксизм-ленинизм институтының қазақ филиалы әзірлеген бұл еңбекке В. И. Ленин шығармаларының көрсеткіштері енгізілген.

Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихы. Қазақ тілінде. 49 баспа табақ. Бағасы 12 сом.

КПСС тарихының бұл жаңа оқулығы 18 тараудан тұрады. Оқулықта әсіресе, соғыстан кейінгі дәуірдегі социалистік халық шаруашылығының қалпына келуі және дамуы жолындағы партияның күресі баяндалады. Сонымен қатар соңғы жылдары болып өткен партияның XIX, XX, XXI съездерінің материалдары да толық енген.

М. И. Калинин. Тілшілер және корреспонденциялар туралы. Қазақ тілінде. Көлемі 13 баспа табақ. Бағасы 5 сом.

Бұл жинаққа М. И. Калининнің орталық және жергілікті газеттерде жарияланған мақалалары мен тілшілер алдында сөйлеген сөздері, журналистермен өткізілген әңгімелері енгізілген. Сол сияқты мұнда кейбір газет редакцияларына жазған хаттары мен жіберген құттықтаулары да бар.

Г. В. Плеханов. Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселеге. Қазақ тілінде. 345 бет. Бағасы 6 сом 50 тиын.

Бұл кітапта XVIII ғасырдағы француз материализмі мен реставрация заманындағы француз тарихшылары және утопист-социалистер мен идеалистік неміс философиясының жайы сөз болады.

Мао Цзэ-дун. Халық ішіндегі қайшылықтарды дұрыс шешу мәселесі жөнін-

де. Қазақ тілінде. 51 бет. Бағасы 65 тиын.

Кітапшаға Мао Цзэ-дун жолдастың Жоғарғы мемлекеттік Кеңестің 1957 жылғы 27 февраліндегі кеңейтілген он бірінші мәжілісінде сөйлеген сөзі енгізілген.

Автор бұл сөзінде өзінің сипаты жағынан әртүрлі қайшылықтардың екі түріне анықтама беріп, ол қайшылықтарды бүтіндей жоюдың жолын көрсеткен.

Мао Цзэ-дун. Практика жөнінде. Қазақ тілінде. 19 бет. Бағасы 20 тиын.

Мао Цзэ-дун жолдастың бұл еңбегінде догматизм мен эмпиризм жолына түскен кейбіреулердің субъективтік қателері сыналады. Автор оларды маркстік тағлым теориясы тұрғысынан сынап, қателерін көрсетеді.

Х. Әбішұлы. Халық астрономиясы. Қазақ тілінде. 318 бет. Бағасы 6 сом 90 тиын.

Кітапта астрономия ғылымының өткен заман мен бүгінгі өмірдегі қол жеткен табыстары баяндалады. Автор астрономия ғылымына кең түсінік бере отырып, оның дамуындағы жаңалықтарды айтады. Ерте замандардан бастап қазақ халқы да аспан әлемін болжап, зерттеп біле отырып, онысын мал өсіруге, егін егуге бейімдеп пайдаланды. Автор осы жайларға кең тоқтаған.

С. Хайдаров. Өрлеу жолында. Қазақ тілінде. 62 бет. Бағасы 75 тиын.

Кітапшада Гурьев облысының Маңғыстау аудандық партия комитетінің жұмыс тәжірибесі айтылады.

Т. Дәуітов. Комсомолдар жарасты тұрмыс үшін күресте. Қазақ тілінде. 41 бет. Бағасы 45 тиын.

Кітапшада Алматы облысы комсомол жастарының қажырлы еңбегі, бүгінгі тамаша өнері баяндалады.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ
АЙ САЙЫН ШЫҒЫП ТҰРАТЫН ТЕОРИЯЛЫҚ
ЖӘНЕ САЯСИ

Қазақстан
КОММУНИСТІ

журналына 1960 жылға
жазылып қалыңдар

«Қазақстан коммунисті» журналы маркстік-лениндік философия, Коммунистік партияның тарихы мен теориясы, саяси экономия мен нақты экономика жөнінде мақалалар, лекциялар және консультациялар жариялайды.

Журналда республика партия ұйымдарының ұйымдастыру және идеологиялық жұмыстары жазылады, партия комитеттерінің, бастауыш партия ұйымдарының жұмыс тәжірибелері қорытылады.

Журналда облыстық газеттерге және республикалық салалық журналдарға шолулар, жаңа кітаптарға сын, рецензиялар жарияланады, сол сияқты әдебиет пен көркемөнер мәселелері бойынша мақалалар, оқушылардың сұрауларына жауаптар беріледі. Журналда әлеуметтік-саяси термин сөздерге қысқаша түсінік те беріліп жүр.

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

12 айға—24 сом,

6 айға—12 сом.

Журналға „Союзпечатьтің“ барлық бөлімдерінде, байланыс бөлімшелерінде жазылуға болады.